

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университетінің ғылыми журналы  
Научный журнал Павлодарского государственного  
университета имени С. Торайғырова

---

*1997 ж. құрылған*  
*Основан в 1997 г.*



İ İ Ó  
ÕÀÁÀÐØÛÑÛ  
ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÃÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

**2**2014

---

---

Научный журнал Павлодарского государственного университета  
имени С. Торайгырова

### СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации  
№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия  
Республики Казахстан  
4 марта 2014 года

Сарбалаев Ж. Т., к.ф.н., профессор (главный редактор)  
Шаймарданова С. К., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора)  
Демесинова Г. Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь)

#### Редакционная коллегия:

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);  
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;  
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;  
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;  
Казимирова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка  
НАН, Украина;  
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);  
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);  
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;  
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;  
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.  
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.  
Рукописи и дискеты не возвращаются.  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

### МАЗМҰНЫ

<b>Ақылбаева А. Ф.</b>	
Тілдердің әлемдік көрінісін зерттеудің теоретикалық негіздері.....	12
<b>Алпысбаева А. Қ., Ержанова А. С., Масабаева Г. К.</b>	
Сөйлеу мәдениеті – қоғамдық қатынастың басты құралы .....	17
<b>Аниева Н. Ф.</b>	
Ақын Баянғали Әлімжановтың айтыстағы тапқырлығы .....	27
<b>Әбдуов М. І., Сабитова С. А.</b>	
Эпос және оның зерттелуі .....	34
<b>Әбікенова Г. Т.</b>	
Мәтін лингвистикасының зерттелуі .....	44
<b>Баешова Б. Ш., Орманова А. Ә.</b>	
Шығыстың қос жұлдызы поэзия көгінде (Ә. Рудаки мен О. Хайям рубаилары хақында) .....	52
<b>Баратова М. Н.</b>	
С.Торайғыров өлеңдеріндегі «ақ», «қара» ұғымдары .....	57
<b>Бекжанова Ж. Е.</b>	
Жастар дискурсы: негізгі зерттеулер сараптамасы және келешегі .....	63
<b>Динаева Б. Б.</b>	
Қазақ тілінің паремиялогиялық қорындағы «жалғыздық» концептісі .....	69
<b>Досанова А. Ж., Жумабекова А. А.</b>	
Шет тілін үйрету үрдісінде қолданылатын ақпараттық және компьютерлік технологиялардың әдістемелік материалдарын жалпылау және бейімге келтіру .....	75
<b>Ереалиев Қ. С., Асанбаева Е. Б.</b>	
Қазақстандық, ресейлік және америкалық газет тақырып аттарында фразеологиялық бірліктерді қолданылу ерекшеліктері .....	79
<b>Ереалиев Қ. С., Асанбаева Е. Б.</b>	
Қазақ публицистикасындағы тақырыпат кешенінің көрінісі .....	87
<b>Жакупова Ш. С., Сизов Д. В.</b>	
Ағылшын тіліне латын тілінен енген сөздер .....	92
<b>Жарылғапов Ж. Ж., Рахымжанова А. Б.</b>	
Қазіргі қазақ прозасындағы мифопоэтикалық ізденістер .....	98
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.</b>	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «соқыр», «саңырау», «жалаңаш» ұғымдары .....	105
<b>Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.</b>	
Шәкәрімнің үгіт өлеңдері .....	109
<b>Зейнулина А. Ф., Ахметова Л. М.</b>	
Туберкулезді емдеу бойынша қазақ тілінде қолданылатын терминдерінің мағыналық мәні .....	114

<b>Зейнулина А. Ф., Оспанова Б. М.</b> Биотехнологиялық өңдеу саласы бойынша қолданылатын терминдердің мағыналық мәні (сүт сарысуы негізінде).....	122
<b>Ибраева Э. Е.</b> Ж. Жәнібековтің шетел тақырыбына арналған мақалаларындағы авторлық мұрат .....	130
<b>Кошенова Т. И., Жолдасова У. М.</b> Халық поэзиясы және Абай .....	136
<b>Қанабекова М.</b> Көркем мәтіндегі автор танымының стилистикалық-прагматикалық мәні .....	143
<b>Нұрмаханова Ж. Б.</b> Шығыс мақал-мәтелдері қолданысындағы баға беру категоризациясы .....	150
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b> Әдеби тіл шырайы .....	155
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b> М. Әуезов және әлеуметтік тілтану мәселелері .....	161
<b>Сафарғалиева А. Ы.</b> Зат есім мәнді сөйлемдерді (орыс және қазақ тілдері материалында) салыстырмалы зерделеуге .....	170
<b>Сматова А. Ж.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдің жалпы сипаты .....	175
<b>Сизов Д. В., Жакупова Ш. С., Бурмистрова В. А.</b> Тілдік ойын тұрмыстық дискурстың қарым-қатынас кеңістігіндегі лингвопрагматикалық феномен ретінде .....	186
<b>Смольникова Е. И.</b> XIX-ғасырдың екінші жартысындағы Г. Флобер шығармашылығының эстетикалық негіздері .....	194
<b>Сүйінова Г. С.</b> «Табысты/табысты емес» деген өлшеміне қарай коммуникативті жағдайлардың типологиясы.....	199
<b>Тоқсамбаева А. О.</b> М. Көпейұлының шығармашылығындағы рухани арналардың бастау көздері .....	207
<b>Уалиханова Н. М., Жүсіпов Н. Қ.</b> Қазақ эпосының жиналуы және Мәшһүр Жүсіп.....	212
<b>Урусбаева Д. Б., Тұрышев А. Қ.</b> Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы кинологиялық лексика .....	220
<b>Шахметова Н. А.</b> Концепт және тілдік тұлға.....	225
<b>Шахметова Н. А.</b> Тектік және түрлік принципі кәсіби тілдік әлемнің суретін беру құралы.....	232
<b>Ысқақ Б. Ә., Ысқақ С. Ә.</b> Әңгіме жанрының түрленуі .....	239

<b>Энгель Н. В., Тентекбаева Ж. М., Бекжігітова З. С.</b> Интернет коммуникацияларын пайдаланушылардың диалог түріндегі қарым-қатынасын тілдік модельдеу мәселесі .....	244
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Алғашқы қазақ пьесаларының идеялық-көркемдік шешім кеңістігі.....	251
<b>Зейнулина А. Ф.</b> Қадыр Мырза Әли шығармашылығындағы көркемдік әдіс пен суреткерлік шеберлік .....	259
Біздің авторлар .....	268
Авторлар үшін ереже.....	271

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Акылбаева А. Г.</b>	
Теоретические основы исследования языковой картины мира .....	12
<b>Алпысбаева А. К., Ержанова А. С., Масабаева Г. К.</b>	
Культура речи – как основное средство общественных отношений.....	17
<b>Аниева Н. Г.</b>	
Находчивость акына Баянгали Алмимжанова в айтысах.....	27
<b>Абдуов М. И., Сабитова С. А.</b>	
Эпос и его исследование .....	34
<b>Абикенова Г. Т.</b>	
Исследование лингвистики текста .....	44
<b>Баешова Б. Ш., Орманова А. А.</b>	
Две звезды востока на поэтическом небосклоне (рубаи А. Рудаки и О. Хайяма).....	52
<b>Баратова М. Н.</b>	
Понятие «белый», «черный» в стихотворениях С. Торайгырова.....	57
<b>Бекжанова Ж. Е.</b>	
Молодежный дискурс: обзор основных исследований и перспективы.....	63
<b>Динаева Б. Б.</b>	
Концепт «Одиночество» в паремиологическом фонде казахского языка.....	69
<b>Досанова А. Ж., Жумабекова А. А.</b>	
Обобщение и адаптирование методических материалов информационных и компьютерных технологий в процессе обучения иностранному языку .....	75
<b>Ергалиев К. С., Асанбаева Е. Б.</b>	
Особенности использования фразеологических единиц в заголовках казахстанских, российских и американских газет .....	79
<b>Ергалиев К. С., Асанбаева Е. Б.</b>	
Отражение комплексов заголовков в казахской публицистике .....	87
<b>Жакупова Ш. С., Сизов Д. В.</b>	
Латинские заимствования в английском языке .....	92
<b>Жарылгапов Ж. Ж., Рахымжанова А. Б.</b>	
Мифопоэтические исследование в современной казахской прозе .....	98
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b>	
Понятия такие как «слепой», «глухой», «голый» в стихотворениях Машхура – Жусипа .....	105
<b>Жусупов Н. К., Баратова М. Н.</b>	
Назидательное стихотворение Шакарима.....	109
<b>Зейнулина А. Ф., Ахметова Л. М.</b>	
Смысл терминов, употребляющихся в казахском языке при лечении туберкулеза .....	114

<b>Зейнулина А. Ф., Оспанова Б. М.</b>	
Смысл терминов употребляемых в отрасли биотехнологической обработки (на основе молочной сыворотки).....	122
<b>Ибраева Э. Е.</b>	
Авторская идея статей Ж. Жанибекова по зарубежной тематике .....	130
<b>Кошенова Т. И., Жолдасова У. М.</b>	
Народная поэзия и Абай .....	136
<b>Канабекова М.</b>	
Стилистически-прагматическое значение авторского понимания художественного текста .....	143
<b>Нурмаханова Ж. Б.</b>	
Категоризация оценки в пословицах и поговорках Востока.....	150
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b>	
Употребление новых слов в современном казахском языке .....	155
<b>Сарбалаев Ж. Т.</b>	
М. Ауэзов и вопросы социолнгвистики.....	161
<b>Сафаргалиева А. Ы.</b>	
К сопоставительному изучению присубстантивных предложений (на материале русского и казахского языков) .....	170
<b>Сматова А. Ж.</b>	
Общие свойства пословиц и поговорок в казахском и английском языках.....	175
<b>Сизов Д. В., Жакупова Ш. С., Бурмистрова В. А.</b>	
Языковая игра как лингвопрагматический феномен в коммуникативном пространстве бытового дискурса .....	186
<b>Смольникова Е. И.</b>	
Эстетические основы творчества Г. Флопера второй половины XIX века .....	194
<b>Суюнова Г. С.</b>	
Типология коммуникативных ситуаций по признаку «успешность/неуспешность» .....	199
<b>Токсамбаева А. О.</b>	
Источники духовного начала в творчестве М. Копейулы .....	207
<b>Уалиханова Н. М., Жусупов Н. К.</b>	
Сбор казахских эпосов и Машхур Жусуп .....	212
<b>Урусбаева Д. Б., Трушев А. К.</b>	
Кинологическая лексика в произведениях Машхур Жусупа Копеева .....	220
<b>Шахметова Н. А.</b>	
Концепт и языковая личность .....	225
<b>Шахметова Н. А.</b>	
Родовидовой принцип как средство выражения профессиональной языковой картины мира.....	232
<b>Ыскак Б. А., Ыскак С. А.</b>	
Новизна в жанре рассказ .....	239

**Энгель Н. В., Тентекбаева Ж. М., Бекжигитова З. С.**

К проблеме моделирования речевого взаимодействия пользователей в диалогических форматах интернет-коммуникации.....244

**Зейнулина А. Ф.**

Идейно-художественные особенности первых казахских пьес.....251

**Зейнулина А. Ф.**

Художественный метод и описательное искусство в творчестве Кадыра Мырзалиева .....259

Наши авторы.....268

Правила для авторов .....271

## CONTENT

**Akylbayeva A.**

Theoretical bases of the study of a language picture of the world .....12

**Alpysbaeva A. K., Erzhanova A. S., Masabaeva G. K.**

The culture of speech as the principal means of public relations .....17

**Anieva N. G.**

Resourcefulness of Bayangali Alimzhanov in aytys .....27

**Abduov M. I., Sabitova S. A.**

Ways of transformation of the myths in religious epics .....34

**Abikenova G. T.**

Text linguistics research .....44

**Baeshova B. S., Ormanova A. A.**

Two stars of east on poetical horizon (rubais of A. Rudaki and O. Khayyam) .....52

**Baratova M. N.**

The concept of "white", "black" in the poems of S. Toraigyrov.....57

**Bekzhanova Zh. Y.**

Youth discourse: essential research review and perspectives .....63

**Dinayeva B. B.**

The concept of "Loneliness" in proverbs and sayings of the Kazakh language.....69

**Dosanova A. Zh., Zhumabekova A. A.**

Generalization and adaptation of methodical materials for using information and computer technologies in the process of teaching the foreign language.....75

**Yergaliyev K. S., Asanbayeva Y. B.**

The features of using of phraseological units in the headlines of Kazakhstan, Russian and American newspapers .....79

**Yergaliyev K. S., Asanbayeva Y. B.**

Reflection of the complexes of headlines in Kazakh publicism .....87

**Zhakupova S. S., Sizov D. V.**

Latin borrowings in the English language.....92

**Zharylgapov Zh. Zh., Rakhymzhanova A. B.**

Mythopoetical researches in modern Kazakh prose.....98

**Zhusupov N. K., Baratova M. N.**

Concepts such as «blind», «deaf», «naked» in the poems of Mashkhur - Zhusip.....105

**Zhusupov N. K., Baratova M. N.**

Didactic poem of Shakarim.....109

**Zeinulina A. F., Akhmetova L. M.**

Meaning of the terms which are used in the Kazakh language at tuberculosis treatment.....114

<b>Zeinulina A. F., Ospanova B. M.</b> Meaning of terms used in industry of biotechnological treatment (on the basis of lactoserum) .....	122
<b>Ibrayeva E. E.</b> Author's idea of articles of Zh. Zhanibek on foreign thematics .....	130
<b>Koshenova T. I., Zholdasova U. M.</b> Folk poetry and Abay .....	136
<b>Kanabekova M.</b> Stylistic-pragmatic meaning of author's understanding of literary text .....	143
<b>Nurmakhanova ZH. B.</b> Categorizing of estimation in proverbs and sayings of East .....	150
<b>Sarbalayev Zh. T.</b> Use of new words in modern Kazakh language .....	155
<b>Sarbalayev Zh. T.</b> M. Auyezov and problems of sociolinguistics .....	161
<b>Safargaliev A. Y.</b> To the comparable study of substantival sentences (on Russian and Kazakh languages material) .....	170
<b>Smatova A.</b> General characteristics of proverbs and sayings in Kazakh and English languages .....	175
<b>Sizov D. V., Zhakupova Sh. S., Burmistrova V. A.</b> The language play as a linguopragmatic phenomenon in communicative space of every day discourse .....	186
<b>Smolnikova Y.</b> Aesthetic bases of G. Flober's works of the second half of the 19th century ...	194
<b>Suyunova G. S.</b> The typology of communicative situations by the "succes/failure" characteristics .....	199
<b>Toksambayeva A. O.</b> Sources of spirituality in the works of M. Kopeiuly .....	207
<b>Ualikhanova N. M., Zhusipov N. K.</b> Mashhur Zhusip and collection of kazakh epos .....	212
<b>Urusbayeva D. B., Trushev A. K.</b> The canine vocabulary in Mashkhur Zhusup's work .....	220
<b>Shakhmetova N. A.</b> Concept and linguistic identity .....	225
<b>Shakhmetova N. A.</b> Of generic principle as a means of expressing a professional linguistic world .....	232
<b>Yskak B. A., Yskak S. A.</b> The novelty in the genre of the story .....	239
<b>Engeul N. V., Tentekbayeva Zh. M., Bekzhigitova Z. S.</b> To a problem of modeling of users' speech interaction in dialogical formats of internet communication .....	244

<b>Zeinulina A. F.</b> Ideological and artistic peculiarities of first Kazakh plays .....	251
<b>Zeinulina A. F.</b> Artistic method and descriptive art in the works of Qadir Myrzaliev .....	259
Our authors .....	268
Rules for authors .....	271

**А. Ф. Ақылбаева**

## **ТІЛДЕРДІҢ ӘЛЕМДІК КӨРІНІСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Берілген мақалада «әлемдік көрініс» және «әлемнің тілдік көрінісі» түсініктерінің теоретикалық негіздері әр түрлі ғалымдардың көзқарастарын негізге ала отырып қарастырылған.*

«Әлем көрінісі» термині ғылымға XIX ғасырдың аяғында еніп, физика, философия, логика ғылымдарында (Вингенштейн Л., Герц Г.), ал XX ғасырда антропология, семиотикада (В. Иванова, В. Топоров, Ю. Степанов, Гуревич), лингвистикада (Л. Вайсгербер, Ю. Караулов, Г. Колшанский, В. Постовалова т.б.) қоданылды.

Әлем – адам мен қоршаған ортаның өзара әсерлесуінде көрініс табуы, ал әлем көрінісі – «адам мен орта туралы ақпараттың өңделген нәтижесі» болып абылады.

Тілшілер (Б. А. Серебренников, В. И. Постовалов, А. А. Уфимцева, Е. С. Кубрякова, В. Н. Телия т.б.) тілдегі адамзаттың рөлін айта отырып, әлем көрінісін адамның барлық рухани шығармашылығы, оның әлеммен байланысының нәтижесінде қалыптасқан «әлемнің глобалді бейнесі» деп анықтайды.

Жалпы ғалымдардың әлем көрінісіне келесідей анықтама береді.

В. М. Сергеев әлем көрінісінің қалыптасуындағы теория мен тәжірибенің өзара әсерлесуінің маңыздылығын атап өтеді: «Картина мира формируется в ходе познания окружающей действительности в результате сложного взаимодействия теории и практики» [2, 36].

Э. Д. Сүлейменова оны танымдық когнитивті феномен ретінде таниды, яғни оның айтуынша: «Картина мира – это познавательный когнитивный феномен, который не складывается из значений или суммы значений отдельных слов» [3, 1316].

Тұманова: «Әлем көрінісі – жалпы адамзаттық әлем бейнесі, әлем туралы білімнің жиынтығы» [4, 20-22б] – деп ауқымды түрде түсінеді.

Әлем көрінісі дегеніміз – адамзатты қоршаған объективті шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді.

Әлем көрінісі – өмір шындығының нақты ақиқат құбылыстары, оның санадағы, адамдар танымындағы, ұғымындағы оймен жасалған бейнесі, ал біздің әлем туралы білімімізді анығырақ бейнелейтін адамның дүниені тану құралы – тіл.

Тіл - мәдениеттің құрамы, мәдениеттің бір бөлігі және де оның құралы. Халқының мәдениеті тілде вербальданады, тап тіл мәдениеттің негізгі тұжырымдарын жинақтайды, оларды сөздерде белгі ретінде іске асырады. Тілден туындайтын әлемнің үлгісі объективті әлемнің субъективті бейнесі болып табылады, ол өзінде адамның әлемді қабылдау тәсілдерін алып жүреді, нақтырақ айтқанда, тұтас тілден өтетін, антропоцентризм.

Б. А. Серебренников: «Язык и мышление – две самостоятельные области, хотя и тесно между собою связанные» [5, 15-16б] – дей келіп, осыған орай екі түрлі, екі басқа «әлемдік көрініс/бейне» танылатындығын айтады. Оның бірі – тұжырымдық бейне болса, екіншісі – тілдік көрініс. Мұның біріншісі – ойлауға, ұғымға қатысты, ал екіншісі – тілге қатысты.

Әлемнің тілдік көрінісі – көрсетілген тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктердің жиынтығы, шындықты концептуализациялаудың белгілі бір тәсілі. Әлемнің тілдік көрінісі туралы ұғым В. Фон Гумбольдт және жаңа гумбольдтшылдықтың (Вайсгербер т.б.) тілдің ішкі формасы туралы айтылған ойларына қатысты және американдық этнолингвистиканың идеяларына, негізінен Сепир-Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасына қатысты.

Ал Л. Вайсгербердің үлесі, ғылыми терминологиялық жүйеге «әлемнің тілдік көрінісі» терминін енгізуімен анықталады. Бұл түсінік лингвофилософиялық концепциямен қоса, тілдің «кезеңдік әлемі» мен «энергиясының ерекшелігі» анықталады.

Л. Вайсгербердің әлемнің тілдік көрінісін анықтаудағы басты мінездемелері:

1. Әлемнің тілдік көрінісі – бұл барлық ықтимал мазмұндардың жүйесі: рухани, берілген тілдік тұтастықтың ділі мен мәдениеттің ерекшеліктерін анықтаушы, және тілдік, сол тілдің атқаратын қызметі мен өмір сүруін шарттаушы.

2. Әлемнің тілдік көрінісі бір жағынан, тіл мен этностың тарихи дамуының салдары, ал екінші жағынан олардың әрі қарай дамуының ерекше жолдарының себебі болып табылады.

3. Әлемнің тілдік көрінісі біртұтас «тірі организм» сияқты дұрыс құрылған және тілдік анықтамаларда көпдеңгейлі болып табылады. Ол дыбыстар мен дыбыстық тіркестердің айрықша тобын анықтайды, тілдік шеберлердің артикуляциялық аппаратының құрылуының ерекшеліктерін анықтайды, сөздің просодиялық анықтамаларын, тілдік құрамын, тілдің сөзтудырушылық мүмкіндіктері жіне сөз тіркестері мен сөйлемдердің синтаксисі, сонымен бірге өзінің паремнологиялық жиынтығы. Басқа сөзбен айтсақ, тілдердің әлемдік көрінісі суммарлық коммуникативтік тәртібін, табиғаттың сыртқы дүниесі мен адамның ішкі жан дүниесін және тілдік жүйені шарттайды.

4. Әлемнің тілдік көрінісі әрбір «тірі ағза ретінде» уақыт кеңістігінде өзгеріске және дамуына ұшырайды, анықтап айтсақ вертикалды (диахроникалық) мағынада ол әрбір келесі даму кезеңінде өз-өзіне ішінара теңдестіру.

5. Әлемнің тілдік көрінісі тілдік мәннің біркелкілігін жасайды, тілдің нығаюына ықпалын тигізеді, яғни сонымен бірге оның әлемдік көрінісіндегі мәдени ерекшеліктері және оның тілдік құралдармен анықталуы.

6. Әлемнің тілдік көрінісі біркелкі өзіндік тілдік тұтастықта өмір сүреді және келесі ұрпаққа өзінің ерекше дүниетанымы, өзін-өзі ұстау ережелері, өмір сүруі арқылы беріледі.

В. А. Маслованың айтуынша: «әлемнің тілдік көрінісі - ұлттың жалпы мәдени мұрасы, ол құрылымданған, көп деңгейлі. Тап әлемнің тілдік көрінісі коммуникативті тәртіпті қамтамасыз етеді, ішкі және сыртқы адам әлемін түсіндіреді. Ол осы не басқа кезеңге тән сөз ойлау қызметін оның рухани, мәдени және ұлттық құндылықтарымен бірге суреттейді».

Әлемнің тілдік көрінісі ұғымын Ю. Д. Апресян былай деп есептейді, «табиғи тілде қабылдау тәсілдері мен әлемнің тұжырымдалуының көрінісі. Тілдің негізгі тұжырымдары біртұтас көзқарастар жүйесіне бүктетіледі, өз алдына ұжымдық философияға, барлық тіл меңгергендерге мәжбүр түрінде міндеттеледі» [1; 39].

Әлемнің тілдік көрінісіне бейнелер емес, бейнеленгендер енеді. Ол субъективті тәжірибе жемісі. Осыған орай А. Вежбицкая әр тіл о бастан өз иелеріне белгілі бір әлем көрінісін беретіндігін айтады: «Нельзя на естественном языке описать «мир как он и есть»: язык изначально задает своим носителям определенную картину мира, причем каждый данный язык – свою... Языковое значение – это интерпретация мира человеком, и никакие операции над «сущностями реального мира» не приближают к пониманию того, как устроено это значение» [8, 5-66].

И. А. Стернин әлем туралы білімді сол не басқа затқа қатысты білім жиынтығы деп түсінеді және әлем туралы білімді ғылыми тұрмыстық энциклопедиялық білім ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлем туралы тілдік білім тілдік емес білімге қарсы тұрады. Тілдік білім сөз мағынасында дербес семантикалық компоненті ретінде көрінсе, тілдік емес білім сөз мағынасында қандай да бір компоненттерді жасайды. Тілдік емес білім адам санасында нақты, көрнекі, сезімдік түрде сақталады және жан-жануарлармен адамның ортақ ойлауының нәтижесі екенін айтады [9, 20-326].

Е. М. Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: «Тіл білімінде «әлемнің көрінісі», «әлемнің ұлттық көрінісі» сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке адамға, я болмаса, бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік (санаға қатысты), гносеологиялық (танымдық) сипаты адам

ойында пайда болады. Бірақ «әлемнің тілдік көрінісі» қоршаған ортаның тікелей, тура бейнесі бола алмайды екен. Себебі, болмыс пен тіл арасында адамның санасы тұрады» [10, 756], – деген пікір айтады.

Г. В. Колшанскийдің пайымдауынша, әлемнің тілдік көрінісі ол халықтың әлеуметтік және еңбек тәжірибесінің ерекшеліктерінде негізделеді. Ақыр соңында, осы ерекшеліктер өзінің көрінісін және үдерістің лексикалық және грамматикалық номинациясының ажырымында, ана немесе өзге мағынаның тіркесімінде табады, оның этимологиясында (алғашқы белгінің талғамы номинация және сөздің мағынасының білімінде) және т.б. тілде адамның (әлеуметтік және жеке)», яғни мағынасы «ол үйлесімді шексіз шарттың санымен, оның бағытталған біліміне ынта болып табылатын, әрдайым пәннің шексіз ерекшелігін, көрінісі мен қатынасының біреуін тандайды және бекітеді. Тап осы адами фактор көрнекі түрде барлық тілдік білімдерде қарастырылады, оның ауытқушылықтарында және жеке стильдерде» [8; 33].

Ю. Д. Апресян: «Әр табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың (концептуализациялаудың) белгілі тәсілін көрсетеді. Онда көрініс тапқан мағыналар ортақ көзқарастар жүйесін, былайша айтқанда белгілі бір міндеттілік ретінде тіл иелеріне таңылатын ұжымдық философияны құрайды. Осы тілге тән шындықты концептуализациялау бір жағынан әмбебап, бір жағынан ұлттық ерекшеліктерге ие, сондықтан әр тіл иелері әлемді өзгеше, өз тілдерінің призмасы арқылы көруі мүмкін. Әлемнің тілдік көрінісі «аңғал», яғни «ғылыми» әлемнен өзгеше» [14, 3506] – дей отырып, тілде көрініс табатын аңғал түсініктердің қарапайым еместігін, тіпті көп жағдайда ғылымдан күрделірек және қызығырақ болатынын атап өтеді.

Әлемнің тілдік көрінісі бір-бірімен байланысты, бірақ өзгешеліктері бар екі идеяны қамтиды: 1) тілдің ұсынатын әлем бейнесі «ғылымдан» өзгеше және 2) әр тіл шындықты бейнелейтін бейнені өзге тілдерден ерекше етіп, өзінше салады.

И. В. Черемысина әлемнің тілдік көрінісін былайша жіктейді:

1. Әмбебап және идиоэтикалық әлем көрінісі.

2. Әмбебап және идиоэтикалық әлем көрінісі материалды (шындық) және рухани (ментальді) әлем, эмперикалық және рационалды: кеңістіктік-уақыттық, реалды- қиялды, жерлік- аспандық, жалпы ұлттық-әлеуметтік салада шектеулі аймақтық, кәсіби т.б. әлемнің тілдік бейнелері қарама-қарсы қойылады.

Қорытындылай келе айтатын болсақ: «**әлем көрінісі**» – өмір шындығының нақты ақиқат құбылыстары, оның санадағы, адамдар ұғымындағы оймен жасалған бейнесі; «**әлемнің тілдік көрінісі**» – белгілі бір тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи түрде қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктердің жиынтығы, шындықты концептуализациялаудың белгілі бір тәсілі болып табылады.



## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сулейменова, Э. Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алма-Ата, 1989. – 160 б.
- 2 Тұманова, А. Б. О соотношений «картина мира», «языковая картина мира» и «концептуальная картина мира» // ҚазҰУ хабаршысы №9, 2004.
- 3 Серебренников, Б. А., Кубрякова, Е. С., Постовалова, В. И., и др. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – Москва : Наука, 1988. – 242 б.
- 4 Вежбицкая, А. Язык. Культура. Познание. – Москва : Русские словари, 1996.
- 5 Стернин, И. А. Лексическое значение слова в речи. – Воронеж, 1985.
- 6 Абақан, Е. М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы : Айкос, 2002.
- 7 Апресян, Ю. Д. Избранные труды. – Москва, 1995. – 767б.
- 8 Гумбольд, В. Избранные труды по языкознанию. – Москва : Прогресс, 1984. – 396 б.
- 9 Маслова, В. А. Языковая картина мира и культура / В. А. Маслова // Когнитивная лингвистика конца XX века. Материалы международной научной конференции (в трех частях). – Ч.1. – Минск, 1997.
- 10 Копыленко, М. М. Основы этнолингвистики. – Алматы : Евразия, 1995. – 178 б.
- 11 Аскольдов-Алексеев, С. А. Концепт и слово // Русская речь. Новая серия. Выпуск 2. – Ленинград, 1928.
- 12 Вежбицкая Семантические универсалии и описание языков. – Москва : Школа «Языки русской культуры», 1999.
- 13 Гиздатов, Г. Г., Шеляховская, Л. А. О соотношении концептуальных и языковых структур // Функционирование единиц языка и речи. – Караганда, 1994.

Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.  
Материал 04.03.14 редакцияға түсті.

*А. Г. Акылбаева*

### Теоретические основы исследования языковой картины мира

Евразийский национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 04.03.14.

*А. Akylbayeva*

### Theoretical bases of the study of a language picture of the world

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.  
Material received on 04.03.14.

*В данной статье рассматриваются теоретические основы исследования «картины мира» и «языковой картины мира», принимая во внимание мнения и определения разных ученых и исследователей в этой области.*

*Theoretical bases of the study of “a world picture” and “a language picture of the world” are considered in the given article, taking into account opinions and definitions of different scientists and researchers in this area.*

ӘОЖ 800:61-057.875

**А. Қ. Алпысбаева, А. С. Ержанова, Г. К. Масабаева**

### СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

*Мақалада тілдің қоғамдық ортада алатын орны туралы айта келе, оның қарым-қатынас құралы болуымен қатар, сөйлеу мәдениеті де адамдар әрекетінің құрамдас бөлігі екендігіне, сондықтан тіл білімін дұрыс игермейінше, адамдардың сөйлеу мәдениеті толық жетілмейтіндігіне, сөйлеу әдебі, сөз байлығы сияқты түсініктерге жалпы сипаттама берілген. Авторлар тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, сөйлеу әдебі мәселелерін арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене, сілтеме жасай отырып, өз тұжырымын берген.*

*Кілт сөздер: тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, сөйлеу әдебі, сұхбаттық тілдесім, сөз байлығы.*

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғамда өмір сүріп, дамып, жетіліп отыратындықтан адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құрал ретінде де қызмет етеді. Кез-келген тілде халықтың дүние танымы, өмірге деген көзқарасы бейнеледі. Тіл арқылы адам өзінің ойын, көңіл-күйін жарыққа, шығарады, тіл арқылы бір-бірімен пікір алысып, бір-біріне деген ілтипатын, ниетін көзқарасын білдіреді [1].

Тіл қоғамның әр мүшесінің мәдениетінің даму және оны игеру құралы болып табылады. Тіл мәдениеті тілдік қолданыста «адам–мәдениет–тіл» жүйесін реттеуші қызметін атқарады. Мәдениет – адамзат қоғамы жасаған материалдық және рухани құндылықтарды оқып-үйрену деген сөз. Тіл

мен мәдениеттің арақатынасы туралы Ж. Манкеева: «Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады» [2], десе, Н. Уәли: «тіл-мәдениеттің фактісі, себебі ол ата-бабамыздан келе жатқан мәдениеттің құрамдас бөлігі», «тіл – мәдениетті игеруді жүзеге асыратын негізгі құрал», «тіл – мәдени құбылыстың ең маңыздысы», «тіл - жан-дүниеміздің ақиқатқа айналуы, мәдениеттің бет-бейнесі, ұлттық менталитетке тән ерекшеліктерді, бүркелемей, «жалаңаш» күйде көрсетуші» [3], - деп тұжырымдайды. Тіл - адамзат қоғамының ең басты құндылығы. Тілдің көмегінсіз мәдениетті оқып-игеру мүмкін емес. Ұлттық тіл – мәдениеттің негізі және іргетасы болып табылады. Тіл, біріншіден, оны қолданушылардың санасында сақтаған бірліктер мен ережелердің жиынтығынан тұратын қоғамдық құбылыс болса, екіншіден, сол жиынтықты жекелеген адамдардың қолдануы.

Сөз мәдениеті дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, ең алдымен ана тіліміздің дыбыстық жүйесін, оның ырғақ әуездерін, сөзді, оның мағыналық қырларын, сөздің тұлғалық құрылымдарын, оның жұрнақ, жалғауларын, сөз тіркесі мен сөйлем жүйелерін, тілдің стильдік құралдарын т.б. әдеби тілдің нормасына сай қолдана білу, дұрыс әрі бедерлі жұмсай білу деген ұғымды білдіреді.

Сөйлеу – адамдарға ғана тән қабілет. Б. Хасанұлы: «Адамға тілдік қабілет туа бітеді, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналады. Адам әлеуметтену барысында тілдік қабілетін жетілдіреді де, тілдік тұлғаға айналады» [4] деп, адамдарды биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде таниды. Тілдік қабілеттің жетілуі тілді таныммен сабақтастыра зерттеуге, тіл арқылы адамды тануға, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыруға арқау болып, тіл мен тұлғаның, тіл мен қоғамның өзара әрекеттесуінен қалыптасатын мәдени-әлеуметтік факторлардың мәнін ашады. Дәлірек айтқанда, адамдардың тілдік мәдениетін (немесе тілді қолданудағы адамдардың мәдениеті) айқындауға мүмкіндік береді.

«Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмайтын бірлікте болатындарына қарамастан бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік. Тіл дегеннен оның құрамына енетін дыбыстарды, сөздерді, грамматикалық формалар мен үлгілерді түсінеміз. Тіл дегеніміз – сөйлеуге қажетті материалдардың жиынтығы. Ф. де Соссюрше айтқанда, қоймасы. Ал сөйлеу – сол жансыз материалдардың өзара қарым-қатынасқа келуі, тілдің қимыл үстіндегі күйі. Тілдің жаны, тіршілігі – сөйлеуде. Сөйлеу процесінде тілдік материалдар жанданып, өз бойындағы мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Бірақ сол мүмкіндікті әркім өз шама-шарқынша пайдаланады: біреулер оның ішіндегі асылдарын іріктеп алып, оларды өз мақсаттарына лайықты тиісті орындарына

қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік, дарындылық болмайды. Осыдан келеді де тіл шұбарлығы, тіл мәдениетсіздігі пайда болады, қоғамдық сипатты тіл жеке адамдардың сөйлеу процесінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешелігі осында. Тілге жақсы, жаман, мәдениетті, мәдениетсіз деген сын жүрмейді. Осы себептен «тіл мәдениеті» деуден гөрі «сөйлеу мәдениеті» деу мазмұнға сай келеді. Бұл айтылғандардан тіл мен сөйлеу арасындағы бірлік пен өзгешелікті кеңірек, тереңірек зерттей түсу қажеттігі байқалады, – дейді [5]. Ғалым атап көрсеткендей, тіл – қоғамдық сипаттағы құбылыс, сөйлеу жеке адамдарға тән даралық сипаттағы құбылыс. Тіл – дүниедегі заттар мен құбылыстардың мазмұны мен формасын қарастырып, талдау жасауға мүмкіндік береді. Дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің таңбалық белгісін, байланысу жолдарын айқындап, белгілі бір халықтың дыбыстық жүйесін, сөздік қорын, өзіндік ерекшелігін саралайтын қоғамдық құбылыс.

Сөйлеу адам әрекетінің құрамдас бөлігі болғандықтан, адамның физиологиясымен, психологиямен, ойлау процесімен байланысады. Нәтижесінде адамдардың танымдық қабілетін, тұлғалық мәдениетін, этностық болмысын, ұлттық психологиясын, өмірлік дағдысын, ішкі толғанысын, көңіл-күйін, жандүниесін дәйектейтін антропозекті категория ретінде ерекшеленеді. Сөйлеу тілдің материалдық элементтері, яғни тіл дыбыстары, сөз, сөйлем арқылы орындалады. Оларды айту мен қабылдау процесі адамдардың физиологиялық қасиеті, яғни сөйлеу мүшелері мен есту мүшелері негізінде жүзеге асады. Сөйлеу мүшелері мен есту мүшесі қоршаған дүниедегі құбылыстардың тікелей әсерінен болатын түйсіктер мен елестердің қызметі арқылы сөйлеу аппаратының іске қосылуына арқау болады. Нәтижесінде адамдардың сөйлеуге қабілетті екенін білдіретін сигналдар жүйесі ми қабығына барып, сөйлеу органдарының әр түрлі қалыпта жұмсалыуына мүмкіндік береді. Әрбір дыбысты, сөзді, сөйлемді мәніне, мағынасына қарай өзінің сазымен айта алуға жағдай туғызады.

Адамдардың сөйлеу әрекеті мен жан-қуаттарының (психикалық құбылыстар) арасындағы байланыстар сөйлеу процесі мен оны қабылдау процесінің арасындағы тілдік қарым-қатынасты анықтайды. «Тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін; қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алысуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» - деген Ф.Оразбаеваның тұжырымы негізінде сөйлеудің мәні адамдардың бір-бірінің ұғынысуы, түсінісуі деп қорытуға болады [6]. Адамдар бірін-бірі ұғу, түсіну үшін өзара пікір алысуы қажет екені белгілі. Пікір алысу айтылған сөзді қабылдау, оның мағынасын түсіну процесі арқылы жүзеге асады.

Сөйлеу кезінде зағтар мен құбылыстардың қыр-сырын ұғыну, оларды пайымдау сияқты логикалық категориялар жарыққа шығады. Ұғым сөз арқылы, байымдау сөйлем арқылы жұмсалып, тіл бірліктері сөйлеу процесіне енеді. Әрбір сөз ойлы да, мәнерлі болып, өз қисынымен жұмсалуды керек. Айтылған сөз жүйесіз болып, тілдік нормаға сай болмаса, тыңдаушы психологиялық кедергіге ұшырап, мәліметті қабылдау процесі орын алмайды. Бұдан дұрыс сөйлеудің белгілі бір психологиялық, логикалық қағидаларға сүйенетінін көруге болады. Оның ең басты көрсеткіші де тіл жүйесіндегі білімді игеру болып табылады. Білім – ақылмен байланысты болатын адамға тән қасиет. Ж.Баласағұни айтқандай, «Ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз». Білім мен ой ұшқырлығының, сергектігінің, белгілі бір мәселені тез шешудің, затты әр қырынан танудың, жаңа нәрсені аңғарудың, орынсыз асып-саспаудың т.т. көрсеткіші ретінде адамның сапалық қасиетін айқындауға мүмкіндік береді. Адамға тән осы қасиет тіл білімін игеруді қажет етеді. Тіл білімін игермейінше адамдардың сөйлеу мәдениеті де толық жетілмейді. Сөйлеу мәдениеті қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласында қажет. Сөйлеу арқылы тілді қолданушылардың санасында сақталған бірліктер мен ережелердің жиынтығы сараланады. Адамдардың сөйлеу процесіндегі даралық сипаты анықталады. Сондықтан тілдің қоғамдық қарым-қатынастағы қызметі сөйлеу процесі арқылы айқындалады. Осыған орай, сөйлеудің мынадай түрлерін атап көрсетуге болады: *ауызекі сөйлеу, қарапайым сөйлеу, тұрпайы сөйлеу, көркем сөйлеу, ғылыми сөйлеу, ресми сөйлеу*. А.Байтұрсынұлы сөйлеудің маңызын былайша бағалайды: «Біздің заманымыз – жазу заманы жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлеу білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [7].

Сөйлеу мәдениеті туралы ұғым әдеби тілмен тығыз байланысты. Өзінің ойын айқын да дәл бере білу, сауатты сөйлеу, сөйлеу арқылы өзіне жұрттың назарын ғана аударып қоймай, оларға әсер ете білу – сөйлеу мәдениеті бар адамның белгісі. Сөйлеу мәдениеті ұғымына тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларын сақтау, әдеби тіл нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, тілдесім кезінде дұрыс тілдік қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды дұрыс таңдай білу жатады. Сөйлеу мәдениеті үш құрамдас бөліктен тұрады: нормативтік, қатысымдық және этикалық.

Мәдениетті сөйлеу әдебі сұхбаттасу барысында тілдік құралдарды іріктеу мен қолдануға дұрыс дағды қалыптастыруын қажет етеді.

Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп ережелері бар. Ол үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету, бейтаныс адамдарға сыпайылық

ретпен тіл қату, өзінің құрметін білдіру, өтініш айту, өмірлік жағдаяттарда көңілін сыпайы жеткізу, жасалған құрметке алғыс білдіру, т.б. сол сияқты қарым-қатынас түрін білдіретін сөздер мен сөз тіркестері қалыптасқан [1].

Тілдік құралдарды таңдауды тілдің сөйлеу мәдениетінің қатысымдық саласы қарастырады. Сұхбаттасу кезінде әңгімеге кем дегенде екі адам қатысатындықтан айтушының сөзі, ол негізгі ақпаратты беруші болғандықтан, тыңдаушыға, негізгі ақпаратты қабылдаушыға, анық, түсінікті болумен бірге, айтушы тілі таза, берілетін мағына дәл болып, ондағы ой көркем сөйлемдермен өрілуге тиіс. Мұндай қатысымдық салаларға сөздің дәлдігі, түсініктілігі, байлығы, тілдің тазалығы, айқындылығы сияқты мәселелер жатады.

Сөйлесу, сұхбаттасу кезіндегі тілдік құрылымдардан, сол арқылы берілген ұлттық стереотиптерден әр халықтың тұрмыстық танымындағы, мінез-құлқындағы, тілдесу әдебіндегі бірді-екілі басқа халықта байқалмайтын, тек сол халыққа ғана тән ерекшелікті байқауға болады. Мұндай ерекшелік қазақ халқында да бар. Мұны қазақ тіліндегі сұхбаттық тілдесім мәдениетінің семантикалық-құрылымдық және стильдік табиғаты аңғартады.

Қазақ сөйлеу әдебінде айтушы өз сөзінің тыңдаушысына түсінікті болуын ойлайды. Тыңдаушы да өз сөзін үзілді-кесілді етіп, батыл айтпайды. Айтушы «осылай жасасақ қалай болар еді...», «меніңше осы дұрыс-ау деймін...», «сіз қалай ойлайсыз?...» деген формада тыңдаушысына назар аударады. Ал тыңдаушысы да «мен де солай ойлаймын...», «өзіңіз біліңіз, маған да осы дұрыс сияқты...», «меніңше, былай болса деп едім, дұрысы сол шығар, сіз қарсы емессіз бе?...» түрінде келуі мүмкін. Басқаша айтқанда, бірін-бірі тыңдау, бірінің сөзіне екіншісінің құлақ асуы, сөзді тосып сөйлеу әдебі қазақтардың бірінен-бірі өткен шешендіктеріне қарамай жақсы сақталған. Сондықтан да қазақ даласында ірі алқалы жиындарда, бірін-бірі тыңдамау, даурығу деген болмаған. Қайта керісінше, орынды айтылған сөзге, оны жас адам айтса да, тоқтаған. Мұны «сөзге тоқтау» деп атаған. Жалпы алғанда қазақ сыпайы сөйлегенді ұнатады. Күнделікті тұрмыста да мағынасы бердей екі сөйлемнің сыпайысын таңдайды. Мысалы, театрда, көлікте, жалпы адам көп жиналған жерлерде өтіп кету үшін «Былай тұрыңызшы, мен өтіп кетсем деп едім, орныңыздан тұрмас па екенсіз?!» деуге де болады. Қазақ әдебі осының соңғысын таңдайды, себебі соңғысы адамды мәжбүрлемейді, оған таңдау мүмкіндігін туғызады.

Сөз байлығы – күрделі түсінік. Ғылымда *тіл мәдениеті* деп жүрген саланы кейде *сөз мәдениеті* деп те атайды.

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел», «Сөз айттым Өзірет Әлі, айдаһардың» (Абай) деген жолдарында сөз деп автор поэзияны меңзеп отырса, «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» дегендегі «сөз» ой-пікір деген мағынада айтылған. Демек, тілдің әртүрлі мақсатта жұмсалудың

сөз деп айтамыз. Осы себептен «сөз мәдениеті» деген термин жеке сөздерді қолданудағы дұрыстық деген мағынаны емес, жалпы тілді жұмсаудағы түзулік деген ұғым деп тануға әбден болады, сондықтан оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде, баспасөз беттері мен радио-телехабарларда «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» деген атаулар кездесе қалса, оларды бір мағына деп түсінуге болады.

Сөз мәдениеті туралы сөз қозғағанда жазу мәдениетін айналып өту мүмкін емес. Сөз мәдениеті мен жазу мәдениеті деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік құралдарды қарым-қатынас ерекшелігіне сәйкес талғап, таңдап қолдану арқылы коммуникативтік мақсатқа жету мүмкіндігін тиімді түрде ұйымдастыру [8].

Қазақ тіл білімінде «тіл мәдениеті» ұғымын қалыптастырған профессор М.Балақаев: «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер тағы басқалар рухани өмір табыстарының жиынтығы да, сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылысты ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [9] деп көрсетеді.

Демек сөз мәдениеті дегенде, ең алдымен, әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлеміз. Сөйлеуші өзіне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға міндетті. Оның толып жатқан арналары, жолдары бар: мектеп, жоғары оқу орны, кітап, газет-журнал, радио, теледидар т.б. бәрі-бәрі жалпы мәдениетке, соның ішінде сөз мәдениетіне баулиды.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып, қалыптасады. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары тілдің грамматикалық құрылысы – көне заманнан келе жатқан заңды ерекшеліктеріне негізделеді. Сонымен қатар ауызекі сөйлеу тілінде заңдылықтардан ауытқитын, әдеби нормадан тыс жатқан құбылыстар да болады.

Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп бір ізге түсіреді. Бұл үрдіс, бірер жылда аяқталмайды, үздіксіз дамып отырады.

Көпшілік қолданысына ие болу – нормалылықтың бір белгісі болып танылғанда, мұны тек жоғарыдағыдай сөздің мағынасын ғана көріп қоймаймыз, тәжірибеден де табамыз. Мысалы кейбір сөздердің тек жағымсыз не жағымды мағынада ғана қолданылатындығы, сондықтан өзіне қатысты сөздерді таңдап тіркесетіндігі – сөз мәдениеті нормасы. Айталық, *арқасында* сөзі жағымды мағынадағы тіркес құрайды: *денсаулықтың арқасында, байлықтың арқасында, таланттың арқасында, ал аурушаңдықтың*

*арқасында, жоқтықтың арқасында, дарынсыздықтың арқасында,* деп айтылмайды, ол сөз мәдениеті нормасына да, ауызекі тілге де сыймайды. Ал *белшесінен батты, етек алды, тап болды* деген фразеологизмдер тек жағымсыз мағынаны білдіреді, сондықтан олар жағымды мағынаны сөздермен тіркеспейді. Мысалы, *қамқорлық етек алды, қуанышқа тап болды, байлыққа белшесінен батты* сияқты қолданыстар мүлде дұрыс емес. Сол сияқты көптеген етістіктер тек қана болымсыз тұлғада жұмсалады, олардың болымды тұлғасы жоқ. Мысалы, *бет қалмады* (ұялу), *бет бақтырмады* (сөйлетпеді, сөз бермеді), *бет бұрдырмады* (мүмкіндік бермеді), *бетіне жан келтірмеді* деген тіркестердің *бет қалды, бет бақтырды, бет бұрдырды, бетіне жан келтірді* деген жағымды сыңарлары бола алмайды.

Тілдік қатынас жасау немесе сұхбаттық тілдесім - өзіндік лингвopsиxологиялық ерекшеліктері бар құбылыс. Сондықтан белгілі бір халықтың тілдесу барысындағы мәдени ерекшелігі соңғы кезде көптеген ғылым саласы мамандарының қызығушылықпен зерттейтін нысанасына айналды. Сұхбаттық тілдесімнің пайда болуы – сөйлеу әрекетінің жемісі. Сөзіне қарап адамның психологиялық көңіл-күйін (толқып сөйлеу, шын сөйлеу, өтірік сөйлеу, еркелете сөйлеу т.б.), оның мақсатын (сендіре сөйлеу, үгіттеу, хабарлау), оның қатысымдық маңызын (мазмұнды сөз, мағынасыз сөз, бос сөз, ойлы сөз), айтушының тыңдаушысына көзқарасын (келемеждей сөйлеу, мақтай сөйлеу, қорқыта сөйлеу, кінәлай сөйлеу) т.б. байқап аңғаруға болады.

Сұхбаттық тілдесімде тіл өзінің мән-маңызын барынша толық көрсете алады. Сұхбат ешбір дайындықсыз, ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, кенеттен күнделікті өмір тақырыбына да, саяси, мәдени, әдеби, іскери тақырыптарға да жүре береді. Сұхбаттық тілдесімдегі сөз қатаң талап қоюға көнбейді, онда қалыпты нормативтік грамматикадан ауытқу да кездеседі. Сұхбаттық тілдесімде дауыс ырғағының да ерекше мәні бар. Қорыға келе, сұхбаттың тілдесім - өзінше тілдік қатынастың жүйеге құрылған бірлік, ол жекелеген қатысымдық, жағдаяттық айтылыстар тізбегінен тұрады.

Өзге тілді дәрісханадағы қазақ тілінің оқулықтарында әрбір сабақтың тақырыбына лайықталған дайын сұхбаттар бар. Бұлар сол тақырып көлеміндегі ғана лексиканы қамтиды. Мұндай сұхбаттарды рөлге бөліп оқуда да, мазмұнын сұхбат түрінде айтып беруде де және т.б. тапсырмаларды орындаудың кез келгені тек сол тақырып ауқымынан аспайды. Мұндай сұхбаттар оқу сұхбаттары деп аталады [10].

Әдістемелік әдебиеттерде «аутентикалық мәтіндер» деп аталып жүрген мәтіндер қазақ тіл білімінде «ауызекі тіл» деп берілген. Р.Әміров: «Ауызекі тілде айтылған сөз тыңдаушысына өтімді болып, бір пікірді мойындатуды немесе міндеттеуді мақсат етеді, я болмаса естіген хабарынан туған әсерді түрліше білдіреді, осыған орай құрамында экспрессивті, эмоциялы

лексика, синтаксистік формалар ерекше көп жұмсалады, тілдесушілер сөзі полемикалық қатынасқа құрылады», [11]- дейді.

Кез келген адамның өзге халықтың тұрмысы мен мәдениетімен танысуы барысында ең әуелі көзге түсетіні – сол елдің адамдарының бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысындағы, әсіресе *сұхбаттық тілдесім үстіндегі әдеп әлемі*. Осыған орай адамдардың мінез-құлқындағы ерекшелік тілдік қатынас жасау барысында байқалады. Сұхбаттық тілдесім үрдісіне дайындау деген – тек қана әртүрлі сөйлеу түрлерін, сөйлеу клишелерін, қажетті айтылыстарды білу ғана емес, сұхбаттық тілдесім әдебіне, сұхбаттық тілдесім мәдениетіне әзірлеу, мәдениетті сөйлеуге қажетті сөйлеу әдебі үлгілерімен таныстыру. Сөйлеу әдебі ұлттық ерекшеліктермен айқындалады. Әрбір халық өзінің сөйлеу әдебінің жүйесін қалыптастырған. Тілдік қатынас жасау ерекшелігіне байланысты сөйлеу әдебінің негізін сөйлеу формулалары құрайды. Оларды былайша жүйелеуге болады: 1)сұхбаттық тілдесімнің басында айтылатын сөйлеу формулалары; 2)сұхбаттық тілдесімнің орта тұсындағы айтушының негізгі ойы баяндалатын сөйлеу формулалары; 3)сөз соңында айтылуға тиіс сөйлеу формулалары [12]. Осыған байланысты, сұхбаттық тілдесім барысында адамның әдеп әлемі мына мәселелер арқылы көрінеді: біреудің назарын аудару үшін оған қайырылу, танысу, сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, құттықтау, тілек айту, құптау, көңілін көтеру, көңіл айту, шақыру, ұсыныс жасау, кеңес беру, өтініш жасау, келісім беру, немесе одан бас тарту. Бұлардың тіл-тілде қалыптасқан түрі, айтылу реті бар. Кез келген елді бір-бірінен ажыратып, ерекшелендіретін – сол халықтың басқалар үшін таңсық көрінетін әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, өзіндік дағды-машықтары. Ал олар сөйлеу тілінде көрініс береді. Сондай-ақ әрбір ұлттың жеке адамының сол қалыптасқан тұрақтанған сөйлеу формулаларын өзінше қолдануы да – сұхбаттасу үстінде байқалатын ерекшелік. Мұндай ерекшелік сұхбаттасумен арақатынасына (жасына, қызметіне, таныстық, туыстық қатынасына т.б.) қарай байқалуы ықтимал. Бұл арқылы сұхбаттастар бір-бірінің алған тәрбиесін, білімін, мінез-құлқын бағамдай алады.

Адамдардың қарым-қатынасы ең алдымен тіл арқылы басталады десек, сол тілдің көмегімен әртүрлі мәдениеттер арасындағы сұхбаттастықпен тамырлана өркен жаяды. Тіл – жалаң тілдесу құралы ғана емес, ол әр ұлттың дәстүрлі мәдениетімен астасып жатқан аса күрделі қарым-қатынас құралы. Өйткені тілін сүйген, оны қадірлей білген адам өзін де, өзгені де, мәдени құндылықтарын да бағалай алады. «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл» деп, ақын М.Жұмабаев айтқандай, тіл – ұлттың мәдени коды. Тіл – халықтың мәдениеті мен қуатының көрінісі. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген Елбасының жолдауы да тілдің осындай құдіретінен шығып отыр. Тілдің ғажайып мүмкіншілігі бағаланып, ол заңды түрде

мемлекетіміздің тілі ретінде бекітілді [13]. Осыған байланысты, тіліміздің қоғамдық, мәдени-ағартушылық, рухани қызметі кеңейіп, әлеуметтік қуаты артып отырғаны аян. Бұл үрдіс тіліміздің қоғам өмірінің сан алуан саласына қызмет етуіне, соған орай оның ойды беру мүмкіндіктерінің ұштаса, саралана түсуіне жағдай жасайтыны белгілі. Яғни қазақ тілінің руханиятымыздың өзегі болуы да, мемлекеттік тіл мәртебесін, әлеуметтік жауапкершілігін сақтай алуы да оны өз деңгейінде бар болмысымен қиюын тауып қалап, қисынын келтіре қолданумен байланысты. Себебі қазіргі кезде халықаралық қатынастардың күшейіп, соған байланысты халықтар арасындағы өзара түсіністік мәселесінің алдыңғы қатарға шығуы және Елбасының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Жолдауына сәйкес бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу талабы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда тіл мен мәдениет мәселесінің ара қатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасында сұхбаттық тілдесім мәдениетінің өзара түсіністік, ынтымақтастық жағдайында өрбіп, қалыптасуына айрықша маңыз беруді қажет етеді. Сонымен бірге бұл талап оқыту үрдісінде ұлтаралық және мәдениетаралық қатысымды негізге ала отырып, әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді сыйлап, құрметтеуге бағытталады. Себебі ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшелікті есепке алу – тілді өзге тіл ретінде оқытудың нәтижесі болуындағы басты шарттардың бірі ретіндегі әлеуметтік лингвистика мен лингводидактиканың басты салаларының қатарына жатады. Сондай-ақ, әрбір адам басқа мәдениет өкілімен тілдесу үстінде өзінің туған елінің мәдениеті атынан сөйлейді. Ол тілдік қатынас құралы ретінде өзінің ана тілін пайдаланады. Тілдесу үстінде адам өз халқының мәдениетін, ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы, әртүрлі тілдік құралдар мен ұлттық таным арқылы білдіреді. Сұхбаттасушылар осылайша тілден алған білімдерін де, өздерін де жеке тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік алады.

Ойымызды жинақтай келгенде, тіл мәдениетінің басты мақсаты тек тілдік нормалардың (ауызша және жазбаша) сақталынуы ғана емес, оны іс жүзіне асырудағы жеке тұлғаның сөз қолданым мәдениетіне де көңіл аударуды қажет етеді. «Бүгінгі таңда ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны әсіресе кеңсе-ісқағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі одан кем түспейтін – тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп жұмсау үшін күрес болуға тиіс», – дейді академик Р. Сыздық [14].

Сонымен, тілдік тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті

тілдік тұлғаның тіл қолданудағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы тілдік тұлға көрсеткіші болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Омарова, А., Сатыбалдина, Х.** Қазақша сөйлеу этикеті / – Астана, 2006. – 3 б.
- 2 **Манкеева, Ж.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / – Алматы, 2008. – 356 б.
- 3 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері / – Алматы, 2007. – 50 б.
- 4 **Хасанұлы Махамбеттің** тілдік тұлғасы: әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық сыр-сипаты / Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 230 б.
- 5 **Қордабаев, Т.** Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары/ Алматы. Мектеп, 1987. – 118-119 бб.
- 6 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынастың теориялық негізі / – Алматы, 2009. – 229-230 бб.
- 7 **Байтұрсынұлы, А.** Бес томдық шығармалар жинағы/ – 3-т. Тіл - құралы. – Алматы : «Алаш», 2005. – 29 б.
- 8 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы / – Алматы : «Ана тілі», 1999. – 448 б.
- 9 **Балақаев, М. Б.** Қазақ әдеби тілі / – Алматы : «Дайк-Пресс», 2007. – 78б.
- 10 **Воронина, Г. И.** Методика обучения чтению аутентичных текстов молодежных средств массовой информации учащихся завершающей ступени общего среднего образования с углубленным изучением иностранного языка/ Москва, 1994. – 15 б.
- 11 **Әміров, Р. С.** Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері/ – Алматы : Мектеп, 1977. – 6 б.
- 12 **Әлметова, Ә. С.** Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері / – Алматы, 2007. – 22 б.
- 13 **Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы** / – Алматы, 1997. – 34 б.
- 14 **Сыздық, Р.** Ғылыми таным үзіктері / – Алматы, 2009. – 518 б.

Қарағанды медициналық университеті, Қарағанды қ.  
Материал 29.04.14 редакцияға түсті.

*А. К. Алтысбаева, А. С. Ержанова, Г. К. Масабаяева*

**Культура речи – как основное средство общественных отношений**  
Карагандинский медицинский университет, г. Караганда.  
Материал поступил в редакцию 29.04.14.

*А. К. Alpysbaeva, A. S. Erzhanova, G. K. Masabaeva*

## **The culture of speech as the principal means of public relations**

Karaganda Medical University, Karaganda.

Material received on 29.04.14.

*В статье дана общая характеристика таким понятиям как богатство словарного запаса, культура речи, которая также является составляющей человеческих действий, о месте языка в общественной среде, о несовершенстве культуры речи без освоения языкознания. Авторы сделали свои выводы, взяв за основу и ссылаясь на труды ученых, исследовавших проблемы культуры языка, культуры речи и хорошего тона.*

*The article provides a general description of such concepts as fluency of speech and vocabulary, which is a constituent part of human action, and also it covers the role of language in the social environment and imperfections of speech culture without mastering linguistics. The authors have made their conclusions based on and referring to the works of scientists who have studied the problem of language culture, the culture of speech and good courtesy.*

ӘОЖ 801.81 (5Қ)

**Н. Ф. Аниева**

## **АҚЫН БАЯНҒАЛИ ӘЛІМЖАНОВТЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ТАПҚЫРЛЫҒЫ**

*Бұл мақалада танымал халық ақыны Б. Әлімжановтың шығармашылық және мәдени мұрасы қарастырылады. Ақын шығармашылығының поэтикалық күші мен өзіндік мақамына аса көңіл бөлінеді.*

Фольклордың іргелі жанрларының бірі, ұлттық құндылықтың ерекше түрі – айтыс өнері. Айтыс – заманалар сүрлеуінен шыңдала өтіп, жаңа ғасыр табалдырығын тосырқамай аттаған нағыз өміршең жанр. Сонау жыраулар заманынан бермен қарай желісі үзілмей жалғасын тапқан ақындық дәстүрді Шөже, Кемпірбай, Түбек, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет сынды айтыс өнерінің майталмандары дамытса, кеңес дәуірінде халық ақындары тарихынан айтыс өнеріне деген талап пен талпыныс, ықылас-ыждахат

ерекше болды. Ал үшінші мыңжылдықтың аясында осынау асыл мұрамыз Аманжол, Айнұр, Ринат, Бекарыс, Мэлс, Қарлығаш тағы басқа бірқатар белгілі айтыскерлеріміздің ат салысуымен қайта түлей жаңарып, жаңа бір белеске көтерілді. Ақындар айтысы – күні бүгінге дейін әлем ғалымдарын таңқалдырып, өзінің сиқырлы да қасиетті дүниесімен тәнті етіп келе жатқан киелі өнер. Қазақ халқының рухани дүниесінің түп қазығы, өзекті арнасы-импровизаторлық ұлы сөз өнерінің ерекше қасиеттілігінде екені ежелден-ақ белгілі.

Осынау ұлтымыздың сүйегіне сіңген қастерлі өнерге, іргелі жанрға М. Әуезов: “Ақындар айтысы – өлеңмен айтыс. Анығында өлең жарысы, өнер жарысы ретінде қолданылады. Ақындар айтысы көпшілік алдында туып, орындалады. Әнменен не әр ақынның арнаулы сарынымен қобызға, домбыраға, гармоньға қосылып айтады. Ақындардың осылайша кезектесіп, жауаптасатын өлеңдері екі жақты айтыс болады” [1;318], – деген анықтама берсе,

С. Мұқанов: “Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді” [2;5], – деген тұжырымдама жасайды.

Б. Әлімжановтың ақындық өнерінің, суырыпсалмалық қасиетінің нақты көрінісі, шығармашылық жолындағы ауқымды арналарының бірі – айтыстарынан аңғарылады.

Б. Әлімжановтың ақындық шеберлігі мен тапқырлығы арқасында кейбіреулерінде ойы бытыраңқы, берекесіз, нәрсіз шұбартпаға бармайды, өнерінің жинақылығы қомақты сыртқы түріне сай, ал ішінде ой мен пікір үйлестігіне дәл түсіп жатуын қалайды. Өз қарсыласын бірден шығармашылық ізденіске, нағыз сайысқа жетелей жөнеледі. Қарсыласының міншілдігін орайлы оймен шөгеріп тастайды. Б. Әлімжановтың импровизаторлық өнерінің еркін дем, кең тынысты сілтесін оның айтыстарының қайсысынан болсын аңғарып, сезінуге болады. Ақын дәлелдерді, үлкен ойларды, адам мінездемесін әрі шапшаң, әрі көркем өлеңмен айтып береді.

Суырыпсалмалық өнерді жан-жақты тексерген М. Жармұхамедұлы: “Айтыс ақындары өз дәуірінің перзенті. Сондықтан өз заманының тұсында жасаған ақындар әрдайым өзінің шыққан руы мен ел-жұртының талап-мүддесінен табылып отыруы да заңды. Бұл айтыс ақындарының бәріне тән қасиет, онсыз айтыс біздегідей кең көлемдегі шырқау шыңына көтеріле алмаған болар еді” [3;18], – десе, М.Дүйсенев: “Қазіргі айтыс дәстүрінде әр ақын өз ауданы мен облысындағы жетістік табыстарын айтып, қарсыластары облысындағы кейбір өзі байқаған кем-кетіктерді сыпайы түрде іліп кетіп жатады. Сайып келгенде айтыс тақырыбының кеңересі кең, ол заман, қоғам, адам туралы, бүгінгі күннің шындығы болып отыр. Жеке бастың ғана емес,

қоғамдық мәні бар жайлар ақындар назарынан әсте шыққан емес”[4;51], – дейді. Б. Әлімжановтың кез-келген айтысында өмір шындығы тартыс арқауы болып отырады. Бетпе-бет келіп сөз бәсекесіне түскен екі ақынның өмірлік шындықты өз пайдасына жаратып айта білуі де әр қилы. Осы жәйт айтыс ақынының әу бастан ұстанған бет-бағдарына байланысты. Айтыста мақтау мен даттау үнемі астасып, алмасып отыратын болғандықтан, бұл оның сыншылдық сипатын әркез ұштап, шыңдап келген сияқты. Қарсылас ақын ең алдымен өз елінің мақтан тұтар жақсы-жайсандары мен мен салтанат-байлығын бетке ұстайды, соны сөзіне тірек-бел тұтады. Әріптесі мақтаған адамдардың мін-кемшіліктерін әдейі бадырайта, зорайта сөйлейді. Осындай тәсіл екінші ақынға да тән. Сөйтіп, бір ақын аспанға көтере дәріптеген жәйтті екінші ақын жоққа шығарып, жермен жексен етеді, енді бір сәт бірінші ақын сынаған істі екінші ақын шаң жуытпай аршып ашып мадақтай жөнеледі. Сонда екі жақтың сарабына түскен іс пен әр алуан адамдар өзінің өмірдегі шындыққа жуық әділ бағасын алатын тәрізді.

Айтыс – үлкен өнер, халықтың рухани азығы, сонымен бірге идеологиялық тәрбиенің өткір құралы. Әдетте шындық айтыста туады дейміз, жетістігіміз қандай, кем-кетігіміз не, солардың бәрі айтыс өнерінің назарынан тыс қалмайды. Алқа топта ақын аузымен айтылған ащы шындықтардың салмағы да оңай болмаса керек”[4,54], – дейді ғалым М. Дүйсенев. Б. Әлімжанов айтыстарында ел-жұрт, ағайын-туған, жекжат-жұрағат амандығы, ағайын арасының татулығы, ел-жер шоқтығы сыналай сөз болып жатса, енді бірде өмір, тұрмыс, тәлім-тәрбие, адамгершілік, мораль мәселелері қоса-қабат әңгіме аясына айналды. Осыдан келіп ақын айтыстарының да әлеуметтік мәні маңызды көрініс табады. Себебі бұл Б. Әлімжановтың ақындық, суырып салушылық дарынына, өнерпаздығына, өнертанымдына, ішкі рухани қуат-күшіне, аңғарымпаздығына, байқағыштығына тікелей байланысты.

Айтыс ақыны Б.Әлімжановтың шығармашылығы да ұлт тарихының бір белесі. Оған бүгінгі республика жұртшылығының үлкен ілтипаты мен өнер адамдарының, әдебиетші қауімінің зор қошеметі куә. Ақсақал ақынның ізбасарлары, шәкірттері айтыс тізгінін қолына алып, Көкшетаудың намысын жоғары ұстап, Көкшенің айтыскерлік дәстүрін одан әрі жалғастыруда. Осы орайда талай алға шығып, нағыз шын импровизаторлық дарынын көрсетіп жүрген Б. Әлімжанов, Қ. Мырзабеков сынды айтыскер ақындар. Б. Әлімжановтың қабілеттері мен қасиеттерін одан әрі дамытып, жетілдіріп жүрген республикадағы айтыскерлердің арасында ерекше дарын иесі манасшы ретінде өнерге жаңашылдық әкелген Б. Әлімжановтың айтыс дәстүріне манасшылық мақамды енгізуі соны жаңалық екені даусыз [5;9].

Жалпы соңғы кездегі айтыстың күрт дамып, күрделенуі айтыс сахнасына көктемнің қызғалдақтай көрінген жас өркеннің, дарынды буынның мол шоғырының шығуына байланысты.

Ән-жыры дарыған Көкшетаудың құнарлы топырағында туып, өзінің жүрек жарды өлең-жырларымен өнер бәйтерегі болып биік мәуелеп, іні-құрбылас шәкірттерімен тамырын тереңге бойлатқан ақын К.Шәкеев халқымыздың айтыскер ақындықтың ұлы көшін Баянғали, Құдайберлі, Арман сынды бүгінгі шырқау биікке көтерілген жырдың жүйрік құлагерлеріне тапсырды. Жырдың көшін үзбей, арқыраған ақсудай ағынды, арынды күйінде аманат етті.

Айтысқа екінің бірі жүрегі даулап түсе қоймаған. Тек өзінің ақындық мүмкіндігіне сенгендер ғана болмаса. Айтыс қазақтың қанына сіңіп, өміріне айналып кеткен қасиетті де киелі өнер. Осы өнердің табиғаты жайында көптеген ғалымдар, әдебиет зерттеушілері түрлі түйіндеулер жасап, тұщымды тұжырымдар қалыптастырғаны анық. Әсіресе, М. Әуезов пікірі айтыстың табиғатын дәл танытатындай “Өнер жарысы, сөз барымтасы” [1;114], – деуі, айтыстың шығармашылық шеберлік сайысы, өлең бәсекесі екенін қапысыз ұғындырады

Ұзақ жылдар бойы, әсіресе кеңес заманында өзінің табиғи заңдылықтарынан әбден айрылып, біраз бәсең тартып, көмескілене бастаған айтыс тәуелсіздік алған уақыттан бері жаңғырып, жандана бастады. Киелі айтыс халқымен қайта қауышты.

Осы өнердің қарыштап дамып, қайта түлеуіне ақындық мүмкіндігімен зор үлес қосқандардың бірі – Баянғали Әлімжанов. Сонау сексенінші жылдардың орта тұсында өнер бәсекесіне бел шешіп кіріскен Баянғали Әлімжанов содан бері қырықтан астам ақынмен сөз қағыстырған. Қ. Әбілев, А. Әлтаев, Ә. Беркенова, Ш. Айдаров, Ә. Қалыбекова, А. Бұлақов, Ә. Манапов, Е. Асқаров, С. Құсанбаев, А. Кәкенов, О. Досбосынов т.б. айтыстың ақтангерлерімен айтыстары Баянғалидің шығармашылық шабытының, суырыпсалмалық қабілет-қарымының куәгеріндей.

Айтысты қалайда қарсыластарды жеңу, халыққа көріну деп түсінген жоқпын. Халқымыздың асыл өнері өлмесе екен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасса, тілімізді, ділімізді, ұлттық қалпымызды сақтап қала алсақ екен деп қиналған кез болды.

Айтыс, жыр, терме ұлттығымызды сақтаудың бірден-бір жолы еді. Сондай сәтте халқымыздың ұлттық өнерді қорғауға, сақтауға араласқаным өзімді бақытты санаймын. Сонда бір айтқаны бар.

Менімен айтысып, нағыз ақын  
Жүлде алсын деп келгенмін,  
Тоған болған ойларды бұздырғалы келгенмін,  
Суып қалған қандарды қыздырғалы келгенмін,  
Кеудемдегі жалын сөнбесін деп келгенмін,  
Қазағымның айтысы өлмесін деп келгенмін  
Әлі де осы ой, осы мақсатпен қызмет етіп жатырмын [6;11].

1991 жылы Қанжығалы Бөгенбай батырдың 300 жылдығына арналған республикалық айтыстағы Торғайдың тарлан ақыны Қонысбай Әбіловпен айтысы Баянғалидің айтыстары ішінде ең бір көркемі десек болар. Алдымен сөз алған Қонысбай ойын былайша былай сабақтайды.

Қонысбай:

Шабыттанып мұндайда түлеймін ғой,  
Жыр дегенде ерекше гүлдеймін ғой,  
Дәл бүгінгі айтысқа атқа мініп,  
Табысты қайтуыңды тілеймін ғой.  
Жылы қабақ ашқызып райыңды .  
Домбырамның құлағын бұрайыңды,  
Талай – талай өзіңе мақтау айттым,  
Кіргізерсің сен дағы шырайымды [6;50].

Қарсылас ақыны Қонысбайдың уәжіне Баянғали ақын да қарап қалсын ба, реті келгенде өз ойын тұщымды етіп жеткізуге тырысады.

Баянғали:

Отыр ғой Қоныс еркін келемін деп,  
Менде отырмын құрметтесе көнемін деп,  
Ықылас білдіреді Қоныс маған.  
Ақбозды өз қолынан беремін деп.  
Жыным бар топ алдында қозатұғын.  
Жүйріктің бірісің сен озатұғын.  
Ақбозды өз қолыңмен берем десен,  
Қонысбай не бар енді, созатұғын [6;50].

Ақын бұл тұста, кәнігі ақындарша ойын кесек тастайды. Қарсыласынан ақындық мүмкіндігі кем түспесін байқаған ақын еркін көсілді. Ал егер бас жүлдені берем десен, онда сөзбұйдаға салып қайтеміз дегені де Баянғалидің өнер талабына сай ұтымды шыққан. Қонысбай да оңай шағылар жаңғақ емес. Талай топта ысылған ақын. Ол да жеңісті қолдан бере салған жоқ. Сол себепті, Қонысбай ақын Баянғалиға қақпан құрып, тығырыққа тіреуді жөн көреді.

Қонысбай:

Риза болып қалсыншы өздеріңе,  
Халық берер бағаны сөздеріңе,  
Әкенің тағын тартып алар ұлдай,  
Қан толып кетіпті ғой көздеріңе.  
Өнермен ел алдында айқастадың,  
Сөзіме мағыналы ой тастадың,  
Құрдас еді кқтермелеп отырғандай,  
Бәйгенді бер дегенің қай сасқаның [6;52].

Бұл жыр жолдарында Қонысбай қарсыласы Баянғалидің намысына тие сөйлеп, көпшіліктің алдында мүдіртіп алғысы келетінін де жасырмайды.



Баянғали да жөн-жосықты білетін ақын. Дегбірі қашып, саспайды. Өзін әркез еркін ұстайды. Қонысбайдың әр сөзіне ұтымды жауап қайырады.

Баянғали:

Бұл жерде керегі не дау, егестің,  
Байқаймын сен Қонысбай бала емессің,  
Қан толып мен көзіме шығатындай,  
Сен маған сырттан келген жау емессің.  
Несіне саған сонша өңештейін,  
Беу құрдас, мен сенімен егеспеймін,  
Ақбозы Бөгенбайдың Абашыңа,  
Беретін меншік малың емес деймін.  
Сондықтан әрбір сөзді саралайық,  
Демеймін басқа жанды жаралайық,  
Жиылған алты алаштың бар баласын,  
Несіне біз екеуміз алалайық,  
Бәйге үшін беу Қонысбай, осы тойдан,  
Көрместей бет жыртысып тарамайық [6;53].

Баянғали ақын бұл арада аталы сөз айтады. Сабырға шақырып, тоқтам сөзін айтады. Өнер бәсекесі, өлең тартысы шынайы, адал жарыста анықталса, әрине, әбден дұрыс болған болар еді. Әрине, өнер жолы әрқашан ауыр болған. “Өнерліге өріс кең” дегенді айтқанда өзге емес, біздің қазақ талантың тозып, талабың таусылып жатса, өз обалың өзіңе. Туа бітті табиғи талантың ешқашан да тосырқап, тосылмайды.

Елдігіміздің, ерлігіміздің, киелі қасиеттеріміздің жыршысы, табиғатымыздың дара туған жарық жұлдызы, сәулетті, бейнетті күндеріміздің шынайы шежіресіші, көсем сөздің көкжалы, ін мен сөздің еркесі, теңіздей буырқанған бал-көмей сал-серілер, әнші-ақындар, ақпа-төкпе жыраулар ғой. Біржан сал туған топырақтан қанат қаққан, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ сынды дүлдүлдердің өнерпаздық өнегесін өрге өрлеткен, өркендеткен Баянғали әлемі өзгеше кесек бітімді кемел сұлу, әсем әрі-қыры бірдей бірегей тұлға.

Баянғали қазіргі айтыс өнерінің арыстары мен жауына арыстанша атылған даңқты батырларының, жыршы-жыраулары мен ақындарының өмір тарихы мен өнернамасына арналған айтыстарға қатысып келеді. Көптеген айтыстарға қатысып, өзінің ақындық абырой-беделіне кір келтірмей келеді.

Біз жерді қалай ғана сатпақшымыз,

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан [6;59], – деген үзіндіде азаматтық позициясы анық сезіледі.

Әр айтыс сайын шынығып, ширай түскен Баянғали қашанда өзін өзгелерден кем санамайды. Еркін ұстап, көсіле сөйлеп, шешіле толғайды. Сөзден ұтылмасын білген ақын ғана асқақ сөйлейді. Қазақ айтысының

дамуына үлес қосқан Баянғалидың шығармашылық әлеуеті шынында керемет еді. Қазіргі айтыстың жас перісі аталған Айбек Қалиевпен айтысында ел, жер мәселесін көтере сөйлейтін. Ел мен жер тағдыры егіз ұғым. Ел мен жер қашанда бірлікте жырланған. Бірін бірінен бөліп қарауға болмайды. Мұны түсінген Баянғали айтыстары осы төңіректе.

Қорыта келе айтарымыз Баянғали Әлімжанов айтыстары өзінің табиғи қалпымен, болмыс - бітімімен ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап келген дәстүрлі өміршен өмірдің заңды жалғасы болып табылады. Әрине қоғам құбылыстарына замана алмасуларына орай айтыстың түр, мазмұны жағынан елеулі өзгерістерге ұшырағаны анық. Алайда өзінің қоғамдық әлеуметтік сипатынан идеялық-эстетикалық мәнінен мүлдем қол үзген жоқ. Айтыс әлі күнге халыққа шығармашылық қызмет атқарып, оның рухани талап-тілектеріне толығымен жауап беріп келеді. Осы қасиеттер айтыстың өміршен, өз құнын жоймас мәңгі жасайтын өнер екенін дәлелдеп қана қоймай оның болашаққа халқымызбен бірге жасап, оған мәңгі қызмет ете беретініне ешкім күмән келтірмейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Санат, 2002. – 351 б.
- 2 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 3 **Мұқанов, С.** Айтыстар туралы // Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Айтыс. – Алматы : Жазушы, 1988. 1т. – 288 б.
- 4 **Жармұхамедов, М.** Айтыс. – Алматы : Білім, 1990. – 51 б.
- 5 **Дүйсенов, М., Сейдаханов, М., Негимов, С.** Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы : Ғылым, 1982. – 192 б.
- 6 **Әлімжанов, Б.** Алаш пен Манас. – Новосибирск : 2004. – 398 б.

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы  
Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.  
Материал 23.05.14 редакцияға түсті.

*Н. Г. Аниева*

**Находчивость акына Баянғали Алимжанова в айтысах**

Кокшетауский государственный университет  
имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.  
Материал поступил в редакцию 23.05.14.

*N. G. Anieva*

**Resourcefulness of Bayangali Alimzhanov in aytys**

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau.  
Material received on 23.05.14.

*В статье рассматривается творческое и духовное наследие известного народного акына Б. Алимжанова. Особое внимание уделяет на поэтическую силу и своеобразную манеру в творчестве акына.*

*Creative and unwordly heritage of the famous folk akyn B. Alimshanov is observed. Special attention is paid to the poetic power and original style in the akyn's work.*

ӘОЖ 801.81

**М. І. Әбдуов, С. А. Сабитова**

## **ЭПОС ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Қазақ фольклорының ең бай үлгілерінің бірі – діни дастандар. Еліміз Тәуелсіздік алған соң осы бағыттағы шығармаларды жан-жақты оқыту және терең меңгеруге мүмкіншілік туды сондықтан да кейінгі жиырма жылдың ішінде осы зерттеу төңірегінде жаңа ғылыми пікірлер қалыптасты. Осыдан кейін діни дастандарды жеке оқыту талап етілді. Бұл мақалада қазақ фольклорында діни дастандардың әдебиеттегі орышымен зерттелуіне байланысты бірқатар мәселелері қарастырылады.*

Ақындық өнердің тарихына назар аударсақ айрықша аңғарылатын бір ерекшелік – суырыпсалмалық дәстүр. Нақтырақ айтқанда көне дәуірден бастап ХІХ ғасырдың соңына дейінгі туындылардың дені осы дәстүрдің негізінде шығарылған. Сондай мұралардың бір парасын халық ақындарының шығармалары құрайды. Оларға тән ортақ сипаттардың бірі үндес, ұқсас өлең жолдарының көпшілік тұстарда қолданыла беруі. Мәселен, халық ақындарында (Шөже, Шашубайда, Қақпанда):

Ошақтың үш бұтына бермеген соң,  
Жел сөздік кетеді, желден алған,

– деген жолдардың кездесетіндігін атап айтуға болады. Осы жерде сұрақ туындайды. Неге ошақтың төртеу немесе бесеу емес үш тұғыры болған? Үй ішіне жылулық тарататын, адамның өміріндегі аса маңызды қажеттілік – асты дайындайтын, жалпы шаңырақтың шаңырақ екендігін көрсететін

осы ошақтағы қазақ халқы ерекше құрмет тұтқан. Ошақты өшірмеу – шаңырақты сақтау деген ұғымды білдірген. «От басы, ошақ қасы», «отағасы» деген түсініктер осы ошақтағы оттың негізінде шыққан. Әрине, кейбір пайымдауларда қазақтың ата-тегі көне замандарда отқа табынған, соның салдарынан осы жағдай қалыптасқан деген пікірлер де кезігеді. Оны да жоққа шығаруға болмас. Дегенмен, далада өрт болса, оны әдейілеп сөндірген, ал ошақтың отын қалдырған. Осы негізден келіп туындайтын пікір шаңырақтың ошағы тәрізді, ұлттың да үш тағанды өзегі бар. Олар: тіл, дін, дәстүр.

Кеңес дәуірі кезінде осының үшеуіне де дамытуға, жандандыруға, зерттеуге белгілі бір деңгейде тиым салған еді. Қаншама қиындықтарды өткізіп барып, қол жеткізген Тәуелсіздіктің арқасында, құрсауға түскен құндылықтарымыздың тиегін ағытып, жиырма жылдың ішінде, екі ғасырлық еңбекті атқарып, шырқау биікке көтерілдік. Атап айтқанда, талай тамаша тарихи ескерткішіміз қалпына келтіріліп, халыққа танылды, қаншама мешіттер салынып, дініміз үстем болды, рухани дүниелеріміздің бірі де бірегейі – ақындар айтысы асқақтады, затын былай қойғанда аты да ұмыт болуға айналған Наурыз мейрамы қайтып оралды, бір замандарда өз жерімізде қазақша сөйлеуге жасқанатын біз, бүгінде шет елдерде төл тілімізде баяндамалар жасап, дәрістер оқитын деңгейге жеттік. Әрине, айта берсек толып жатыр.

Еліміз егемендік алып, еркіндікке қол жеткеннен кейін, кезінде рұқсат етілмеген дүниелерді жарыққа шығару үшін жұмыла кірістік. Өйткені, көптің аңсағаны, іздегені, сағынғаны осы еді. Солардың бір саласы – діни қағидалар, заңдылықтар, шығармалар іскер азаматтардың қажымай-талмай еңбектенуі арқасында жариялана бастады. Осындай игі бастамаға алғашқы кірісушілердің бірі – қазақ баспасөзі болды. «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Парасат», «Жас Алаш» тағы да басқа газет-журналдар облыстық, аудандық көлемдегі басылымдарға ұйытқы болып, үлгі көрсетті.

Жарияланған мұраларды былайша жүйелеуге болады:

- Қасиетті Құран сүрелері;
- Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистері;
- Діни дастандар;
- Діни толғау – жырлар;
- Діни ой-пікірлер.

Қазақ баспасөзі қазірде халықтың талабына, сұранысына айрықша көңіл бөлуде. Соның көрінісінің бірі – жаңа басылымдардың өмірге келуі. Бұған мысал ретінде «Иман», «Имандық әлемі», «Шапағат нұр», «Ислам әлемі» газет-журналдарын атап айтуға болады. Аталған ақпарат құралдары негізінен ислам дініне қатысты материалдарды жариялап, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне көбірек көңіл бөлуде. Бірінші мәрте «Құранның» қазақ тілінде басылып шығуы, Ы.Алтынсаринның «Мұсылманшылық

тұтқасының», Шәкәрімнің «Үш анығының», «Мұқтасардың», «Иманның шарттарының», Халифа Алтайдың «Ғибадатул Исламының», дұғалық кітаптардың дүркін-дүркін жариялануы көңілге ризашылық ұялатады. Діни мұраларды зерттеу, оларға талдау жасау әлемдік фольклортану саласында айрықша орын алған. Олай болса, ислам әлемін танытатын төл тіліміздегі туындыларға пікір айту, ой қорытып, тұжырым жасау қазіргі кездегі келелі мәселелердің бірі болмақ.

«Газет – өмір айнасы» деп санаған кеңестік кезеңде діни шығармалардың жариялануына неге тиым салынды? Біздің ойымызша мұның бір ұшы төмендегі мәселелерде жатқан сияқты. Сол қоғамды басқарған коммунистік партияның негізгі ұраны: «Адам адамға-дос, бауыр, жолдас», «Адам адаммен тең праволы» болды. Сонымен қатар осы жолды ұсынушы да, өмірге әкелуші де, жүзеге асырушы да коммунистік партия деп жар салды. Яғни, оған дейін жалпы азаматты теңсіздік жайлап келген деген түсінік берді. Бірақ, сол теңдікті, достықты діннің қағидаларынан алып отырғандығын жасырды. Сол сырдың астары ашылып қалмасын деген мақсатпен діни ұраларды аластауға бар күш-жігерін жұмылдырған еді. Яғни, өсіп келе жатқан жас ұрпақ, исламның өзегі мен өмірін танып-білуден құралақан қалды.

Қазіргі қазақ баспасөзінде жарияланып жүрген діни мұралардың ішінде айрықша назарға түсетіні аңыздар мен дастандар. Тіпті, діни аңыздардың «Құран хикаялары» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққандығын да атап айтуға болады. Мұндай діни еңбектердің жалпы адамзатты адамгершілікке, оқу білім алуға, еңбек етуге тәрбиелеудегі маңызы өте зор болмақ. Халифа Алтай былай дейді: «Біздің дініміздің аты – Ислам діні. Сол үшін де ислам діні оқудың, білімнің, тазалықтың, сондай-ақ, бейбітшілік пен тәртіптің діні. Онда өмір сүрудің ең жақсы жолдары мен қағидалары көрсетілген. Ислам діні адамдары жағымды, көркем мінезділікке, абзал әдептілікке тәрбиелейді» [1; 4]. Діни мұраларды көпшілікке ұсыну барысында облыстық, аудандық газеттер де ат салысты. Мәселен, «Орталық Қазақстан» газеті 1990 жылдардың басында-ақ, осы мәселені қолға алып, бүгінге дейін жалғастырып келеді. Шәді ақынның «Сияр Шариф», Рабғуидың «Қисса-ул-әнбиә», халықтық мұра «Жүсіп-Зылиха» шығармалары оқырмандармен сағынысып қауышты.

Сонымен қатар, жекелген жинақтардың да кітап болып шығуы жолға қойылды. Нәтижесінде, Рабғуидың «Қисса-ул-әнбиәсы», Ахмет Йассауидің «Хикметі» кітап болып шықты.

Қай халықтың болмасын рухани мұрасының алтын дінгеі ауыз әдебиеті болып табылады. Бірақ, осындай сарқылмас қазынаның зерттелу деңгейі әр елде, әр түрлі. Әрине, оның да көптеген себептері бар. Соның бірі қоғамдық ортаның ықпалы. біздің фольклорлық мұралар да түрлі кезеңді басынан өткерді. Ел байлығы ескірмейді, тозбайды, қайта уақыт озған сайын

құндылығы мен қажеттілігінің арта түсері хақ. Халық айтады: «Бір күн ашыққаннан кырық күн ақыл сұрама» деп. Бізше бұл азықтан ашығу емес, рухани ашығу тәрізді. Өйткені, ұлттық болмыс, дүниетаным, салт, дәстүр, тағысын-тағылар – барлығы фольклордың бойында болатындығы ақиқат. Ал, онан сусындап нәр алмаған адамның ішкі жан дүниесі құнары жоқ құлазыған шөл дала тәрізді болса керек. Сондықтан, бүгінгі жарыққа шыға бастаған «Бабалар сөзі» атты көптомдық жинақты болашақ ұрпаққа ұсынылған рухани байлықты жинау, жариялау айтуға жеңіл болғанымен қыруар еңбекті қажет етеді. Өйткені, оның кез келген адам байқай бермейтін сыр мен сипаты бар. Біріншіден, мұндай іспен шұғылданған адам ұлттық құндылықтарды бойына толық сіңірген, жаратылысынан фольклорға бейім, сан-саналы ғылымдарды електен өткізіп ойына орнықтырған данагөй ғалым болуы керек. Екіншіден, халықтың сарқылмас қазынасын асыл мұра ретінде ғана қабылдап қоймай, ондағы әрбір оқиға иірімін жан-дүниесімен түсінетін, тереңіне бойлап, астарын аңғаратын жанашыр жан болғаны жөн. Үшіншіден, көреген көз, ұшқыр ой, мол тәжірибе қажет. Міне, жинақты құрастырушылар осындай өте жоғары деңгейдегі ғалымдар екендігін атап айтуды өзімізге парыз деп білдік. Жауапты редакторы – көрнекті ғалым Б.Әзібаева. Ғалымның «Шеризат-Гүлшат», «Казахский дастанный эпос» және тағы басқа да әрі күрделі, әрі құнды еңбектерімен барша халыққа танымал екендігін білеміз. Тағы да бір айта кететін мәселе, асыл мұраны жинақтап, жариялатуда арнайы басшылық жасаған белгілі ғалым С. Қасқабасов екендігі.

Ауыздан ауызға көшіп келе жатқан ел байлығы заманның да заңның да құрсауын бұзып-жарып, әдебиетсүйгіш, ұлтжанды қайраткерлердің арқасында жеке шығарма түрінде болсын, жинақтық тұрғыда болсын талай мәрте жарық көрген екен. Оқырман қауыммен қауышқан солардың барлығы кезінде өз деңгейлеріне сәйкес көптің көңілін көтеріп, әдеби ортаны өркендетуге үлесін қосқан еді. Әрине, оны жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жүйеленген, тұтастандырылған, ертеңгі ұрпаққа ұялмай ұсынатын еңселі дүние жариялана қоймаған болатын. Міне, бүгіннен басталған «Бабалар сөзі» көптен бері көкейде жүрген осы мәселенің түйінін шешкен туынды болатын.

«Бабалар сөзі», ең алдымен жалпы қазақ фольклортану ғылымының тарихындағы елеулі еңбек. Неге? Біріншіден, алғашқы томның алғы сөзінде мынадай нақты мәлімет берген: ««Бабалар сөзі» атты бұл томдық серия қазақ халқының аса бай әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгелге жуық қамтыды. Осыншама мол материал әрқайсысының көлемі – 25 баспа табақ мөлшерінен тұратын 100 шамалы томға енеді». Ауыз әдебиетінің мұралары толық жинақталған, осыншама томнан тұратын мұндай еңбек бұрын-соңды қазақ тарихында болған емес. Екіншіден, оған дейінгі жарияланған шығармалардың көпшілігінің мәтіндері өңдеуден өткен

еді. Әсіресе, кеңес өткізіліп, қажет деп тапса алынып тасталды. Мұндай өзгерістер мазмұнға нұқсан келтіретін, мәтіннің маңызын ақсатып, көркемдік көрінісін солғындататын. Біз айтып отырған еңбек осындай олқылықтардан ада-күде аласталған, яғни мәтін де, мазмұн да өзінің қолжазбадағы қалпын сақтаған. Үшіншіден, бірнеше нұсқалары бар шығармалар толығымен жарияланып отырмақшы. Бұл әрі жаңашыл сипат болса, әрі зерттеуші фольклористерге де үлкен көмек көрсететіндігі сөзсіз. Міне, еңбектің бір қыры осындай.

Қазақ баспасөзінде діни дастандарды жариялау барысында алдыңғы қатардан орын алатын журнал «Ислам әлемі». Бұл орайда жалықпай еңбек етіп, құды дүниені жинақтап бастырушы Масқұт Шафиғидың есімін де айта кеткеніміз жөн. Аталмыш журналдағы «Дариға қыз», «Мәлике қыз», «Ұры мен қызы», «Әбу Шахма», тағы басқа көптеген қиссалар осы журналдың арқасында халыққа ұсынылды.

Діни дастандар жарияланып, басылғанымен оларды зерртеу мәселесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жүзеге аса қойған жоқ. Жинаушылардың дерекнамалық пікірлері болмаса, ғылыми тұрғыда талдаулар жасалған жоқ. Бұл орынды да. Өйткені, қандай шығарма болмасын көпшілікке ұсынылғаннан кейін, оған байланысты құнды тұжырымдар жасау үшін белгілі бір уақыт қажет. Қазақ халқының діни эпосы әуелбастан ислам әлеміне негізделген. Діннің өзге нұсқасына арналған туынды жоқ. Мұның өзіндік себебі де бар. Оны белгілі ғалым В. В. Радлов еңбегінен табуға болады: «Что касается религии казахов, то все они без исключения как я уже заметил выше, несколько столетий кряду исповедуют ислам» [2; 29]. Сол кезеңдегі алғашқы айтылған ғылыми тұжырым осы болды.

Кеңес дәуірі тұсында діни дастандар тұрмақ дінге қатысты бар дүниелер туралы арнайы пікір айту мүмкін емес еді. Жалпылама ойлар А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамбетовтың, М.Әуезовтың еңбектерінде кездескенімен, діни дастандарға орай арнайы зерттеу жұмысы жүргізілген жоқ. Дегенмен, ғалым Н.Келімбетов исламға байланысты мұралардың қазақ даласындағы жандануына мән беріп, нәзира дәстүрін дамытушылардың бірі Шәді Жәңгіровтың әдеби мұрасы жайында көлемді еңбек жазды. Мұнда авторлық діни қиссаларға кеңінен тоқталып, тереңнен талдап, жан-жақты зерттеулер жүргізді. Бұл сол кезеңдегі діни шығармаларды көркем туынды ретінде құрастыруға арналған алғашқы қадамдардың бірі еді. Ү. Сұбханбердинаның топтастыруымен 1974 жылы жарық көрген «Ғашық-наме» жинағы жоғарыдағы жолды жалғастыра түсті. Мұнда, халық мұрасы «Жүсіп-Зылиханың» жыры енгізіліп, алғы сөзінде шығыстық қисса-дастандар тұрғысынан қарастыра отырып, нәзира үлгісімен жырлаған ақындар жайында, жырдың қазақ даласына келуі хақында, оның жариялануы турасында мәліметтер келтірілді.

Зерттеуші-ғалым А. Қыраубаева өзінің ғылыми еңбегінде нәзира дәстүрінің жалпы әдебиетті дамытуға, өркендетуге айрықша үлес қосқандығын атап айтады. Әрине, ақынның белгілі бір сюжетті басшылыққа ала отырып, өз тарапынан жаңаша шығарма туғызуы бір жағынан әдеби мұраны байытса, екінші жағынан шығарманың таралу ауқымын толықтыра түседі. Нәзира дәстүрінің өзі алғашқыда өнерпаздар арасында туған бәсеке тәрізді көрінеді. Мәселен, белгілі бір оқиға желісін кім көркем тілмен, шегіне жеткізе, төгілдіре жырлайды екен? Бірінен-бірі асып түскісі келген шығарушылар сол оқиғаның мазмұнын байытып, көркемдігін келістіріп, тартымдылығын тамаша етіп бірте-бірте асқақтата берген. Соның нәтижесінде сұрыпталған, өңделген, дүниелер өмірге келеген. Сөйтіп, ғалым И. С. Брагинский нәзираның араб халифаты аумағынан асып Саманид патшалығындағы парсы әдебиетіне жеткендігін айтса, А. Қыраубаева: «XIII-XIX ғасыр әдебиетінде жанданған нәзира дәстүрі оянушылық дәуіріндегі антикалық мәдениеті жаңғырту идеяларымен үндесе келеді. Нәзираның негізгі тақырыптары ежелгі шығыс сюжеттері жанры қисса-дастандар болды» [3; 25], - тұжырым жасайды. Діни дастандарға да нәзира үлгісінің айрықша өзек болғандығы ақиқат. Қазақ даласына да еркін енген дәстүрдің көрінісінің бірі ретінде Шәді Жәңгіровтың «Назым Сияр Шариф» туындысын айтуға болады. Нәзира үлгісінің бір көрінісін М.Ж.Көпеев шығармашылығынан көреміз. «Уағыз» деген көлемді мұрасының үшінші тарауы «Пайғамбардың мұғыражға барғаны» деп аталады. Оқиға сол күйінде сақталғанымен, мәтін таза автордікі. Халықтық нұсқада:

Бисмиллә – тамам сөздің басы дейді  
Бұл сөзім шарифаттың қасы дейді  
Тыңдасаң құлақ салып мұсылмандар  
Мифражы Хазіреттің осы дейді [4, 20]

Шәді ақынның нұсқасында:

Бісмиллә – адал сөздің басы дейді  
Хақ Расул Жаратқанның досы дейді  
Қисса етіп баяндайтын сол Расулдың  
Ғарышқа барған жайын тыңда енді [5, 62]

Мәшһүр Жүсіп нұсқасында:

Құдайым жарылқай ма көптен-аздан  
Көңілім бар күшім келсе Қағба Хаждан  
Қанша сөз сөйлегенмен бітіре алман  
Аз ғана сөз сөйлейін мұғыражадан [6; 31]

Сондай-ақ осы дәстүрде туған дүниелердің көшірме емес, аударма емес, жаңа шығарма екендігін кезінде М. Әуезов те, Е. Ә. Бертельс те айтқан болатын. Сонымен қатар, Н. Н. Конрадтың әлем әдебиетінде өзара байланыстың болатындығын, әлемдік оқиғаның негізінде қандай халықтың

акын-жазушылары болмасын, көркем дүниені өмірге әкеліп отырады және ол сол өнерпаздың мұрасы болып табылады деген пікіріне сүйене отырып, ұлттық фольклортанушы ғалымдардың ой-тұжырымдамаларына назар аударып келіп, ислам дінінің әлемдік дін қатарынан орын алатындығын және қазақ елінің қабылдағаны осы дін екендігін ескере отырып, нәзірә үлгісінің бізде де жанданғандығына көз жеткізгеннен кейін діни эпикалық жырларды халқымыздың төл туындысы ретінде зерттеуге болады деген қорытынды жасадық.

Діни эпосқа байланысты зерттеу жұмыстары соңғы он жылдың ішінде қолға алына бастады. Р.Бердібаевтың, Ө.Күмісбаевтың, Б.Әзібаеваның еңбектерінде діни дастандарды эпикалық жыр тұрғысынан қарау мәселесі, араб-парсы және қазақ көркем шығармалары арасындағы әдеби байланыс айтылды.

Діни қағида-заңдылықтарды жырлайтын туындылар сындарлы ой қозғап, ғылыми пікір білдірген А. Қыраубаева. Кезінде ғалым Б. Кенжебаевтың шығыстан келеген оқиғалардың негізінде жыр шығарған ақындарды ағартушылар санатына жатқызу арқылы «керітартпа» ұғымынан арашалап алғаны белгілі. Осы пікірді басшылыққа ала отырып, А.Қыраубаева «Жұмжұма» тәрізді мұраларды діни-ағартушылық тұрғыдан зерттеуге болады деген батыл байлам айтады [3; 27]. Келесі бір күрделі еңбек У. Қалижанұлының «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» деген шығармасы. Халық ақындарының мұрасы мен ислам діні арасындағы байланысты жан-жақты қарастыра келіп былайша тұжырым жасайды: «Діни – ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрады. Олар жалпы ұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы 80 жылдың ішінде оқу-білімге деген құмарлығы неге сөнбей отыр десең, сол идеяның жаңғыруының санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн. Ол процесс әлі біткен жоқ» [7; 31]. Әдебиеттану саласында тағы да бір тамаша ғылыми еңбекті өмірге әкелген ғалым А. Жақсылықов. Ол өзінің «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» деген диссертациялық еңбегінде діни қиссалардың жанрлық сипатына назар аударды. Олардағы мифологиялық қолданыстардың қалай, қандай деңгейде қолданғандығына барлау жасайды. Кейіпкерлердің сомдалуына әсер еткен мифтің өзегіне ой жүгіртеді. Бір эпизодты қиссалардың кездесетіндігін айта келіп, бірнеше оқиғаның басын біріктірген көлемді эпикалық жырдың бар екендігіне жөн сілтейді. Сөйтіп: «Книжная литература восточных кисса и дастанов, достаточно широко представленная в национальном искусстве слова XIX века, оказывала существенное влияние на развитие общественного сознания в Казахстане» деген саликалы пікір айтады [8; 31].

Қазақ фольклортану ғылымын тағы бір саты жоғарлатып, жаңа ғылыми кеңістікке жол ашқан зерттеуші – ғалым Б. Әзібаева болды. Ол ауыз әдебиетіндегі дастандық эпосты айқындап, ғылыми тұрғыда жүйелеп шығумен қатар, шығармалардың ішкі мазмұнына тереңдей еніп, композициялық құрылымын, көркемдік көріністерін, кейіпкерлердің кескінделу тәсілін аша білді. Ғалымның «Казахский дастанный эпос» еңбегінің көлемді бір тарауы діни дастандарға арналған. Тың дүниенің тылсым қасиетіне түсінік бере келіп, мұраларды төрт түрге бөліп қарастыруды ұсынды. Олар:

- а) ислам тиым салған іс-әрекеттер туралы дастандар;
- ә) мұсылман батырлар туралы дастандар;
- б) исламды тарату жолындағы дінсіздермен соғыс туралы дастандар;
- в) мұсылманшылықтың жолы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, төрт шаһарияр туралы дастандар [2; 32].

Мазмұндық тұрғыдан бұлайша жүйелеудің жөн екендігіне зерттеу барысында көз жеткізуге болады. Алты дастанға әдеби талдау жасаған. Олар: «Әбу-Шахма», «Мұхаммед-Қанапия», «Зарқұм», «Дарига кыз», «Киік», «Бозторғай». Мұсылман батыры Әлидің бейнесінің сомдалу сипаттарына жан-жақты тоқталып, келбетін ашады, «Мұхаммед-Қанапияны» Әлидің баласы екендігін дәлелдейді, ислам қайраткерлерінің діни қағиданы қағандық ұстанғандығын көрсетеді және тағы да басқа қырларын айқындайды. Ғалымның негізгі түйіні мына пікірде жатыр: «Главный метод создания дастанов – использование общефольклорной поэтики, как-то: эпизация описываемых событий, героическая идеализация, сочетания конкретно-бытовой достоверности со сказочно-фантастическим и вымышленным; налицо так же специфические дастанские параметры; индивидуализм и конкретизация; психологическая насыщенность, детализация и орнаментализация как при создании образов, так и при описании» [2; 69]. Еңбектің құндылығы сонда, қазақ фольклорында ұлттық дәстүр мен ою-өрнекті бойына сіңірген, ұзақ уақыттар мерзімінде аңыз желісін өзек ете отырып қалыптасқан діни дастандардың бар екендігін көрсетеді.

Дін – жалпы адамзатқа ортақ, мынау менікі, анау сенікі деп бөліп алуға келмейді. Қабылданған дінге байланысты әдеби-фольклорлық шығармалар, мәдени өзгерістер пайда болып, ұлттық руханият әлемімен араласса, оларды төл туындысы ретінде қабылдап, зерттеу жүргізуге ол елдің толық хақысы бар демекпіз. Ислам діні – тек қана араб халықтарының діні емес. Жер бетіндегі азаматтың төрттен бірі мұсылман дерекке сүйенер болсақ, ислам солардың барлығына ортақ. Дін ортақ болғаннан кейін, әуелі қасиетті Құраннан бастап, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистері, ислам тарихына қатысты пайда болған аңыз-әңгімелер мен өзгедей рухани дүниелерді де ортақ деп қабылдағанымыз жөн. Біздің діни эпосты зерттеу себебіміздің бір қыры осында жатыр. Екіншіден, қазақ жеріне ислам діні енгеннен кейін,

аңыз түрінде айтылып, тараған діни әңгімелер ұлттық эпикалық дәстүрді бірте-бірте бойына жинақтап, сіңіре бастады. Сөйтіп, уақыт өте келе, ұлттық сипат алған хикаяттар толғау тектес өлең-жырларды өмірге әкелді. Парсы тіліндегі қиссалардың тарала бастауы, халықтың талап-тілегіне орай іргелі оқиғалардың өлең-жыр түрінде айтылып кемелденуі діни аңыздардың да жырға айналуына әкеліп соқты. Біз зерттеп отырған мұраның, ел байлығын бойына сіңіріп, көптің елегінен өтіп, халық қазынасынан нәр алып, ұлттық ою-өрнектермен көмкерілген дүние екендігіне дау жоқ. Олай болса, өзегі тереңде жатқан шығармаларды зерттеу қазіргі кезеңдегі басты мәселелердің бірі деп айтсақ қателеспейміз. Ғалым Р.Бердібаев былай дейді: «Өзгелерін айтпағанда бізге діни-аңыздық оқиғаларға негізделген жырлардың ешбір топқа да, тақырыпқа да қосылмай келуі зерттеушілік тәжірибе мен мәдениеттің кенжелігіне байланысты. Орыс және ынтымақтастық (грузин, армян т.б.) халықтар фольклоршылары діни-рухани шығармаларды зерттеп, олардың фольклор жүйесіндегі орыны мен ерекшелігін белгілеп жүргендіктері ғибрат аларлық нәрсе. Фольклордың белгілі, санаулы жанрларын ғана есепке алып, оның бірталай салаларын ұмыт қалдыру ғылыми принциптерге қайшы болмақ» [9; 9]. Сонымен, түйіндей келгенде төмендегідей жәйіттерді атап айтуға болады:

– Біз діни эпостың мазмұнына үңілу арқылы сюжеттік негізін, тарихи оқиғалармен байланысын, мәтінін зерттеу нәтижесінде, көркемдігі мен тілін ашуға қол жеткіземіз;

– Ислам тарихынан түрлі мәліметтерді білу арқылы, діннің болмыс-бітімін түсінуге мүмкіндік аламыз;

– Діни эпостың ауыз әдебиетіндегі орнын айқындап, байланысын, өзге мұраларға тигізген әсерін бағдарлаймыз, түйіндеп айтқанда, ел қазынасының елеулі бір саласының бетін ашамыз;

– Ислам дінінің қазақ жеріне енуіне байланысты, діни-аңыз әңгімелер де ел ішіне еркін тарады, олардың қызықты да, тартымды оқиғалары көпшіліктің көңілінен шықты;

– Ақын – жыраулар шығармашылығында сопылық үрдіс бел алып, дінді дәріптеу, насихаттау дәстүрге айнала бастады;

– Парсы тіліндегі шығыстық қиссалар көрініс берді;

– Халық діни сауат ашудың арқасында Қасиетті Құранмен қауышты, «Қисса-ул-Әнбиә» тәрізді көркем дүниелер пайда болды;

– Осындай өзекті жағдайлар жинақтала келе қазақтың діни эпосының сюжетіне арқау болды.

Қазақ фольклорындағы мол мұралардың бірі – діни дастандар. Осы саланың шығармалары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жариялауға, зерттеуге мүмкіндік алдық. Жиырма жылдың ішінде айтарлықтай ғылым тұжырымдар, пікірлер жарық көрді. Нәтижесінде діни эпосты жеке алып

зерттеудің маңыздылығы айқындалды. Бұл ғылыми мақалада осы айтылған мәселелер кеңінен талданып, діни эпостың қазақ фольклорындағы алатын орыны айқындалады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Халифа, А.** Құран әліппесі және иманның шарттары. – А., Қазақстан, 2001. – 112 б.

2 **Азибаева, Б. У.** Казахский дастанный эпос. – А., Ғылым, 1998. – 250 б.

3 **Қыраубаева, А.** Ғасырлар мұрасы. – А., Мектеп, 1988. – 163 б.

4 **Бабалар сөзі:** Діни дастандар. Көп томдық. – I том. – А., Фолиант, 2002. – 48 б.

5 **Жәңгірұлы, Ш.** Назым Сияр Шариф. – А., Санат, 1995. – 128 б.

6 **Мәшһүр Жүсіп.** Уағыз // Орталық Қазақстан. – 1991, 25 шілде. – 3 б.

7 **Қашжанұлы, У.** Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – А.: Білім, 1998. – 256 б.

8 **Жаксылыков, А. Ж.** Образы, мотивы идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы: Автореферат диссертаций на соискание ученой степени доктора филологических наук. – А., 1999. – 54 с.

9 **Бердібай, Р.** Эпос мұраты. – А.: Білім, 1997. – 320 б.

Е. А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.  
Материал 22.05.14 редакцияға түсті.

*М. И. Абдуов, С. А. Сабитова*

**Эпос и его исследование**

Қарагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.  
Материал поступил в редакцию 22.05.14.

*M. I. Abduov, S. A. Sabitova*

**The epos and its study**

Academician E. A. Buketov  
Karaganda State University, Karaganda.  
Material received on 22.05.14.

*Яркими образцами богатыйшего наследия казахского фольклора выступают религиозные дастаны. Более глубоко и всесторонне изучать произведения этого направления стало возможным после обретения*

*нашей страной независимости, поэтому в последние двадцать лет в этой области исследований возникли новые научные идеи. Стало очевидным, что религиозный эпос требует отдельного изучения. В данной научной статье рассматривается ряд вопросов, связанных с определением места религиозного эпоса в казахском фольклоре.*

*One of the samples of rich heritage of Kazakh folklore are religious epics. After gaining our independence it become possible to more deeply and comprehensively study works in this direction, so there are new scientific ideas in the past twenty years in this field of research. It became apparent that the religious epic requires a separate study. This article considers a number of issues related to determining the place of the religious epic in the Kazakh folklore.*

ӨОЖ 882.151.212.2

**Г. Т. Әбікенова**

## **МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Мақалада лингвистика саласының өзекті мәселелері, мәтін түзілім мәселелері, мәтін құрылымы, мәтін түзуші бірліктер және олардың қызметі қарастырылады.*

Жалпы мәтінді зерттеу өте көне замандардан бастау алады. Алғашқы зерттеулер діни кітаптар мәтіннің қарастырудан басталса, кейіннен мәтіннің басқа түрлері де, заң және әдеби мәтіндер зерттеушілердің назарына ілікті. XIX ғасырдың аяғаны қарай мәтінді зерттеумен этнологтар айналыса бастады. Алайда мәтінді тілдік құрылым ретінде арнайы зерттеу әлемдік тіл білімінде 19-20 ғасырларда басталды. Мәтін туралы алғашқы зерттеулер қатарында орыс фольклористі, әдебиеттанушы ғалым В. Я. Пропптың 1928 жылы жарық көрген «Морфология сказки» еңбегін атауға болады. 1950-60 жылдары В. Я. Пропптың бұл еңбегі ағылшын және француз тілдерінде жарық көрді. 1960 жылдары Чех лингвистикалық мектебінің ықпалымен мәтіннің лингвистикалық теориясы қалыптаса бастады. Бұл бағытта П. Харгманн, Р. Харверг, З. Шмидт, Т. ван Дейк, В. Дресслер, Я. Петефи, К. Гаузенбляз, П. Сталл, И. Беллерт, Н. Энквист және т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Бұл кезеңдердегі зерттеулерге тән ортақ сипат мәтіннің құрылымдық әдіспен зерттелуі болды. 1970 жылдардың ортасына қарай мәтінді

коммуникативтік үрдіс ретінде қарастыру қолға алынды. Мәтін лингвистикасының негізін қалаушылардың бірі, голландиялық лингвист ғалым Т. Ван.Дейк дискурс терминін алғаш қолданып, мәтіннің статикалық күйінен динамикалық күйін зерттеуге ауысты. Кеңестік дәуірдегі мәтін лингвистикасына қатысты зерттеулер И. А. Фигуровский, Н. С. Поспелов еңбектерінен басталады.

1950-60 жылдары мәтін құрылымы туралы зерттеулер Н. Ю. Шведова, Т. Г. Винокур, Е. В. Подучева, Ю. С. Мартемьянов еңбектерінде кездеседі. Бұл еңбектерде абзац құрылымы, мәтіндегі фразеаралық қатынастар семантикасы туралы мәселелер көтерілді. Орыс тіл білімінде 1970-80 жылдары мәтін лингвистикасының өзекті мәселелері Т. М. Николаева, С. И. Гиндин, И. И. Ревзин, М. И. Откупщикова, И. Р. Гальперин, В. Г. Гак, Б. М. Гаспаров, О. И. Москальская, З. Я. Тураева, Е. А. Реферовская, И. И. Ковтунова, В. А. Бухбиндер, Г. В. Ейгер, Ю. А. Здоровов ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты.

Бұл зерттеулерде мәтіндегі интонация мен просодия, мәтін құрылымындағы ең кіші тілдік бірліктердің көрінісі (фонема, морфема) мәтіннің жалпы құрылымы, мәтіндегі уақыт пен модальдылық, мәтін референциясы, мәтін типологиясы туралы қарастырылды. Мәтін лингвистикасы туралы маңызды еңбектердің бірі М.И.Откупщиковааның «Синтаксис связного текста» атты оқу құралы болды. Ғалым бұл еңбегінде мәтін бірліктері, мәтін байласымы, мәтінді өзекті бөлшектеу сияқты ұғымдар мен олардың зерттелуіне тоқталады. Мәтінді зерттеу сонымен қатар, оның қолданбалылық сипатына да байланысты жүргізілді. Компьютерлік лингвистикада У. Манн мен С.Томпсонның риторикалық құрылым теориясы бастапқыда мәтіндегі байланыс типтерін анықтауға бағытталған қолданбалы зерттеу ретінде қалыптасты.

XX ғасырдың соңына қарай тіл білімінде «мәтін лингвистикасы», «мәтін стилистикасы» деп аталатын жаңа салалар қалыптасып, қарқынды дами бастады. XX ғасырдың аяқ шеніне дейін риторика, әдебиеттану ғылымдарының нысаны болып есептеліп, тілдік жағы ескерілмей келген мәтін ұғымы лингвистикалық нысан ретінде, мәтіннің тілдік құрылымы, мәтін құрылымындағы тілдік элементтердің қызметі, лингвистикалық стилистикаға қатыстылығы жан-жақты зерттеле бастады.

Мәтін лингвистикасы мәтіннің түрлі аспектілеріне кешенді талдау жүргізеді. Қазіргі уақытта мәтінді тіл білімі ғылымы саласында қарастыруды ғана бірнеше топқа бөлуге болады: лингвоцентристік (тіл-мәтін тұрғысынан), текстоцентристік (дискурсқа түсушілерден дербес тұрған күрделі құрылым ретінде), антропоцентристік ( қаламгер - оқырман - мәтін ұштағанын ескеру), когнитивтік (автор-мәтін-вертикал контекст қырларынан).

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі мәтін лингвистикасына қатысты зерттеулер мәтіннің негізгі қасиеттері тұтастық пен байласымдылық, мәтін типологиясы,

мәтін түзуші тілдік бірліктер, мәтін категориялары, фразеаралық байланыстар мен қарым-қатынастары сияқты мәселелерді зерттеуге бағытталған.

М. М. Бахтин 50-60 жылдар аралығында мәтін – бұл «кез келген гуманитарлық пәннің ең жоғары сатысы және алғашқы болмысы», - деп жазған. Латын тілінен келген, және орыс, ағылшын, француз тіліндегі терминге сай келетін *textum* сөзі сөзбе сөз аударғанда өрілім, байланыс дегенді білдіреді; сондықтан бұл сөзде бірліктер байланысы мен реттілік семантикасы бекіген. Мәтіннің бұл қасиетін мәтін түзу мәселелері мен мәтіндердің түрлі типтерін зерттеп жүрген ғалымдар жан-жақты қарастыруда. Егер мәтін бұрын қарапайым тілдік бірліктердің өзара байланысы мен түрлі қызметін зерттеудің негізгі материал көзі болса, қазір тіл мамандарының пікірі бойынша, жоғары деңгейлі тілдік бірлік деп мойындалды. Ал мәтін құрылымының ұстанымдарын анықтау, коммуникация үдерісіндегі қызметінің сипатын қарастыру лингвистиканың өзекті мәселелерінің біріне айналды. О. С. Ахманованың (өткен ғасырдың 60-шы жылдар ортасы) сөздігінде осы термин мағынасының бірнеше реңктері берілген: Мәтін 1. сөйлеу туындысы; 2. Жазып бекітілген, сөйлеу туындысы; 3. сыртқы қалыбы (корпус). И. Р. Гальперин мәтінді аяқталған, объективтелген жазба құжаты ретінде, құжаттың түріне қарай әдеби тұрғыдан өңделген, бірқатар ерекше бірліктері (фразадан тыс бірліктер) мен атауы бар, түрлі лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстармен біріктірілген, белгілі бір мақсат пен прагматикалық бағыты бар сөйлеу шығармашылығының туындысы ретінде анықтайды. Г. В. Колшанскийдің пікірінше, сөйлеушілердің ой бөлісіп, ақпар алмасып шағын тілдесім актісін аяқтайтын, кем дегенде екі айтылған пікірден тұратын байланысты – мәтін деп атайды. О. И. Москальская мәтінді тілдің моделдеу бірлігі екенін көрсете отырып, мәтінді «сөйлеудің негізгі бірлігі» деп атап өтеді. Сонымен қоса, сөйлеудің негізгі бірлігі сөйлем емес, мәтін деген пікір білдіреді: «айтылым – сөйлем тілдік деңгейдің жоғарғы бірлігі болып табылады» Бұл анықтаманың ғылыми тұжырымдамасы бірнеше жыл қатарымен өзгерістерге ұшырап, 1950-1960 жылдар аралығында «сөйлем» терминінің анықтамасын табуға әрекет жасалған кезге сай келеді. Сол себептен, Н. Мурзина мен А. С. Штерн пікірлері бойынша: «сөйлемді тілдің ең жоғарғы деңгейі ретінде қарастырудан бас тартқан жөн. Сөйлемге жатқызып жүрген, шексіз өзгерістерге түсетін бірлік, бұл шектен шыққанда тіл аясынан тілдесім әлеміне әкелетін қасиеттер, анығына келгенде, мәтінге тән» Сондықтан мәтінді зерттеу, оның элементі болып табылатын сөйлемнің зерделенуінің мүмкін емес. Келтірілген пікірлерге қарап, ғылым аясында іске асып жүрген мәтін анықтамасының көп еместігін ескеріп, мәтінді талдау мен түрлендіру жұмысының күрделі екенін сондай-ақ көптеген әдістердің бар екеніне куә боламыз. «Мәтіннің зерттеу материалынан зерттеу объектісіне

ауысуы лингвистикаға бірқатар сапалық өзгерістер әкелсе де, қазіргі кезде тұрақтану мен даму кезеңінде жүріп жатыр. Бұған дәлел болатын жайт «мәтін лингвистикасы» деген түсініктің әлі де толық анықталмағандығы». Бұл мәтін сияқты коммуникативтік немесе тілдік құбылысты сипаттауға мүмкіндік беретін «мәтіндік критерийлердің» жоқтығынан туындап отырған жағдай. Н. А. Ипполитованың пікірінше, мәтінді тілдік тұрғыдан зерттеуде ең алдымен анықтауды қажет ететін мәселелер:

- 1 тіл немесе тілдесім жүйесіндегі мәтіннің орнын анықтау ;
- 2 мәтінге ғана тән категорияларды белгілеу.

Біршама ғалымдардың пікірінше, мәтін тілдесім қызметінің нәтижесі және оның негізгі бірлігі болып табылады. Сондықтан ол коммуникация үдерістерімен тікелей байланыста болып, қарым-қатынастың *ad hoc* мақсатына жетуге қызмет етеді. Мәтіннің жалпыға белгілі қасиеттерінің бірі оның жазба түрінде іске асуы, яғни ол графикалық жағынан бекіген туынды. Бірқатар зерттеушілер мәтінді тілдік бірлік деп есептейді. Мысалы, Г. В. Колшанский мәтінді «қоғамдағы негізгі тілдік бірлік ретінде» қызмет ететін, микрожүйе ретінде қарастырады. Н. С. Валгина: Мәтін анықтамаларының түрлі болып келуі, оның дефинициясы негізіне түрлі лингвистикалық категориялар мен түсініктердің енуі, - осының барлығы тіл білімінде мәтін түсінігі толық анықтамасын алмағандығынан, -деп есептейді. О. Б. Сиротининаның тұжырымдамасы бойынша мәтін лингвистикасында кем дегенде екі түсінік туралы сөз болады: «мәтін - саналы түрде ұйымдастырылған тілдесім; мәтін - тілдесім материалының нақты іске асырылуы». Бұл жердегі мәтін анықтамасының екіншісі оның аясын кеңейте түскенін көру қиын емес. Мәтін түсінігі анықтамасын берудің қиындығы оның көп аспектілігінде. Алдында аталып өткен мәтін анықтамаларына қосуға болатындар: мәтін коммуникативтік тіл бірлігі сияқты сөйлемдерден ғана тұрмайды, олар солар арқылы іске асады. Соған қоса мәтін мазмұны оның шығу уәжділігімен анықталады. Ең қысқа да нұсқа анықтамалардың бірін Н.С.Валгина келтіреді: «Мәтін - вербалды (сөздік) таңбалар тізбегі». Мәтін алдымен бір мазмұнға ие болғандықтан, коммуникативтік бірлік болып табылады. Сондықтан мәтінді зерделеу барысында функционалдық және прагматикалық аспектілер болуы мүмкін.

Функционалды талдау барысында автордың мәтін мазмұнын құруға арналған түрлі құралдар мен жанрлық мақсатын таңдауы ескеріледі. Мұнда мәтіннің жанры мен түрін таңдау болмыстық коммуникацияларға сай талап етіледі. Оның бөлшектері мәтіннің тұтастығын үйлестіру мақсатына қарай қарастырылады. Ал функционалдық талдауда:

- 1) тілдік сипаттар шеңберінен шектеуінен шығып, түсінік категорияларын талдауға өткені байқалады;



2) мән мен мағына түсініктерінің жіктелуі мен объективтенуі басталады (мағына – барлық адамдарға бірдей, тұрақты жүйе, ал мән — сөз мағынасын дара субъективті түсіну болып табылады);

3) мәтіндердің құрылымын өзгертіп авторлығын анықтауға мүмкіндік туады;

4) түрлі тілдер мен дәуірлер мәтіндері байланыста болуы мүмкін;

5) мәтін ішіндегі мәтіннің мәнін ашу.

Прагматикалық талдау Н. С. Валгинаның ойынша функционалдықтан туындайды және оны жалғастырып дамытады. Лингвистикалық прагматикаға (мәтін авторы туралы) субъектіге байланысты мәселелер, адресатпен (оқырманмен) және ең бастысы - коммуникация актісіндегі олардың әрекеттесуі туралы мәселелер кіреді. Ол автор мен оқырман арасындағы байланысты ашып, оқырман типіне бағышталып, мәтіндегі қажетті ақпарат мөлшерін тұрақтандырады. Прагматикалық талдау дискурс теориясының негізінде жатыр. Мәтінді абстрактілі, формалды құрылым деп түсінсек, дискурс – оның бір шама өзектіленуі. Бірақ нақты, өзекті сөздік формаларға «формалды құрылымдарға» келер болсақ, онда да мәтін термині кеңінен қолданылады. Дымарскийдің анықтамасы бойынша дискурс – «ағымдағы сөйлеу әрекеті», бұл экстралингвистикалық факторлармен (психологиялық, мәдениәлеуметтік т.б.) бірлескен, байланысқан мәтін. Мәтін оқиғалар аспектісінде, әлеуметтік бағыты бар «әрекет» ретінде алынған, яғни, қарым-қатынас жағдайына түскен мәтін. Дискурсті – сөйлеу әрекетінің үдерісі деуге болады, ал мәтін – оның бекітілген нәтижесі.

Бүгінгі күні мәтін лингвистикасы ғылымның жаңа саласы ретінде өз аясына түрлі бағыттағы ғалымдардың назарын шоғырландыруда. Бүгінгі күні соңғы он жылдық барысында отандық және шетел тіл білімінде қарқынды даму алған бұл ой, трюизм пікір ретінде қабылданады. Мәтін лингвистикасына арналған көптеген монографиялар мен мақалалар жарық көріп, оқу құралдары жазылды, конференциялар мен симпозиумдар өткізілді.

Мәтін теориясы саласында қажырлы да жемісті еңбек етіп жүрген неміс лингвисті П.Хартманн өзі жазған бір еңбегінде, қазіргі кезде мәтінді зерттеуге бағытталған лингвистика бар екенін атап өтеді. Лингвистиканың бұл саласы тілдік зерттеулердің ең жемісті де озық тәжірибесі болып табылады. Ол лингвистика мүддесі аясын кеңітіп, бұрынғы, жаңарған, жаңа, озық деген, барлық лингвистикалық идеялар кіретін жаңа сала ашады.

Мәтінді зерттеуге деген қызығушылық бүгінгі тіл білімі тұрғысынан, тілді ғаламдық құбылыс ретінде, коммуникацияның бүтіндік құралы ретінде түсіндіруге ұмтылу, мәтін арқылы іске асатын адамның түрлі қызметтерінің тілмен байланысын терең зерттеуге ұмтылыс ретінде түсіндіріледі. Бұл қызығушылық мәтін арқылы әрқашан қозғалыста болатын, сан қырлы тіл болмысын меңгеруге деген ұмтылыс ретінде де, сөйлемнен гөрі ұзағырақ тілдік

бірліктер арқылы, қозғалыста ғана мәні ашылатын заңдылықтарын меңгеру арқылы түсіндіруге де болады. Бұл орайда зерттеу нысаны болып, тілдің негізгі қызметі – мәтін жасау қызметі. Мәтін лингвистикасы – адам коммуникациясы талаптары мен мәні, ұйымдастыру алғышарттары туралы ғылым. Мәтінді қарқынды зерттеу тіл лингвистикасынан тілдесім лингвистикасына көшуді көздеп, коммуникация актісіне деген назардың күшеюіне ықпал етеді. Байланысты мәтінді зерттеу идеясы түрлі структурализм мектептерінің өкілдері ұсынған, «атомизм» түсінігінің орнына және соңғы тілдік бірліктерді зерттеудің сараптаушылық (таксономикалық) әдісінің орындарына шыққан идея. Құрылымдық лингвистика идеясы ұсынған бірқатар құбылыстардың жобаға сай келмеуі құрылымдық лингвистика негізінің құлдырауына әкеліп соқты. Структурализмдер тілдесім ағымын соңғы (дискреттік) бірліктерге және оның сарапталуына бөліп қарастырды. Фонология мен морфологияны біржақты қарастыру, мағынаға жете мән бермеу, олардың мектептерінің біреуі де тілдің толыққанды теориясын беруге мүмкіндіктері болмады. Олардың барлығын антименталды деп біріктіруге болады. Мәтін деген көпжоспарлы жүйені сипаттау, түбегейлі жаңа талдау әдістері мен түсінік жүйелерінің келуін болжап, тіл білімінің бұрын ашқан жаңалықтарын пайдалануды меңзейді. Мәтін лингвистикасының ғылым ретінде қалыптасуы бүгінгі филология ғылымының даму жолымен ескерілді. Отандық ғылымда жоғарыда аталып өткен антименталды үрдістер болмаған. Кеңес одағы кезеңіндегі тіл білімінде тіл теориясының мағыналық аспектісі жанжақты өңделген болатын. В. В. Виноградов, Л. В. Щерба, И. И. Мещанинов, В. М. Жирмунский, Б. А. Ларин, С. Д. Кацнельсон т.б. ғалымдардың еңбектерінде тіл тәжірибе жүзіндегі шынайы сана ретінде қарастырылды, тілдің ойлау қабілетімен, мәдениетпен, психологиялық әрекеттерімен байланысын қарастырды. Отандық ғылымда тіл білімінің мәдениеттанумен, психологиямен, семиотикамен, логикамен тығыз байланысы орын алады.

Байланысты мәтін ұғымы жаңалық емес. Ол айтылған пікір (высказывание) лингвистикалық шаралардың шығар көзі болып табылатын, дескриптивист пікірлері теориясынан және Л. В. Щербаның тілдік материал ұғымының үш түрлі теориясынан бастау алады. Глоссематикада да мәтін жалғыз дерек ретінде қарастырылады.

Мәтін лингвистикасы мәселелері қазақ тілі білімінде соңғы жылдары кеңінен қарастырыла бастады. А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінен бастау алған мәтін төңірегіндегі пікірлер Р. Сыздық, Х. Нұрмұқанов, Е. Жанпейісов, М. Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабай, Н. Уәлиев, С. Құнанбаева, З. Ерназарова, С. Мұстафина, Г. Әзімжанова, Ж. Қайшығұлова, А. Әділова, Г. Смағұлова, М. Ахметова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сөз болып, көркем әдебиеттің тілдік фактілері сараланды. Қазіргі қазақ тіл білімінде көркем мәтіннің сан қырлы мәселелері Ж. Кеншінбаева,

Қ. Ә. Жаманбаева, Г. Қосымова, Ш. М. Елемесова, Ж. Б. Саткенова, Ә. Ж. Айтпаева т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Алайда бұл зерттеулер қазақ тіл біліміндегі мәтін лингвистикасына қатысты мәселелерді толық шешіп берді деуге болмайды. Дегенмен аталған зерттеулер қазақ тілі стилистиканың мәтін стилистикасы деген саласының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Зерттеушілер көркем мәтінді зерттеудің алғышарттарына, ұстанымдарына мыналарды жатқызады: көркем шығарманың мазмұн мен формасын (тілін) бірлікте алып зерттеу; көркем шығарма тілінің басқа компоненттерімен байланыс, қарым-қатынасын ескеру; бейнеленетін мазмұнға автор қатынасын ескеру; шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ескеру; ғылыми дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену т.б. [Маретбаева].

Мәтін лингвистикасының негізгі мақсаты – мәтінге тән негізгі категориялар мен бірліктерді анықтау. Мәтін стилистикасының қалыптасуымен байланысты ұзақ уақыттар бойы әдебиеттану ғылымының нысаны ретінде ғана қарастырылып келген жатқан көптеген стилистикалық құбылыстар, мысалы фоникалық құралдар әдебиеттану ғылымының шеңберінен шығып, тіл стилистикасы аясында зерттеліне бастады.

Мәтін стилистикасының қалыптасуымен байланысты мәтін нормасы ұғымы пайда болды. Мәтін стилистикасы көркем шығарманың тілдік табиғатын, көркемдік ерекшеліктерін, мәтіннің стилистикалық компоненттерінің көркемдегіштік қызметінің сан қырларын, мәтіннің композициялық, архитектуроналық, құрылымдық белгілерін танып-білуге мүмкіндік туғызады.

Көркем шығарма тілі көптеген күрделі мағыналық-құрылымдық, стилистикалық компоненттер мен әлдіс-тәсілдердің бірлігінен тұрады. Мәтін стилистикасы осы құралдар мен әдіс-тәсілдердің қолданылу сипатын қарастырады.

Мәтін стилистикасының қалыптасуы туралы ғалым О.Бүркіт мынадай пікір білдіреді: «Мәтін – күрделі құрылымдар әдістердің бірілігінен құралатын категория. Оны бір әдіс шеңберінде танып, білуге болмайды. Мәтіннің мазмұны, сюжеті, идеясы, құрылысы, композициясы, архитектуронасы төңірегінде осы кезге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында жарық көрген еңбектер де аз емес. Алайда мәтін стилистикасы мәтінді жаңа қырынан зерттейді, оның тілдік жағын қарастырады. Көне дәуірден келе жатқан риторика, лингвистикалық поэтика, стилостатистика, функционалды стилистика, мәтін стилистикасы секілді ілімдер – бір-біріне жақын жатқан, кейбір проблемалар төңірегінде тоғысып жататын ілімдер. Мәтін стилистикасы жеке-дара тосыннан қалыптасқан жоқ. Бұл ілім өзіне дейінгі ілімдердің үздік ойлары мен жетік принциптерін басшылыққа ала отырып қалыптасты»[4]. Ғалым мәтін стилистикасының зерттеу нысандарына мәтіннің жасалу жолдары, оның көркемдегіш құралдары, көркем шығарманың

композициялық құрылымын құрайтын тілдік бірліктер, олардың бір-бірімен арақатынасы, микромәтіндердің мәтін құрылымындағы стильдік қызметі, микромәтіндерді бір-бірімен байланыстырып тұратын тілдік көрсеткіштер, осылардың жазушының дара стиліне қатысы сияқты мәселелерді жатқызады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Пропп, В. Я.** Морфология сказки. – Москва.
- 2 **Откупщикова, М. И.** Синтаксис связного текста»
- 3 **Шалабай, Б.** Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Фил.ғыл.док...дисс. – Алматы, 1997.
- 4 **Бүркіт, О.** Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Фил.ғыл.док...дисс. – Алматы, 2002.
- 5 **Маретбаева, М.** Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты. Фил.ғыл.канд...дисс. авторефераты. – Алматы, 2008.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
Материал 14.05.14 редакцияға түсті.

*Г. Т. Абикенова*

### Исследование лингвистики текста

Казахский гуманитарно-юридический  
инновационный университет, г. Семей.  
Материал поступил в редакцию 14.05.14.

*G. T. Abikenova*

### Text linguistics research

Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey.  
Material received on 14.05.14.

*В данной статье рассматриваются актуальные проблемы лингвистики, такие как формирование текстов, текстообразующие средства, структурные детали текста и их функция образования текста.*

*Actual linguistic problems such as formation of texts, text forming units, structural details of texts, semantical units and their functions in text formation are investigated in the given article.*

**Б. Ш. Баешова, А. Ә. Орманова**

## **ШЫҒЫСТЫҢ ҚОС ЖҰЛДЫЗЫ ПОЭЗИЯ КӨГІНДЕ (Ә. РУДАКИ МЕН О. ХАЙЯМ РУБАИЛАРЫ ХАҚЫНДА)**

*Мақалада Шығыстың қос жұлдызы Ә. Рудаки мен О. Хайям поэзиясының ерекшеліктері қарастырылады.*

Шығыс халықтарында рубаи жазу ісі IX-X ғасырларда қолға алына бастады. Ұлы Ғете рухтары мен жырларына өле-өлгенше тамсана тағзым етумен өткен Шығыстың жеті жұлдызы Фердоуси, Рудаки, Омар Хайям, Сағди, Руми, Жәми, Хафиз күллі адамзаттың жыр өнерін жаңа сапалық деңгейге көтеріп тастаса, олардың ішінде, әсіресе, Рудаки парсы әдебиетіндегі негізін қалады десек, Хайям рубаяттың әлемдік әдебиетке берік орнығуына шешуші ықпал жасаған деуге келеді. Осы төрт қана мысрадан тұратын шағын өлеңде үлкен ғылыми жаңалық, тың ой, даналық сөз жататыны кез-келгенді таңғалдырмай қоймайды. Төрт жолға үлкен табиғат бейнесін, махаббат сезімін сыйдыра салуға да үлкен шеберлік қажет-ақ. Шеберлік, майталмандық парсы-тәжік ақындарына тән қасиет. Парсы әдебиетшілері рубаиды әнмен қосып айту үрдісі ежелден келе жатқандығын айтады. Парсы «ақындардың атасы» деп атаған Рудакидің рубаилары ең көркем де нақышты, мазмұнды болып парсы-тәжік әдебиетінде ерекше орынға ие болды. Парсы-тәжік әдебиетшілері де Рудакидің есімін алғашқылардың бірі деуі де негізсіз емес. Әбулхасан Рудаки (858-942) көп жанрда қалам тербеген көрнекті парсы-тәжік ақыны. «Рудакидің өлеңдерін мазмұнына қарай мына төмендегідей жүйелеуге болады: жалынды жастық шақты жырлайтын өлеңдері; ішімдік, шарап туралы өлеңдері; табиғаттың тартымдылығы жайында; өмірдің қуанышы жайлы; жомарттық, ұстаздық жайлы; патшаларды мадақтау, философиялық өлеңдері; кайғы мен мұқтаждық турасындағы жырлары» [1, 110 б]. Яғни ақын лирикалық, философиялық, дидактикалық тақырыптарды поэзиясына арқау еткен. Дарынды ақын әрбір өлең шумағын бар ыждаһатпен, поэзияға деген зор махаббатпен жырлаған. Әсіресе, аталған тақырыптар төңірегінде жазған рубаилары оқырманды толғантпай қоймайды. Жастық шақтың тым келте, қайта оралмас ыстық шақ екенін тілге тиек етсе, кәріліктің соншалықты ұзақ та мазасыз екенін алға тосады. Ол дегенмен де, өте оптимист ақын. Оның рубаиларында пессимистік көзқарас жоқтың қасы деуге келеді. Шаттану, қысқа өмірден ләззат алу кеңесі айтылады. Дана ақынның рубаиларының дені ақыл-кеңес, парасаттылыққа шақыратын бірден-бір сара жол: «Слепую прихоть подавляй – и будешь благороден! Калек, слепых не оскорбляй – и

будешь благороден! Не благороден, кто на грудь упавшему наступит, Нет! Ты упавших поднимай – и будешь благороден!» [2., 104 б] - деген жолдардан таза рухани тәрбиеге жетелер рух лебі еседі. Қазақтың «жығылғанға жұдырық қылма» накыл сөзінің жыры іспеттес. Рудаки өз заманының көреген ақыны. Оның шумақтарында алдағы күндерге топшылау, болжау бағыттары да байқалады. Замана ағысынан бір елі қалыс қалмайтын жырларынан заманауи нышандар айқын аңғарылады. Ал лирикалары тұнып тұрған пейзаж дерлік. Махаббат, табиғат үндестігі. Сұлу қыз бен әсем табиғат арасындағы сыр, өзара әңгіме желісі тамаша суреттелген. Рудаки – суреткер ақын.

Аромат и цвет похищен был тобой у красных роз:

Цвет взяла для щек румяных, аромат для черных кос.

Станут розовыми воды, где омоешь ты лицо,

Пряным мускусом повеет от распущенных волос [2]

- деген жолдардан суреткер ақынның шеберлігіне сүйсіне де таңдана қараймыз. Балаудың ең көркем түрін талғап, тенеудің теңдессіз әдісін қолдана білген. Түрлі жанрда жыр толғай беретін ақынның рубаиларының орны поэзия әлемінде ерекше-ақ. Оның жауһар туындылары тек өз елінде емес, бүткіл төрткүл дүниенің асыл мұрасына айналған дүниелер.

Шығыс әдебиетінің тағы бір саңлағы, рубаи жазудың хас шебері – Омар Хайям. Өз заманының әмбебап данасы болған шайырдың мәңгілік жырларының дүниежүзі тілдеріне тәржімалана бастауы 18 ғасырда-ақ қолға алынған еді. Э. Фитцджеральд тұңғыш рет Хайямды Еуропада сөйлеткен. Ол барлық континенттерді емін-еркін «бағындыруға» көшті. Бүгінде Хайям – адамзат жаралғалы бері дүниеге келген ақындардың ең көп оқылатыны. Омар Хайям - (1040-1123) өз елінің асқан ғұламасы. Аса ойшыл, философ, астроном О.Хайям әдебиетті негізгі кәсібі еткен. Ол өзінің ғылыми жаңалықтарын шығару барысында рубаи жанрын шабыт көзі ретінде пайдаланған деуге келеді. Барлық саладан хабары бар ғұламаның ғалымдықтан гөрі ақын ретінде есімі елге жайылған. Осы уақытқа дейін О. Хайямның рубаиларының саны дәл белгіленген жоқ. Әр деректерде түрлі көрсетілген. Ақын-аудармашы А. Бекбосын шайырдың 800 рубаи жазғанын, дегенмен оның жартысының бүгінгі күнге жетпегенін атап көрсетеді және оның себебі жоғарыда атап кеткеніміздей, Омардың рубаиларды бөлек-бөлек қағаз парақшаларына шабыты келгенде ғана жазып, оларды жинастырмағанында деп түсіндіреді. Ал ғалым Р. Бердібаевтың «Түрлі пәндерден осыншама күрделі сонылық ашқан, өшпес із қалдырған Омар Һәйям ғылымнан қолы босаған кезде өлең жазып, онысына өзі онша мән бермей, кез-келген параққа жазып тастай берген сияқты» [3, 21 б] деген сөздері А. Бекбосынның пікірін қуаттай түскен секілді. Алғашында белгісіз болып келген рубаилар кейіннен төрткүл әлемге әйгілі болды. Э. Фитцджеральд Омар рубаиларын Еуропа тіліне аударуы оған тікелей әсер етті. Осыдан кейін әлем зерттеушілерінің қызығушылығы оянып, төрт жолды өлеңдер басқа халықтардың поэзиясынан

орын ала бастады. Хайямның асқан ойшылдылығында, ғұлама зерттеушілігінде сөз жоқ. Ақынның рубаяттары басқа ғылыми зерттеулерінен де құндырақ болған. «Любители литературы собрали рубаи Хайяма, составляли из них сборники, которые затем переписывались и расходились по всей стране. Рубаи принесли Хайяму широкую популярность – они, в отличие от его трактатов по математике, были понятны всем» [4, 3 б].

Ақын неше рубай жазса да, әлем әдебиетінде жарқыраған өшпес орын ала білген жан. Ол көбіне - көп философиялық тұрғыдан жыр толғағанды жаны сүйген. Лирикалары да басымырақ. О.Хайям рубаиларының дені Алла, дін туралы, кейбірі шарап, қыз бен нәзік махаббат жайында жырланған. Тағдыр мен адам мәселелері де алдыңғы орындарға қойылса, өмір мен өлім жайы да тілге тиек етіледі. Адамзат өмірі тез де жылдам өтетінің ескертіп, сол аз ғана қамшының сабындай өмірді мәнді де мағыналы өткізуге насихаттайды. Жастық өмірдің қас-қағым сәтте өте шығып, кәріліктің есікті қағарын меңзеген. Шындық пен өтіріктің аражігі, тұрақтылық пен тұрақсыздық таразысы, материализм мен идеализм арасындағы философиялық көзқарас терең жырланады. Ол өмір мен өлім, жұмақ пен тозақ, адалдық пен арамдық, қанағат пен озбырлықтың парқын бір-бір шумақ өлеңге сыйғызып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтады. Омар өзін толғандырған бар сұрақтың көш басында адам өмірінің шиеленіскен тағдырын қояды. Жан-дүниесі сезімге бай ақын жүректілер теңіз толқынындай құбылып тұрады, кейде пессимизмге бой алдырып, жадап, жүдесе, бірде сабасына қайта түсіп, жұмсара да кетеді. Ауыр ой сәттен сейіле бастаған ақын «Басқа түссе баспақшылға» салынып, көнбеске шара жоқтықты алға тартады: *Құм қылды – ау жігеріңді құса – нала, / Үмітсіз жете ала ма нысанаға? / Көне бер тағдырыңа, о бейшара, / Тағдырдан біздей сорлы босана ма!* – дей келе, пенденің тек топырақтан ғана жаралғанын, оның қайта сол топыраққа айналарын әдемі нақышпен мысалыға алған: «Уайымың от болса сумен сөндір, Бәрібір топырақсың бұл ем емес» [5, 13б] дей келе адам тағдырына бір Алланың себепші екендігін былайша түсіндіреді: *Тағдырдың таяғынан ұшып доптай, / Зырғи бер оң мен солға, тыным таппай. / Себебін білер құдай, құдай, құдай, / Қойған сол зыр қақтырып сені оқтай,* - деген сөздерімен жырға қосады. «Кешу, кешпеу күнәні бір құданың қолында, Асыл сыйпат болмаса пақыр кімге жүгінет» [5, 13б] дей келетін жолдарынан кейін қалайша шайырды құдайсыз, дінсіз деп атай аламыз. Жұмыр басты пендені бір ғана жаратушыға теліп, оның жаны мен тәнін түгел Алланың қолында еткеннен кейін, басқа уәж айту орынсыз. «Ақынның әрбір төрттағаны өзінің ішкі үйлесімі, заңдылығы бар кішігірім поэма іспетті» [6, 10 б]. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктің күрделі, сыры жұмбақ екенін ескертіп, оның кілтін ешкім таба да алмайтынын жырмен кестелейді: *Тіршілік теңізінің сыры жұмбақ: / Бір ғажап тесілмеген жауһар сынды-ақ. / Өз қамын ойлап әркім сөз айтқанмен, / Білмейді өмір жайын ешкім шындап.*

«Өнегелі сөз үлгісін қашаған ұлы ғұламаның жүрекке жылы тиетін жұп-жұмыр шумақтары қабылдауға қаншалықты жеңіл болса, оның әр сөзінің ұғымы тау тасындай ауыр» [7, 3б]. Омар шайырдың рубай жазудағы тағы бір ерекшелігі оның өршіл оптимистігінде. Қым-қуыт қиыншылықты мойымауға, дес бермеуге, тек алға жүруді ұрандатады. Адамдардың қайғысынан сейілуіне де үлкен көмек береді, рухани демеп, адам өмірінің қамшының сабындай-ақ қысқа екендігін, сондықтан сол дәуренде өз орнын таба білуін дәріптей толғайды: «Үзілмес үміт шіркін денің сауда, Ақыры қалар бірақ үй де, бау да. Алтын мен күмісінді достарыңа, Шашпасаң, о да бір күн кетер жауда» деп қысқа ғұмыр таусылып, тағдыр талқаны біткеннен кейін барлық тіршілік, бақ-дәулет артында қалатынын әдемі сөз кестелерімен, айшықты ойларымен жеткізе білген. Жабырқаған адам баласын сергуге, қамықпауға көп шықырған. Тек достықпен, адал да пәк сезіммен, қуанышпен ғұмыр кешуді үндейді: *Дос-жарандар жалғанда дидар, гайып, / Жүрейік досымызға құшақ жайып. / Шарап шырын болса да бірге ішелік, / Дәурен шіркін, өтеді алмағайып.*

Омар Хайям өзінің төрттағандарында өмірдің сан алуан құбылыстарын сөз ете, терең философиялық пікірлер айтып отырған. Ақын бірде көңіл толқытар сезімдерді алға тосып, адамды азап мұңынан сейілткісі келіп: *Бұзбасын қайғы-қапа көңіл шырқын, / Қыз-қырқын, сап болмасын ойын күлкің, / Екі етпе көңіл зауқын, шарабыңды иш, / Бір күні келер жетіп өлім шіркін,-* деп адамзат баласының бір сәтте болса уайым қайғысынан арылғанын қалайды. Сондай сәттері кейде өз жырларымен адамзат баласына рух, үзілмес үміт сыйлағысы келеді: *Дуниенің саф алтыны, сарасы- біз, / Мақсаты, майда гүлі, сарасы біз. / Бұл жаһан дөп-дөңгелек жүзім болса, / Жауһардай жанған соның шырасы біз,* деп адамзат баласын табиғаттың бар байлығына, дүниенің саф алтынына балайды. Мұндай шадыман шабыт құшағында өзі кейде налитын тағдырды, мұң шағатын Алланы сүйіп те кетеді: *Белгісіз бізге, тәңрім, аргы затың, / Пендеңе не қылсаң да – бар ғой хақың. / Құлыңмын күнадан мас, сенсең – саумын, / Сенерім – сенің мейір-мархабатың.*

Шығыстың қос ақыны Хайям мен Рудаки өз шығармаларында Адам тағдыры, Аллаға деген сүйіспеншілік тақырыптарын алдыңғы орынға қойған. Олардың әрбір туындылары үлкен философиялық ұғымды беретін, болашақ ұрпаққа үлкен өнеге болар көркем мұралар.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Исмадова, С.** Шығыс халықтарының әдебиеті. – Тараз : Тараз университеті, 2003. – 159 б.

2 Антология Таджикской поэзии. – Москва : Художественная литература, 1951. – 607 с.

- 3 **Ақын, А.** Қара өлең мен қара әуез // Орталық Қазақстан. – 1993. – № 79. – 5 мамыр. – 4 б.
- 4 **Бертельс, Е. Е.** Омар Хайям. – Москва, 1959. – 139 б.
- 5 **Айтқожина, М.** Шындағы жазу: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1966. – 84 б.
- 6 **Рақымқызы, Р.** Шатасып дұшпан мені «дінсіз» дейді... // Айқын. – 2006. – 2 наурыз. – № 38. – 10 б.
- 7 **Аминов, А.** Рубаи и дубейты // Памир. – 1977. – № 1. – 91-93 с.

«Туран-Астана» университеті, Астана қ.  
Материал 12.05.14 редакцияға түсті.

*Б. Ш. Баешова, А. А. Орманова*

**Две звезды востока на поэтическом небосклоне (рубаи А. Рудаки и О. Хайяма)**

Университет «Туран-Астана», г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 12.05.14.

*B. S. Baeshova, A. A. Ormanova*

**Two stars of east on poetical horizon (rubais of A. Rudaki and O. Khayyam)**

“Turan-Astana” University, Astana.  
Material received on 12.05.14.

*В статье рассматриваются особенности поэзии А. Рудаки и О. Хайяма – двух ярких представителей поэзии Востока.*

*In the article the features of the poetry of A. Rudaki and O. Khayyam - two prominent representatives of the poetry of the East are reviewed.*

ЭОЖ 821.512.122. +821.512.161

**М. Н. Баратова**

### **С. ТОРАЙҒЫРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «АҚ», «ҚАРА» ҰҒЫМДАРЫ**

*Мақалада С. Торайғыров өлеңдеріндегі «ақ», «қара» ұғымдары талданады.*

С.Торайғыров өлеңдерінің жанрлық сипатын, ерекшеліктерін дәйектеумен қатар ол туындылардың стильдік табиғатын саралау қажеттігі анық. Осы орайда көркем әдебиеттің басқа салаларына қарағанда қазақ әдебиеттану ғылымында стиль мәселесінің аз қарастырылғанына да көз жеткізе аламыз. Салыстырмалы түрде аз дегеніміздің өзіне арнайы көңіл бөлсек, әр кезеңде түрлі ізденістер, сүбелі еңбектер орын алғанын атап көрсетуіміз керек. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926), Қ.Жұмалиевтің «Стиль-өнер ерекшелігі» (1966), Ф.Оразаевтың «Заман қаһарманы» (1951), Қ.Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1991) т.с.с. еңбектерде және әдебиеттің басқа мәселелерін қарастыру үстінде осы тақырыпқа байланысты басқа да әдебиет мамандарының жекелеген пікір айтулары аз болмағанын еске алу керек [1]. Әйтсе де бұл еңбектерде кешендеп жарық көрген С.Торайғыров тәрізді ақындар өлеңдерінің ескерілмеуін, ескерілуі мүмкін де болмағанын дйттесек, алдағы игі дәстүрді жалғастыра отырып, аталған ақын шығармаларын стиль тұрғысынан арнайы сараптау қажеті туады.

Орыс әдебиеттану ғылымында ақын стилі дегенде, оны алдымен дәуір, кезең стилімен байланыстыра қарау керектігі жете көрсетілген [2]. Осы орайда орыс әдебиеттану ғылымында сөз болған: стильде әрі әр қаламгер дербестігі және сол дәуірдегі кезең сарынымен үндестік орын алатыны, стильде бар элементтердің бір көркемдік орталыққа бағытталуы іске асатыны; [3]; көркемдік бүтіндіктің жүйелі ұйымдасуының бір аспектісі – стильдік бүтіндік екендігі [4]; стиль туралы лингвистикалық түсінік бар екендігін ескеру қажеттігі [11\5] т.с.с. пайымдаулардың қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де ескеріп отырарлық құнды пікірлер екеніне назар аудартқымыз келеді.

Дәуір стилі, кезең стилі дегенде, бүкіл мұсылмандық шығыс әдебиетінің, оның ішінде көне түркі әдебиетінің С.Торайғыровқа ықпал етуін алдымен ескеру керек. Мәселен, мұсылман дінін уағыздауды басты нысана еткен Қожа Ахмет Иассауидің XIII ғасырдағы «Диуани хикмет» кітабында: «Тарихатқа бастаушы, адал болған Мұхаммед, //Хақиқаттың ақ жолын бастап берген – Мұхаммед» - деп жазған екен [6, 58 б.]. Осындағы «ақ» сөзі тек белгілі бір көріністің, не ұғымның түсін анықтауға ғана емес, неғұрлым дұрыстық,

пәктік нышанына (символына) айналғанын аңғару қиын емес. Рас, сырт қарағанда V-VII ғасырдағы Орхон жазуын да, нақтылап айтсақ Күлтегін жазбасында: «Күлтегін Байырғының ақ айғырына мініп, шабуылға ұмтылды» [7, 4 б.] – дегенде, мінген айғырдың түсін анықтау ғана жүзеге асқан тәрізді. Әйтсе де зерделей түссек, «шабуылға ұмтылды» сөздерінің кері әсерін дйттесек, «ақ» сөзіне тек түс, рең емес, бір түрлі айбарлылық, мықтылық сызы да ықпал еткенін зерделей алар едік. Сол тәрізді бұрынырақ туса да, XV ғасырларда хатқа түсті делініп жүрген әйгілі «Қорқыт ата» кітабындағы: «Алтын тағына қайта мініп, өзінің ақ шатырларын тікті» [8, 133 б.] дегендегі «ақ» сөзін де сырт қарағанда ғана түс өзгешелігі айнасы деуге болар, әйтпесе, тек осы ұғым таққа да, осы арқылы оған отырған ханға да өзіндік айбар, сес үстеп тұрғанын байқауға болады.

С.Торайғыров 1909 жылы жарық көрген «Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ» өлеңінің өзінде «ақ» сөзін тазалық, пәктіктің белгісі ретінде алғаны белгілі.

Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ,  
Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.  
Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,  
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық тамақ [9, 34 б.].

С.Торайғыров шығармаларының кейін жарияланған үлгілеріне көңіл бөлсек, ақынның «ақ» сөзін әрі дәстүр сабақтастығын сақтау үшін, әр кезең стилін, әрі өзіндік қолтаңба жемісін шебер үйлестіру бағытында қолданып отырғанына көз жеткіземіз:

1. Дөңгелек, қара торы, сұлу беті,  
Кім білсін қоңыр ма, ақ па қандай еті,  
Түр-сымбатқа сай біткен ойы болса,  
Не ойлап жүр, қайда екен, арғы шеті [9, 36 б.].  
(Қ...ға сәлем. 1909)

2. Көп дәрет борбай жағын ақ жем еткен,  
Намаздың бір шарты жоқ түгел біткен.  
Жарылқар ол дүниеге барғанда деп,  
Елес көзге иланып, ұрмақ күткен [9, 45 б.].  
(Соқыр сопы. 1911)

3. Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай,  
Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай?  
Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып,  
Білмей жатып, таспенен атқан қандай? [9, 62 б.].  
(Қандай. 1912)

Көріп отырғанымыздай, алғашқыда «ақ» сөзі тән сұлулығын әспеттеу үшін алынса, екінші мысалда «ақ» ұғымы тазалықтың белгісі ретінде берілген. Ал үшіншіде «ақ» ұғымы тіршіліктің көзі «нұр» сөзімен тіркесіп,

сол арқылы лирикалық қаһарман Алланың жаратқан «ақ нұрына», яғни таза етіп жаратуына риза болса, әділдік, тазалық ісімен Алла жолы бір бағыттас екенін дйттейді. Сол арқылы ақын стилінің әрі дәуір, кезең бағытымен, Алланың ақ жолын, оң ниетін ту еткен мұсылмандық шығыс әдебиеті ауанымен ыңғайлас келуімен, әрі соған өзіндік ізденіс, өзіндік ажар үстеуімен ерекшеленеді. Дәуір ықпалымен, ақынның жаңа ізденісін ұштастыру біз келтіріп отырған соңғы үш мысалға да тән екені айқын.

С.Торайғыров стилі, оның «ақ» сөзін қолдану ерекшелігі дегенде, ақынның әрі дәстүрлі ұғымды, әрі өзіндік үлесті шебер жіптестіруін мына жолдардан да айқын көреміз:

1. Ақша бет төмпесіндеу, алқызыл түс,  
Меруерт көз шағылған тізулі тіс.  
Ақ бұғағы аққудың жемсауындай.  
Жаратқан жаратылыс тамаша іс [9, 138 б.].  
(М...ға. 1918)

2. Оқымаған ақ көңіл,  
Бір адамға сенесің.  
Қазулы терең орды біл,  
Құласа балаң өлетін [9, 153 б.].  
(Қыздырмағанның қызыл тілі. 1920)

3. Ақ қайың да дірілдеп,  
Әлденені күткендей.  
Қайғылы үнмен күбірлеп,  
Сөйлейді тіл біткендей [9, 155 б.].  
(Қарағай да қайғырып. 1920)

Алғашқыда адам портретінің «ақ бұғағы» суреттелуі, кіршіксіз таза болуын әспеттесе, ақын әйтеуір бір тазалықты, пәктікті емес, «біреуді жақсы көріп, жылы» тарту кезіндегі ақтыққа ден қойғызған. Ал, екіншіде «ақ көңіл» тіркесі әрі ұлттық дәстүрді, тазалықты сақтауға дйттелсе, әрі оның жан-дүниесінің, ниет ақтығына да меңзейді. Атап айтқанда, көңілді аққа қою ниет түзулігіне, яғни шын мұсылман жолына түсуге бастаса, сол арқылы белгілі бір адамды жамандықтан арашалауға бағытталған. Үшіншідегі табиғаттағы «ақ қайың» өрнегі де ақ түс тазалықты, рең әсемдігін қабыстырумен бірге тіршілік салтанатының да үлгісі болып табылады. Мұнда келтірілген үш мысалда да «ақ» сөзі көріктеуіш ретінде отау тігуімен ерекшеленеді. Соның нәтижесінде «ақ» сөзі мағынасы кеңейіп, оның ажарлау, жинақтау өрісі артып, белгілі бір ұғым биіктеуі жүзеге асқан.

Осы орайда «ақ» түсін жеке алмай, оған қарама-қарсы «қара» реңмен қатар алып, екі ұғымды әрі бір-біріне қарама-қарсы қойып, әрі жарыстыра алу да С.Торайғыровтың өзіндік ойын дәуір сарынына ұштастыру үлгісі екенін дйттеген жөн:

1. Маңдайдан тіктеп түскен пісте мұрын,  
Оймақтай қызыл сырлы жұқа ерін.  
Ақ мамық, қызыл шие, қара нәркес –  
Үш түрмен келтіріп тұр беттің нұрын [9, 138 б.]  
(М...ға. 1918)
2. Ойлайды-ау, «теңімін» деп соқыр надан,  
Есте жоқ, ұрып жығып, малмен алған.  
Қара көңіл, топас ой, өзің таныр.  
Ой өрісі болған соң малдан жаман [9, 30 б.]  
(Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр. 1907)
3. Сабақты бірге оқып, болдық таныс,  
Отырған орын жақын, көңіл алыс.  
Жібек, торғын жапқанмен көрініп тұр  
Жүн деген түйедей боп, қара қайыс [9, 31 б.]  
(Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын. 1907)

Алғашқыда «ақ» пен «қара» ұғымын қарама-қарсы қою портрет шеберлігін жасаудағы ақынның өзіндік ерекшелігі болып табылады. Келтіріліп отырған екінші мысалда «қара көңіл» өрнегі белгілі бір адамның надандығын ой-өрісінің тарлығын, мал құмарлығын, ішкі ниетінің бұзықтығын т.б. ақын стиліне сай алынғанына назар аудартқымыз келеді. Тек «ақ» емес, үнемі дерлік соған қарама-қарсы ұғымда қолданылып келген «қара» өрнегін дйттегенде де, ақын туындысында жеке сөздердің өзінше отау тікпейтініне, қашан да ортақ ықпалға, дәуір талабына, ақын бағытына сай орын теуіп отыратынына көз жеткіземіз. С.Торайғыровтың мұсылмандық шығыс әдебиеті, оның ішінде мұсылмандық түркі әдебиеті дәстүрін қалай жалғастыруын дамытқанын дйттеу үшін тағы да ХІІІ ғасырдағы Қожа Ахмет Иассаудан мысалдар келтірейік.:

1. Сират атты қыл көпірден өтерде,  
Қиямет күн мені шерменде қылма.  
Қара жүзімді аққа балағайсың.  
Мұхамметті маған жар санағайсың.
2. Қасиетсіздер қасиетті боп көрінбек,  
Тіліменен қол үшін беріп, ішіменен бөлінбек.  
Шайтаннан артық мекерлігін жасырар,  
Таңда махшар қара жүзі ашылар. [6, 117, 220 б.]

Міне, мұндағы алғашқы үзіндіде «қара» жүзді «аққа» балау ниеті бой көтерсе, соңғыда теріс пиғылдылардың о дүниеде «қара» жүзі ашылатыны бөліп көрсетілген.

«Қорқыт ата» кітабында (ХV ғасыр) қара түс – белгілі бір адамның жалпы кемшілігі белгісі ретінде алынып, кемсіту, мазақ құралына айналдырылған: «Ұлы – қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін,

астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмегендер орнынан тұрып кете берсін» [10].

С.Торайғыров шығармаларын стиль тұрғысынан сараптағанда, «қара» сөзін ақынның әрі рең сипатын, әрі ниет жағымсыздығын ашу үшін келтірумен қатар, дәуірдің оң талабына, игі ниетке қызмет етуге бағыттаған мұсылман дәстүріне сай өрнектелу үлгілеріне тап келеміз:

1. От бар-ау қара көзде жанып тұрған,  
Сымбатты сұлу-ақ-ау барып тұрған... [9, 35 б.]  
(Қ...ға сәлем. 1909)
2. Кең маңдай, ми тұрарлық жұмыр басы,  
Қара жібек секілді ұзын шашы [9, 36 б.]  
(Қ...ға сәлем. 1909)
3. Шүкібай шал әкесі, заты Керей.  
Адал қара бітпеген тұлдыр кедей... [9, 48 б.]  
(Сарыбас. 1911)
4. Мешіт көзге көркем, өзі биік  
Тұрады екен жұмасына жұрт жиылып.  
Ғибраттанып борышымды өтейін деп,  
Мен бардым шаттықпенен көңілім сүйіп.  
Қасіретті қара толқын қайғы керіп,  
Қан қайнап әзер шықтым, ішім күйіп [9, 63 б.]  
(Мағынасыз мешіт. 1912)

Бастапқы үш мысалда тек рең өзгешелігі әспеттенсе, төртінші мысалда ниет, көңіл терістігін мансұқтау жүзеге асқан, сол арқылы пиғыл бұзықтығын жазғыру бояуы қалыңдай түскен.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ахметов, З.** Казахские стихосложение. – Алма-ата: Наука, 1964. – 459 с.; Қаратаев М. Таңд. Үш томдық. – Алматы : Жазушы, 1974; Қирабаев С. Революция және әдебиет. 1, 2-том. – Алматы : Жазушы, 1977; Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы : Қазақ университеті, 1991. – 400 б.; Кәкішев Т. Октябрь өркені. – Алматы : ҚМКӘБ, 1962; Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы : Мектеп, 1976. – 136 б.; Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы : Ғылым, 1980. – 136 б.; Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989; Нұрғалиев Р. Арқау. – 1-2 том. – Алматы : Жазушы, 1991 т.с.с.
- 2 **Ковалев, В. А.** Многообразие стилей в советской литературе. - Москва-Ленинград:Наука. – 1965. – С. 35-36; Поспелов Г. Н. Проблемы литературного стиля. – Москва : Московского университет, 1970.- С.123.; Боров Ю. Б. Художественный стиль метод и направление. //Теория литературных стилей Москва: Наука.- 1982. – С. 85-87; Гиршман М. М. Стиль литературного

произведения. //Теория литературных стилей. – Москва : Наука, 1982. – С. 257-258 т.с.с.

3 **Борев, Ю. Б.** Художественный стиль, метод и направление. //Теория литературных стилей. – Москва : Наука, 1982. – С. 77-78 .

4 **Гончаров, Б. П.** Проблема художественного целого и системность стилового анализа. //Теория литературных стилей. – Москва : Наука, 1952. – С. 249.

5 **Курилов, В. В.** Проблема стиля в современном советском литературоведении. //Литературные направления и стили. – Москва : Московского университета, 1976. – С. 50-51 .

6 **Қожа Ахмет Иассауи.** Диуани Хикмет. – Алматы: Мұратас, 1993. – 262 б.

7 Ертедегі әдебиет нұсқалары. – Алматы : Мектеп, 1967.-Б. 40 .

8 Қорқыт ата кітабы. – Алматы : Жазушы, 1986. – 128 б .

9 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. – Алматы : Жазушы, 1987. – 160 б.

10 Дирсаханұлы Бұқашжан туралы жыр. //Қорқыт ата кітабы. – Алматы : Жазушы, 1986. – Б. 11 .

11 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1 том. – Павлодар : ЭКО, 2003.- Б.239, 253 және 2 том. – 52 Б. 4 том. – Б.175 .

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 19.05.14 редакцияға түсті.

*M. N. Baratova*

### **Понятие «белый», «черный» в стихотворениях С. Торайгырова**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 19.05.14.

*M. N. Baratova*

### **The concept of “white”, “black” in the poems of S.Toraighyrov**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 19.05.14.

*В статье анализируется понятие «белый», «черный» в стихотворениях С. Торайгырова.*

*The article analyzes the concept of «white», «black» in the poems of S. Toraighyrov.*

UDC 81'42

**Zh.Y. Bekzhanova**

## **YOUTH DISCOURSE: ESSENTIAL RESEARCH REVIEW AND PERSPECTIVES**

*In the article the term «youth» is defined as an object of investigation in discourse linguistics, the most significant research in the history of youth discourse is reviewed and there are identified some perspectives in further study.*

### **Youth as an object of discourse study**

The language of the youth has always been a vivid criteria of language state as a whole. Although the terms «adolescents» or teenagers” are quite appropriate in most cases, in the article, we prefer the term «youth». As for the term «adulthood», based on biological criteria, it misleadingly suggests a homogeneous socio-cultural experience, which hardly corresponds to the real-life diversity of young people. Adulthood is defined from the perspective of adults and adulthood as a transitional period marked by lack of autonomy and competence, judged against the normative benchmark of adulthood, and often associated with deviance from adult norms [1]. As an alternative, the concept of «youth» depends on age borders and social institutions such as schooling and the job market, but it nonetheless offers a more flexible starting point for discourse-based research we are intending to deal with. Youth is then determined «in relation to that which is interpreted as respectively childish or adult».

Such a relational concept of youth is well placed to integrate the fuzziness of youth, extended post-adolescence, and ‘emerging adulthood’. Though UN determines youth as those persons between the ages of 15 and 24 years, without prejudice to other definitions by Member States. Though UNESCO define s“youth” as «every person between the ages of 15 and 35 years» [2]. We are inclined to consider the former definition in our work as it is closer to the purpose of our investigations.

Likewise, studies of youth culture have progressively shifted focus from class-based youth subcultures in Western societies to the diversity of youth-cultural expressions worldwide, and from deviation and resistance to life-style choices in a variety of ethnic groups and local communities (Shelton and Valentine 1998). Moving a step further, Bucholtz advances an approach that treats youth cultures not in relation to adult and child categories, but as social practices in their own right. Seen this way, the notion of youth emphasizes the here and now of experience, or put differently, «youth are cultural actors whose experiences are best understood from their own point of view» [1]. Such a culturally focused notion of youth forms



the backdrop for our examination of linguistic forms and discursive practices which have been found to typify the cultures of youth peer groups within sociolinguistics, ethnography, and conversation analysis. J. Androutsopoulos and A. Georgapoulou stress the importance of the peer-group either in leisurely or in institutional settings as a focal site for the discursive affirmation of relations of intimacy and solidarity, but also of conflict and hierarchy [3].

Speaking of solidarity as a feature of this social group, it is important to dwell upon the youth sub-cultures. Youth sub-culture, as Russian scholars suggest, is a set of values, norms of behavior, symbols and attributes of social demographic group of young people ages of 14 and 30 years. They are vividly seen in leisure time, but they are not usually confronted to the dominating value systems in a society as the subculture can include common cultural values as well [4]. It is proceeded from the idea that youth subcultures is a phenomena that occurs when the implementation of socialization of individuals into some reason it is impossible through official institutions (family, education, etc.), when the legitimate channels occurrence of a young man in a culture are completely or partially blocked. In other words, sub-cultures are formed for compensatory function, being alternative ways of getting into the culture. It is also not right to distinguish youth as belonging to “normal culture” or “sub-culture”. Tikhomirov states that the process of socialization and getting into the culture of each individual is a rather complex configuration, changing from time to time [5]. Language choice of youth in interaction certainly depends on the fact if the youth belong to this or that sub-culture, but the age itself and psychological factors of the sensitive social group are crucial factors here too.

#### Historical overview of the youth discourse study

Micro-analytic studies of specific discourse phenomena have defined several specific markers or indicators of peer-group alignment and membership belonging form a relatively closed list (e.g., Andersen 1997; Corsaro and Eder 1990; Eble 1996; Eder 1993; Erman 2001; Ito and Tagliamonte 2003; Kallmeyer and Keim 2003; Kataoka 2003; Norrby and Wirdens 2003; Stenström 2003). The list includes:

- playful language. e.g., language puns, play with words, jokes-telling
- teasing
- nicknames
- more or less innovative and unexpected or incongruous, mixings of language registers (e.g. formal – informal) and styles, mainly to humorous effects
- increased and innovative use of certain discourse markers (e.g. like), interjections (e.g., sort of, you know, I mean), extenders (e.g. and stuff like that), invariant tags (right?, innit?, yeah?), addressee-oriented tags (e.g. you know what I mean?). It must be noted here that there is a lack of consensus as to what is labeled as what in the literature, and some of the terms above are employed with overlapping reference.

- increased use of “intensifiers” (e.g., so, just, really followed by a qualifier) and more generally of expressive and affectionate elements, including manipulations of the graphemic code in cases of written language (see Section 5.)
- insulting or obscene terms (e.g., bitch, fuck, shit) that are frequently recast as terms of endearment and in-group bonding.

Specific generic forms have also been flagged up as being closely associated with intimate relationships. For instance, collaborative narration (e.g. Eder 1998) that involves various signals of audience participation, ranging from verbal and non-verbal back-channeling to ratification and enhancement of certain story parts (e.g. the climax); moreover, overlaps in turn-taking and various ways of “mirroring” or “echoing” the interlocutors’ previous turn in order to stress agreement with the point made. In similar vein, it has been shown that linguistic choices that highlight in-group bonding and membership belonging (e.g. positive politeness strategies) are frequently mobilized in peer-group communication, and that there is a tendency for implicitness and heavy reliance on shared assumptions (e.g. Deppermann and Schmidt 2003; Schmidt 2004; Spreckels 2006). These are frequently alluded to more or less cryptically in order to reaffirm intimacy and sharedness through invoking the familiar, and to rejoice in the recognition of this sharedness.

Media references, i.e., references to shared media experiences (e.g., songs, TV series), but also to shared stories from the interactional history of a group are hallmarks of an allusive style that can only be unpacked by the members of a close-knit group (Georgakopoulou 2003a, 2007; Spreckels 2006; Shankar 2004). Such reaffirmations and repetitive uses of an “in-group style” of dense referencing may seem to the outsiders as communication about “nothing” in as much as it occurs in leisurely settings that involve young people “hanging out”. The liminal aspects of such communication as suspensions of the norms of everyday engagement have been duly noted.

Nonetheless, it is also important to add a word of caution about the fact that what may be significant, serious, reportable, ordinary, or extra-ordinary is relative to contexts and participants. Code-switching phenomena are a case in point: studies of secondary school students in urban multi-ethnic environments have shown that not only is switching to a variety that is perceived as ours associated with affiliative acts, but also that speakers can perform alignments by crossing to a variety that is demonstrably not theirs. B. Rampton develops a precise, compelling empirical account by tracing distinctive types of language use through a remarkable data set of recorded youth speech. He uses the data to explore questions of broad concern—about the continued relevance of social class, the influence of media on youth engagement in schools, the shift from teacher-centered to student-centered instruction and other important issues concerning urban youth discourse in a foreign language [6].

The processes of demarcation and conflict in youth discourse have also been thoroughly studied. Young speakers may set themselves apart from a variety of relevant others in discourse, and a broad distinction between intra- and intergenerational boundary setting has been proposed. On the intra-generational side, boundaries are drawn to peer-group members or to other youth groups; in the inter-generational dimension, to family and relatives, (unknown) adults or persons of institutional authority such as youth workers or schoolteachers. For instance, the teenage male group studied by Deppermann and Schmidt delimited itself from: other male youth groups perceived as having “deviant” lifestyles (e.g., gays, students); girls (categorized by appearance and moral criteria); adult figures of authority (such as teachers and youth workers); persons with some kind of authority in the local society; family members; and public personalities (e.g. celebrities) [7].

Ritual conflicts are another interesting part of youth interaction research. Ritual conflict is defined as playful, non-serious verbal dispute that is not aimed at conflict resolution. It is competitive, resulting in “winners” and “losers”, without however ending in socially disruptive conflict. A well known instance of ritual conflict is «ritual insult», introduced in the linguistics literature by Labov’s classic study on the “sounds” and “dozens” of African American male teenagers [8], which are well-elaborated sequences of ritual insults with strict formal and semantic regulations. Similar genres of ritualized verbal competition are common in other non-Western European languages and cultures, including the Mediterranean, Near East, Latin America, Africa, and Arabic countries.

An important type of resource for indexing and negotiating dissent in youth discourse is «linguistic divergence» on different levels of linguistic description. A first area is socially marked vocabulary, including jargon, argot, and anti-language [9]. Such lexis is often taken to indicate by itself, i.e., through its formation patterns, a delimitation of its speakers from “normal” social values. However, concrete interactional analyses of how such forms are deployed in interaction are rare. In two studies examining the use of slang in interactions between adolescents (slang speakers) and adults (non-slang speakers)— mother/daughter interactions (Augenstein 1998) and conversations between young people and adult fieldworkers (Schwitalla and Streeck 1989)—the youngsters’ use of slang leads to misunderstandings which are subsequently repaired by the youngsters by offering equivalent non-slang lexis. In the case of fieldworker communication, however, the non-slang lexis offered by the young speakers shifted semantically from soft drugs to alcohol, and in this way “translated” a concept from the world of the local youth sub-culture into a concept seen as comparable for the world of adults. Such translation, and its celebration by young participants, sets clear boundaries between young insiders and adult outsiders and offers a nice illustration of the double function of argot/slang lexis as both a sign of belonging and a means of boundary-setting for the outsiders [3].

Russian linguists consider youth discourse and interactin from different viepoints. M.Chabanenko considers youth discourse based on the youth newspaper articles, and the ways the youngsters present themselves through the usage of nicknames and special language choice [10]. K.Tsibizov studies chat discourse of German youngsters, and here self-representation through chat interacton is in the focus [11]. O.Shevchenko reveals youth discourse through songs and defines their lingual semiotics [12]. A.Larionova made a significant research of the sociolinguistic and linguacultural aspects of informal students’ discourse [13].

### Perspectives in youth discourse research

Considering all research basis and current investigations, we are sure that there is a great perspective for contribution to the field in terms of investigating communication strategies and tactics used by youth. Though in Russian and Kazakhstani linguistics there are many works devoted to strategies and tactics, they mostly concern political , general media and other types of discourse. Here we see the importance of watching youth discourse on the intergenerational dimension, i.e. the interaction with the representatives of other age groups. The material for such studies can be talk-shows where this interaction is vivid and can be easily transcribed for discourse analysis. Using talk-shows, we are able to identify the ways the peer-groups show their social identity and present themselves as members of the group. Classical talk show is a triangle of a host, invited interviewees (experts), the audience. And each member of the talk show has his own part and function often prepared in advance by the producers . In most cases youngsters in talk show act as a victim of a situation, defended or accused or criticized by present experts and the audience. In rare cases, the youth representatives themselves act as experts or “prosecutors” which completely corresponds to the real-life situations.

It is also possible to observe Giles’ communication accomodation theory in real-life practice, define sensitive means of language accommodation of different social and groups to youth, and vice versa [14].

To conclude, youth discourse has become a fruitful field for study due to efforts of discourse researchers in the recent years, as youth is a really good source for studying the current state of a language as a whole. Investigation of strategies and tactics of youth discourse seems very significant for deeper understanding of intergenerational angle of youth-adults interaction.

### LIST OF REFERENCES

- 1 **Bucholtz, Mary.** Youth and cultural practice. Annual Review of Anthropology. – 2002
- 2 <http://www.unesco.org>. Social and Human Sciences.
- 3 **Androutsopoulos, J. and Georgapoulou, A.** Youth, discourse and interpersonal management. – 2008

4 **Glebova, E.** Зарубежный опыт работы с молодежными субкультурами (на материале Великобритании, США, Германии, Канады). – 2013.

5 **Tikhomirov, S.** Место молодежных субкультур в системе современной городской культуры. – 2010.

6 **Rampton, B.** Language in late modernity: interaction in an urban school. – 2006.

7 **Deppermann, A. and Schmidt, A.** Vor Nutzen des Fremden für das Einige. Interaktive Praktiken der sozialen Abgrenzung in einer jugentlichen peer-group. – 2003.

8 **Labov, W.** Language in the inner city: studies in the black English vernacula. – 1972.

9 **Haliday, M.** Language as social semiotic: the social interpretation of language and meaning. – 1978.

10 **Chabanenko, M.** Молодежный дискурс как реализация типовой и индивидуальной языковой личности. – 2007.

11 **Tsibizov, K.** самопрезентация языковой личности в немецком молодежном чат-дискурсе. – 2009.

12 **Shevchenko, O.** Лингвосомиотика молодежного песенного дискурса. – 2009.

13 **Larionova, A.** Неформальный студенческий дискурс: социолингвистический лингвокультурологический аспект. – 2011.

14 **Giles, H., Coupland, N., Coupland, J.** Communication, context and consequence. – 1996.

Kazakh Ablai Khan University of  
International Relations and World Languages, Almaty.  
Material received on 05.05.14.

*Ж. Е. Бекжанова*

**Жастар дискурсы: негізгі зерттеулер сараптамасы және келешегі**  
Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті, Алматы қ.  
Материал 05.05.14 редакцияға түсті.

*Ж. Е. Бекжанова*

**Молодежный дискурс: обзор основных исследований и перспективы**  
Казахский университет международных отношений  
и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 05.05.14.

*Мақала «жастар» ұғымын дискурс лингвистикасының зерттеу объектісі ретінде айқындап, жастар дискурсы тарихындағы ең маңызды зерттеулерді сараптайды. Сонымен қатар, болашақта жастар дискурсын зерделудің бағыттары анықталады.*

*В статье определяется понятие «молодежь» как объект исследования в лингвистике дискурса, проводится обзор основных исследований в истории молодежного дискурса и определяются некоторые перспективы дальнейшего изучения.*

ӘОЖ 81622.4

**Б. Б. Динаева**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫНДАҒЫ «ЖАЛҒЫЗДЫҚ» КОНЦЕПТІСІ**

*Бұл мақалада автор адам және ақиқат шындыққа қатысты ақпараттар легін жинақтаушы «Жалғыздық» концептісін қазақ тілінің паремиологиялық қорындағы мақал-мәтелдер арқылы талдайды.*

Концепт – сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі, әрі дамудың ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына – соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатары молайған ұғым концепт бола алады [1,36].

«Концепт» және «ұғым» терминдері, бір жағынан, сөздің мазмұн межесінің түрлі даму кезеңін бейнелесе, екінші жағынан, оның әртүрлі қызметін көрсетеді. «Концепт» ұғымнан тек қана сөздің таяныш боларлық ментальды түсінігімен қатар, әмбебап мәдени түсінік ретінде де ажыратылады [2,35].

Адам санасындағы әлем бейнесі өзінің болмыс бітімі жағынан алуан түрлі. Ғалам бейнесі тілде концептілер арқылы көрініс тауып, сөздің негізінде таңбаланып, өзара тілдік қатынасқа түседі. В. А. Маслованың көзқарасы бойынша, «дүние жайлы ақпараттың үлкен бөлігі адамға лингвистикалық арналар арқылы келеді, сондықтан да ол заттар мен құбылыстар әлемінен гөрі, интеллектуалдық, рухани, элеуметтік қажеттіліктер үшін жасалған концептілер әлемінде өмір сүреді. Ақпараттың орасан көп мөлшері адамға сөз арқылы жетеді және оның қоғамдағы жетістігі сөзді қаншалықты жақсы меңгергендігіне байланысты» болады екен [3,3].

Бүгінгі таңда адам баласының ойлау жүйесі күн өткен сайын дамып жетілуімен қатар, көптеген өзгерістерге түсіп отыр. Демек, құбылыстар мен жағдайлар арасындағы сәйкестік немесе айырмашылықтар тіл көрінісіндегі мүлдем жаңа мәліметтермен астарлануы тіпті сөз астарының беки түсуі қашанда сана төңкерісінің жанынан табылуы қажет. Қазақ тіл білімінде концептінің лингво-логика-философиялық табиғатын, тілдегі қызметін, түрлерін жан-жақты қарастырып саралайтын ғылыми зерттеулер аса қажет, өйткені адамзат баласының санасы мен болмысындағы өзгерістер қоғамдық, әлеуметтік, тарихи, т.б. жағдайларға тікелей байланысты. Сондықтан осындай факторлардың бәрі концептілердің табиғатын түрлендіріп, оның тілдегі ролін мейлінше күшейтіп отыр.

Егер «концепт» дегенді «адамның ұлттық-мәдени өресімен, қоғамдық-әлеуметтік іс-тәжірибесімен тығыз байланысты болып келетін адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдететін сөз мағынасының жасырын күші, мән-мағынаның мәтін астарындағы жекелеген ұғым-түсініктерді алмастыра алатын әлеуеті» деп түсінетін болсақ, концептілік ая – бір-бірімен тығыз байланысып қана қоймай, бір-біріне тәуелді болатын, өзара жымдасып келіп тұтастық құрайтын концептілер жиынтығы. Концептілік ая ұғымы «тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол – «мәдениет қоймасы» да екенін түсіндіретінімен маңызды, себебі ұлт мәдениетінің терең тамырын және оның бүтін бір халықтың, тұрғындардың әр алуан топтарының, тіпті жекелеген адам өміріндегі ролін тек тіл арқылы бағамдауға болады [4, 8].

Әлемнің тілдік бейнесінде ғалам, әлем, күллі дүние, оның заңдылықтары туралы барлық білім жинақталатын болса, дүниенің паремиологиялық бейнесінің концептілік аясы негізінен адамға, оның танымдық-концептуалдық, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси әлеміне қатысты этноқауымдастық үшін аса құнды саналатын өңделген ақпараттар жүйесін қамтиды. Ол ақпаратта тілдік және этномәдени қауымдастықтың әр мүшесін ортақ мүддеге сай тірлік кешіп, өмір сүруге үйрететін озық үлгідегі «адам және оның ортасына», «адам және ақиқат шындыққа», «жеке адам және оның рухани болмыс-бітіміне» қатысты лингводидактикалық мазмұн, тағылымдық-тәлімдік сарын болады.

Паремиологиялық дүние бейнесінде көрініс табатын «адам және ақиқат шындыққа» қатысты ақпараттардың бірі «*Жалғыз, Жалғыздық*» концептілерінде жинақталады.

Ғаламның тілдік бейнесінде «Сан» макроконцептісін тіліміздегі барлық сандар және сан ұғымын беретін сөздер, олардың атауыштық, символдық, бейнелілік, поэтикалық, пайымдық т.б. мағыналарда жұмсалудан туындаған тіл бірліктерінің (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар т.б.) жиынтығы түзеді десек, оның концептуалдық-семантикалық жүйесі этномәдени ақпараттық құрылымдағы құнды сипатқа байланысты іштей микроконцептілерге жіктелері сөзсіз. Демек, тілдегі сандардың барлығы

немесе кез келгені емес, мазмұндық-мағыналық өрісі ұлттың ділдік және діни тұғырына, этникалық төлтума болмысына қатысты ауқымды ұғым-түсініктерді қамтитын сандар ғана концепті ретінде зерттеу нысанына іліне алады. Олай болса, мағыналық астарында көне салттар мен ескі наным-сенімдерге, ырым-рәсімдерге, заңнамалық көне дәстүрлерге, тұрмыстық мәдениеттің ертеден жалғасып келе жатқан элементтеріне қатысты ақпараттар жататын бір, үш, жеті, тоғыз, он үш, жиырма бес, қырық, қырық тоғыз, елу, алпыс үш, ондық, жүздік, мыңдық, түмен сияқты сан атаулары мен егіз, қос, жалғыз, көп сияқты сандық ұғымды беретін сөздер дербес микроконцептілік құрылымдарды құрайды. Дүниенің тілдік бейнесінің паремиологиялық фрагментінде бұлардың өзінің барлығы бірдей емес, тек дүниенің тілдік бейнесін концептуалдық дүние бейнесімен жалғастыра алатындары ғана концептілік деңгейге көтеріле алатыны байқалады. Солардың бірі сан есім мағынасын білдіретін «жалғыз» сөзінің негізінде жасалатын, «*адам және ақиқат шындыққа*» қатысты ақпараттар легін жинақтаушы – «Жалғыздық» концептісі.

Жалпы адами түсінікте үрей, қорқыныштың жалғыздықпен қатар жүретіні белгілі. Ал қазақ халқының ментальды ұғымындағы жалғыздық тек жеке эмоциямен өлшенбейді, жаратылыстың заңдылығымен, әлеуметтік, қоғамдық түсінікпен өлшенеді. Қазақтар үшін «көптік» ұғымы – өсіп-өну, ұрпақ жаю, мұрагерлік өмірдің негізгі мәні. Жалпы адамзат баласы жалғыздықтан қорқады, жалғыздықтан жапа шегеді. Халқымыз: *Жалғыздық құдайға ғана жарасады; Жалғызға жұмақ та жараспайды; Жалғыздың жары құдай; Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас; Жалғыздың ісі бітпес; Жалғыз кісі жауынгер емес; Жалғыз иттің үргені білінбес, жалғыз кісінің жүргені білінбес; Жарлы деп сөкпе, пайғамбарға тілің тиеді, жалғыз деп сөкпе құдайға тілің тиеді* – деп жалғыздықтың адамға жақсылық әкелмейтіндігін айтады.

«Жалғыз» және «көп» ұғымдары қазақ халқының концептуалдық танымында дүниедегі заттар мен құбылыстардың жақсылы-жаманды, жағымды-жағымсыз қасиет-белгілерін бағамдайтын бағалауыштық және өлшемдік мәнге ие болып келеді. Мәселен, *Жалғыз бала – жарты бақыт, көп бала – алтын уақыт; Ер – жалғыз, ел – көп* деген аталы сөздерде «жалғыз» бен «көп» ұғымдары салыстырылады.

Жалғыздықтың жағымсыз сипаты «көп» және «аз» ұғымдарын сипаттайтын салыстырмалы мәтіндік жұпта тереңдей түседі. «Жалғыздық» концептісінің концептуалдық өрісіне жалғыздықты жақсы, жағымды мәнде бағалайтын пайымдар да енеді. Мысалы: «*Баймын*» деп мақтанба, жарлылық бар, «*Көпін*» деп мақтанба, жалғыздық бар деген мақалда адам баласын тәубасына келтіретін, өркөкірек, дарақылықтан аулақ болуға, шектен тыс байлықтың адамды қадір-қасиетінен жұрдай қылып, ақыр соңы

жалғыздыққа әкелетінін көрсете отырып, «жалғыздық» концептісін байлық әсерінен жіберілген жаман қылықтарға жаза ретінде береді. Сонымен бірге *Жалғыздық құдайға жарасар, көпсөзділік құранға жарасар; Жалғыздың жоғы жоғалса табылмайды, көптің жоғы жоғалса табылады; Көп дауыс қосылса, жалғыз дауысты жоқ қылады – дейді.*

Жалғыздық – жалғыз (адам), жалғыз ұл, ал көп – рулы (ел), қауым, ұйым, одақ ұғымында келеді. Қазақ халқында отбасындағы ұлдың болуы міндетті және халқымыз балажан, басқа ұлт өкілдеріне қарағанда ата-бабаларымызда ертеден бала саны кем дегенде төртеу-бесеу болған, ал көбі оннан артық болған. Оны дана халқымыздың *«Алты ұл туған ананы ханым десе болады, кезек сыйласқан ағайынды жаным десе болады»* деп көп балалы ананы дәріптеп, қошеметтегенінен көруге болады. Көп балалы болу – ең біріншіден, ұлттық қадір-қасиетімізді, салт-дәстүрімізді, тіліміз бен ділімізді жалғастырушы ұрпақтың, ұлттың әрі қарай дамып, өсіп-өнуі, өркендеп үрім-бұтағын жайып, қазақ халқының статистикалық жағынан кемімей өсуі. Екіншіден, адам психологиясына, тәлім-тәрбиесіне жалғыздықтың тигізер әсерін, яғни адам мінез-құлығының қалыптасуын көрсетеді. Жалғыз бала тек өзіне ғана көңіл бөлінгендіктен, біріншіден, ерке, тәкаппар, өзіншіл, өзгеге қамқорлық, көмек, жәрдем беруге тырыспайды. Әрине, айтылған мінез-құлық барлық жалғыз балаларға тән емес, себебі ата-ана, қоғамнан алған, көрген тәлім-тәрбиеге байланысты баланың адами қасиеттері қалыптасады, яғни ондай балалар көп балалы отбасында да кездесуі мүмкін. Дегенмен, өкінішке қарай, көп жағдайда жалғыз тәрбиеленген балаларда кездеседі. Сол себепті дүниенің паремиологиялық бейнесінде ол *Жалғыз бала – жарты бақыт, алты бала – алтын уақыт; Жалғыз ағашты жағу қиын, жалғыз баланы бағу қиын; Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала жылауық; Жалғыз қаздың үні шықпас, жалғыз қыздың мұңы шықпас; Жарлы болар жігіт байталын атқа айырбастайды, жалғыз болар жігіт ағайынын жатқа айырбастайды; Жалғыз тері тон болмас, жалғыздың сөзі оң болмас* т.б. мақал-мәтелдер арқылы беріледі.

Өмір сүру, тіршілік ету қажеттілігі адамдарды ру, тайпа, ауыл, ел, халық болып қауымдасып, белгілі бір географиялық кеңістікті, табиғи ортаны меңгеруге алып келді десек, қазақ этносының бастан кешкен тарихи-жаугершілік заманаларын, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің тынысын, өмірлік философиялық ұстанымдарын бейнелейтін *Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас; Жалғыз батыр жауға жоқ, жалғыз жігіт дауға жоқ; Жалғыз кісі жауынгер емес; Жалғыз иттің үргені білінбес, жалғыз кісінің жүргені білінбес; Қанша жуан болса да, жалғыз ағаш үй болмас, қанша жақсы болса да, жалғыз жігіт би болмас; Жалғыз ғана жаратқанның жолдасы жоқ; Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас; Жалғыз үйдің тамағы жетсе де, табағы жетпес; Жалғыз*

*ағаш пана болмас, жалғыз бие саба болмас; Денің сау болса, жарлығын деме; Жолдасың көп болса, жалғызбын деме; Аспанда күн жалғыз, жерде гүн жалғыз; Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас* т.б. мақал-мәтелдер адамдар қауымдастығының өміршеңдігі үшін аса қажет «бірлік», «ынтымақтастық», «татулық» сияқты концептуалды ұғымдар төңірегіндегі логика-философиялық ойды таңбалайтын лингводидактикалық мазмұнды құраушы тілдік модельдер. Сонымен қатар олар – әлемнің паремиологиялық бейнесінде бекіген топтасып тіршілік етуге қатысты нақты жағдаяттың суретті сипаттамасы. Ол суретті сипаттама тіл иесінің қандық-туыстыққа негізделген тек жайындағы түсінігін, қауым арасындағы жеке тұлғаның орнын *Егіз аттан жығылса, басын сүйер ағасы, жалғыз аттан жығылса, неге келер шамасы? Түйем жалғыз деп тұзға үйретпе, ұлым жалғыз деп асқа үйретпе* – деп тура немесе жанама түрде астарлап жеткізеді.

Бірақ жалғыздық жаман болғанымен, жалғыз барлық уақытта жаман емес. Сонымен қатар көптен, жалпыдан ерекше, дара тұлға ретінде жекелік ұғымды білдіретін когнитивтік бірлік ретінде танылады. Жалғыз және жеке сөздері лексика-семантикалық бірлік ретінде бір деңгейдегі мағыналас сөздер болғанымен, белгілі бір ұлттың тілдік-мәдени контекстіндегі ментальды бірлік – концепт ретінде кейде бір-бірімен сәйкесе бермейді. «Жалғыздық-жаман, бірақ жекелікке қол жеткізсе, ол – жақсы. Жекелік, бір жағынан жалғыздың шыңдалуы, көппен тайталас үстінде қалыптасуы» деген концептуалдық идея жатады.

*Жалғыз аттың пайдасы көп, жалғыз ердің айласы көп; Жалғыз шапқан ат жүйрік; Жалғыз атты жарыстан қалмас; Көп қарттың ішінде жалғыз бала дана болар* тәрізді мақал-мәтелдерді паремиологиялық деңгейдегі «Жалғыздық» концептісін жасауға қатысатын тілдік модельдер деп тануға болады.

Қорыта айтқанда, ғаламның тілдік бейнесінің паремиологиялық фрагментінде «Жалғыздық – жаман, бірақ жекелікке, дербестік пен озықтыққа қол жеткізсе, ол – жақсы. Жекелік, даралық, дербестік жалғыздың көппен тайталас үстінде шыңдалуы, жалғыздың жеңімпаз рухының қалыптасуы» деген концептуалдық идея «Жалғыздық» концептісінің арқауын құрайды дегіміз келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Колесов, В. В.** Концепт культуры: образ-понятие-символ // Вестник С-Петербургского университета, 1992 Серия 2, Вып 3.
- 2 **Күштаева, М. Т.** «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Канд. дис. қолжазба. – Алматы, 2002. – 192 б.
- 3 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. – Москва, 2001. – 208 с.

4 Лихачев, Д. С. Концептосфера русского языка // Известия АН. Серия литературы и языка, Том 52. № 1, 1993. – 79 с.

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.  
Материал 28.04.14 редакцияға түсті.

*Б. Б. Динаева*

**Концепт «Одиночество» в паремиологическом фонде казахского языка**

Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 28.04.14.

*B. B. Dinayeva*

**The concept of “Loneliness” in proverbs and sayings of the Kazakh language**

Kazakh Humanitarian Law University, Astana.  
Material received on 28.04.14.

*В статье рассматриваются языковые модели структур пословиц и поговорок казахского языка, раскрывающие концепт «Одиночество».*

*The given paper considers linguistic modules of structures of Kazakh proverbs and sayings revealing the concept “Loneliness”.*

ЭОЖ 373.412.2:371.3

**А. Ж. Досанова, А. А. Жумабекова**

**ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАЛПЫЛАУ ЖӘНЕ БЕЙІМГЕ КЕЛТІРУ**

*Бұл мақалада компьютерлік технология, интернетті қолдану және шет тілін оқытуда қолданылатын қашықтықтан оқытудың кейбір әдістері жайлы қарастырылады.*

Білім беруде жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуын зерттеу көрсеткендей, шет тілдерін үйрену кезінде оларды барынша тиімді пайдалану келесі ретте түсіндіріледі. Қазіргі таңда Интернет тілді үйренудің негізгі электрондық құралы болып табылады. Ол шет тілдерді, ең бастысы, ағылшын тілін оқытуда танымал құралдардың біріне айналды. Оның ресурстарын пайдалану әдістемесі арнайы ағылшын тіліне арнап әзірленген [1]. Шетел тілдерін оқыту барысында Интернет келесі жағдайларда іске қосылуы мүмкін: студенттер мен оқытушыларды сабаққа дайындау кезінде ақпаратты іздестіру (Интернет жылдам іздеп табады, уақытты үнемдейді және дерекөздерді көптеп табуға мүмкіндік береді); тілі тасымалдаушылармен синхронды (on-line) немесе асинхронды (off-line) коммуникация, тақырыптық формуларда, қашықтықтан оқыту чаттарында қарым-қатынас жасау халықаралық деңгейде дипломды мамандар атануға мүмкіндік береді [2]. Оқытушы келесі жағдайларда Интернет-технологияларды пайдалана алады: қосымша материалды іздестіру - оқытушы мамандандырылған сайттарға жүгініп, көптеген материалдар таба алады; сабаққа дайындалу – лексикалық жаттығуларды құрастыру үшін электрондық сөздіктерді пайдалану шет тіліндегі сөздерді түсіндіру; жеке мәселелерді тексеру – студенттердің факс, e-mail немесе іскерлік хаттар жазуы және оны жауап алу мүмкіндігінде электрондық күйде жөнелту; әдістемелік жұмысты жетілдіру – кәсіби бағдарламалардың көмегімен аудиоматериалдар бойынша оқу құралын жасау [3].

Арнайы компьютерлік бағдарламаларды пайдалану шетел тілін оқытудың интегралды бірлігіне айналады. Технологиялардың осы тобына мынадай мамандандырылған бағдарламаларды жатқызуға болады: компьютерлік курстар (Reward, The Business). Электрондық сөздіктер мен аудармашылар (Macmillan English Dictionary, Prompt), кәсіби софт (презентациялар, слайд-

шоулар дайындауда пайдаланылатын Power Point бағдарламасы), оқытушыға өз тестілерін жасауға мүмкіндік беретін тест қабықшалары [4].

Компьютерлік бағдарламалар студенттерге жеке әдістерді қолдануға мүмкіндік береді: компьютермен қалағанынша жұмыс істеуге болады. Заманауи компьютерді педагогикалық функцияларды орындауға, нақты білімдерден құрауға және диалог кезінде студентке білім беруге қабілетті жабдық ретінде қарастыра отырып, оқыту үдерісінде оны пайдаланудың келесі тәсілдерін атап көрсетуге болады: 1) компьютер оқытушының көмекшісі ретінде; 2) компьютер оқытушы ретінде; 3) компьютер білім көзі және студенттердің білімін «бағалаушы» ретінде. Компьютерлік, атап айтқанда, мультимедиялық оқыту құралдарын пайдалану компьютердің экранына анимацияланған мәтінді ғана емес, сондай-ақ дыбысты, иллюстрацияларды, видео-қатарды шығару арқылы көрнекілік қағидасын барынша іске асыруға мүмкіндік береді [5].

Дыбыстық, графикалық, анимациялық және мәтіндік әсерлерді үйлестіру арқылы заманауи лингвистикалық, технологиялық, әдістемелік және педагогикалық технологияларды іске асырып, белсенді тілдік ортаға енуге болады. Мультимедиялық құралдар жекелеген студенттердің қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне орай, оқытушыға оқу жоспарларын түзетуге мүмкіндік береді.

Оқыту формаларының алуан түрлері бар: қашықтықтан оқыту (distance learning) – Интернет, компьютер, телевидение, радио көмегімен студенттің білім алуы; қашықтықтан оқыту (distance teaching) – «алыстан» оқыту; қашықтықтан білім беру (distance education) – араларында тікелей байланыс болмаған жағдайда, оқытушы мен студенттің еңбегін үйлестіру; телеоқыту (teleteaching) – жер серігін (спутник) немесе телевидениенің басқа да нұсқаларын пайдалана отырып оқыту (teaching by network) – тек қана Интернет арқылы оқыту; телематикалық оқыту (telematic education) – ақпараттық құралдардың бүкіл гаммасын пайдалана отырып, оқытуға қатысатын барлық адамдардың іс-қимылын үйлестіру [6].

Қашықтықтан ашық оқытуды енгізудің ықтимал үш түрі бар. Алғашқы әдіс (www - іске асыру) заманауи www технологияларды пайдаланумен байланысты, мұнда оқу материалдары мультимедиа бейнесінде (мәтін, дыбыс, графика, бейне комбинациялары, қосымшаларға арналған гипермәтіндік сілтемелері бар анимациялар және түсініктемелер). Екінші әдіс (E-mail - іске асыру) электрондық хаттар түрінде мәтін алмасу арқылы қарапайым компьютерлік байланысты пайдаланумен байланысты. Үшінші әдіс (құрамдастырылған) нақты бір бағдарламалық жасақтамаға тәуелді етпей, электрондық поштамен оқу материалын беру арқылы гипермәтін мен бейнені ішінара пайдалануды қарастырады [7].

Компьютер мен мультимедияның жоғарыда аталған мүмкіндіктеріне қарамай, оқу үдерісінде олар жеткіліксіз пайдаланылады. Көбіне компьютер

информатиканы, бағдарламалау тітілдері мен кеңселік қосымшаларды үйренуге пайдаланылады. Мұның бір себебі шетел тілін оқытуда пайдаланылатын әдістемеден және педагогтардың дайындығынан көрінеді. Жаңа әдістемені енгізу бағдарламаны қайта қарауға және оқытушының рөлін өзгертуге әкеледі. Көбіне педагогтар кертартпалықтан немесе кәсіби дайындығы жеткілікті болмауынан, осындай өзгерістерге дайын болмай шығады. Жаңа ақпараттық технологиялар еңбек сапасына және педагогтардың біліктілігіне жоғары талаптар қояды.

Тілдік пәндерді оқыту барысында гуманитарлық мамандықта оқитын студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру барысында, қашықтықтан оқытудың рөлін айқындау мен анықтау қашықтықтан оқыту мен оның формаларын барынша толық қарастыруды қажет етеді [7]. Қашықтықтан жүргізілетін шығармашылық жұмыс креативті бағытқа ие білім беру үдерістерін ұйымдастырудың белгілі бір қағидаларына негізделеді. Қашықтықтан оқыту білімді құрастырудың телекоммуникациялық әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді, мұнда бір ақпараттық дереккөзі жоқ, оқытудың бағыты материалға емес, қашықтықтан жүргізілетін шығармашылық әдістердің көмегімен жүргізіледі [7].

Қашықтықтан оқытуда өзін шығармашылық тұрғыдан білдіру жағдайлары едәуір кең болып келеді. Мәселен, барлық тілек білдірушілер үшін студенттерге өздерінің шығармашылық өнімдерін көрсету мүмкіндігі әлеуетті Web-көрсеткіштер санын ұлғайтады, мұның өзі шығармашылық мүмкіндіктерді бағалау мүмкіндіктерін жасайды. Студенттің өзіндік білім алуға белсенділігін күшейту үшін, оқу үдерісінің барлық әдістемелік деңгейлерінде таңдау жүйесі қарастырылған: өзіндік білім мақсаттарын қойғанда, түрлі білім салаларында сабақтың басым бағыттарын, оқыту формалары мен қарқындыларын таңдауда. Гуманитарлық пәндерді қашықтықтан оқыту үшін, телеконференциялар оқу үдерісінің ажыралмас бөлігі болуы тиіс Телеконференцияны ұйымдастырғанда, алуан түрлі офф-лайндық конференциялар (off-line) мен онлайндық чаттар (online) түріндегі классикалық, сондай-ақ, Web-беттердегі «қонақ кітап» түріндегі ерекше формаларды пайдалану қажет. Телеконференция өткізу кезінде негізгі бағалау критерийлері мынадай болып келеді: пікірсайысқа қатысудың жалпы белсенділігі (сөз сөйлеу саны); пікірсайыс тақырыбында сұрақ қоя білуі; сұраққа жауап бере алуы, дәлелдеуі; ақпараттылығы, ақпараттық алғашқы дереккөздерін білуі; басты ойды атап көрсете алуы.

Ағылшын тілі сабақтарында және қашықтықтан оқыту кезінде оқу үдерісіне Интернетке жұмыс практикасын енгізу адамзаттың мәдениетіне құндылықтарымен жақындасуға және заманауи адамға қажетті қызығушылықтар аясын кеңейтуге мүмкіндік береді, қажетті ақпаратты таңдау және желімен қарым-қатынас жасау барысында коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Воронина, Т. П., Кашицин, В. П., Молчанова, О. П.** Образование в эпоху новых информационных технологий: Методологические аспекты. – М., 1995. – 203 с.

2 **Гершунский, Б. С.** Компьютеризация в сфере образования. Проблемы и перспективы. – М. : Педагогика, 1987. – 263 с.

3 **Дмитриева, Е. И.** Дидактические возможности компьютерных телекоммуникационных сетей для обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе. 1997, № 4.

4 **Полилова, Т. А., Пономарева, В. В.** Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранных языков // Иностранные языки в школе. 1997, №6.

5 **Беркимбаев, К. М.** Информатика. Учебное пособие. -Алматы, 2013. – 220 б.

6 **Машбиц, Е. И.** Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. – М. : Педагогика, 1998. – 192 с.

7 **Полат, Е. С.** Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М. : Академия, 1999. – 224 с.

“Туран-Астана” университеті, Астана қ.  
Материал 28.04.14 редакцияға түсті.

*A. Zh. Dosanova, A. A. Zhumabekova*

**Обобщение и адаптирование методических материалов информационных и компьютерных технологий в процессе обучения иностранному языку**

Университет “Туран-Астана”, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 28.04.14.

*A. Zh. Dosanova, A. A. Zhumabekova*

**Generalization and adaptation of methodical materials for using information and computer technologies in the process of teaching the foreign language**

“Turan-Astana” University, Astana.  
Material received on 28.04.14.

*В данной статье рассматриваются вопросы компьютерных технологий, использование Интернета и некоторые виды дистанционного обучения преподавания иностранных языков.*

*This article discusses the issues of computer technology, the use of the Internet and some distance learning foreign language teaching.*

УДК 81`373: 070.2

**К. С. Ергалиев, Е. Б. Асанбаева**

**ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ  
ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В  
ЗАГОЛОВКАХ КАЗАХСТАНСКИХ, РОССИЙСКИХ И  
АМЕРИКАНСКИХ ГАЗЕТ**

*Статья посвящена исследованию прагматического потенциала фразеологических единиц, употребляемых журналистами в заголовках статей. В работе рассматриваются важнейшие аспекты в истории развития фразеологии в мировой лингвистике, а также особенности данного раздела языкознания в казахской, русской и английской лингвистике. Основываясь на исследовательские работы выдающихся ученых мира, в данной работе определены основные функции фразеологических единиц, где особое внимание уделяется той стороне рассматриваемых языковых средств, которая до этого момента не исследовалась должным образом, когнитивной природе в этическом аспекте.*

Успешность продаж определенного товара на рынке напрямую зависит от его внешнего вида: продукция, красиво упакованная в красочную обертку, находит своих потенциальных покупателей куда более часто, нежели та, чей внешний вид не так бросается в глаза, хоть и не уступает по качеству содержимого. Данная закономерность не обходит стороной и публицистику. Здесь в роли потенциального покупателя выступает читатель, который приобретает «товар» – публицистическую статью, а той самой “красочной оберткой”, глядя на которую он делает выбор, является заголовок данной статьи. Ведь, как установили психологи, около 80% реципиентов, читая газету, обращают внимание исключительно на заголовки и лишь затем останавливают свое внимание на тех статьях, чьи заглавия сумели их заинтересовать.

«Заголовок является уникальным типом текста. Он имеет целый ряд функций, которые специально диктуют свою форму, содержание и структуру. Он кратко обобщает всю историю, о которой повествуется в статье, в минимальном количестве слов и привлекает читателя к тексту» [1, 13].



Несмотря на то, что основной функцией заглавия служит краткое информирование читателя о содержании статьи, в настоящее время в мире публицистики, где сосуществуют сотни, а то и тысячи периодических изданий, идет настоящая «борьба» за читательский интерес. Обратим внимание на историю образования данной структуры газетного текста: согласно исследованиям ученых Р. Е. Гарст и Т. М. Бернштейн, изначально в американских газетах не было заголовков, потому что тогда реципиенты, как и ожидается, читали их от корки до корки. И лишь со временем, как только число периодических изданий увеличилось, вследствие чего адресатов, читающих газету (или журнал) полностью стало меньше, редакторы начали использовать «краткое содержание статьи» в самом его начале, выделенным, как правило, крупным или жирным шрифтом [2]. Таким образом, заглавие постепенно начало выступать приманкой при «охоте» на читательское внимание.

В современной публицистике журналисты пускают в ход всевозможные языковые (и неязыковые) средства, дабы сделать заглавие более привлекательным. Одним из таких часто используемых средств являются фразеологизмы.

В лексическом составе языка фразеологизмы занимают значительное место, так как они образно и точно передают мысль, отражают различные стороны действительности. Фразеологизмы по большей части не только обозначают определенное явление действительности, но и характеризуют его, дают ему определенную оценку.

Как говорил А. В. Кунин, крупнейший специалист по фразеологии английского языка: «Фразеология – это сокровищница языка» [3]. Фразеологизмы не только помогают сделать речь эмоциональной и наиболее выразительной, но также отражают культуру и быт языка того или иного народа. Фразеологизмы часто носят ярко национальный характер.

В мировой лингвистике на протяжении многих лет не сложилось единого мнения о том, что такое фразеологизм. Одни исследователи (Л. П. Смит, В. П. Жуков, В. Н. Телия, Н. М. Шанский и др.) включают в состав фразеологии устойчивые сочетания, другие (Н. Н. Амосова, А. М. Бабкин, А. И. Смирницкий и др.) – только определенные группы. Так, некоторые лингвисты не включают в разряд фразеологизмов пословицы, поговорки и крылатые слова, считая, что они по своей семантике и синтаксической структуре отличаются от фразеологических единиц. В. В. Виноградов утверждал: «Пословицы и поговорки имеют структуру предложения и не являются семантическими эквивалентами слов» [4].

Швейцарский лингвист Ш. Балли, считающийся основоположником теории фразеологии, впервые систематизировал сочетания слов в своей книге «Французская стилистика», куда включил главу о фразеологии. Он выделил несколько типов словосочетаний [5, 69]:

1. свободные словосочетания (*les groupements libres*) – сочетания слов, лишённые устойчивости, распадающиеся после их образования;

2. привычные сочетания (*les groupements usuels*) – словосочетания с относительно свободной связью компонентов, допускающие некоторые изменения, например, *une grave maladie* – серьезное заболевание (*une dangereuse, serieuse maladie* – опасное, серьезное заболевание);

3. фразеологические ряды (*les series phraseologiques*) – группы слов, в которых два понятия практически сливаются в одно целое.

В дальнейшем Ш. Балли пересмотрел свою концепцию и пришел к мнению, что привычные сочетания и фразеологические ряды являются лишь промежуточными типами сочетаний. Вследствие чего он выделил только две основные группы сочетаний:

1. свободные сочетания;

2. фразеологические единства, т.е. словосочетания, компоненты которых, постоянно употребляемые в данных сочетаниях для выражения одной и той же мысли, утратили всякое самостоятельное значение.

Как говорил А. В. Кунин, фразеологические единицы – это устойчивые сочетания слов с осложненной семантикой, не образующихся по порождающим структурно-семантическим моделям переменных сочетаний. Они заполняют лакуны в лексической системе языка, которая не может полностью обеспечить наименование познанных человеком (новых) сторон действительности, и во многих случаях являются единственными обозначениями предметов, свойств, процессов, состояний, ситуаций и т.д. Образование фразеологизмов ослабляет противоречие между потребностями мышления и ограниченными лексическими ресурсами языка. В тех же случаях, когда у фразеологизма имеется лексический синоним, они обычно различаются в стилистическом отношении [3, 4].

А. И. Р. Гальперин называет фразеологические единицы (ФЕ) «сочетанием слов, в которых значение целого доминирует над значением составных частей или, иными словами, значение целого сочетания не совсем точно, а иногда и совсем не выводимо из суммы составляющих это сочетание частей» [6].

Что касается зарубежной лингвистики, основной проблемой в спорах ученых является вопрос о рассмотрении идиом отдельно от фразеологизмов. Группа лингвистов во главе с А. Naciscione [7] разделяют эти два языковых средства друг от друга, основываясь на их семантику и структуру, тогда как А. В. Кунин [3], Н. Burger [8], А. Langlotz [9], Ch. Fernando [10] считают правильным рассматривать идиомы лишь вариацией фразеологических единиц, образовавшихся в ходе дискурса. Ч. Фернандо использует термин «обычная грамматическая трансформация» и заявляет, что идиомы, будучи частью языковой системы, не могут далеко отдалиться от изначального фразеологического значения, так как по сути являются лишь их обычной вариацией [10, 54].

В данной работе мы сочли правильным, придерживаясь этого мнения, рассматривать идиомы в составе фразеологических единиц.

Классификация фразеологических единиц – еще один спорный момент в данном разделе языкознания. Так, например, в русской и казахской лингвистике на протяжении долгих лет установилась классификация, представленная академиком В.В.Виноградовым, согласно которой фразеологические единицы делятся на три группы: фразеологические сращения, фразеологические единства и фразеологические сочетания [3]. Тогда как в английской лингвистике нет определенной классификации: здесь ФЕ разделяют на подгруппы по их структуре, в соответствии с частями речи, которым они эквиваленты, по тематике и т.п.

Учитывая данные обстоятельства, в работе мы решили не разделять ФЕ на подгруппы, а рассмотреть особенности их использования в публицистических заглавиях в соответствии с функциями, которые они выполняют.

Многие лингвисты определяли для ФЕ различные функции, остановимся на самых важных.

• **Номинативная функция** выражается в соотношении с объектами реального мира, с различными ситуациями, а также способностью пополнять лексический состав языка: «**Қара жүзділіктің белгісі емей немене?**» («Заман-Қазақстан», далее – З-Қ – 07.04.1995); «**Қас қағым сәтте...**» («Парасат», далее – П – 2003. №10); «**Айналайынға таяқ тастам жер**» («Егемен Қазақстан», далее – ЕҚ – 13.11.2009); «**До ядерной бомбы рукой подать**» («Российская газета», далее – РГ – 11.02.2001); «**Скутер Депардье угнали под носом у полицейских**» (РГ – 26.03.2013); «**Depth Makes Vancouver a Dark Horse in M.L.S.**» («The New York times», далее – TNYT – 10.03.2012); «**New Delhi hunts for 'black money'**» (TNYT – 21.05.1972).

• **Стилистическая функция** – целенаправленное использование ФЕ для достижения определенного стилистического эффекта. К стилистическим функциям характерны экспрессивно-образная, эмоционально-экспрессивная и прочие дополнительные функции: «**Буынсыз жерге пышақ ұрмайық**» (П – 2006. №10); «**Крокодилдің көз жасы**» немесе монополистер неге жылайды?» («Жас Алаш», далее – ЖА – 11.04.2002); «**Баяғы жармас сол жармас**» («Сарыарқа самалы» – 27.03.2010); «**Жилье бьет ключом**» (РГ – 25.03.2013); «**У парней золотые руки**» (РГ – 12.08.2012); «**Michelangelo's Forbidden Fruit Was a Fig**» (TNYT – 13.03.1989); «**Rockies' Fans and Revenues Are Vanishing Into Thin Air**» (TNYT – 14.06.2005).

• Далеко не всегда у журналиста есть возможность выразить свою точку зрения к изложенной в статье новости, в таком случае в ход пускается **оценочная функция**, которая также свойственна ФЕ: «**Отырсақ опақ, тұрсақ сопақ**» қырғыздарға қайтпек керек?» («Айқап», далее

А – 16.12.2005); «**Ай қарап жүр ме, түге...**» (А – 02.04.2008); «**Не всем до лампочки**» (РГ – 25.11.2005); «**Китай в очередной раз показал ВТО, кто в доме хозяин**» («Комсомольская правда», далее – КП – 20.06.2012); «**Командир «под мухой**» (РГ – 05.08.2003); «**Health Care Is New Darling Of Pork Barrel Spending**» (TNYT – 25.12.2001); «**Looking for missing Flight 370, the 'needle in a haystack**» («The Washington post», далее – TWP – 25.03.2014).

• Еще одной отличительной чертой ФЕ, которую мы хотели бы выделить в данной работе, является их **этнокогнитивная функция**. Несмотря на то, что среди фразеологических единиц разных языков есть много общего, а некоторые даже являются дословными переводами одного и того же фразеологизма («**Батыр да бір оқтық**» немесе «**Ахиллестің өкшес**» (ЕҚ – 17.11.2012); «**Ахиллесова пята Брэда Питта**» (КП – 05.12.2003), «**Poll: Benghazi is no Achilles heel for Clinton**» (TWP – 04.03.2014)), в каждом языке, как отдельной культуре, есть группа устойчивых словосочетаний, свойственных данному менталитету, нации и этнокультуре. Рассмотрим на примере следующих заголовков из казахстанских периодических изданий.

«**Бесіктен белі шықпай жатып, өмірден неге түңіледі?**» (ЕҚ – 26.02.2011). Устойчивое сочетание слов «бесіктен белі шықпай» дословно переводится, как «не выйдя еще из колыбели». Его можно считать синонимичным фразе «молоко на губах еще не обсохло» в русском языке и «he is wet behind the ears» или «he is still green» в английском, однако для казахов «бесік» является не просто колыбелью-качалкой, а золотым гнездом младенца, особо важным атрибутом в быту, и существует целый ряд обычаев и традиций, связанных с укладыванием и отучением младенца от люльки.

«**Білімнің қара шаңырағында талаптыға нұр жауар**» (З-Қ – 27.06.2003). «Шаңырақ» – это круг образующий потолок юрты. Для казахов он служит символом дома, домашнего очага, продолжения рода (русс. «домашний очаг», англ. «Lares and Penates»), поэтому не случайно можно встретить его изображение на гербе современного Казахстана. Шаңырақ был семейной реликвией, передавался из поколения в поколение, а кара шаңырақ юрты отца почитался сыновьями как святыня. Поэтому сегодня используя фразеологизм «кара шаңырақ», казахи подразумевают «почитаемый, уважаемый дом», который, как в данном примере, также может употребляться в переносном значении «альма-матер» (англ. “alma mater”).

«**Жыры бітпейтін Шардара немесе топан су қаупінен Сыр елі қашан құтылады?**» (А – 20.02.2008) или «**Байқоңырдың «жыры» қашан бітеді?**» (Z-К – 24.05.1996). «Жыр» – это «песня», то есть «жыры бітпейтін» переводится как «чья песня не кончается». Казахский народ всегда считался талантливым, особенно в пении. Не было никогда вечерних посиделок или каких-либо других торжеств, где не был воспет хоть один «жыр». Как хозяйева дома, так и гости от малого до великого все с удовольствием встречали

рассветы, воспевая народные песни. Отсюда и произошел фразеологизм «*жыры бітпейтін*», что означает «нескончаемый, бесконечный», альтернативой которому могут послужить ФЕ «конца-краю нет» и «ни конца, ни края» в русском, а также «*long-winded*» и «*long-drawn-out*» в английском языках.

«*Қаймағы бұзылмаған қазақ қаласы қиял ма?..*» (JA – 19.04.2003). ФЕ «*қаймағы бұзылмаған*» дословно переводится сложно, примерное значение – «цельное молоко, составные части которого не подвергались воздействию посредством их регулирования». Молочные изделия издревле считались одним из основных блюд у казахов. Сүт, кымыз, шұбат, айран, қатық, қаймақ и еще множество разновидностей молочных продуктов называли одним словом – «ақ». И считалось уму не постижимым, если на столе не было хоть одного из вышеуказанных продуктов. Такая высокая значимость молочных изделий в культуре и породило в следствие множество устойчивых словосочетаний в языке. Как таковой альтернативы данному выражению во фразеологическом запасе русского и английского языков нет. Можно лишь указать следующие слова-синонимы: «нетронутый, неизменный, в первоизданном виде» и «*primordial*», «*primary*» или «*untouched*» в английском языке.

«*Қой аузынан шөп алмайтын момын қыздар ұнайды*» (A – 17.01.2007). Весьма кроткого человека казахи называют «*қой аузынан шөп алмас*», что дословно переводится, как «у барана из рта и травинку не вырвет». Схожие по значению фразеологизмы есть и в русском («и мухи не обидит», «воды не замутит»), и в английском («*he wouldn't hurt a fly*») языках. Однако вместо «мухи», что используется во всех перечисленных языках, «главным героем» фразеологизма в казахском языке оказывается баран, что неспроста. Основной отраслью хозяйства казахов было кочевое скотоводство. Особенно широко распространённой деятельностью было разведение овец и баранов, что объяснялось не особой «придирчивостью» этих животных ни к корму, ни к климатическим условиям, а также их послушностью и кротостью. Эти качества и послужили основой для образования таких фразеологизмов, как «*қойдан жуас*», «*қой аузынан шөп алмас*», «*қойдан қоңыр*».

Такие фразеологические единицы, носящие этнокогнитивный характер, встречаются в заголовках как российских: «Без царя в голове» (RG – 10.09.2008); «Первый блин комом» (RG – 01.03.2012); «Миссия невыполнима: Законодательство в области промышленной безопасности напоминает тришкин кафтан» (RG – 14.02.2012); «Тетрадки для учеников влетят в копеечку?» (KP – 11.08.2008); «Денисов погнался за длинным рублем в «Анжи» (KP – 17.06.2013), так и американских периодических изданий: «*Explaining quantum computing in plain English*» (TWP – 02.01.2014); «*B from Bull's Foot - Ship-Shape and Bristol Fashion*» (TNYT – 16.08.1896); «*To grin like a Cheshire cat*» (TNYT – 11.09.1887).

Как мы видим, фразеологизмы не только придают тексту стилистическую окраску, но и несет в себе определенный национальный познавательный характер. Это служит дополнительной причиной для использования ФЕ журналистами в названиях своих статей.

В данной статье мы рассмотрели фразеологические единицы в роли языковых средств, используемых журналистами в заголовках публицистических статей для усиления их прагматического воздействия на потенциального реципиента. В ходе исследования мы обратили особое внимание на этнокогнитивную функцию, одну из главных особенностей, фразеологических единиц, которая до сих пор не исследовалась должным образом. Учитывая, что каждая фразеологическая единица является одной из тысячи достояний того или иного языка, мы убедились в том, что они также являются отражением культуры целого народа. Вследствие чего, несмотря на общую схожесть, неминуемы отличия при употреблении фразеологизмов в дискурсе казахского, русского и английского языков. Учитывая такой стилистический, этнокогнитивный и, главное, прагматический потенциал фразеологических единиц, можно смело утверждать, что они являются одним из часто употребляемых и, самое важное, успешных языковых средств, используемых в газетных заголовках для выполнения его главной функции – информативности, наряду с привлечением читательского интереса, что, в свою очередь, является основной целью автора.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Reah, D.**, 1998. *The Language of Newspapers*. London; New York: Routledge: International Ltd, pp: 126.
- 2 **Garst, R. E. and Bernstein, T. M.** 1961. *Headlines and Deadlines*. U.S.A.: New York, Columbia University Press, pp: 237.
- 3 **Кунин, А. В.** 2005. *Курс фразеологии современного английского языка: Учебное пособие*. 3-е изд., стереотип /А. В. Кунин. Дубна: Феникс, – 488 с.
- 4 **Виноградов, В. В.** 1977. *Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Виноградов В. В. Избранные труды. Лексикология и лексикография*. Москва, – С. 140-161.
- 5 **Балли, Ш.** 2009. *Французская стилистика*. пер. с фр. К.А. Долинина; под ред. Е.Г. Эткинда. 3-е изд. Москва: УРСС Эдиториал, – 384 с.
- 6 **Гальперин, И. Р.** 1958. *Очерки по стилистике английского языка*. Москва: Изд-во лит. на иностр. яз., – 459 с.
- 7 **Naciscione, A.** 2001. *Phraseological Units in Discourse: Towards Applied Stylistics*. Riga: Latvian Academy of Culture, pp: 283.
- 8 **Burger, H.** 2007. *Phraseology. An International Handbook of Contemporary Research*. Vol.1., Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co, pp: 568.

9 Langlotz, A. 2006. Idiomatic Creativity: a Cognitive-Linguistic Model of Idiom-Representation and Idiom Variation in English. Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins B.V., pp: 325.

10 Fernando, Ch. 1996. Idioms and Idiomaticity. Oxford: Oxford University Press, pp: 265.

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 15.05.14.

Қ. С. Ерғалиев, Е. Б. Асанбаева

**Қазақстандық, ресейлік және америкалық газет тақырыптарында фразеологиялық бірліктерді қолданылу ерекшеліктері**

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
Материал 15.05.14 редакцияға түсті.

K. S. Yergaliyev, Y. B. Asanbayeva

**The features of using of phraseological units in the headlines of Kazakhstan, Russian and American newspapers**

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.  
Material received on 15.05.14.

*Мақалада журналистердің тақырып ретінде қолданылатын фразеологиялық бірліктерінің прагматикалық әлеуеті қарастырылады. Әлемдік тіл білімде фразеологияның даму тарихының басты қырлары, сондай-ақ қазақ, орыс, ағылшын тіл білімдерінде аталған саланың ерекшеліктері зерделенеді. Белгілі ғалымдарының зерттеу еңбектерін негізге ала отырып, жұмыста фразеологиялық бірліктердің басты қызметі айқындалады.*

*The article is devoted to the research of pragmatic potential of phraseological units, which journalists use in the title. In this work we consider the most important aspects in the development of phraseology in the world linguistics, and also features of this section of linguistics in Kazakh, Russian and English linguistics. Based on the research work of outstanding scientists of the world, in this work the main functions of phraseological units were identified where special attention paid to the other side of the considered language means that up to this point has not been investigated properly, the cognitive nature of the ethnic aspect.*

ӘОЖ 81`373: 070(574)

Қ. С. Ерғалиев, Е. Б. Асанбаева

## **ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПАТ КЕШЕНІНІҢ КӨРІНІСІ**

*Мақалада қазақ тіліндегі мысалдар негізінде талданған публицистикасындағы тақырыпат кешені: айдар, тақырыпат, тақырыпша, лид қарастырылады.*

Мерзімді басылымдар әлемдік жаңалықтардан хабардар беруде әрі қоғамдық санаға әсер етуде айрықша рольге ие. Қазіргідей сан алуан газет-журналдар мен ондағы осынау көп мақалалардың ішінен оқырманның өзіне қажетті әрі қызықты ақпаратты іздеп табуда публицистикалық тақырыпат кешендері маңызды қызмет атқарады. Дұрыс құрылған тақырыпат арқылы тілші адресатқа мақала жайлы алғашқы және жалпы түсінік беріп қана қоймай, сонымен қатар оған белгілі деңгейде әсер етіп, мақаланың толық мәтініне жүгінуіне, ой әрекетіне итермелей алады. Ағылшын ғалымдары Р.Е.Гарст пен Т.М.Бернштейн атап көрсеткендей, алғашында америкалық газет беттерінде мақала тақырыптары болмаған, себебі сол кездің оқырмандары, шынымен де, публицистикалық басылымды басынан бастап, аяғына дейін толық оқитын. Кейін ғана мерзімді басылымдар саны артып, газетті толық оқитын адамдар саны азайған соң, редакторлар әр мақаланың алдына оның қысқаша мазмұнын жазып, оны ерекше әріп не түстермен белгілейтін болған [1]. Тақырыпат кешенінің газет беттеріндегі мақалаларды бір жүйеге келтіріп, реципиенттің өзіне керекті мағлұматты тауып алу ісінде жолсерік қызметін атқаратынын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Тақырыпат – мақала мәтінінен бұрын орналасатын, оның мазмұнынан хабардар етіп, оқырман санасында алғашқы түсінік қалыптасуына әсер ететін, публицистикалық шығарманың толық мәтінін оқуға итермелейтін стилистикалық тұрғыда салмақты әрі маңызды құрылым. Дей тұрғанмен, ол публицистикалық басылымның басқа да құрылымдық элементтерінен тәуелсіз жеке дара компонент бола алмайды. Публицистика дамыған сайын, ондағы тақырыпат кешені де жетілуде. Қазіргі газет беттеріндегі тақырыпат кешені келесідей деңгейлерді қамтуда: *Айдар → тақырыпат → тақырыпша → лид*.

*Айдар* газет не журналдағы барлық публицистикалық шығармаларды тақырыптық тұрғыда сұрыптап топтастырады. Әдетте, қазақстандық мерзімді басылымдардың айдарлары «Экономика», «Саясат», «Қоғам» деген сынды мақалалардың жалпы тақырыптық белгілеріне қарай ажыратылады.

Осылайша, айдар реципиенттің газетті қолына алған сәттен-ақ өзіне қажетті де қызықты көрінетін ақпаратты табудағы алғашқы белгі қызметін атқарады.

Тақырыпат кешеніндегі келесі саты – *мақала атауы*. Бұл құрылымның публицистикада алар орны, атқаратын қызметі де орасан зор. Тақырыпатқа жүктелетін міндеттерді Р. Е. Гарст пен Т. М. Бернштейн өте қызықты әрі дөп басып суреттейді. Ғалымдардың ойынша, публицистикалық мақала атауы тіс емханасындағы тіс пастасының, болмаса қонақүйдегі сабынның сынама үлгісі іспеттес роль атқарады. Бұл үлкен бүтіннің кішкентай бөлшегі әлеуетті тұтынушыға өнім жайлы сенімді де толық ақпаратты жылдам әрі жеңіл түрде жеткізуге және мұны тартымды істей отыра, оның өнімге үйір болу, қызығушылық сезімдерін тудыруға арналған. Газет тақырыпатының мақсаты да сондай: анық әрі толық ақпаратты жылдам және тартымды жеткізе білу [1, 103].

Публицистика дамуының алғашқы сатыларында тілшілердің өз мақалаларына берген атаулары редакторлар тарапынан қатты сыналып, нақты талаптарға жауап берілу мәселесіне ерекше назар аударылатын. Сондағы басты талаптардың қатарына мақала атауының ықшам болуы әрі ондағы мәтін жайлы мейлінше нақты мәлімет бере білу қабілеті кіретін. Бұл туралы ғалым Е. А. Реферовская былай дейді: «Газет тақырыпаттары өзіндік грамматика-стилистикалық ерекшелікке ие. Бұл олардың тілдік құралдарды үнемдеуде зор мүмкіндігі бар функционалдық сипатымен байланысты. Барынша аз тілдік құралдар арқылы мейлінше көп ақпаратты жеткізу баспасөз тілінде, әсіресе тақырыпаттарға тән, жалпы үрдіс болып табылады» [2, 48].

Мұндай үрдіс ұзақ уақыт бойы публицистиканың «алтын қағидасы» болып саналып келсе де, заман талабына сай журналистер аталмыш ереженің олар үшін тиімсіз екендігін аңғарды: ықшам әрі ақпараттық тұрғыда салмақты тақырыпатта екі ойлылық, астыртын мағына, мәнмәтін сынды оқырмандар назарын өзіне тартып, қызығушылығын оята білетін құралдарды үйлестіру қиын еді. Осыған сай тілшілер мақалаларына атау беру ісінде ақырындап ортақ ережеден ауытқи бастады. Нәтижесінде газет беттерінде көлемді не бірнеше компонентті мақала атауларының, тақырыпат құрамында бұрын-соңды қолданылмаған жаңа тілдік құралдардың кездесуі жиіледі. Бұл жайлы С. В. Ляпунның еңбегінде мынадай топшылауды кездестіреміз: «Заманауи публицистикада мақаланың негізгі тақырыбы ашық көрсетілетін тақырыпаттар сирек кездеседі, өйткені мұнда тілші үшін астарлы мән құру мүмкіндігі жоқ. Есесіне мақала атауы мен оның мазмұны арасында ассоциативті байланыс түрі анағұрлым жиі кездеседі. Аталмыш жағдайда автордың түрлі құралдар арқылы тақырыпатты оқырман көңілін еліктіре алатындай қызықты етіп ұсыну мүмкіншілігі зор. Осылайша, шытырман тақырыпат бүгінде публицистикада тілшілер тарапынан жоғары сұранысқа ие әрі өнімді құрал болып саналады» [3, 125].

Мерзімді баспасөздегі бұл үрдіс қазақ публицистикасын да сыртқары айналып өткен жоқ. Әр жылдары басылып шыққан газеттерді ашып көретін болсақ, ондағы мақала атауларының құрылымдық, мағыналық тұрғыда түрленіп отырғандығын байқаймыз: «Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-қапалықта екенінің баяны» (ДУГ – Дала уалаятының газеті, 1894. –N33, 34, 35); «Аңқау елге – арамза молда» (ДУГ.- 20.11.1900); «Газет тілі қалай түзеледі?» (Еңб. Қ. – «Еңбекші қазақ» газеті, 26.11.1925); «Ұлтшылдық “садвақасовшылдықпен” күрес солғындамасын» (Еңб. Қ.- 16.09.1929); «Әдебиеттегі смағұлшылдық» (Еңб. Қ.- 02.10.1929); «Дүкеннің түнгі “меймандары” қолға түсті» (СС. – «Сарыарқа самалы» газеті, 26.12.96); «Жылу, электр энергиясы жеткілікті болсын десек...» (СС. – 05.11.96); «“Төртінші” жүзді қолдан жасап алмайық» (Азия Т. – «Азия Транзит» газеті, 23.12.1999); «Қырғыз еліндегі тұрақсыздықтың “ауған синдромы”» (Айқ. – «Айқап» газеті, 04.11.2005).

Тақырыпат кешеніндегі келесі саты – тақырыпша (подзаголовок). Аталмыш құрылым да публицистикада уақыт өте келе пайда болды, оған бірден-бір себепкер болған жағдай – тілшілердің ойнақы, екі ойлы мәні бар тақырыпаттарды қолдануы. Автор мақала атауы арқылы мейлінше көп оқырман көңілін қаратқысы келгенмен, тақырыпат кешенінің басты мақсаты адресатты публицистикалық шығарманың мазмұнынан хабардар ету болғандықтан, бүгінгі күні журналистер көп жағдайда тақырыпатты оқырман назарын еліктіруші «жылтыр қаптама» ретінде, ал оның ішінде жасырынған «тауардың» құрамы жазылған «заттаңба» ролінде тақырыпшаны қолданады.

Бүгінгі таңда қазақ тілді мерзімді басылым беттеріндегі тақырыпат пен тақырыпша арасындағы байланыс сан алуан кейіпте кездеседі. Соның ішінде жиі кездесетіні мыналар:

- Мақала атауы оның мазмұнына жақын, жалпы мәлімет береді, ал тақырыпша оны одан әрі нақтылай түседі. Мысалы:

1) Айдар: *Руханият*

Тақырыпат: «*Замана өтпес болсайшы, Жидекем өлмес болсайшы...*»

Тақырыпша: *Жидебай батырдың туғанына – 300 жыл* (ЖА. – «Жас Алаш» газеті, 22.08.2013).

2) Айдар: *Кино*

Тақырыпат: «*Хакер*»

- Тақырыпша: Кинорежиссер Ақан Сатаев канадалықтармен бірге жаңа фильм түсірмек (ЕҚ. – «Егемен Қазақстан» газеті, 24.08.2013).

Тақырыпат мақала мазмұнынан мүлде алшақ, екі ойлы, көбіне-көп шытырман әрі ойнақы. Тақырыпша оқырманға мақала тақырыбы жайлы сырды аша түседі:

Айдар: *Сараптама*

Тақырыпат: «*Екі түйе сүйкенсе...*»

Тақырыпша: *Украина дағдарысы және Орталық Азиядағы қауіпсіздік: американдық сарапшылардың көзқарасы* (ЖА. – 11.03.2014).

• Тақырыпат біршама нақты ақпарат бергенмен, тақырыпша оны қайта шығарман ете түседі:

Айдар: *Экономика*

Тақырыпат: *«Қыркүйекке дейін Қазақстанда жанармай таусылады»*

Тақырыпша: *Ал қытай «қой беріп, тай сұрауы» мүмкін* (ЖА. – 22.08.2013).

Тақырыпша көп жағдайда оқырманға мәселенің мән-жайы туралы біршама ауқымды ақпарат береді, алайда ол бұл мақаланың тақырыпат кешеніндегі соңғы саты болмай, оның соңынан лид ілесетін болса, тілшінің тақырыпшаны да өз ыңғайына қарай қолдану мүмкіндігі бар.

Публицистикалық мақаладағы алғашқы, әдетте бірнеше сөйлемнен ғана құралатын, шағын абзац *лид* деп аталады. Онда мақалада айтылатын оқиғаның түпнегізі баяндалып, кім, қайда, қашан деген сұрақтардың жауабы беріледі. Тілшілер тарапынан тақырыпат кешенінің бұл құрылымдық элементі жайлы пікірлер әртүрлі: бірі оны оқырманға мағлұматты ықшам түрде жеткізудегі таптырмас құрал десе, екіншілері бүтін бір мақаладағы ойды екі-үш сөйлеммен жеткізу ақпараттың сәнін кетірумен қоса, оқырманның мәтінді түгелдей оқуға деген негізді құртатындығын айта отырып, көп жағдайда өз мақалаларында аталмыш құрылымды қолданбайды. Қалай болғанда да, оқырманның мерзімді басылым беттерінде өзіне қажетті ақпаратты іздеп табуда тақырыпат кешенінің бір бөлшегі ретіндегі лидтің қызметін жоққа шығаруға болмайды:

1) Айдар: *Аламан*

Тақырыпат: *Алыптар аламаны*

Тақырыпша: *Дархан тағы да дара шықты*

Лид: *«Облыс орталығындағы «Автомобилист» спорт кешенінде қазақ күресінен республикалық «Қазақстан барысы» турнирінің «Алтын белбеу» аймақтық кезеңі өтті. Алайтөс алыптардың аламанында Павлодар қаласының намысын қорғаған Дархан Жоламанов топ жарды. Осылайша, ол екінші жыл қатарынан облыстың үздік балуаны атанып, үзеңгілесі Батырхан Жүнісовпен бірге республикалық турнирде өңір намысын қорғайтын болды»* (СС. – 29.04.2014).

2) Айдар: *Межелер мен міндеттер*

Тақырыпат: *Бұл – Қазақстан бастамасының мойындалуы*

Тақырыпша: *Еліміз Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі келіссөздердің кезекті раундын Алматыда өткізу шешімін қолдайды*

Лид: *«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі комиссияның төрағасы, «Назарбаев орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры Қанат*

*Саудабаев Trend жаңалықтар агенттігіне алдағы 26 ақпанда Қазақстанда (Алматы қ.) өтетін Тегеранның ұлттық ядролық бағдарламасы бойынша Иранның «алтылықпен» келіссөздеріне байланысты түсініктеме берді»* (ЕҚ. – 12.02.13).

Кейде тілшілер мақала атауынан соң тақырыпшаны келтірмей-ақ, лидты ұсынып жататын кездер де сирек емес. Бұл, әдетте, тақырыпаттың біршама толық ақпаратты болуымен байланысты:

Айдар: *Ашылмаған аралдар*

Тақырыпат: *«Қажылық табыс көзіне айналмасын!»*

Тақырыпша: –

Лид: *«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти Ержан қажы Малғажыұлы Қажылар қауымдастығының өкілдерін және қажылық компания басшыларын ұлы сапарды табыс көзіне айналдырмауға шақырды»* (ЕҚ. – 29.01.2014).

Көріп отырғанымыздай, тақырыпат кешені неше сатыдан тұрса да, ондағы басты белгі – ақпараттың жоғарыдан төмен қарай ұлғая түсуі. Мұны шетелдік публицистикада «тақырыпат кешеніндегі пирамида» деп атайды. Осылайша, публицистикадағы тақырыпат кешені оқырман үшін газет беттерінен қажетті мағлұматты сатылап, дәл табуға, ал тілшілер үшін тақырыпаттың басты қызметі – ақпараттылықты адресат қызығушылығын оятып, мақаланың толық мәтінін оқуға итермелейтін көркемдік бейнелілікпен ұштастыра білуде таптырмас құрал болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Garst, R. E. and Bernstein, T. M.** Headlines and Deadlines. – USA : New York, Columbia University Press, 1961. – 37 p.

2 **Реферовская, Е. А.** Лингвистические исследования структуры текста. –Л. : Наука, 1983. –215 с.

3 **Ляпун, С. В.** Заглавие как элемент текста и аспекты его изучения // Лингвистика текста: тез. – Пятигорск : Изд-во ПГЛУ, 1995. – С. 124-126

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.  
Материал 15.05.14 редакцияға түсті.

*К. С. Ергалиев, Е. Б. Асанбаева*

**Отражение комплексов заголовков в казахской публицистике**

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 15.05.14.

*K. S. Yergaliyev, Y. B. Asanbayeva*

### Reflection of the complexes of headlines in Kazakh publicism

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 15.05.14.

*В статье рассматривается комплекс публицистических заголовков: темы, заголовки, подзаголовки, лид, которые анализируются на основе примеров на казахском языке.*

*The article discusses the complex of publicistic headline themes: titles, headlines, subheads, lead, which are analyzed on the basis of examples in Kazakh.*

УДК 81.2

**Ш. С. Жакупова, Д. В. Сизов**

### ЛАТИНСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

*В данной статье, автор анализирует процесс заимствования латинских слов в английском языке.*

Торговые военные и культурные контакты германских племен, проживающих на европейском континенте, с римской цивилизацией начались задолго до того, как англо-саксы появились в Англии, и длились на протяжении всего древнеанглийского периода. Благодаря этим контактам, англо-саксы и другие древнегерманские племена еще в период, предшествующий германскому завоеванию Британии, заимствовали значительное количество латинских слов. Позднее, когда германские племена вторглись в Британию, они увидели следы долгого римского господства в Британии и узнали от кельтов ряд новых латинских слов. Через полтора столетия в связи с введением христианства было заимствовано много слов латинского происхождения, в основном религиозного характера.

Методом сплошной выборки выявлены латинские заимствования в древнеанглийский период из английского этимологического словаря Т. Ф. Хоуда [1]. Из 17000 слов – 143 существительных из области растительного, животного мира, одежды, медицины, религии (Таблица 1). Характерной чертой самых древних заимствований является то, что названия предметов быта передавались посредством устной речи.

Таблица 1 – Латинские заимствования в английском языке в древнеанглийский период

Modern English	Old English	Latin
alb	albe	albus
albion	albion	albion
alder	alor	alnus
alms	ælmesse	alimonia
aloe	al(e)we	aloe
ambassador	ambeht	ambactus
ampulla	ampulla	ampora
anvil	anfealt	anvil
archangel	heahengel	archangelus
arm	arm	armus
ass	assa	asinus
beaver	be(o)for	fiber
beelzebub	belzebul	beezebub
belt	belt	balteus
bishop	biscop	biscopus
bladder	blædre	blætrum
bottom	botm	fundus
box	box	buxidem
brother	brooor	frater
caltrop	calcatrippe	calcatrippa
camel	camel	camelus
can	canne	canna
candle	candel	candela
canker	cancer	cancer
capon	capun	capo
chaplain	capellan	cappellanus

Обмен словами между лицами, говорящими на германских диалектах и на латинском языке, в течение двух столетий нашей эры происходил в области разговорной речи. Эти слова заимствовались обычно не из классического латинского языка, а из широко распространенной вульгарной латыни, которая была предком современных романских языков и еще в III столетии начинала распадаться на отдельные диалекты в разных частях Римской империи.

Латинские континентальные заимствования свидетельствуют о значительных контактах между римлянами и германскими племенами. В пределах римской империи в IV столетии насчитывалось несколько миллионов германцев. Они занимали различное общественное положение. Римские торговцы поддерживали постоянные отношения с местным населением. Юноши германских племен служили в римской армии и были знакомы с жизнью городов. Такое близкое общение населения с римлянами содействовало проникновению слов из одного языка в другой.

Около пятидесяти слов латинского происхождения, как можно установить с большой степенью вероятности, было заимствовано предками английских

племен еще в период их проживания на континенте. Заимствованные слова естественно выражают новые понятия, усвоенные тевтонами благодаря влиянию более высокой цивилизации [2, с. 91].

К континентальным заимствованиям из области торговли относятся слова: «фунт» (вес или деньги), совр. *pound* -лат. *pondo* «мера веса»; *tolne*, *toll* «пошлина»; совр. *toll* -вульг. лат. *tol* - лат. *telonium* - др. греч. *telonion*; *mangere* «купец», «продавец», ср. совр. *monger* в *fishmonger*, *ironmonger* - лат. *mango* «мелкий, розничный торговец»; *mangian* «торговать»; *ynce*, совр. *inch* «дюйм», *ounce* «унция» - лат. *uncia*.

Одной из наиболее трудных проблем является вопрос о распространении латинского языка в Британии и степени романизации острова. Учеными высказываются по этому вопросу противоречивые взгляды. Английский ученый Guldas (VI век н.э.), считавший себя римским гражданином, говорит, что страна представляла собой римский остров. Однако, по мнению большей части ученых, латинский язык был распространен в городах и крупных сельских виллах [3, с. 18], тогда как в сельских местностях население по-прежнему говорило на кельтских диалектах. Латинский язык не вытеснил язык кельтов в Британии, как язык галлов во Франции.

Латинский язык оказал значительное влияние на древнеанглийский. Источником заимствований II периода явилась в большей степени классическая латынь, чем вульгарная латынь в связи с распространением на западе произведений классической литературы [4, с. 14]. Введение христианства в Англии в 597 году сыграло важную роль в политической и культурной жизни страны и имело серьезные лингвистические последствия. Оно содействовало заимствованию латинского алфавита и созданию литературных памятников преимущественно религиозного содержания. Появились новые понятия и представления, а с ним возникли и новые слова. Такая ситуация привела к заимствованиям значительного количества иноязычных элементов из латинского языка.

Действительно, активной и передовой литературой в Англии, как и во всей Европе, в то время была латинская научная проза, а не поэмы, созданные на темы древнегерманского героического эпоса, и христианские мифы, получившие широкое распространение в ту эпоху [5, с. 92].

Приток латинских заимствований усилился значительно позднее в результате норманнского завоевания Англии и является в большей мере следствием нормано-французского светского, чем римского религиозного влияния [3, с. 173].

Научные и абстрактные понятия в древнеанглийском языке часто выражаются с помощью исконных слов, напр. *Laece-craft* (*leec-craft*) «медицина»; *tungol-oe* (*star-law*) «астрономия»; *efnniht* «равнодействие» (*equinox*); *sunstede* и *sunnihte* «солнцестояние»; *sunfolgend* «гелиотроп»; *tid*

(*tide*) и *gemet* (*measure*) в значении «время» и «наклонение» в грамматике; *foresetness* «предлог» и т.д. Подобное количество научных терминов, образованных на основе исконной лексики, среди древних языков германской группы встречается только в исландском [2, с. 43].

Словообразование в древнеанглийском языке охватывало как исконную, так и заимствованную лексику латинского происхождения [6, с. 247].

Ассимиляция большого количества латинских заимствований проявляется в образовании от существительных латинского происхождения прилагательных и наречий путем добавления исконных суффиксов. Например, от слова *regol* образовано прилагательное *regollic* (*regular*) и наречие *regollice*.

Степень ассимиляции иноязычного слова зависит не только от того, сохранилось ли оно в заимствующем языке, но и от того, как оно характеризуется, в какой степени данное слово было усвоено и перестало отличаться от исконной лексики настолько, что могло входить в состав композитов и образовывать другие слова путем аффиксации и конверсии. Так, от латинского существительного *planta*, попавшего в английский язык, образован глагол *plantain*. Путем добавления окончания инфинитива образуются *gemartyrian* (лат. *martyr*), *fersian* «сочинять стихи», *glesan* «толковать», «комментировать», *crispian* «завивать».

Обогащение словарного состава языка за счёт словаря других языков – обычное следствие взаимодействия разных народов и наций на почве политических, торговых, экономических отношений [7, с. 247].

Так, субстратом региональной латыни Иберийского полуострова явились иберийские языки, а также языки других групп.

В процессе своего формирования испанский язык заимствовал небольшое количество слов из языка древних иберов, сохраняя в своем словарном составе и грамматике многие черты латинского языка. Как говорил великий очеркист Ортега и Гассет, человек имеет историю, а история испанского языка является частью продолжения тех, кто говорил на латинском языке. Около 85% его существующих форм были использованы иберийцами до нашей эры. С тех пор испанцы испытали много вторжений [8, с. 78].

Проведенный нами анализ словаря [1] позволил выявить 52 латинских заимствования, вошедшие в английский посредством испанского языка, т.е. опосредованно (Таблица 2).

Таблица 2 – Латинские заимствования в английском языке, пришедшие через испанский:

Латинский	Испанский	Английский
Armatus	Armado	Armada



Prcoquum	Albaricoque	Apricot
Habitaculum	Bitacula	Binnacle
Apotheca	Bodega	Cellar
Balbus	Bobo	Booby
Braca	Bragueta	Fly
Canaria	Canario	Canary
Castanea	Castaneta	Castanet
Casus	Casuista	Casulist
Cingula	Cincha	Cinch
Coccinus	Cochinilla	Hog
Cursarius	Corsario	Corsair
Crux	Cruz	Cross
Dominus	Don	Don
Domina	Duena	Duenna
Ambasciata	Ambaxada	Embassy
Smaragdus	Esmeralda	Emerald
Eryngium	Eringio	Eryngo

В ходе исследования из этимологического словаря Т. Ф. Хоуда выявлены ранние заимствования – латинские заимствования в древнеанглийский период, вошедшие прямым способом, латинские заимствования, вошедшие в английский язык через испанский язык, вошедшие опосредованным способом. Все они, в основном, существительные обозначающие предметы из растительного и животного мира, предметов быта, одежды, медицины и религии. Заимствования этого периода, в основном, передавались устным путем. В ходе исследования выявлено, что наблюдается схожесть фонетики и морфологии в названиях растений, животных, предметов быта в современном английском, древнеанглийском и латинском языках. Такое же сходство наблюдается в латинских, пришедших посредством испанского языка в английский язык на ранних этапах.

Н. Н. Стуруа, говоря о субстрате иберийского полуострова, исследовал взаимоотношение баскского и древнего иберийского языков. Бытовавшая до XX века теория «баско-иберизм» согласно которой баскский является потомком древнего иберийского, ныне лишена оснований. Предполагается, что иберы пришли на Пиренеи из Африки в начале III тысячелетия до н.э., а предки басков принадлежали к пиренейскому населению эпохи палеолита [9, с. 38].

Латинский язык показывал обычно грамматическую функцию и ситуацию при помощи аффиксов (*ad-*, *pre-*, *-or*, *-i*, *etc.*) в то время как кастильский язык имел тенденцию в некоторых случаях отметить эти обстоятельства при помощи предлогов: *Catullus filiō Caesaris librum dat* становится *Catullus da al hijo el libro de Cesar*. Из шести грамматических падежей латинского испанский сохранил только винительные функции, отмеченные посредством *ō* в *filiō* и посредством *is* в *Caesaris* берутся соответственно с помощью *al* и *de*. Хотя

порядок слов в латинском был достаточно гибким, испанский порядок стал более гибким из-за использования предлогов вместо суффиксов.

В процессе эволюции языка некоторые термины постепенно принимали новые оттенки значения, хотя другие были потеряны или заменены иностранными. Латинский *equus* («horse») был заменен *cāballus* (*Spanish caballo*), первоначальный смысл которого был («nag»). Латинское слово *canis* («do») было заменено (*perro*) возможно иберийского происхождения. Во многих случаях кастильский развивал пары из одного латинского термина, один учебный, другой популярный: *cāthedra* («chair») дало оба *catedra* («class», «professorship») и *cadera* («hip»); *causam* («cause») стало *causa* (cause) и *cosa* («thing»); «cold» – *frigido* и *frio*, одно поэтическое, а другое повседневного использования.

Словарный состав современного английского языка является этимологически смешанным. Его смешанный характер исторически обусловлен многократным длительным и разнообразным контактом английского с рядом других языков, в первую очередь с латинским. Длительное и многостороннее воздействие других языков на словарный состав английского языка привело к проникновению большого количества иноязычных заимствований. Часть из них, в силу особенностей своего значения и сфер применения, выдержав проверку временем, вошла в самый устойчивый слой английской лексики, преобладающее место в котором занимают слова общиндоевропейского и общегерманского происхождения.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Hoad, T. F.** The concise Oxford dictionary of English. – Oxford, 1993. – 552 p.
- 2 **Baugh, A. A. and Cable, Th.** A History of of the English Language. – New York, 2001. – 447 p.
- 3 **Potter, S.** Our language. – UK, Harmondsworth, 1999. – 208 p.
- 4 **Lounsbury, T.** English Language. – London, 2007. – 548 p.
- 5 **Clare, J. W.** Reviewed work(s): Early English. A Study of Old and Middle English. – American speech. – 1958. – Vol. 33. – № 3. – P. 198-199.
- 6 **Ильиш, Б. А.** История английского языка. - Л.: Просвещение, 1973. – 351 с.
- 7 **Реформатский, А. А.** Введение в языкознание. – М.: Аспект пресс, 1998. – 536 с.
- 8 **Чернышев, В.** Город вечерней зарю. – М., 1990. – 297 с.
- 9 **Стуруа, Н. Н.** Проблемы баскского языка в современной баскологии по материалам журнала «Fontes Linguae Vasconum» II Iberica. Культура народов Пиренейского полуострова. – Л., 1983. – 201 с.

Карагандинский государственный  
медицинский университет, г. Караганда.  
Материал поступил в редакцию 25.04.14.

*Ш. С. Жакупова, Д. В. Сизов*

### **Ағылшын тіліне латын тілінен енген сөздер**

Қарағанды мемлекеттік  
медицина университеті, Қарағанды қ.  
Материал 25.04.14 редакцияға түсті.

*S. S. Zhakupova, D. V. Sizov*

### **Latin borrowings in the English language**

Karaganda State Medical University, Karaganda.  
Material received on 25.04.14.

*Бұл мақалада автор латын сөздерінің ағылшын тіліне ену үрдісін талдайды.*

*In the article the author analyzes the process of borrowing of Latin words in the English language.*

ӨОЖ 398.2:821.512.122

**Ж. Ж. Жарылғапов, А. Б. Рахымжанова**

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР**

*Мақалада миф, оның жазба әдебиетіндегі қолданысы зерттеледі. Мифтің жаңа дәуір әдебиетіндегі көрінісі жайындағы шетелдік ғалымдардың көзқарастары талданады. Мифтің қазіргі қазақ әдебиетінің поэтикалық құрылымындағы рөлі көрсетіледі. Автор Дүкенбай Досжановтың, Тахауи Ахтановтың, Асқар Алтайдың, Б. Сарыбайдың шығармаларындағы мифтік образдар мен мифтік сюжеттерге тоқталады. Қазақ прозасындағы мифологизмнің зерттелуіндегі жаңа міндеттер анықталады.*

Қазіргі әдеби даму әдебиеттану ғылымының алдына күрделі міндеттерді шешуді қоюда. Сондай міндеттердің бірі әдебиеттанудағы мифологизм мәселесі. Фольклорлық санамызға берік орын тепкен, қазіргі прозада ұлттық

негізбен байланыстырылатын рухани байлығымыздың бір қайнар көзі мифтер болып табылады. Қазіргі қазақ прозасындағы миф – бұл өте таңғажайып сан қырлы құбылыс. Қазіргі таңда ежелгі мифтердің жаңа дәуір әдебиетінде қайта түрлену үрдісі байқалуда. Осыған орай мақаламыздың басты мақсаты қазіргі қазақ прозасындағы мифопоэтикалық ізденістер мәселесін жан-жақты талдап көрсетуге бағытталады.

Әдебиет пен мифология байланысы әлемдік әдебиеттанудың ХХ ғасырдағы өзекті мәселелерінің біріне айналды. Жалпы әлемдік әдебиеттануда миф жаратылысты түсінудегі, дүниені танудағы адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы формасы түрінде түсіндіріледі, яғни, мифологизм, мифопоэтика ұғымдары туралы пайымдаулар әлемдік әдебиеттануда өзінің бастауын әріден алады.

Д.Досжановтың «Тілегімді бере гөр» атты повесінде Шалқардың шалғай түкпірінде жас журналист жігіт Дана сол маңнан мемлекеттік қорық аштырмақ болады. Жергілікті «Охотсоюздың» қорықшысы, өкіметтің байлығына қолын салып, тегін ішіп-жеп отырған араны ашылған Молдаберді зиянкестік әрекет жасап, жас жігітті ай далада соққыға жығып тастап кетеді. Біраз жыл өткен соң Молдаберді ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Бұл повесте автор «аш бөрідей» деп қазақ айтпақшы өмірінде «тою» дегенді білмей, өмірі ашкөзденіп, аш қасқырдай жалаңдап өткен Молдабердінің образын символмен ұтымды берген. Автор неліктен кейіпкерін қасқырға айналдырды? Бұл ретте ел арасында тараған танымал аңыз желісімен келетін болсақ, халық қарғысына ұшыраған Қарынбай сараңның суырға айналуын тілге тиек ете кетуге болады. Молдабергеннің қасқырға айналуы оның аш көзділігінің салдары болса керек. Д. Досжановтың тағы бір «Қызылқұмның желі не деп жырлайды» атты әңгімесінде түйеден өзге уайымы жоқ қария алдындағы малды совхоз басшысы басқа кісіге алып бермекші болғанда, шарт ашуланып, түйесіне мінеді де, құмға сіңіп, ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Автор бұл жерде кейіпкерін неліктен түйеге айналдырып отыр? Көзін ашқалы көргені түйе, бар ынта пейілі өзінің алдындағы аз ғана түйесінің қамы болған, адамдардан гөрі түйемен тіл табысу оңайырақ тиетін Мүсіркеп шалды түйе малынан басқа малға айналдырудың жөні жоқ сияқты. Көркем шығармалардағы фольклорлық жанрлардың шығармашылықпен пайдаланылу үлгісі Т.Ахтановтың «Алыстан жеткен сарын» әңгімесінің тұтас желісіне арқау болған фольклорлық аңыздан байқалады. Жазушы фольклорлық әңгіме жанрына тән шарттылықтар мен әңгімешілдік қабілеттің қыр-сырын тани білгендігін көрсеткен. Бұл әңгімеде фольклорлық ұғымдар мен түсініктер авторлық айналымға түскен. Т. Ахтановтың талданып отырған туындысындағы әрбір оқиға нақтылы өмір шындығы іспетті баяндалады. Хан уәзірінің баласы мен елден ерек батыр тұлғаларының арасындағы сұлу қыз үшін тартыс – талай фольклорлық әңгіме-аңыздың сюжеттік негізі. Намыс

алаңдында айқасқан екі жігіттің сынға түскен ерлігі мен ездігінің, ақылы мен парасатының қозғаушы күші – Айбарша сұлу. Фольклорлық образдарды сомдаудың поэтикасына сәйкес Айбаршаның азғындық пейілі мен тұрақсыз көңілін шегіне жеткізе көрсету үшін автор жазба әдебиетке суреткерлікпен келеді. Тән сұлулығы мен әке байлығына және мансабына мастанған Айбаршаның адамдық болмысынан гөрі қанағатсыздық пен нәпсіқұмарлық ісі кең суреттелген. Ол ер-азаматқа ғана емес, туған жер мен ел-жұртына да қайырымсыз мінез иесі ретінде бейнеленген. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, ауызекі әңгіме қандай да бір оқиғаға негізделіп туындайды. Болған оқиғаны бейнелеп шығады. Жазушы фольклорлық жанрдың осы ерекшелігін сақтай білген. Аярылық пен қулықтың құрбаны болған жігіттің батырға тән аңғалдығымен қоса аңғырттығы эпостық жырлардағы батыр тұлғаларын еске түсіреді. Батырлық пен ерлік мінездермен жарыса өлермендікпен жасалған зұлымдық та шығарма соңына дейін сақталған. Қаламгер талантының бөлекше бітімі осы жазаға ұрындыру үшін кейіпкер мінезін қилы оқиғамен, шешуші іс-әрекеттермен сабақтастыра бейнелеудің амал-тәсілдерінде жатыр. Өңіменің «Алыстан жеткен сарын» аталуының да мағынасы терең. Сол сарынның бүгінгі жас ұрпақ, жалпы адам баласы үшін де айтар ұлағаты мен тағылымы айқын. Ол – әділет үшін өмір сүру идеясы. Перзенттің ата-анаға, туған отаны мен еліне озбырлығы неге жеткізеді, сатқындық, аярылық түбі қайда апарарды дейтін мәңгілік сауалдарға жауап беруде автор өзіндік шешім тапқан. Бұдан шығатын қорытынды шеберлікпен пайдалана білгенде аңыз, әңгімелер қашан да өміршең ой идеялар берудің құралы бола бермек.

Белгілі жазушы А. Алтай өзінің «Алтай балладасы» атты шығармасының жанрына қатысты роман-миф терминін қолдануы тегін емес, өйткені онда қазақ халқының тотемдік, шамандық мифтері пайдаланылған, көне түріктердің, оның ішінде қазақтардың, үш сатылы әлем туралы наным-сенімдері кеңінен көрініс берген. Аю мен адамның арасындағы жақындық туралы халық шығарған, бізге ертегі немесе аңыз пішінінде жеткен және оның тотемдік миф болып табылатынын анық аңғартады. Аюдың дене-тұрқында және күн көру тәсілдерінде де, тұрмысында да адамға ұқсас жайттар көп екенін қарастырылып отырған туындымен танысу барысында айқын сезінеміз. Жазушының бұл туындысында ерекше көңіл бөлген мәселесі – Алтай өлкесінде бұрын болған қызыл қасқырлардың тағдыры. Қызыл қасқырлардың жер бетінен жоғалғаны да Ұлардың жанын жегідей жейтіні аңшы жігіттің: «Кешегі Марқакөлді мекен еткен қызыл қасқырлар секілді бұл ...Тұқым қалмаған», – деген ішкі монолог түріндегі естелігі арқылы аңғарылады. Қызыл қасқырлардың қайта оралуын «Алтай балладасының» бас кейіпкері де аңсайтыны сол туындыдағы Ұлардың көрген түстерінің бірінен байқалады.

Сонымен қатар осы автордың «Туажат» роман- модернінен мына бір сәтті мысалға келтіре кетуге болады:

«Аңшы жігіт қанша уақыт алаңсыз ұйықтағанын білмейді, кенет бетін желпіген әлдеқандай қанат лебінен оянып кетті. Жүзін желпіген де торғындай жұмсақ, сәби деміндей майда леп. Қамасқан кірпіштерін аша алмай, түйсікпен ғана сезіп жатыр.

Қарқ еткен қарға дауысы кенет құлақ түбінен естілді. Сонда ғана Байбура қой көздерін ашып қалды. Кеудесінде қаздырып қара қарға отыр да, бейіт ішін боз сәуле кеулеп кетіпті. Кенет тіксініп қалған аңшыдан сақ қарға жалп етіп ұша жөнелді. Ол мұның көз алдында зират күмбезін шеңберлей көтеріліп, төбедегі тақиядай тесіктен шығып кетті.

Байбура өңі екенін, түсі екенін түсінбеді. Аң таң күйі тіктеліп отырды. Тыста түн түнегі айқара басып, алақаншық боран бебеулей түссе де, төребейіт іші бозаң түске ұйып, бар маң анық көзге шалынып тұрғанына аңшы айран-асыр. От баяғыда сөніп қалыпты. Бойы да қара терден дегдіп, бұла қуатын жиып алыпты. Тап жамбасы жанында жатқан «32» нөмірлі мылтығын сипап қойды. Құндағы кесілген шолақ қаруы орнында екен.

Байбура арқасын қабырғаға тіреген күйі басын шалқайта көзін жұмды. Жарғақ құлағынан баяғы бір боранның ұлы сарыны шықпай қойды. Ұйқы қашып кетіпті. Шалқайған күйі жанарын ашты. Сол бір сәт Төребейіт күмбезі төбесіндегі тақиядай тесіктен аппақ нұр ішке қарай саулай құйылды. Әлгі бір боз нұр Байбура кірпік қағып үлгерместен қарсы алдына ақ сәулеге шомылған бөрі сұлбасына енді.

Бұл ұлылық қана орын тебетін ғарыш көгінен көктей өтіп, боз боран билік құрған байтақ жер төсінде иненің жасуындай жарықтан саулай түсіп, тәңірі иесі құдіреті мен аң киесі - Ана-Бөрі сұлбасы боп оралған ғажайып құбылыс еді... Бөрі болмысты Бозие еді.

Аңшы бозбаланың үні үрейден өшіп қалды...

Ақ сәулеге бөккен боз бөрі құйрығы сөлендеп, оты өшкен ошақ басында олай-былай жүзіп, бұған кесе көлденеңдей керіле тұрды. Бауыртұсындағы емшектері салақтап, өзі терісін тірідей сыпырған қаншық қасқыр - Ана-Бөрі екенін аңдатты... Мұндай қияметте ғана кездесетін жұмбақ құбылысты өңі түгілі түсінде де елестете алмайтын Байбураның тілі байланып қалды.

Аңшы алдында Бозие - Ана-Бөрі сұлбасы ақ сағымдана алшайып тұрды...

Төребейіт ішін боз тұманға бөктіріп, көк төрінен боз сәулеге малынып түскен Ана-Бөрі алшиған бойы аңшыны барлайды. Тек шоқтай жанған көздері ғана сол қалпы. Жалын атқан көк жасыл жанары Байбураның қой көздеріне қандауырдай қадалып қалған. Нұры таймаған жанары бозбаланың өңменінен өтіп, өзіне арбай ұйытып тастаған. Есін аудары, ал сезімін болса суынта елтіткен.

Байбураның бойында да үрей басылып, үркініш сейілді. Түсініксіз бір таңдану басым! Санасыз күйде орнынан көтерілді. Аппақ сәулеге оранған Ана-Бөрі де бауырындағы ақ мамалары салпылдай сыртқа беттеді. Бозбала

өз еркінен тыс күй билеп, соңынан ерді. Бойына Бозиесіне деген кәміл сенім ұялаған.

Тыста түлей таңның бозғыл реңі еніпті. Боз боран абынып күбініп тұр. Бет қаратар емес. Ана Бөрі құйрығы бұлғандап, алдына қарай бет түзеді. Боз шидің басы жығыла майысып, Байбураның алдын орады. Оған бірақ бозбала аңшы бой берген жоқ, оталулы мотшанасын сүйемелдей итеріп, бөрінің артынан еріксіз ере берді.

Алай-дүлей ақ кебін ораған тамұқ дүниеде Ана-Бөрі аңшының алдына түсті. Бозан бөрі бұлаңдап келеді. Байбура бөріден бөлініп қалмауға тырысты. Енді адаса қоймасын да аңшылық түйсікпен сезді.

Ал бұла дүние булығып, буырқанған дауыл ұйытқып тұр. Көк төрінен көк тәңірісінің көктей түскен боз сәулесі – бөрі болмыс Бозие құрық салым жерде бұлаңдап барады.» [ 4; 9-10 б ].

Мәтіндегі тағы бір көрініске назар аударалық: «... бас терісі мен тізеден төмен терісін, қызыл шақа бұтына қысқан құйрығын ғана өзіне қалдырып босатып жіберді... Қатты аязда тоңазыған қызыл шақа тәнінен көтерілген аппақ бу өзімен бірге ерді. Бөрі шалма лақтырым жерге дейін буы бұрқырап, сенделіп барды да, сылқ құлап түсті» [ 4; 21-23 б ].

Осы мәтін туралы сыншы Дулат Тұрантегі былай дейді: «Бір кезде бүкіл аспан тұтасып, аласапыран Тесікүяның дүлей дауылы басталып кетті. Байбура аққұйын боранмен алысып, көп қиындықтар кешіп Төребейітке жетіп, соны паналады. Талықсып ұйықтап кеткен жігітке таң алдында түстей болып ақсәуле бейіт күмбезіндегі кішкене тесіктен саулап құйылып, бөрі кейпіне еніп, мұны сыртқа бастап алып жүрді. Осыдан кейін романның өн бойында кейіпкердің қысылған, тығырықтан жол таппаған, енді қайтсем екен деген шарасыз шақтарында көктен, алыс ғарыштан түсіп, жол көрсетіп, аман алып шығып жүрді. Байбура оны шақырмайды. Бөрі ана өзі келіп, қамқор пейілін ақ сәуле болып бұған беймәлім жағдайлардан түсіне еніп, хабардар етіп жүреді. Бұл бір ғажап құбылыс. Қисын бойынша өзі қуып ұстап алып, тірідей терісін сыпырып алған қасқыр кектеніп қалса керек еді. Бірақ бұл олай емес. Өйткені ол өлген жәй бір қасқыр. Ал одан бу болып ұшып, ақ сағымға айналған жалпы қасқыр атаулының жиынтық, баяғы...баяғы Бөрі Ана кейпі екенін сезіп біз кейіпкеріміз құсап шошына, түршігіп қаламыз. Бәлкім адамдармен қатар тіршілік ететін параллель дүние деген осы болар. Бәлкім суға кетіп бара жатқан адамдарды құтқарып жататын дельфиндердегі түйсік пен мына құбылыстың арасында байланыс бар ма екен? Жо-жоқ, дельфиндердікі құтқару түйсігі ғана. Кие емес!» дей келе: « Мемлекеттік тұрғыдан байбураның қазіргі жағдайы қылмыскер. Бірақ, сонда да болса оқушы оны қорғаштап, оған жанашырлық білдіріп отырады. Тосыннан бір ашық сот отырысы бола қалса, кім де болса кітап кейіпкерінің жағында болып, оны ақта алғысы келіп тұрары сөзсіз деуге болады.

Негізінен « Туажат» романы биылғы жыл басындағы қазақ прозасының ұтымды беташары іспетті. Алдағы кезде ләйім да осындай көркем дүниелер көп болғай.» [6; 173-176] деп роман жайындағы пікірін түйіндейді.

А.Алтайдың бұл туындысында қасқырлар мәселесін көтеруінің символдық мәні бар, себебі, роман-миф жарық көрген кезде түркі халықтарының басым көпшілігі егемендік алып, түркілік идеялар осы заманның ең өзекті мәселесі ретінде көтеріле бастағаны белгілі. Құрып кеткен қасқырлардың бір туындының бас кейіпкерінің түсінде, я өңінде көрініп барып, аңшы жігіт Байбураны өзімен бірге ертіп әкетуін бейнелеу арқылы автор түркі халықтарының ежелгі біртұтастығын қалпына келтіруге кедергі келтіріп тұрған шешуін таппаған мәселелердің молдығын мегзеп тұрғандай. Жазушы байырғы қазақ дүниетанымындағы қасқыр тотемінен туындаған мифтік образды қазақтың жаңа прозасына өзінше трансформациялайды.

Жазушы Б.Сарыбайдың «Ертегі» әңгімесінің фольклорлық сипаты композициялық құрылым мен жалпы стиліне ғана емес, негізгі кейіпкердің іс-әрекеті мен ой-санасына толық сіңірілген. Халықтық тәрбие құндағында өскен бала санасының нені көксейтінін автор жеріне жеткізе суреттейді. Әңгіме кейіпкері – Адалбектің адал жолдан айнауына себеп болған түрткі де фольклорлық ұғымдармен байланысты. Ол себеп - арғымақ атын сұрау үшін өтірік айтуға мәжбүрлілік. Өйткені ол ойына алған батырлық, жігіттік ерлігін ұнатқан қызы алдында дәлелдеу эпостық жырлар мен ертегілеріміздегі батырлық сынақ алдындағы тұлпар жарату мотивін еске түсіреді. Әңгіме түйінінде автор кейіпкерін өз тәлім-тәрбиесінің бесігіне қайта оралтады. Атасы үйреткен өмірлік қағидалардан ауытқудың жақсылыққа апармайтынына көз жеткізген бала көңілінде еріксіз айтылған бұл өтірік өмір бойы сақталып қалады. Сондай-ақ, А.Сейдімбек «Аңшы өтірік айтпайды» атты әңгімесінде әңгіме ішіндегі әңгіме арқылы аңшылық өмірдің қызық жағы ұтылу, ұту, ерлік пен естілікті, қару сайысы мен қабілет сайысының тартысы болып табылатынын аңғартады. Әңгімедегі Жәкен қарттың жүйрік тазыларының түлкі аулаудағы қимыл-әрекеті арқылы жазушы ит жүгірту кәсібін бүге-шүгесіне дейін көрсетуге ұмтылған. Мұндағы түлкінің айлакерлігі, оның тіпті бірнеше рет тазыларға ізін көрсетпей кетуі қызғылықты әңгімеленеді [5].

Мифтік таным негізінде туындаған оқиғалар мен сол негіздегі бейнелер адамзаттың эстетикалық мұраттарына қызмет етіп келе жатқанына арғы-бергі дәуірлердегі фольклорлық мұралар, ауыз әдебиетінің үлгілері және қазіргі көркем әдебиет туындылары яғни жазба әдебиеті мысал бола алады. Әлем әдебиетіндегі классикалық дәуірден басталып, бүгінгі постмодернистік әдебиетке дейін жалғасқан, жаңашыл әдебиетте жаңаша жаңғырған мифтік дүниетаным сан алуан бейнелілікті, көркемдік қалыптарды түзіп, өзінің мүмкіндігін танытуда. Адамзат санасының терең де мәнді «қабаты» болып

саналатын мифтік таным өз бойына тылсым сырды, киелілік пен қасиет, ең әуелі адам болмысы турасындағы мағыналы ойларды жинақтаса, сол мифтік таным адам атты күрделі болмыстың «ішкі әлемін» бейнелеуде де маңызды көркемдік тәсілге айналды.

Қазіргі жазба әдебиетіндегі жаңа белестер көркемдік көкжиектің кеңеюіне әкелері анық. Әлемдік әдеби үдерістен шет қалмаған қазақ прозасында М. Әуезов шығармаларында алғашқы белгілері көрініс беріп, XX ғасырдан XXI ғасырға дейінгі аралықта жаңаша прозаның туындауына негіз болды. Тіршілік заңдылығы, өмір мен өлім, ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара арасындағы бітіспес қарама-қайшылық постмодернизм поэзиясында мүлде жаңа қалпымен мүсінделді. Фэнидің қас қағым сәттілігі мен бақидың мәңгіліктігін көркемдік танымында жаңаша түрлендірген жазушыларымыз бұл заңдылықты табиғат құбылысымен астастыра бейнеледі [3; 22-25].

Қазіргі қазақ прозасындағы мифологизм мәселесін бүге-шігесіне дейін зерттеп, таныта алдық деп айта алмаймыз. Бұл зерттеу осы мәселеге қатысты зерделі зерттеулердің бастамасы ғана. Алдағы уақытта қазіргі қазақ прозасындағы мифологизм көрінісін көркемдік-бейнелілік жүйеге қатысты жанжақты талдау міндеті тұр.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мирче Элиаде** // Мифология: Құрылымы мен рәміздері. – Алматы : Жазушы, 2005.
- 2 **Дороти Норман**. Мифологиядағы символизм. // Мифология: Құрылымы мен рәміздері. – Алматы : Жазушы, 2005. – 568 б.
- 3 **Әскербекқызы, Ж.** Мифтің поэтикалық қызметі. // Автореферат. – Астана. 2010. – 97-109 б. – 112-115 б.
- 4 **Алтай, А.** Туажат. // роман-модерн. Жұлдыз журналы, 2012 ж/ №1. 10-13 б
- 5 <http://1referat.kz/kazak-adebieti/prozadagy-mifologizm-maselesi-anyzdyq-zheli-o-bokej-a-kekilbaev-shyg-neg.html>
- 6 **Дулат Тұрантегі** // «Туажат романы хақында бірер сөз». Жұлдыз журналы, 2012 ж/ №6, 173-174 б. – 176 б.

Е. А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.  
Материал 22.05.14 редакцияға түсті.

Ж. Ж. Жарылғапов, А. Б. Рахымжанова

**Мифопоэтические исследование в современной казахской прозе**

Қарагандинский государственный университет  
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.  
Материал поступил в редакцию 22.05.14.

*Zh. Zh. Zharylgapov, A. B. Rakhymzhanova*

### **Mythopoetical researches in modern Kazakh prose**

Academician E. A. Buketov  
Karaganda State University, Karaganda.  
Material received on 22.05.14.

*В статье исследуется миф и его употребление в письменной литературе. Обсуждаются взгляды иностранных зрелищ о месте мифа в современной литературе. Показывается роль мифа, в поэтической структуре современной казахской литературы. Автор останавливается на мифические образы и мифические сюжеты в сочинениях следующих писателей: Дукенбая Досжанова, Тахауия Ахтанова, Аскара Алтая, Б. Сарыбая. Исследуется новые обязательства в исследовании мифа в казахской прозе.*

*This article examines the myth and its use in writing literature. Discusses the views of foreign circuses on place of a myth in modern literature. Shows the role of myth in modern poetic structure of Kazakh literature. Author stors on mythical characters and mythical themes in the works of these writers Dukenbay Doszhanov, Tahauy Ahtanov, Askar Altay, B. Sarybay. Explore new commitment in the study of myth in the Kazakh prose.*

ӘОЖ 821.512.122.+821.512.161

**Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова**

### **МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «СОҚЫР», «САҢЫРАУ», «ЖАЛАҢАШ» ҰҒЫМДАРЫ**

*Мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «соқыр», «саңырау», «жалаңаш» ұғымдары жайлы қарастырылады.*

Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабының соңғы жағында «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі енгізілгені белгілі. Бұл тегін емес.

Мұсылмандық шығыс әдебиетінде ізгі жолға кереғар ұғымдарды жинақтап бейнелеу үшін «соқыр», «саңырау», «жалаңаш» ұғымдары ежелден сөз болып келе жатқаны анық. Бірер мысал келтірейік:

Не білер қадіріңізді әрбір надан,  
Гауһар қадірін соқыр білмес, ей, жаным.  
(1353 ж. Хорезми) [76, 105 б.].

Жалаң тудым анадан, кірем жерге жалаңаш,  
Көңілім күпті жарадар, оныма ажал қарамас.  
(1069-1070 ж. Жүсіп Баласағұн) [67, 177 б.].

Мәшһүр Жүсіпте «соқыр» ұғымын көп кеңейтіп, көзге көрінерлік белгілі бір құбылыс, затты көрмеу емес онан анағұрлым кең білімсіздік зиянын, ізгілікті көре алмауды т.с.с ашу үшін қолданып отырған:

1. Көз-соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,  
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін!  
2. Күнелттім бір үй толған соқыр бағып,  
Оған мен жаранамын қалай жағып?!  
Түрінің қандай екенін қайдан білсін,  
Самаладай қойсаң да мың шам жағып.
3. Елуден жасым асты, өзім – бала,  
Соқыр мен саңырауға болдым дана.
4. Керек істі көрмейді өз басына,  
«Соқыр» - деп, салдым соны сөз басына.  
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,  
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.
5. Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,  
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?!  
Танысын: қарға, бұлбұл – қайсысы оңды,  
Жамандар – білмей жүрген өз қадірін [77].

Міне, осындағы алғашқы үзіндіде «біз» делінгенде, сол кезеңдегі адамдар білімсіздігі, ақ пен қараны айыра алмауы сөз болса, екіншіде, лирикалық қаһарман өзін бөліп алып, «бір үй толған соқыр бағып» күнелткенін айтады да, «самаладай қойсаң да мың шам жағып» олардың көрмейтінін ашады. Үшіншіде, «соқыр мен саңырауға» дана болудың күйкілігі байқалса, төртіншіде «өз басына», «керек істі» көрмеушіні «соқыр» деп бағалау мәні өрнектелген. Ал, соңғыда соқырлардың басқа түгіл «көз қадірін» білмейтіндігіне көңіл бөлінген. Мұның бәрі сол кезеңде етек алған надандықты ақынның «соқыр» сөзі көмегімен беруін танытса, қажет атаулыны естімеу де білімсіздіктен туатыны «саңырау» сөзі арқылы жинақталып берілген:

1. Айтқан сөзім құлақтан кетеді ағып,  
Құлақ қайда мақтанар гауһар тағып,

- Құлағы тарс бекіген саңырауларға  
Шаршама сылдыр-сылдыр қоңырау тағып.  
2. Өзіңде өшің болса, саңырауға ұрын,  
Ұрынбасаң, білмейсің оның сырын.  
Сыбырлап жасырып айтқан құпия сөзді,  
Естиді құлақтыдан әбден бұрын.
3. Бізді Құдай бар қылып, қойды жоқтан,  
Құтылмаймыз – тура атқан қалақ оқтан!  
Жамандыққа келгенде, білгіш – ақпыз,  
Құлақ саңырау, көз соқыр – жақсылықтан.
4. Көп саңырауға душар боп, қор болдың ғой,  
Есіл сөзім әр топта құлақ жарған!

Алғашқыда: «Құлағы тарс бекіген саңырауларға» сөз айту орынсыздығы шаң берсе, екіншіде саңырау өзгешелігі - орташа, қатты айтқанды естімей, керісінше «сыбырлап» айтқанды алдымен естуі бөліп көрсетілген. Ал, соңғы мысалдарда тағы да естімеушілерге сөз айту орынсыздығын дәйектеу жүзеге асқан. «Соқыр» трагедиясы, негізінен алғанда, көрмегенді – көрдім, ал саңырау қатесі естімегенін естідім деуге арналса, «жалаңаш» ағаттығы да өзіндегі жоқты елемей, содан айырылуда екенін Мәшһүр Жүсіп шебер көрсете білген:

1. Кем-кетік, жоқ-жітікке қайырылысып,  
Аш тойынып, жалаңаш киім кесе!
2. Тон болған тоңдырмайтын жалаңашқа,  
Ас болған таусылмайтын қарны ашқа.  
Арымас ат, жаяуға көлік болып,  
Әр мұңлыға ем болған басқа-басқа!
3. Жалаңаш киімі жоқ енді бірі,  
Ашылып көрініп тұр ұят жері.  
Етегі сүйретіліп келе жатыр,  
Жаға-жең жоқ болса да, ол өңірі.
4. Бірталайға санасаң келді жасың,  
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың?!  
«Ұзын-деумен - етегім!» - өтті өмірің,  
Ойда жоқта тіпті тұттай жалаңашың?
5. Аспанға қанатсыз-ақ ұшқың келсе,  
Дүниеден-өлмей тұрып – жалаңаштан! [78].

Зерделесек, алғашқыда неғұрлым кедей адамдарды, яғни киер киімі жоқ дерлік «жалаңаш» жандарды киіндіру, демек оған көмек беру сөз болса, екіншіде де тоны жоққа тон бергендей, кедейге қарайласқан адам қайырымы әспеттелген. Үшіншідегі жалаңаш әрі тура мағынада «жалаңаш» екені ашылса, соның өзінің кейін киімінің етегін жұрт кесіп алуынан

қауіптеніп, алдымен кашуы-оның өзінің «жалаңаш» екендігін сезінбеуі дәлелі ретінде берілген. Ал, төртіншіде, егде тартқан адамның өзінің азды бар деп санап, «жалаңаш» екенін сезінбеуі сыналса, соңғыда өлмей тұрып, жалаңаштану, яғни «жалаңаш» екен сезіну мәселесі көтерілген. Мұның бәрі шығыс әдебиеті дәстүрін берік ұстаған Мәшһүр Жүсіптің көз соқырлығын, құлақ саңыраулығын, тән жалаңаштығын емес, зерденің соқырлығын, саңыраулығын, жалаңаш екенін әсерлі өрнектеу жемісі деп білеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жүсіп Баласағұн**. Құтты білік. – Алматы : Жазушы, 1986. – 616 б. (Ауд. А. Егеубаев).
- 2 Хорезми. Оғыз-наме. Мұхаббат – наме. – Алматы : Ғылым, 1986. – 208 б.
- 3 **Мәшһүр Жүсіп**. Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. - Б. 96, 101 163; 2 том. – Б. 18 ; 4 том.- 2004.– Б. 263 .
- 4 **Мәшһүр Жүсіп**. Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 101; 2-том. - Б. 13; 4 том. – 2004. – Б. 264, 271, 1 том. – Б. 28, 231; 2 том. – Б. 13,19, 4 том. – Б. 138.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 29.05.14 редакцияға түсті.

*H. K. Zhusupov, M. N. Baratova*

**Понятия такие как «слепой», «глухой», «голый» в стихотворениях  
Машхура – Жусипа**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 29.05.14.

*N. K. Zhusupov, M. N. Baratova*

**Concepts such as «blind», «deaf», «naked» in the poems of Mashkhur  
- Zhusip**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 29.05.14.

*В статье рассматриваются понятия такие как «слепой»,  
«глухой», «голый» в стихотворениях Машхура - Жусипа.*

*The article examines the concepts such as «blind», «deaf», «naked»  
in the poems of Mashkhur - Zhusip.*

ӘОЖ 821.512.122. +821.512.161

**H. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова**

## ШӘКӘРІМНІҢ ҮГІТ ӨЛЕҢДЕРІ

*Мақалада Шәкәрімнің үгіт өлеңдері талданады.*

Жалпы патшалық Ресейдің отарлау саясатының XIX ғасырда күшейе түсуі, алдымен хандық билік (1822 ж.), кейін аға сұлтандықтың да айрылу (1868 ж.) және қазақтың неғұрлым шұрайлы жерлерінің Ресейден келушілерге зорлықпен тартып әперілуі, сөйтіп жер-судан айрылған халықтың жұдеп-жадауы, тозуы және ұлттық баспа, медресе, мешіт, мектеп ісіне қойылған ашық, жасырын шектеу, кемсітулер – бәрі адамдардың материалдық мұқтаждықпен бірге рухани азып-тозуына ықпал еткені белгілі. Бұл қысым ақындар шығармашылығына да елеулі әсер етті, ел билеушілердің отарлау саясатын сынау т.с.с. өсті. Осы дәуірде үгіт айту, дидактикалық сарындағы өлеңдер көбейе түсті. А. Байтұрсынов: «Ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдер – үгіт өлең деп аталады» [1].

Үгіт, дидактикалық сарындағы өлеңдерді жазу дәстүрі сонау көне шығыс поэзиясында да көрініс береді.

Көркем әдебиетті алдымен халыққа қызмет ету құралы деп түсінген ақындар тікелей үгіт өлеңдерін жазады. Дәуір шындығын мейлінше мол суреттеген Шәкәрім де үгіт өлеңдерін көп жазған. Ақын ең алдымен жастарды оқу-білім, ғылымға шақырады, жарқын болашаққа үндейді.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік  
Бір білімді данышпан жан табалық...

Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!.

Ақын өз заманындағы жақсылыққа, ізгілікке, білімге үйрете алатын Абай деп біледі, жастарды одан үлгі алуға шақырады. Ары қарай тек жалаң үгітке емес, шынайы бейне жасау арқылы да сөзін өрбітеді.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан, -  
деп, ақылды – зат, ал Абайды оны сатушы, тағы да өтпей жатқандары бар деп, шарттылықты ұтымды қолданған. Ал:

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,  
Қулық пен өтірікті сайлап алдық.

Ынсап, рахым, ұяттан жүген ұстап,  
Өзіміз ең түбінде қайда бардық? –

жолдарында дерексіз ұғымдарды заттандыру, яғни қулық пен өтірікті сайман қылып «сайлап алу», ал ынсап, рахым, ұятты көшпенді қазақ халқының ұлттық танымына жақын әрекет «жүгендеп» ұстау деп сипаттау арқылы сол кездегі келеңсіз қылықтарды сынайды. Осы өлеңде дерексізді жандандыру үлгісін де байқауға болады:

Енді ойладым қайратқа мінейін деп,  
Білімдінің қадырын білейін деп.  
Ақыл сөзбен арқама Күнде ұрғызып,  
Талаппен түзу жолға кірейін деп .

Елге үлгі көрсету мақсатында ақын қайрат, талап секілді жақсы қасиеттерді жандандырып көрсетеді. Қайратты ат қып мініп, ал талапты бейне бір дос ретінде алып, онымен «түзу жолға», яғни жаңа өмірге аяқ басатынына назар аударту үшін ерекше бейнелі сөздерді қолданады. Қайратты ат қып мінуде де да ұлттық нақыш бар. Осылайша ақын 89 шумақтан тұратын осы өлең арқылы бос жұрмей, Абай сынды білімді, саналы адамдардан өнеге алып, рухани дамуға, оқып-тоқуға шақырады. Ал «Шаруа мен ысырап» өлеңінде ақын кейбір жігіттердің кербездіктерін сынап, босқа ысырап жасамауды, нақты бір іспен айналысуды үгіттейді.

Кел, арзандау киелік,  
Кербездікті тұр қылмай.  
Ойланар кез болды ғой,  
Орынсызды құр қылмай.  
Бояу мақтан бола ма,  
Ішімізді нұр қылмай?  
Өтеміз бе осымен  
Жөнді жұмыс бір қылмай?

Байқап отырсақ, ақын «ішімізді нұр қылмай» деуі арқылы тағы да оқуға, ғылымға ден қоюға шақырып отыр. Осы идеяны «Молдалар өзгелерді көпір дейді» өлеңінде өрбітеді:

Сұрқия, сопылардың алма тілін,  
Беті Тұнық, асты ылай ол бір жылым.  
Өнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,  
Адамшылық өнермен берер білім, -

деген жолдармен дүмше молдаларды сынайды. Оларды бет жағы таза боп көрінгенмен, асты ылай, батпақ болатын кір суға балау арқылы әсерлі бейне жасаған. Ал «Бостандық таңы атты» өлеңі таза үгітке құралған. Ақын 1917 жылғы Қазақ төңкерісін өзінше жақсылыққа жорып, отарлау қорлығы енді аяқталды деп сенеді. Халқына:

Арамдық аразды,  
Түбімен жойыңдар  
Өтірік, өсекті  
Біржола қойыңдар.  
Намыс, жігер,  
Бойыңа жиып қайрат,  
Қажымай адалдық  
Жағында болыңдар.  
Бірлік пен талапты  
Еңбекке салыңдар.  
Өнерлі елдерден  
Өнеге алыңдар,

- деген үгіттеу сөздерінен оның елі үшін қам жейтін, жарқын болашағы үшін уайымдайтын азамат екенін байқауға болады. Ақынның өзге де «Ей, көп халық, көп халық», «Ескіден қалған сөз теріп», «Адамдық борышың» туындылары үгіт өлеңдерінің қатарына жатады.

Шәкәрімнің тікелей үгітке арналған дидактикалық өлеңдерін сараласақ, адамдықты жоғары қойатындығына көз жеткіземіз.

«Адамдық борышың» атты өлеңінде  
Адамдық борышың,-  
Халқыңа еңбек қыл  
Ақ жолдан айнымай  
Ар сақта оны біл  
Талаптан да білім мен өнер үйрен  
Білімсіз  
Өнерсіз  
Болады ақыл тұл.  
Мақтанға салынба  
Мансаптың тағы үшін  
Нәпсіңе билетпе  
Басыңның бағы үшін  
Өіірінді сарп қыл өлгенше,  
Жоба тап,  
Жол көрсет

Келешек қамы үшін, -деп ақын адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстауға шақырады. Фибрат алар артыңда із қалсын, «шын бақыт» артыңда қауымға жасаған жақсылығың қалса, мәңгілік өлмейсің деген ойды ашық айтып, адалдыққа үндейді.

Мәшһүр Жүсіп үгіт үшін, көбінесе салыстыру әдісін, жақсы мен жаманды қатар алып, кімге еліктеу, неден безіну керектігін жіліктеп ашуға ден қояды:



Қайырсыз болсаң (бықыл) бәхил, болдың терек,  
Басқаға бір отыннан қылмас керек.  
Жақсыдан- жақсының да парқы бөлек,  
Даналар біледі ойлап, ақыл зерек (зирек).

Зарарлы болсаң жұртқа, болдың тікен,  
Қыларсың жазды жапан, шөлді мекен.  
«Жерінде- әр не өзінің»- деген рас,  
Еккенмен сусыз жерде, шықпас жекен.

Құдайым пендесіне берген малды,  
Жаратқан әр түрлі ғып жүрген жанды.  
Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан  
Қайыр қып берген артық жалғыз нанды [2, 148–149 б.].

Осы орайда, көбінесе ақыл айтуға құралған өлеңдерінің өзінде ақын үнемі жалаң үгітпен шектелмей, ұтымды бейне, сөз үлгілерін де кірістіре білген:

Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.  
Наданның өз басына қылған ісін,  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына.  
Қарайла, шамаң келсе, жолдасыңа,  
Жолдасың еріп жүрсе өз қасыңа.  
Абыройым төгілмесін деп ойласаң,  
Ұяттан қол шатыр қып ал басыңа .

Бір сөзді шығарады бір сөз тұртіп,  
Ағыздым алтын қылып мен мысты ерітіп.  
Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,  
Әрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.  
Шайтанның шамаң келсе сындыр белін,  
Ол иттің керек қылма жауын, елін.  
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,  
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.

Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,  
Жастықтың бір Күн көшіп кетер ауылы.  
Қауіп, қатерсіз, қайғысыз болам десең,  
Араз боп еш адаммен болма даулы.  
Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзіңнің өз бойыңда болсын көзің.  
Сөзіммен халқым амал қылсын десең,  
Амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің [3, 116–119 б.].

М. Н. Баратова М. Ж. Көпеевтің үгіт өлеңдерін талдай келе мынандай тұжырым айтады: «Зерделесек, «Наданның өз басына қылған ісін, //

Қылмайды ақылды адам дұшпанына»- жолдарының әсерлі естілу себебі: ақыл айтудың өмірде көп көргенді сараптап, безбендеп барып, аз сөзге көп мән ұялатуға негізделуінде жатқаны анық. Екінші мысалдағы дерексіз ұғым ұятты белгілі бір затқа «қол шатырға» айналдыру да өзінше әсерлі. Ұяттың қол шатыры ұғымын дәйектегенде, сол бір әсерлі, бейнелі сөз ұтымдылығы назар аудартады. Үшіншідегі перде жыртып сөз сөйлемеу де дерексіз ұғым сөзге пердені тіркеп және оны кәдеге жаратуды бейнелеп барып, белгілі бір идея өрістеуіне негіз қаланған. Төртіншіде, басқа адамның айнасынан (өз айнасынан емес) қарағанда ғана білімді, зерек адам болуы мүмкіндігі де мүлде тосын метафоралық тіркес көмегімен айтылған ой ерекше әсерлі естіледі. Бесіншідегі «жастықтың ауылы» метафоралық тіркесін алу және оның көшіп кетуін ескерту де идеяны неғұрлым пәрменді жеткізу міндетіне бағындырылған. Мұндай тосын метафоралық үлгі көмегімен әсерлілікті еселеп арттыру үлгісі алтыншы мысалда да бар. Әркімнің өз бойында өз көзі болуын діттеу, яғни соны метафоралық тіркес көмегімен бейнелеу нәтижесінде ақын өз ойын әсерлі жеткізген» [4].

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов, А.** Шығ. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
- 2 XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы : Ғылым. 1982. – 240 б.
- 3 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 436 б.
- 4 **Баратова, М.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. – Павлодар, 2010. – 256 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 29.05.14 редакцияға түсті.

*Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова*

### Назидательное стихотворение Шакарима

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 29.05.14.

*N. K. Zhusupov, M. N. Baratova*

### Didactic poem of Shakarim

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 29.05.14.

*В статье анализируется назидательное стихотворение Шакарима.*

*The article analyzes the didactic poem of Shakarim.*

ӨОЖ 81'373

**А. Ф. Зейнулина, Л. М. Ахметова**

## **ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ МӘНІ**

*Бұл мақалада қазіргі таңда туберкулездің кеңінен таралуы, олармен күресу жолдары және туберкулезді емдеу бойынша шаралар қарастырылған. Кейбір биологиялық терминдердің қазақ тілінде қолданылатын мағыналық мәні көрсетіліп, талқыланды.*

Бұрын «құрт ауруы» деп аталған туберкулез қаншама адам өмірін қиды! Оның салдарынан қыршын кеткен адам саны соғыстың әсерінен қаза болған адам санынан көп десе болады. Шоқан Уәлиханов, Чехов, Шопен, Байрон сияқты ұлы адамдардың өмірін әкеткен бұл ауру қаншама мемлекет үшін қауіпті дерт атанды. Алайда бүгінгі күні де туберкулез – әлем бойынша кең тараған ауру. Және де адамзат денсаулығына үлкен қауіп-қатер төндіруде.

Әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметі бойынша, бұл дерт шектен шығуда. «Әлем бойынша өте қиын жағдай тудырып отырған» туберкулез мәселесі ең өзекті және ғаламдық мәселелердің бірі, өйткені:

жыл сайын әлемде:

- 2 миллион адам туберкулез дертінен қаза табады – туберкулез микробактериялары басқа да жұқпалы ауру қоздырғыштарынан қарағанда адам өміріне аса қауіпті;

- туберкулездің барлық формаларымен 10-20 миллион адам ауырады;
- шамамен жер шарының 1/3 тұрғындары, шамамен (ТМ) = 2 миллиард, туберкулездің микробактерияларын жұқтырған;

- ауруды жұқтырғандардың шамамен 10 % өз өмірінде туберкулездің бір формасымен ауырады.

- туберкулезбен ауырғандардың 75% - жастар және еңбекке жарамды жастағы адамдар (15-40 жас). Бұл өз кезегінде мемлекет экономикасына кері әсер етеді.

**Туберкулез** (лат. *tuberculum* – төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микробактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм. Туберкулез ауруы көне заманнан белгілі. Ауру белгілері бұдан 7 мың жылдай бұрын неолит кезеңіндегі адам сүйегін зерттегенде табылған, біздің заманымыздан бұрын 3 – 2-мыңжылдықта египет мумияларынан анықталған. Туберкулездің клиникасы туралы алғашқы деректер 2 ғасырда өмір сүрген қаппадокиялық дәрігер Арегейдің (Aretaios) еңбектерінде кездеседі. Одан кейін Гиппократ, Гален, т.б. ғалымдардың еңбектерінде де Туберкулез ауруы еске алынады. Бірақ олар Туберкулезді жұқпалы ауру қатарына жатқызбаған. Ал Әбу Әли ибн Сина өзінің “Дәрігерлік ғылымның каноны” деген еңбегінде Туберкулезді тұқым қуалайтын аурулар қатарына жатқызған. Туберкулездің жұқпалы ауру екенін бірінші рет италиялық ғалым Дж.Фракасторо (1478 – 1553) дәлелдеді.

Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың ауырлығына байланысты Қазақстан үшін бұл проблема өте өзекті болып табылады.

Туберкулез микробактериялары қоршаған ортаға өте бейімді, олар қышқылды-спиртті-сілтіге тұрақты, ұзақ уақытқа өміршеңдігін жоймайды. Туберкулез микробактерияларын тасымалдаушылардың оннан бірінде ертелі-кеш «ұйқыдағы» инфекция белсенді кезеңге өтеді, яғни, ауру дамиды. Бұған әкеп соқтыратын негізгі факторлар уақтылы, толыққанды тамақтанбау, авитаминоз, өмірдегі тұрақсыздық, дұрыс орнықтау, тұратын жердің қанағаттандырылғысыз жағдайы, жиі стресс, созылмалы аурулар, қант диабетінің, ПИЖС (СПИД), алкоголизм мен есірткінің салдарынан иммунитеттің төмендеуі болып табылады.

Туберкулез-тұрғындардың денсаулығына орасан зор нұқсан келтіретін әлемде ең ауқымды таралған жұқпалы ауру. Жыл сайын 8,4 млн. туберкулездің жаңа жағдайлары тіркелсе, шамамен 2 млн. адам осы аурудан көз жұмады.

Жұқпалы аурудың тарайтын негізгі көзі – науқас адамнан түскен микробтары бар қақырық. Сау адамға ол негізінен Туберкулезбен ауырған адам түкірген қақырықтың ұсақ сұйық тамшылары арқылы не кепкен түйіршіктерін ауамен бірге жұтқанда; сирек жағдайда – Туберкулезбен ауырған үй жануарларының сүтін шикілей ішкенде, етін шала пісіріп жегенде жұғады. Организмге Туберкулез таяқшасының енуі ауруға себепші болғанымен, оның толық дамуы үшін жеткіліксіз. Адамдар Туберкулезбен бұрын науқастанып, организмнің иммунитеті төмендегенде, дұрыс қоректенбегенде (әсіресе мал өнімдерінің белоктары, витаминдер тапшы болғанда), санитарлық-гигиеналық жағдайлар дұрыс сақталмағанда, сондай-ақ аурумен ұзақ уақыт бойы араласқанда ауырады. Туберкулез көбінесе 3 жасқа дейінгі балаларда пайда болады, өйткені оларда ауруға қарсы иммунитет әлі де нашар дамыған, сондай-

ақ жасөспірімдерде жыныстық жетілу кезеңінде пайда болады. Туберкулез негізінен тұқым қуаламайды. Туберкулезбен ауыратын адамдардың, әдетте, балалары ауру болып тумайды. Бірақ Туберкулезбен ауыратын ата-ана дер кезінде емделмесе, аурудан сақтану ережелерін дұрыс сақтамаса, дертті баласына жұқтырып, баланың Туберкулезбен ауруы мүмкін.

Әңгімелескен кезде, жөтелгенде, түшкіргенде микробактериялар ауаға шығып, ауа арқылы адамдарға сіңеді. Тәулік ішінде ашық формалы туберкулезбен ауыратын ауру 1 млрд микроорганизмге дейін бөліп шығарады. Осындай ауру адам ұзақ уақыт бойы желдетілмеген бөлмеде болса, онда ауадағы бактериялар өте көбейіп, айналадағы адамдар жұта бастайды. Имунитеті жоғары адам туберкулездің микробактерияларын жұта отырып, ауырмайды десе де болады, тек қана ауру жұғады. Себебі, имунды жүйе оны аурудың дамуынан сақтайды. Инфекция ағзада болғанымен, ауа барлық адамдарға ортақ болғандықтан, айналадағы адамдарға жұғады.

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта Туберкулез таяқшалары болады, сондықтан Туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал жабық түрінде қақырықта Туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, Туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың біліну сипаты Туберкулездің түріне, науқастың жасына, организмнің жалпы жағдайына байланысты. Аурудың ортақ белгілері: дене қызуының көтерілуі, түнге қарай көп терлеушілік, ұйқының қашуы және тәбеттің нашарлауы. Науқас жүдеп, ашуланшақ келеді, жұмысқа қабілеті төмендейді. Туберкулез таяқшалары түскен жердің тінінде кішкентай төмпешіктер пайда болады. Адам организмі сауыға бастаса мұндай төмпешіктер жойылып кетеді. Кейде бұл төмпешіктердің сырты қатты затпен қоршалып, беріштенеді. Мұны *некроз ошағы* деп атайды. Адам организмі әлсіреп, некроз ошағына қолайлы жағдай туса, сол жерде каберна (куыс) пайда болады. Осы куыста Туберкулез таяқшалары дамып, кеңірдек арқылы өкпенің басқа бөліктерін зақымдайды. Мұндай науқастардың қақырығында микобактериялар мол болып, қақырыққа қан араласуы, тіпті қан кетуі де мүмкін [2].

Туберкулезге қарсы арнайы егу (БЦЖ) жүргізіледі, ол сәби дүниеге келгеннен 3 – 5 күннен кейін іске асырылады. Ауруды емдеудің терапиялық, хирургиялық, т.б. әдістері табылып, күнделікті дәрігерлік жұмыста қолданылатын болды. Санаторийлерде емделу өте пайдалы. Қазақстанда Туберкулезге қарсы жұмысты Туберкулез мәселері ұлттық орталығы үйлестіріп отырады. Әрбір облыс орталығынданда арнаулы диспансер, жергілікті жерлерде олардың бөлімшелері жұмыс істейді. Республика Туберкулезге қарсы қажетті дәрі-дәрмекпен, емдеу орындары төсек-орынмен жеткілікті қамтамасыз етілген.

Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметіне қарағанда, қазір жер шарында туберкулезбен 15-20 миллион адам ауыратын көрінеді. Әлемде жыл сайын олардың саны 2-3 миллион адамға көбейіп отырады екен. Ал біздің елімізде эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына қарамастан соңғы жылдары туберкулез ауруы аса өзекті әлеуметтік және медициналық проблема ретінде қалып отыр. Сондықтан туберкулезге қарсы күресті күшейту бағытында елеулі шаралар жүзеге асырылуда. Соған қарамастан, әсіресе біздің республикамызда туберкулез ауруы көп тараған ауру ретінде халық денсаулығына едәуір зиян келтіруде.

Қазақстанда туберкулезге қарсы күрестің әртүрлі өзіндік ерекшеліктері бар:

- 1) ерте заманнан тұрғылықты халықтар арасында туберкулездің кең таралып-жайылуы;
- 2) экономикалық, географиялық-табиғи этнографиялық және басқа әртүрлі жағдайлардың туберкулез ауруының тарауына ықпал етуі;
- 3) малдардың осы аурады тарату көзіне айналып отырғаны.

Демек, туберкулезге қарсы күресете санитарлық-ағарту және насихат жұмысы кеңінен жүргізілуі керек. Сонымен бірге денсаулық сақтау мекемелері науқас адамды тек емдеп қана қоймай, дерттің сау адамға жұғуына немесе оның асқынып кетуіне жол бермес үшін тиісті профилактикалық шаралар қолдануы қажет. Демек, бұл істе бүкіл жұртшылық көмек көрсетуі тиіс. Ең бастысы, туберкулезге шалдыққан адам дер кезінде дәрігерге қаралып, ұқыпты емделсе, одан құлантаза айғып, жазылып кететіні сөзсіз. Ол үшін бұл аурудың ерекшеліктерін, жұғу жолдары мен себептерін, емдеу тәсілдерін, профилактикалық және сақтану шараларын білуі қажет. Сондықтан біз жұртшылыққа жалпы туберкулез ауруының гигиенасы, арақ-шараппен темекінін зияндығы, т.б. туралы азды-көпті кеңес беруді жөн көрдік.

Жоғарыда айтқанымыздай туберкулезбен тек адам ғана емес, малдар да, т.б. ауырады. Үй жануарларының 50-ден астам, құстардың 20-астам түрі туберкулез ауруын тез қабылдайды. Малдың туберкулез ауруын тарататын негізгі ошақтардың бірі екендігі ғылыми жолмен де, тәжірибе жүзінде де дәлелденген. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, жануарлар мен құстардың туберкулезге сезімталдығы бірдей емес. Мысалы маймыл, қоян, ірі қара, қара күзен, тауық туберкулезге өте сезімтал келеді. Ал жылқының, ешкінің, иттің үйрек пен қаздың туберкулезді қабылдауы біраз төмен. А. Терлікбаев, Я. Благодарный және Қ. Құрманбаев сияқты ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда 70-жылдардың соңында республикамызда ірі қараның туберкулезбен ауруы 6-есе болса, солтүстік аудандарда 10-14 есеге жеткен. Осы зерттеулерден туберкулез ошағында болған иттің 2,6 есе, мысықтың 1,9 есе, түйенің 21 есе көп ауыратынын көреміз.

Біздің республикамызда ауыл шаруашылығы, оның ішінде ауыл шаруашылығы дамыған, яғни малда туберкулез ауруының кең тарап

отырғанын ескерсек, тонда бұл салада жан-жақты алдын алу шараларды жүзеге асыру қажеттігі басты назарда болуға тиіс.

Ғалымдар туберкулез ауруын тез қабылдайтын 353 қара малды сойып, ішкі мүшелерін тексегенде, оларды туберкулезбен зақымданғанын анықтаған. Әсіресе туберкулезбен мемлекеттік шаруашылықтағы малдарға қарағанда жеке меншіктегі малдар 2-3 есе көп ауырады екен. Зеттеу деректері ауырған сиыр мен қойдың сүтінде 1,3-3,6 % туберкулез қоздырғышы болатынын көрсетіп отыр. Әсіресе туберкулездің ашық түрімен ауыратын жанұядағы ірі қара 3 есе, ал қой мен ешкі 10 есе жиі ауырады.

Жұқпаның негізгі көзі ауру адам және де кей жағдайда ірі қара мал (сиыр) бола алады. Жұқпалы ауру жиі (95%) белсенді формалы туберкулезі бар ауру адамнан ауа тамшылары (ауадағы шаң) жолдары (аэрогенді) арқылы беріледі. Ал кейде туберкулезбен ауыратын сиыр сүтін қайнатпай пайдаланған жағдайда алиментарлы жолмен жұғады. Адамдар жұқпаны, көп жағдайда, малдардан сүт арқылы жұқтырады. Сиыр желіні туберкулезге шалдыққан жағдайда, сүтте туберкулез бактериялары пайда болады.

Естеріңізде болсын, сауылған сүтті шикі күйінде емес, қайнатып ішкен жөн. Туберкулез жұқпасының құрсақіші арқылы таралу түрі сирек кездеседі. Әдетте, туберкулездің қарқынды түрімен ауыратын әйелдер де дүниеге дені сау баланы әкеле алады. Жаңа туған нәрестені анасынан оқшаулап вакцина жүргізгеннен кейін, сәйкес гигиеналық жағдайда ұстаса, сау болып өсіп, келешекте салауатты өмір сүреді.

Елбасы өз Жолдауында: «Халық денсаулығы — Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттары-на әкетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі. 2020 жылға қарай ана мен бала өлімін екі есе төмендетіп, жалпы өлімді 30 % азайтып, туберкулезбен ауруды 20 % қысқартуы тиіс. Бұл ретте өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 72 жасқа дейін ұлғаяды», — деді.

Сондықтан жергілікті мал мамандары туберкулез кеселі шыға қалған жағдайда қосымша еңбек студент қашпай (ауру малды бөлектеу, оған орын, бағатын кісі, ауруды анықтау үшін қайта-қайта тексеру, т.б.), малды орынсыз соймай немесе етке өткізбей тұрып арнулы нұсқауларда көрсетілген шараларды орындап, сойылған малдың ішкі ағзалары мен бездерін зертханаға тексеруге жіберуге міндетті.

Туберкулезге тән емес реакция көбінесе қыс мезгілінде, жазда алғаш жайылымға шыққан немесе жоңышқаны алғашқы көк күйінде азықтандырғаннан кейін кеселге тексергенде байқалады, әсіресе бұл жағдай 4-6 жастағы сауын малы арасында жиі кездесеті.

Туберкулезді емдеу шараларына келетін болсақ. Заманымыздағы озат медицина ғылымы туберкулезді емдеуде ірі табыстарға жетіп отыр. Қазір туберкулез адамның қай жерінде кездесе де, оны түрлі әдістерді қосарландыра жүргізіп емдейді. Туберкулезге қарсы жұмсалатын барлық

емді негізінде үш бағытта жүргізуге болады. Олардың бірі — жалпы емдеу. Өйткені туберкулезбен дененің бір жері (сүйек, өкпе, без және т. б.) ауырса оның зардабы барлық денеге жайылады. Сондықтан емдік шара алдымен жалпы дененің арқауың нығайтуға, оның қорғаныш күшін арттыруға жұмсалғаны жөн. Жалпы шараның нәтижесінде адамның нерв жүйесі бұзылған қызметін жөнге келтіреді, денеде қоректі заттар алмасуы түзетіледі және бездер жүйесінің жұмысы ширайды.

Екінші бағыты — ағзада ұялаған, оны бүлдіріп жатқан туберкулез микробын өлтіру. Қазір күшті дәрі-дәрмектер жеткілікті, солардың күшімен микробтың өсіп-өнуіне тоқтау салып, ұяларын құртуға болады.

Емдеудің үшінші бағыты — хирургиялық және ортопедиялық тәсілдер. Әрине, тәжірибеде осы айтылған әдістер мен түрлі дәрілер өзара үйлестіріле жұмсалады. Мысалы, стрептомицин, фтивазид, ПАСК, болмаса тибонмен емдеу кеуде қуысына газ үрлеумен немесе өкпенің ауырған жерін кесумен бірге істелсе, оның нәтижесі жақсы болады. Сондықтан ауру адамды емдегенде бірнеше әдістер және дәрілер қосарлана жұмсалады. Мұны қоспалы емдеу дейміз. Бірақ туберкулезді емдеуге қандай әдіс қолданса да, нендей дәрі жұмсалса да, негізгі шара — аурудың жалпы халін көтеру, денесінің қорғаныш күшін арттыру, сөйтіп туберкулезге қарсы күресте оны жеңімпаз ету. Сондықтан толып жатқан емдердің бастысы гигиеналық-диеталық режим болады. Мұның мәнісі адамның тұрмысында тазалық сақтау және тамақтану тәртібін дұрыс ұйымдастыру деген сөз. Бұл әдіс адамға жағымды жағдай жасайды, дененің кеселге қарсы күшін арттырады және адамның жазылуға сенімін күшейтеді. Осы айтылған мақсатқа жету үшін мамандар науқастың жағдайына қарап, жатқызып емдейді, ал біуелеріне туберкулезге қарсы дене шынықтыратын шаралар істейді.

Құрт ауруының негізгі емі — арнайы препараттар. Сосын шұбат пен қымыз көмек бере алады. Бүгінгі күні 440 науқас осында стационарлық ем қабылдайды.

Қоғамның дамуына байланысты туындайтын жаңа ғылыми әрекеттер тілге жаңа сөздер алып келеді. Қандай салаға байланысты болмасын ол сөз өзінің қажеттілігіне қарай өмір сүреді. Өзінің қолданылуына қарай, ол тек кәсіби сөз болуы не жалпы халықтық болуы мүмкін. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында тілімізде қолданылып жүрген термин сөздер өте көп. Қазақ тілінде термин дегеніміз – ғылым мен техниканың әрбір саласына байланысты қолданылатын арнаулы сөздер деп ереже берілген. Және термин сөздердің бір ғана ұғымы болады.

Солардың көпшілігі қазір қазақ тілінің төл сөзімен тең боларлықтай дәрежеге жетіп отыр.

Термин сөздердің қолданылуы – тіл пайда болғаннан бері қолданылып келе жатқан құбылыс. Әр саланың өз терминдері болады. Соның ішінде

жоғарыда айтылған саланың терминдердің, ол мысалға, *микробактерия, иммунитет, некроз, интоксикация, фиброзды-кавернозды және т.б.*

Туберкулездің микобактериясы (ТМБ) – факультативті жасуша ішілік паразиттер. Микобактерия этимологиялық сөзі грек тілінен аударғанда тусес – саңырауқұлақ bacterium – талшық деген сөздерден шыққан. Саңырауқұлақ атаудағы компонент бұл микроорганизмдердің зей саңырауқұлағына ұқсайтын жіп немесе бұтақша түзуіне негізделген

Иммунитет латын тілінен аударғанда босап шығу, арылу, құтылу деген мағынаны білдіреді яғни, ағзаның ауру тудыратын агенттерді олардың тіршілік ету өнімдерін, сондай-ақ генетикалық табиғаты басқа заттарды қабылдамаушылығы. Иммунитеттің қалыптасуына тұтас жүйе ретінде бүкіл ағза қатысады, өйткені оның қорғану механизмі бір-біріне байланысты, әрі нейрогуморальды реттеу жағдайында әрекет етеді.

Жалпы некроз (гр. *nekros* — өлі, шірік, өлі еттену) - тірі организмдегі клеткалардың өлуі. Қан және жұқпалы ауруларға шалдығу, жаракаттану, күйеу т. б. себептерден ауыз шырышты қабығы, қызыл иек шегі, ерін мен ұрт үстері некрозға ұшырайды. Шіру процестері ұлпа қабынғанда, тіс эмалі зақымданғанда білінеді.

Интоксикация (ағзаның улануы) — организмге эндоген және улы заттардың жалпы әсер етуімен байланысты туатын патологиялық күйі.

Өкпенің фиброзды-кавернозды туберкулезі өкпенің деструктивті туберкулезінің соңғы кезеңі болып табылады және фиброзды каверна болуымен, кавернаны қоршаған өкпе тінінде фиброзды өзгерістер болуымен сипатталады. Фиброзды кавернаның қабырғасы өте күрделі құрылысты болып келеді: ішкі қабаты - бұл алынбайтын казеозды масса, әрі қарай арнайы түйіршікті тіндері бар ауқымды қабаты орналасады, келесі қабаты - фиброзды өзгерістері бар арнайы емес түйіршікті тін. Кавернаның мықты фиброзды қапшығы болады, оның маңайында жиі перифокалды қабыну процесі байқалады. Мұндай фиброзды каверна әрқашан бронх ағашымен бірнеше жерден дренаж арқылы байланысады, сөйтіп каверна маңында және екінші өкпеде өкпе тінінің бронхтық таралуы болуына әкеледі. Өкпеде басқа да морфологиялық өзгерістер дамиды: пневмосклероз, эмфизема, бронхоэктаздар.

Қорыта келгенде, айтылған терминдер мен ұғымдар мемлекеттік тілде кең ауқымда қолданылып келе жатыр, өзге тілдегі қолданыс мағынаның баламалық мәнін дұрыс берілгеніне көзіміз жетті.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Қасымбекова, Қ.** Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттық міндет. Замаң – Қазақстан. 2002. 4 қазан. №40. – 6 бет

2 **Жұмалиева, Б.** Экологиялық сақтандыру туралы заң керек. Бірақ, сақтауды ойлап жатқан ешкім жоқ. Алтын Орда. 2004 ж. 5-7 тамыз, – 7 бет.

3 **Галактионов, В. Г.** Эволюционная иммунология: Учеб. пособие. – М. : ИКЦ «Академкнига», 2005. – 408 с. – 2000 экз.

4 **Перельман, М. И., Корякин, В. А., Богдельникова, И. В.** Фтизиатрия. ОАО Издательство «Медицина», 2004.

5 <http://kk.wikipedia.org/wiki>

6 **Жұмаш, А. С., Түргенбаев, Қ. А., Тұяқбаева, Б.М.** т.б. Мал туберкулезінің алдын алу және жою шаралары жөніндегі ұсыныстар. – Алматы. 2003. – 17 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 29.05.14 редакцияға түсті.

*А. Ф. Зейнулина, Л. М. Ахметова*

**Смысл терминов, употребляющихся в казахском языке при лечении туберкулеза**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 29.05.14.

*A. F. Zeinulina, L. M. Akhmetova*

**Meaning of the terms which are used in the Kazakh language at tuberculosis treatment**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 29.05.14.

*В статье рассмотрены распространение туберкулеза, пути борьбы с ним и мероприятия по лечению туберкулеза. Обсуждено содержимое значение некоторых биологических терминов на казахском языке.*

*The tuberculosis spread, ways of prevention and treatment of this disease were described in the article. Content meaning of some biological terms in Kazakh language were noted and characterized.*

**А. Ф. Зейнулина, Б. М. Оспанова**

## **БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨНДЕУ САЛАСЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ МӘНІ (СҮТ САРЫСУЫ НЕГІЗİNДЕ)**

*Бұл мақалада әлемде қазіргі таңда сүт сарысуының 50% канализацияға құйылатындығы, оны рационалды пайдаланудың бірден-бір жолы, биотехнологиялық өңдеу әдістерін қолдана отырып, сусын алуға болатындығы және осы биотехнология саласындағы терминдердің мемлекеттік тілде кең қолданыс алып келе жатқандығы қарастырылған.*

Биотехнология терминін Венгер инженері Карл Эреки 1917 жылы шығарған. **Биотехнология** (bios – тіршілік; thechne – өнер, шеберлік; logos – ғылым) - тірі ағзалар мен биологиялық үрдістерді өндірісте пайдалану; экономикалық құнды заттарды алу үшін ген және жасуша деңгейінде өзгертілген биологиялық объектілерді құрастыру технологиялары мен пайдалану жөніндегі ғылым және өндіріс саласы. Қазіргі биотехнологияның басты мақсаты — өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл тұқымдарын, микроорганизмдердің штаммаларын шығару. Биотехнология өте ерте уақытта бастау алған Библияның «Ветхий» уағызында дрожжилы ашытқымен дайындалатын шараппен «квасты нан» туралы микробиологиялық сипатын анық білмеген жағдайда айтылған болатын. Биотехнологияның даму тарихы 5 кезеңнен тұрады:

1. Пастерге дейінгі дәуір (1865 жылға дейін) бұл кезеңде биотехнологиялық әдістермен сыра, шарап, ірімшік, нан, йогурт, айран түрлі ферментті тағамдар алынды.

2. Пастер дәуірі (1865 – 1940 жылға дейін) микроағза продуценттері анықталып, бұл этанол, бутанол, ацетил, лимон қышқылы көптеген вакцина өндірісін құруға, аэробты микроағза ағынды суларды биологиялық тазалау процестерін ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

3. Антибиотик дәуірі (1940 – 1960 жылға дейін) пенициллин, стрептомицин т.б антибиотиктер ашылып, жануарлар клеткасын культивирлеу технологиясы және вирусты вакцина алу, стероидты гормондарды биотрансформациялау технологиясы қолға алынды.

4. Антибиотиктен кейінгі дәуір (1960 – 1975 жылға дейін) аминқышқылын мұнай парафиніндегі микробиологиялық белокты жуғыш ұнтақта

қолданылатын ферменттер алу технологиясы құрылды. Глюкоза – фруктозалы сироп алынатын ферменттерді иммобильдеу (тасымалдағыштарға бекіту) технологиясы зерттеле бастады. Ағынды суды аэробты тазалауға биогаз ала отырып қатты қалдықтарды анаэробты тазалау қосылады. Полисахаридтерді микробиологиялық әдіспен алу әдісі ашылды. Ғалымдар дәрілік өсімдіктердің мол қорын пайдалана отырып, бағалы дәрілік зат биотехнология өндірісінде окшауланған өсімдік клеткаларын культивирлеуді қолға алды. Бұл дәуірге мысты және мырышты кен қазбаларын бактериалды сілтісіздендіру жатады.

5. Жаңа биотехнология дәуірі (1975 жылдан кейін ) кезең микроағза геномын бағытты түрде өзгертіп, өсімдік, жануар геномынан алынған көшет тасымалдауға мүмкіндік берді. Гендік инженерияны зерттеу сипаты – бұл адам инсулині, интерферон, самотрофты өсу гармоньнан микробиологиялық технология жасауға негіз болды. Көптеген әр түрлі диагностикалық препараттарға негіз болатын моноклональді антидене алуға мүмкіндік беретін, гибридомды технология жасалынды. Бағытты түрде геномды қайта құру жүзеге асыратын трансгенді өсімдіктер, жануарлар алынды.

Биотехнология бүгінгі таңда өнімдердің мол түрін алуға мүмкіндік беріп, қарқынды даму үстінде. Сүт және сүт өнімдері адам тамақтануында үлкен рөл атқарады.

Сүт – барлық жастағы адамдар үшін жұғымдылығы жоғары оңай сіңетін өнім. 100 грамм сүтте 3 грамға жуық ақуыз, 3,2 грамм оңай сіңетін май, көптеген мөлшерде оңай сіңірілген кальций мен фосфор қосындылары, сондай-ақ белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар және де жазғы уақытта сиыр сүтіндегі бұл дәрумендер қыстағыдан едеуір көп болады. 100 грамм сүт организмге 60-қа жуық килокалория береді. Сүт ақуызы негізінен, казеиннен (2,7%), лактальбуминнен (0,4%) және лактоглобулиннен (0,1%) тұрады. Сүт майы глицеридті қоспалардан тұрады. Салқындатылған сүтте май түйіршіктерінің диаметрі 0,1 – 20 мкм болатын суспензия, ал жаңа сауылған сүт пен ысытылған сүтте эмульсия түрінде болады. Осы түйіршіктер сүт біраз тұрғаннан кейін оның бетіне кілегей болып жиналады. Сүт лактозасы (дисахарид) – таза күйінде ақ түсті, кристал тәрізді ұнтақ. Оны айран, қымыз ашыту үшін және медицинада, бактериологияда қоректік орта дайындау үшін қолданады. Сүт құрамындағы вегетативті микробты (оның ішінде патогендік түрін) жою үшін пастерлеу әдісін қолданады. Минерал заттары органикалық және бейорганикалық қышқыл тұздары түрінде кездеседі. Сондай-ақ, 60-тан астам фермент, әр түрлі гормон (окситоцин, пролактин, фолликулин, адреналин, инсулин т.б.), иммундық заттар (антитоксин, глотинин, онсонин т.б.), газдар (СО2, О2, Н2, NH3), микроорганизмдер болады. Сүтті пісіріп, бетіндегі қаймағын алып жеп, өзін ішеді, сүттен әртүрлі тағамдар әзірленеді. Сүтті тартып, шикі қаймақ алады. Ешкінің сүтін емге ішеді. Қымыз – биенің сауылған сүті – саумалды ашытып, күбіде пісіп,

дайындайды. Өте шипалы, адам жанына күш-қуат беретін сусын. Сүт – адам мен сүтқоректі жануарлардың сүт безінде лактация кезеңінде түзілетін сұйық зат. Сүт – бағалы тағамдық өнім. Ана босанғаннан, мал төлдегеннен кейін алғашқы күндері сүт уыз түрінде шығады. Ана сүттінің уызы сәбиді әр түрлі аурулардан қорғайтын затқа (антиденелерге) бай. 7 – 10 күн өткен соң сүттің әдеттегі құрамы қалыптасады. Ана сүтінің құрамы сәбиге қажетті қоректік заттар, гормондар (әсіресе, қалқанша бездің гормоны), ферменттер, ақуыздар, көмірсулар мен витаминдерге бай болғандықтан сәбидің организмі оны жақсы сіңіреді. Сондай-ақ сүт құрамындағы минералды тұздардың (кальций мен фосфор) сәбидің қаңқа сүйегінің қалыптасуына әсері зор. Сондықтан баланың дұрыс дамып, өсуі үшін жас сәбиді ана Сүтімен емізудің маңызы өте зор. Мал сүті – құнды тағамдық зат, одан әр түрлі сүт тағамдары, май, балмұздақ, т.б. жасалады. Сүт – бұл табиғат даярлаған ерекше өнім. Сүттің құрамы өте күрделі – химиялық құрамының толықтығы бойынша сүтпен ешбір табиғи тағаммен салыстыруға келмес. Сүттің химиялық құрамына пластикалық, минералды, энергетикалық, реттегіш заттар мен дәрумендер кіреді. Сүт ақуыздары, ет және балық ақуыздарына қарағанда, әлде қайда толыққанды және тезірек қорытылады. Ақуыз адам ағзасында жаңа жасушаларды түзу үшін қажет. Сүттің ақуыздары үш құрамдастан тұрады: шикі сүтте еріген күйінде болатын казеин, альбумин және глобулин. Сүттің барлық ақуыздары толыққанды топқа жатады, яғни олардың құрамында барлық 20 аминқышқылдары бар. Олардың ішінде – адам ағзасында синтезделмейтін және сырттан тамақ арқылы келуі тиіс 8 ауыстырылмайтын амин қышқылдары. Осы амин қышқылдарының ең болмағанда біреуінің болмауы зат айналымының бұзылуына әкеледі. Алмастырылмайтын амин қышқылдарының ішінде үшеуі аса маңызды: Метионин - май айналымын реттеп, бауырды май басудан қорғайды. Лизин - қан түзілуімен тығыз байланысты. Оның азық-түлік құрамында жеткіліксіздігі, қан түзілуінің бұзылуына, қанның қызыл түйіршіктері – эритроциттер санының азаюына, гемоглобин мөлшерінің төмендеуіне әкеледі. Тағамда лизиннің жеткіліксіздігі кезінде азот айнылымы бұзылып, бұлшықеттің әлсіреуі байқалады, сүйектің кальцификациясы бұзылып, бауыр мен өкпеде бірқатар өзгерестер туындайды. Триптофан - кейбір маңызды қосылыстардың (никотин қышқылы, серотонин) синтезі үшін қажет. Триптофан айналымының бұзылуы жарыместікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, триптофан айналымының бұзылуы көкжөтел, қатерлі ісік, диабет сияқты аурулардың көрсеткіші болуы да мүмкін. Сүттің минералды заттары құрамына Менделеев периодикалық жүйесінің өте көп элементтері кіреді. Оның құрамында кальций, калий, натрий, магний, темір тұздары, лимон, фосфор, тұз және басқа қышқылдарының тұздары бар. Олар сүтте жеңіл сіңірілетін түрінде болады. Сүтте аздаған мөлшерде микроэлементтер: кобальт, мыс, мырыш, марганец, фтор, бром, йод, күшала,

кремний, бор, ванадий және т.б. болады. Микроэлементтер қанды, лимфаны, ішек сұйықтығын, терді, жасты және т.б. қалпына келтіру үшін қажет. Олардың қатысуынсыз қалқанша безі, жыныс және т.б. маңызды ішкі секреция бездерінің жұмыс істеуі мүмкін емес болар еді. Микроэлементтердің тағамда жеткіліксіздігі денсаулықтың ауыр дерттеріне әкелуі мүмкін. Мысалы, мыстың гемоглобинді түзу үшін қажеттілігі, кобальттың В12 дәруменінің құрамына кіретіні, мырыштың көбею үрдістеріне қатысатыны, марганецтің тотығу-тотықсыздану үрдістері мен С, В мен D дәрумендерін түзуге қатысатыны анықталған. Ағзада литийдің жеткіліксіздігі ақыл-ес ауруларына әкеледі, фтор тіс жегісінен қорғайды. Ванадийдің жоқтығы өсуді тежейді. Тағамда йодтың жеткіліксіздігі қалқанша безінің ауыр дертін тудырады. Минералды тұздар ағзаның қышқылдық-сілтілік тепе-теңдігін сақтайды. Сүт құрамындағы минералды тұздардың мөлшері салыстырмалы тұрғыда тұрақты болады, себебі тағамда жеткіліксіз болған жағдайда, олар сүтке сүйек ұлпасынан ауысады. Қышқыл сүт өнімдерін пайдалану әртүрлі радионуклидтердің ағзадан шығаруын жеделдетені дәлелденген. Сүттің энергетикалық заттары: лактоза, немесе сүт қанты, лактаза ферментінің әсерінен глюкоза және галактозаға ыдырайды. Лактоза жүйке жүйесін ынталандырушы мен жүректәмір ауруларын алдын алу құралы болып табылады. Лактаза синтезінің бұзылуы жаңа туған нәрестелердің туа біткен сүтті қабылдамау қасиетінің себебі болады. Кейбір ересектерде лактаза белсенділігі төмендеуі мүмкін, ол кезде де сүт өнімдері нашар сіңіріледі. Мұның себебі ас қорыту жолының дерттері немесе сүтті ұзақ мерзім бойы қабылдамау. Сүт майы – ағза үшін энергияның бай көзі. Май жеңіл қорытылады. Сүттің құрамында май өте кішкентай май түйіршіктері түрінде болады. Сүт майы – ең толыққанды: оның құрамына осы уақытта белгілі барлық май қышқылдары, оның ішінде ағзамен синтезделмейтін, бірақ тағаммен бірге келетін алмастырылмайтын май қышқылдары кіреді. Сүт майы жануар майларында мүлдем болмайтын А, D, Е және К дәрумендеріне бай. Реттегіш заттар: дәрумендер – тағамның таптырмас заттары, ағзада маңызды биохимиялық қызметтерді атқаратын төмен молекулалы органикалық қосылыстар. Дәрумендер ағзада орын алатын барлық өмірлік маңызы бар үрдістерге қатысады. Ағзаның дәрумендермен жеткіліксіз қамтылуы әртүрлі дерттерді туғызып, оның ауруларға қарсы тұру қабілетін және жалпы өмірлік тонусты төмендетеді. Қазіргі уақытта сүттің құрамында кездесетін 30-дан астам дәрумендер белгілі. Сүт А, В1, В2 дәрумендерінің елеулі көзі болып табылады. Демек, осы өнімде адамның шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, сонау кәрілікке дейін қалыпты өмірді қамтамасыз ететін барлық қажетті заттар бар. Күніне ішілген жарты литр сүт адамның келесі қажеттіліктерін: 30% ақуыз, 25% май, 75% кальций мен фосфор, 50% калийді қамтамасыз етеді. Сүтті үнему қолдану барлық дерлік аурулардың алдын алуына көмектеседі деуге болады [1].

Сүт өнімі салыстырмалы түрде мемлекет үшін қымбат болып табылады, ал оны өңдеу – көп еңбекті қажет етеді, сондықтан сол өнімді өңдеу процесі кезінде толық және тиімді пайдалану жөн болып табылады. Сүт сарысуымен сүт ақуызының ең құнды бөлігі (30 % дейін) – адам ағзасы және малдардың қорғаныштық қызметін дамытатын, иммунды ақуыздар, сонымен қатар 95 % жоғарысапалы сүттегі қант-лактозасы жоғалады. Алынатын сарысудың теориялық көлемі өңделінетін өнімнің 80% құрайды. 1 т сүттен ақуызды – майлы өнімді өңдеу кезінде 800 л сүт сарысуы алынады. Үй шаруашылығында шыққан 10 л сүттен 6–7 л сарысу алуға болады. Әлемде жыл сайын ірімшік, сүзбе, казеин өндірісінен 100 млн. тонна сүт сарысуы алынады [1]. Сондықтан отандық және шетелдік сүт өнімдерін өндірушілердің алдында екінші айналымдағы сүт шикізатын (сүт сарысуы) өңдеу өзекті мәселе болып табылады. Шаруашылық айналымға екінші реттік ресурстарды пайдалану, кәсіпорын кірісін жоғарлатып қана қоймай, экологиялық сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі.

Қазіргі таңда, әртүрлі себептерге байланысты (экономикалық, әлеуметтік, экологиялық), халықтың денсаулығы нашарлаған уақыты, адамдардың орташа жас ұзақтылығы төмендеп, үлкен қауіп тудыруда. Сарысу — өте тамаша өнім, өзінің қарапайымдылығына қарамай, көптеген қасиеттерге ие. Сүт сарысуы ішек микрофлорасын қалпына келтіріп, газ түзілу және шіріктік үрдістерді баяулататындықтан, асқорыту жолдарының ауруларында емдік мақсатта пайдаланады. Сүт сарысуы суда еритін дәрумендердің (В тобы, рутин, биотин) қайнар көзі. Жемістер мен көкөністердің жоқ мезгілінде дәрумен жетіспеушіліктің орнын толықтыру үшін таптырмайтын сусын. Ауыр жұмыс күнінен кейін ішсе жүйке жүйесіне жағымды әсер етеді. Қарт адамдар үшін де тағаммен емдеуде аса пайдалы, тамақтан бұрын ішсеңіз, асқазандағы тұз қышқылын төмендетуге септігін тигізеді. Сиыр сүтіне қарағанда, сарысу белогы ана сүтінің құрамына жақын келеді, сондықтан, балалар тағамын дайындауда қолданады. Сондай-ақ, артық салмағы бар адамдарға және қартаю үрдісін баяулататын антиоксидант ретінде күнделікті қолдануға болады. Сүт сарысуы бауырға ішек жұмысы арқылы жанама әсер етеді. Бауыр ішектің жағдайына тәуелді, өйткені ішектегі заттар тамыр арқылы бауырға тасымалданады. Бауырдың қызметі қоретік заттарды қанға жіберу ғана емес, сандай – ақ, оны нейтралдау, тазалау және улы заттарды жою болып табылады [1].

Халықтың денсаулығын қалпына келтіру жолдарының бірі, ағзаға позитивті әсер ететін тамақтану өнімдерін жаппай қолдану. Мұндай өнімдерге сүт сарысуы және одан шыққан өнімдер жатады.

Қазіргі кезде биотехнологиялық өңдеу әдістерін пайдалана отырып, сүт сарысуынан келесі өнімдер шығарылады: сусындар, балмұздақтар, әртүрлі ақуызды өнімдер, қоюлатылған және құрғақ өнімдер, сүт сарысуының

биологиялық өңдеуінен өткен әртүрлі өнімдері, сүт қанты, лакто-лактоза шәрбәті. Осының ішінде сусынға тоқталатын болсақ, сүт сарысуынан жасалған сусындар өте құнды өнімдерге жатады, диеталық және емдік қасиеттерге ие.

Сүт сарысуы — ірімшік, сыр, казеин өндірісі кезінде пайда болатын, жанама өнім. Алынатын өнім түріне байланысты ірімшіктен, сырдан, казеиннен шығатын сүт сарысуы болып бөлінеді. Сарысудың құрғақ заты негізінен лактозадан немесе сүт қантынан тұрады. Лактоза – артық майдың жиналуын болдырмайтын, «оңтайлы» көмірсу болып табылады. Сонымен қатар, асқазан-ішек жолдарының жұмысын реттеуге қатысады. Сарысу ақуыздары – толыққанды ақуыз, алмастырылмайтын аминқышқылдары үйлесімді түрде кездесетіндіктен, биологиялық құндылығы өте жоғары болып саналады. Олар қантүзілу үрдісіне және бауырдағы ақуыз синтезіне қатысады. Сүт сарысуының құрамында никотин қышқылы, холин, биотин, В тобының, А, Е, С дәрумендері және кальций, магний кездеседі. Жалпы сарысудың екі мағынасы болады. Бірінші, сарысу (провослав. Syrovatъ – сырмен байланысты деген мағына береді ) сүт ашыған кезде пайда болатын, майсыз және ақуызсыз сұйықтық. Екіншісі, қан және лимфаның ұйыны кезінде пайда болатын сұйықтық. Медицинада емдік және диагностикалық құрал ретінде пайдаланылады.

Ертедегі адамдар, ашыған сүтті сүзгенде пайда болатын ірімшік массасын ұзақ сақтауға болатындығына көңіл бөлген. Гомер, Аристотель, Гиппократ, Катон, Палладий және т.б.) ақындардың туындыларында, философтардың және ғалымдардың еңбектерінде мәліметтер келтірілген. Біздің дәуірімізге дейінгі 1 ғасырда өмір сүрген Колумелла, сүтке қойылатын талаптар мен оны қалай ашыту туралы кеңестерді егжей – тегжейлі жазған [1].

Сүт шикізатын кешенді өңдеудің негізгі жолы сыр, ірімшік және казеиннің қалдықсыз технологиясын жасау болып табылады. Қазіргі таңда сүт сарысуын өңдеудің екі шешімі бар, бірі құрғақ заттарын толық пайдалану, екіншісі құрамдық компоненттерін жекелеп қолдану. Бірінші шешім екі бағыт бойынша жүзеге асады. Соның біріншісіне тоқталайық – табиғи сүт сарысуын нан өнімдерінің ингредиенті ретінде, сусын және желе, десерт және балмұздақ, сонымен қатар қоректік орта дайындау үшін, жем және тыңайтқыш, жуғыш құралдарын алу, косметика және сауықтыру ванналарында пайдаланылады.

Сүт сарысуынан сусын алу үшін, мөлдір сүт сарысуына дәмдік толықтырғыштарды қоса отырып, лактозаны ашытатын болгар және ацидофильді таяқшаларды, сондай – ақ сүт ашытқысын қосып ашытады. Сүт сарысуын мөлдірлету мақсатында, сүт сарысуы ақуыздарын ультрафилтрациялық әдіспен бөліп алады. **Ультрафилтрация** - ең бастысы ірімшіктен немесе сырдан шыққан сүт сарысуынан ақуызды бөліп алу, өндірістік шығындарды қысқарту және сыр көлемін ұлғайту мақсатында



сүтті концентрлеу үшін пайдаланылды. Дәстүрлі әдіспен сүттен ірімшік алуға биологиялық белсенді өнімдерге жататын сүт сарысуының ақуыздары, сонымен қатар казеинді ақуыздың бір бөлігі жоғалады. Ашыған сүтті ультрафилтрациялауға негізделген, жаңа технологиямен ірімшік алу кезінде алынатын ірімшіктегі сүт сарысу ақуыздарының сақталуын қамтамасыз етеді және де казеинді ақуыздар толығымен бөлінеді [2].

Табиғи (казеин шаңынан тазаланған) ірімшіктен шыққан сүт сарысуына дәмдік және хош иістендіргіш қосу және қоспау арқылы келесідей сусындар жасалады: пастерленген сүт сарысуы және табиғи сүт сарысуы. Сонымен қатар ашыту арқылы сүт сарысуынан сусындар алады. Пастерленген сүт сарысуын майсыздандырылған ірімшіктен шыққан сүт сарысуынан пастеризациялау және салқындату жолымен алады. Ол тамаққа тікелей қолдануға және кулинарлық өнімдерді жасауға арналған сусын.

Сүт сарысуын ультрафилтрациялық қондырғыда 50—55 °С температурамен өңдейді. Сусындарға қосылатын толықтырғыштарға байланысты тәтті және жеміс – жидекті болып екі түрге бөлінеді. Қантты немес жеміс – жидек шәрбәтін сүт сарысуына ашытар алдында қосады.

Қазақ – тіл білімінде термин мен терминология мәселесі әсіресе, XX ғасырдың соңғы онжылдығында күрт өзгеріске ие болып, ерекше қарқынмен зерттеле бастады. Бұған себеп – әдеби тіліміздің терминологиялық жүйесінің “қазақылану” сипаты болды. Солақай саясаттың тілге үстемдік етуі салдарынан, термин атаулыны орыс тілінен ешқандай талғаусыз қабылдау үрдісінің басым болғаны шындық [3].

Ғылыми техникалық прогрестің барынша қарқынды даму сатысына көшкен бүгінгі таңда тіліміздің терминологиялық жүйесінде күн сайын жаңа түсініктер, ұғымдар пайда болуда. Яғни біздің өміріміз сияқты, тілде үздіксіз даму үстінде болады. Биотехнологияның ғылыми тілін игеріп, оқып үйрену үшін қолданылатын арнайы сөздерді терминдер деп атайды. **Термин** (лат. *terminus* - шек, шеті, шекарасы деген мағынада) - ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой - пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады [4].

Мысалы, биотехнология, казеин, ультрафилтрация, лакто – лактулоза сияқты сөздер терминдер болып табылады.

Биотехнологиялық сөздің мағынасын терең ашып беретін арнайы терминдер ұғымдар деп аталады. **Ұғым** — объективті нағыздық нәрселерін және олардың қасиеттерін көрсететін абстрактілі ойлау формаларының бірі. Мысалы, ірімшік, сыр, желе, десерт сияқты ұғымдар жиі қолданылады.

Терминология саласы бойынша әр алуан қайшылықты көзқарастар, түрлі бағыттар қалыптасып жатыр. Сол себептен алдыға қойылған мақсаттың мағынасы өзгермес үшін, «термин» ретіндегі сөздерді еш аударусыз «термин» қылып пайдаланған жөн. Ал, оларды аударып жатқан жағдайда, әркім өзінше жеке түсінбейтіндей етіп аударып, бір терминнің бірнеше алуан баламасы болғаннан гөрі, барлығы орталықтан бір жүйе арқылы жүзеге асырылса, нұр үстіне нұр болар еді. Және де осы сөздерді, күн сайын пайда болып жатқан жаңа қолданыстардың сондай – ақ, ұмытылып бара жатқан сөздерді санамызда жаңғырту, көпшілікке тез таралуына мұрындық болып, қазақша сөз ұсынатын телехабарлар арқылы насихаттаса, қазақ тілі деңгейінің мәртебесі жоғарылайтын еді.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылған биотехнология саласында пайдаланылатын терминдер мен ұғымдар мемлекеттік тілде кең қолданыс алып келе жатыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Храмцов, А. Г., Павлов, В. А., Нестеренко, П. Г.** и др. Переработка и использование молочной сыворотки: Технологическая тетрадь – М. : Росагропромиздат, 1989.

2 **Евдокимов, И. А., Володин, Д. Н., Дыкало, Н. Я.** Электродиализ - перспективный метод переработки молочной сыворотки //Переработка молока. № 2. 2001.

3 **Әлісжанов, С.** Ғылыми прозаның синтаксисі: құрылымдық және коммуникативтік негіздері / – Арыс. 2007.

4 <http://kk.wikipedia.org/wiki>.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 29.05.14 редакцияға түсті.

*А. Ф. Зейнулина, Б. М. Оспанова*

**Смысл терминов употребляемых в отрасли биотехнологической обработки (на основе молочной сыворотки)**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 29.05.14.

*A. F. Zeinulina, B. M. Ospanova*

**Meaning of terms used in industry of biotechnological treatment (on the basis of lactoserum)**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 29.05.14.

*В этой статье рассматривается то, что на сегодняшний день во всем мире 50% молочной сыворотки выливается в канализацию, главным выходом рационального использования ее, является получения напитка, используя метод биотехнологической обработки и эти термины в области биотехнологии начали широко использоваться на государственном языке.*

*In this article it is considered that today 50% of lactoserum is poured into the sewer worldwide. The main exit of rational use is getting a drink, using the method of biotechnological processing and these terms in biotechnology have been widely used in the (official) state language.*

ӨОЖ 93/94(574)

**Э. Е. Ибраева**

### **Ж. ЖӘНІБЕКОВТИҢ ШЕТЕЛ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МҰРАТ**

*XX ғасыр басында қазақ зиялыларының алдында ұлы міндет тұрды. Ол міндет – халықтың мәдени өміріндегі жаппай оқу-ағарту ісі еді. Қазақтың XX ғасыр басында қалыптасқан интеллигенция өкілдері өркениетке ұмтылудың бірден-бір жолы – халықтың өнер-ғылым, оқу-білім игеруі екенін ұғынды. Зиялы азаматтар осы бағытта табанды іс жүргізіп, елге насихат айтты. Елдік мәселеге ерте жастан араласқан алаш азаматы – Ж. Жәнібеков қай тақырыпты қаламына арқау етсе де, оның астарынан елін оқу-білімге үгіттеген ағартушылық мақсат көрінеді.*

*Кілт сөздер: Алаш, интеллигенция, мәдениет, ағарту, насихат.*

Жанұзақ Жәнібеков – қоғамдық-әлеуметтік өмірге ерте жастан араласқан қазақ зиялыларының бірі. Ресей империясының қоластында болған қазақ жерінің, қазақ елінің тағдыры Ж.Жәнібековті қатты толғандырды. Халқының басына түскен тауқымет оны ерте есейтті. Отаршылдық жүйеге қарсы тұрарлық елдік күш – білім-ғылымда екенін ұғынды. Қазақ халқын оқу-

білім үйреніп, өнер-ғылым игеруге үгіттеді. Ол осы бағытта еңбек етуден шаршамады.

Ж. Әлжанұлының Қазан қаласында басылған «Айна» (1908) және «Балалар бәдуамы» (1909) жинақтары ағартушылық бағытта жазылды. Ол өзінің 19 жасында екінші рет басылған «Айна» кітабында: «Балаларыңызды келешек заман үшін үйретіңіздер. Осы заманымыз – келешек заманның айнасы. Келешек заман үшін нелер керегін осы күннен аңғарып қойыңыздар» [1,15-6], – деп жазды.

Өркениетті елдердің дамуына жіті бағып, қазақтың болашағына ойша көз тіккен өз дәуірінің зиялы азаматы қазақтың басқа елдермен терезесі тең болуы үшін өнер-білім игеру қажеттігін түсінді. Қаламы арқылы халқына білім-ғылымды насихаттаудан шаршамады. Надандықтан арылуды көксеген ол жас ұрпақтың оқу оқып, білім алуын жан-тәнімен қалады. Онсыз ұлы державаның қоластында біржола жойылып кету қаупі барын сезді.

Ж.Жәнібеков өркениетке бет алған елдердің қателігінен үйреніп, жетістіктерін меңгеруді меңзеді. Көбіне бауырлас түрік елі туралы мақалалар жазып, Түркияның ғылым жолындағы заманауи жаңалықтарын сөз етті. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарық көрген «Қазақ» газетінің әр санында «Сыртқы хабарлар» айдары басылды. Бұл айдар бойынша бірінші дүниежүзілік соғыс жайы, әсіресе Балқан соғысына дейінгі, соғыстан кейінгі түрік бауырларымыздың ішкі жағдайын қалт жібермей, аңдаған мақалалар бірінен соң бірі жарық көрді. Солардың ішінен Жанұзақ Жәнібековтың мақалаларын бағамдап, идеялық мақсатын тануға әрекет жасап көрелік;

«Қазақ» газетінің №26 санында Ж. Жәнібековтың «Османлы түріктері»[2] атты мақаласы басылады. «Біздің қазақ Стамбұлдағы османлы түріктерін «түрік» деп атайды, халифе жұрты деп атаушылары да бар. Төтесі оларды османлы түріктері деп атау керек. Газетімізде олар туралы мақалалар жарияланып жатыр, осы түріктер біздің нағыз бауырларымыз болады», – деп басталады мақала.

Автор осы османлы түріктерінің осы күнгі Түркия дейтін мықты патшалық құрып, заманында аузынан от шашқан айбарлы патша болғанын жазады. Алайда, Балқан түбегіндегі кішкентай төрт патшалықтан жеңіліп қалғанын, 30-40 жыл бұрын түріктің қойын бағып, қосын артқан сол елдерге енді жерлерін беруге мәжбүр болғанын қынжыла баяндайды. Анадолы елінің білімді азаматтары кезінде айбары асқан өз елінің соғыста жеңілуінің себебін іздейді, соңында мынадай шешімге келіп, қорытынды жасайды. Түрік зиялыларының тілі араб, парсы, француз тілдерімен араласып, түрік тілінің тазалығы жоғалған. Осы себептен, түріктің оқығандары мен қарапайым бұқара халық арасындағы байланыс үзілген. Осы жағдай қарапайым түрік азаматтарының көкірегіндегі Отанға деген махаббатының азаюына әкелді деп тұжырымдайды. Анадолы жұртының зиялылары осы қателіктерін түзеу

мақсатында бұқара халықтың ішіне мектеп ашып, кітаптарын араб, парсы, рум тілдерін араластырмай, таза түрік тілінде, қара халық ұғынатындай жеңіл тілмен жазуды қолға алғанын баяндайды.

Тіл мәселесі – қай ұлт болмасын, қай дәуір болмасын қашанда өзекті екені даусыз. Түріктердің ұлы шайқаста жеңілуінің себебі – сол кезеңдегі түрік тілінің бейшара халімен байланыстырылады. Ұлттық тілдің дәрежесі – сол ұлттың тұтастығы, бекемдігі мен қуатының айғағын білдіреті сөзсіз.

XX ғасырдың басында қазақ халқының басына да қара бұлттай үйірілген қатер, ол – қазақ тіліне төнген қауіп болатын. 1913 жылы «Қазақтың» №2 санында А.Байтұрсынов: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»[3], – деп ешнәрсемен өлшенбейтін тілдің құндылығы жөнінде ой түйеді. Ыдыраған Осман империясының орнына Жаңа Түркия Республикасын құрған Кемал Ататүрік: «Түрік ұлты деген сөз – түркі тілі деген сөз» [4,90-6], – деп тілдің тек қоғамдық қатынас құралы ғана емес, тіл – тұтас ұлт екенін баян еткен.

Жанұзақ Жәнібеков «Османлы түріктері» мақаласында бауырлас түрік елінің соғыстан кейінгі ішкі ахуалын баян ете отырып: «Бұл заманда бір патшалықтың қуаты оқу-өнерінің мөлшерімен білінеді. Қай патшалықтың халқы оқу-өнерлі болса сол патшалықтың айбары өткір болмақшы», – деп оқу-білімнің маңызын келтіреді.

Автордың бұл сөйлемдерінің астарында феодалдық мешеуліктен айыға қоймаған қазақ қоғамын оқу-өнерге, білім-ғылымға шақырғаны сезіледі. Өз елінің болашағын ойлап, халқының білім-өнер жолында еңбектеніп, өзге елдермен терезесі тең болғанын арман еткен Жанұзақ Әлжанұлы қазаққа жан-тәнімен оқу-білімді насихаттаумен болды.

Жанұзақ Жәнібековтың «Қазақ» газетінің №48 санында «Түркияның ішкі істері» [5] атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақаласында да автор бауырлас Түркияның Балқан соғысынан кейінгі ішкі жағдайына шолу жасайды. Жаңа мезгілдік реформалар жасалынып, Түркия халқының әлеуметтік күйінің жандана бастағанын жазады.

Мақала барысында Ж.Жәнібеков: «...түріктердің терең ой жіберіп, көп күш сарп қылып қолға алған нәрселері оқу-өнер жолы», – дейді. Анадолы жұртының оқу-өнер, білім-ғылымға мойын бұрып, түрік жастарының оқу-өнер үйренуге Еуропа мемлекеттеріне кетіп жатқанын қуанышпен баяндайды. «Өткен жыл декабрь айында «Осман сұлтанның жеке патша болғанын еске түсіру» деген мейрамдары болып өтті», – деп автор сол мейрамда түріктер өздерінің түрік, ұлы түрік екендіктерін естеріне алып, елдің рухын көтеру мақсатында заманында қаһармандықпен аты шыққан ата-бабаларын еске түсіргенін жазып: «Өзінің кім екендіктерін білмеген ұлтта жігер аз, қайрат кем болады», – деп ой түйеді. Осылайша, Түркия еліндегі бауырлас мұсылман

халқының тұрмыс ахуалының жақсарып, қоғамдық-әлеуметтік жағдайының беталысын қуана баяндаған мақала авторы – Жанұзақ Жәнібеков енді түрік бауырларымыздың «маңдайы ашық, мерейі үстем болуы анық» деп қорытынды жасайды.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібековтың көңіл қоярлық тағы бір мақаласы – «Түрік ұшушыларының өлімі» [6]. Бұл мақала «Қазақ» газетінде 1914 жылы (9 март) №53 санында «Сыртқы хабарлар» айдарымен жарияланады.

Бұл мақаласында Ж.Жәнібеков өркениетке қол созған Еуропа елдеріндегі өнер-білімнің дамуы мен адамзат баласының ғылым жолындағы жетістіктерін қаламына арқау еткен. Автор адамзаттың озық ақыл-ойынан туған автомобиль, поезд, кеме секілді тұрмыстық техникалардың дамып жатқанын, енді көкте ұшу ісі қолға алынғанын баяндайды. Ұшақ жасау ісі алдымен Европа, Америкада басталып, осы күнде түріктер де бұл білімді игеруге әрекет етіп жатқанын жазады.

«Стамбұлға жалғас бір қорғанда түрік ұшушыларын ұшуға үйрететін мектеп бар, сонда түрік офицерлері ұшып, не түрлі тәсіл-тетік бар болса, үйреніп талаптанып жатыр», – дейді мақала авторы.

Түркия үкіметінің ұшақтарды байқап көріп, сынақтан өткізуді атақты ұшушы-офицерлер Фахтибек пен Нұрибекке тапсырғанын жазып, оқиғаның дамуы мен салдарын одан әрі баяндап береді.

Ұшушы-офицерлер – Фахтибек пен Нұрибек Анадолы түбегіндегі ауылды таңырқатып, Ескі-Шеһир, Кония, Адана, Алеппо деген шаһарлардан аман өтіп, Кония мен Адана шаһарларының арасындағы биіктігі үш жарым шақырым Торос деген асқар биік таудың үстінен де ұшып өтіп, түрік халқының қошеметі мен құрметіне бөленгенін келтіреді.

Соңында Бейруттан Шамға жетіп, Шамнан Құдысқа бет алған Фахтибектің ұшағы қазаға ұшырап, күл-талқан болады. Офицер Фахтибектің сүйегі Шам шаһарындағы ескі түрік сұлтаны Сұлтан Салахаддин Аиубдің қабірі қасына жерленеді. Түрік-болгар соғысында зор ерлік көрсеткен ұшушы-офицер Фахтибектің өлімі туралы Ж.Жәнібеков: «Түрік ұлтына аспан жолын ашып беріп шаһид болды. Мұның өлімі ардақты өлім», – деп өз тұжырымын жазады.

Ұшушы-офицер Нұрибек те Шам шаһарына барып, онан Бейрутке жеткенін, соңғы келген телеграмма хабары бойынша ол да Яфа қаласының маңайында теңізге түсіп опат болғанын жазады.

Әуеде ұшу өнерін игеріп, заманауи техниканы меңгеруге талаптанған түріктердің беталысын өз жұртына осылайша баяндаған мақала авторы «Түрік ұшушыларының өлімі» мақаласын былай аяқтайды:

«Ануар паша нөкерлеріне мынаны айтты: «Аспан жүзінде ұшып, тәсіл-тетік үйрену міндетіміз, бұл жолда қанша құрбан берсек те, әйтеуір Искандарияға жетпей қоймаймыз», – деді». Бұл – мақала түйіні. Автор

озық білім мен заманауи техниканы игеруге ұмтылған түріктердің қайтпас қайсарлығы мен өжет рухын паш етеді. Өз кезегінде бүтін түріктің атасы Мұстафа Кемал: «Әлемдегі барлық нәрсе үшін, табысқа жету үшін ең шынай жол бастаушы – ғылым, техника.

Ғылым мен техникадан басқа жол көрсетуші іздеу – қате, қараңғылық, адасушылық» [7,90-6], – депті. Алған бағытынан танбай, ғылым мен білім жолында ізденіп, тәуелсіз дамыған Түрік елі – ХХІ ғасырда өркениетті елдер қатарынан көрінген Европадағы бауырлас мұсылман мемлекеті.

«Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген мақал бар. Бауырлас түрік халқының көзі ашық азаматтары кезінде Балқан соғысындағы жеңілісінің себебі – халық арасында оқу-білімнің жеткіліксіздігі деп топшылаған болатын. Жанұзақ Әлжанұлы түріктердің соғыста жеңілісін қынжыла баяндаса да, я болмаса түрік азаматтарының әуеде ұшу өнерін меңгеруге талабын қуана хабарласа да – оның астарынан озық білімді насихаттау көрінеді.

Жанұзақ Әлжанұлының түріктер жайында жазылған ендігі бір мақаласы – «Қазан»[8],- деп аталады. Автордың бұл еңбегі ақпараттық бағытта жазылған, «Қазақ» газетінің №63 санында жарық көрді.

Қазан шаһарында тұратын профессор Катановтың 7 мың түптелген кітабын Түркияның уақфтар назараты ( *ىتراظذ رادفقو* араб сөзі, уақфтар назараты – бұл жерде «қайырымдылық қордың қаржысына» деген мағынада) Стамбұлда жасалатын кітапханаға қою үшін 6 мың сомға сатып алғаны баяндалады мақала басында. Түріктердің осы кітапты қарап алу үшін Қазанға екі кісі жібергенін, бұл кітаптардың ішінде әр түрлі ғылым, пән кітаптары бар екенін жазады.

Жанұзақ Әлжанұлы: «Олар 100 абдыраға салып алып жөнелмекші. Түріктер осы күнде Стамбұлда бір зор кітапхана ашпақшы. Бұл кітапханаға дүниенің әр шетіндегі шаһардың кітапханасындағы түрік һәм түріктік хақында жазылған кітаптарды сатып алмақшы. Яки сонан көшіріп алмақшы. Бұл түріктердің артына айналып қарағандарының бір белгісі. Өзінің бабаларының тілін, тегін, ерлігін білмеген жұрт басқа жұрттардың қарасына еріп, өзінің ұлттығын жоғалтады. Ұлттығы жоғалған халықта жүрек, табан болмайды.

Сөйтіп осы күнгі жас өспірім балаларының көңіліне түріктің тұқымын егіп, ұлттық сүйкімін күшейтіп, келер заман үшін ер жүректі, жігерлі, шыдамды азаматтар даярламақшы болып жатыр», – деп ой түйеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жәнібеков, Ж.** «Айна». – Қазан, 1908. 15 б.
- 2 **Жәнібеков, Ж. А.** Османлы түріктері // Қазақ. – 1913. – №26.

- 3 **Байтұрсынов, А.** Оренбург. 10 февраль. // Қазақ. – 1913.–№2.
- 4 **Смайыл, С.** «Ататүрік». – Алматы : Жас Түркістан. 1998. – 90-б.
- 5 **Жәнібеков, Ж.** Түркияның ішкі істері // Қазақ. – 1914. – №48.
- 6 **Жәнібеков, Ж.** Түрік ұшушыларының өлімі // Қазақ. – 1914. – №53.
- 7 **Смайыл, С.** «Ататүрік». – Алматы : Жас Түркістан. 1998. – 90-б.
- 8 **Жәнібеков, Ж.** Қазан // Қазақ. – 1914. – №63.

Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.  
Материал 04.03.14 редакцияға түсті.

Э. Е. Ибраева

**Авторская идея статей Ж. Жанибекова по зарубежной тематике**

Евразийский национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 04.03.14.

E. E. Ibrayeva

**Author's idea of articles of Zh. Zhanibek on foreign thematics**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.  
Material received on 04.03.14.

*В начале XX века стояла великая задача перед казахской интеллигенцией. Это задача – массовое просвещение в культурной жизни народа. Представители казахской интеллигенции созданной в начале XX века понимали, что единственный путь к достижению цивилизации – это освоение народом искусства, знаний и образования. Они неустанно работали в этом направлении и агитировали народ. Гражданин Алаш Ж. Жанибеков, который начал участвовать в проблемах народа в раннем возрасте, не важно на какую тему писал но в его произведениях виден подтекст, где призывает народ к просвещению.*

*Ключевые слова: Алаш, интеллигенция, культура, просвещение, агитация.*

*Great task stood in front of Kazakh intelligentsia in the beginning of the XX century. It was total education in cultural life of nation. Representatives of Kazakh intelligentsia formed in the beginning of the XX century have understood that the one way of aspiration to civilization was to possess art, science and education. Intelligentsia citizens did a great work in this direction and agitated for it. Alash citizen Zhanuzak Zhanibekov,*

*who started participating in national issues in early years, had his own underlying theme of agitating education in all his writings.*

*Keywords: Alash intelligentsiya, culture, education, agitation.*

ӘОЖ 818.992 71

**Т. И. Кошенова, У. М. Жолдасова**

## **ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ АБАЙ**

*Бұл мақалада дәстүр мен жаңашылдық мәселесі көтерілген. Қазақтың классик ақыны Абай поэзиясының өзіне дейінгі халық поэзиясымен байланысы нақтылы шығармалар арқылы талдана қарастырылған.*

Әдебиеттану ғылымындағы әдеби орта деген терминнің мағынасын қарастырғанда белгілі бір тұлғаның өнерпаздық жолына өз әсерін тигізген, рухани жетілуіне темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен сөз зергерінің әдебиеттегі дәстүрін жалғастырған ақын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз. Осы тұрғыдан келгенде Абайдың әдеби ортасы дегенде ақынға әсер еткен рухани қайнар көздерге ұласатын алғышарттарды яғни, абайтанушы ғалым М.Әуезовтің «әуелі қазақ, сосын Шығыс, сосын Батыс» атап көрсететін ақынның нәр алған рухани қайнар көздерін есепке аламыз. Және әдеби орта тек өзіне ықпал еткен ілгерідегі әдебиетпен ғана шектелмейді, енді ақынның өзгеге берген нәрі деген тұста қазақ әдебиетіндегі үлкен арна – Абайдың әдебиеттегі дәстүрі мәселесін қоса қамтитынын да ескеруіміз керек.

Ақынға тікелей ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас аға буын ақындар, би-шешендер мен сол Абайдан үлгі алған өнерлі жастардан тұратын әдеби қауымды негізге ала отырып, М.Әуезов Абайдың айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктейді [1, 244]. Өзі алған нәрі дегенде, ең алдымен ұлы ақынның қазақтың бай ауыз әдебиетімен қана сусындағанын, сондай-ақ оның жасынан Бұхар жырау, Шортанбай жырларына қанып өсіп, өзімен замандас болған Дулат, Сабырбай, Жанақ, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал сынды әдебиет өкілдерінің қай-қайсысынан да оның ақындық өсу жолын бөліп қарауға болмайды. Осы орайда академик С.Қирабаевтың: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындылығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты.

Сондықтан, ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен (атақты би болғанын еске алыңыз!), аты белгілі (өзі атайтын Бұқар, Дулат, Шортанбай) ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттық рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы бүкіл халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын үлкен европалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа (обобщение) ұластырды. Мұның өзі қазақ Жеке ақынның әдеби ортасын, тікелей әсер еткен рухани айналасын танып, біліп болмай, сол тұлға туралы толымды пікір айту мүмкін емес», [2, 17] - деген пікірін назарда ұстасақ, Абайдың әдеби ортасы тақырып абайтану ғылымында үлкен зерттелуді күтіп тұрған іргелі мәселелердің бірі деуге лайық. Бұл мақалада абайтану ғылымындағы келелі міндеттердің бірінің орындалуына үлес қоссақ деген үмітпен Абайдың ұлттық танымының қалыптасуына әсер еткен Абайдың әдеби ортасы, яғни ақынға замандастарының жасаған игі әсерін қарастырамыз.

Баршамызға аян, баланың бойындағы барлық қасиет (жақсысы да, жаманы да) ата қанымен, ана сүтімен беріледі. Абай бойындағы ізгі қасиеттердің негізі де соған саяды. Яғни Абайдың заманынан асып туған кемелдігі, ең алдымен, әкенің қаны, ананың сүтімен бойға дарыған құт, туған топырақтың қасиетінен. Сондай-ақ ақынның шығармашылық өнерінің негізгі тірегі, сарқылмас қайнар көзі — халық поэзиясы, жүздеген жырау, жыршы, ақындарды туғызған халықтың сан ғасырлық бай әдеби мұрасы дейміз. Халық поэзиясымен терең тамырластығы Абайдың ақындық тұлғасына ата қаны, ана сүтімен біткен қасиетті ұлттық, даралық сипат бергені даусыз.

Бұл мақалада Ұлы ақынның «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңіндегі атын атап сынаған ақындармен ой әлеміндегі үндестігі туралы айтпақпыз. Бұл жерде ақынның өзі сындың жүзіне алып отырған ақындармен қандай үндестік болуы мүмкін деген заңды сұрақ туатыны әбден мүмкін.

«Ақын неғұрлым ірі дара тұлға болса, жаңашыл болса, соғұрлым өзгелерден оқшауланып көрінеді, қандайда қалыптасқан әдеби дәстүрлерден, халық поэзиясының үлгі-өрнектерінен де алшақтау тұрады деген ұғым бар екені байқалады. Сирек ұшырайтын, қайталанбайтын үлкен дарын иесінің бойынан басқа ақындарға ұқсас белгілер табу оңай емес. Оның алдындағы ақындармен, әдеби дәстүрлер жалғастығы да байқала бермейді, ал өзгешелігі, ешкімде кездеспейтін өзіндік сипаты айқын көрінеді. Алайда осыған қарап ондай ақынды әдеби дәстүрден, халық поэзиясының дәстүрлерінен алшақтатсақ, мұның өзі оны тарихи-әдеби процестен бөлек алып қарау деген болар еді» [3, 25] – дейді академик З.Ахметов.

Ғалым М.Қаратаев дәстүр мен жаңашылдық диалектикасына арнайы тоқтала келіп: «Дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблема кең мағынасында

– философиялық проблема. Себебі бұл дүние жүзіндегі барлық даму атаулының тетігі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ... Онсыз өмір жоқ. Неге десеңіз, ештеңеден ештеңе шықпайтыны, яғни, «нөлден» ештеңе өнбейтіні, екінші сөзбен айтқанда, жоқтан бар болмайтыны белгілі...

Осыған ұқсас, әйтседе де, өзіндік өзгешелігі мен ерекшелігі бар, тегін сақтай отырып, жаңара да жаңғыра жалғасатын күрделі диалектикалық даму процесі қоғамдық, рухани құбылыстарға да тән» [4, 144] - деп атап көрсеткен. Әрине, Абайдың жаңашылдығын айту үшін оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес.

Ұлы ақын бойындағы ілімнің көзі М.Қаратаев айтқандай, тосыннан пайда бола салған жоқ. Оның төркіні сонау ескі замандағы Әл-Фарабиден, Қ.А.Ясауиден, Ж.Баласағұннан бастау алған. Ендігі жерде замандастарынан Абай не алды деген сұраққа нақтылы мысалдармен жауап берсек сөзіміз қисынды шығар.

Ұлы ақынды «кемел адам» дәрежесіне жеткізуге замандастарының ықпалы мол болды. Кеңестік кезеңдегі солақай саясаттың әсерінен бұл мәселе ашық айтыла қоймады, қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындарды Абаймен тікелей байланыстыра қарауға мүмкіндік болмады. Соның өзінде абайтанушылар мұны бірлі-жарым пікірмен айтып өтті. Академик З.Ахметовтің жоғарыда келтірілген пікіріне тереңірек үңілген адам оның астарында заманға орай айта алмай тұрған үлкен ойдың барлығын жақсы аңғарады. Демек, Абайды бұрынғы қазынамен жалғастырып тұрған көпір кімдер? - деген сұрақтың тууы әбден мүмкін.

Әрине, мұнда бірінші жүгінеріміз «Абай жолы» роман-эпопеясы болары анық. Абай замандастары дегенде, шығармада аттары аталған Дулат-Барлас, Сабырбай-Қадырбай, Жанақ-Садақ, Түбек-Шүмек және т.б. ақындарды танимыз. Ендігі мәселе осы ақындар мен Абай арасындағы рухани байланыс.

Ұлы ақынның «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңінде сын тезіне өзіне дейінгі ақындардан Бұқар жырау, Дулат пенен Шортанбай ілінген. Мұнда қалған ақындардың аттарын атауға өлеңде мүмкіндік болмаған шығар деген ойымыз бар. Алайда бұл өлең арқылы өзіне дейінгі бүкіл сол заманның поэзиясы сынға алынды десек те болатын сияқты.

Ал, өзі сынға алған поэзиядан не алуы мүмкін? Бұл жерде айтылуға тиіс үлкен тұрмыстық мәселе бар. Бәрімізге белгілі сол уақыттағы қайсыбір ақынды алмайық, тұрмыс жағдайы мәз болмаған. Кейде осы себепті ақындар тұрмыстың қажеттілігінен пендешілікке де барған. Мәселен, Жанақтың

Аулым алыс, мен келем өзім азып,

Қой мен шай бер ақынға жерден қазып.

Он қадақ шай, қос қоржын сүр асып бер

Өрге барған Жәкеңе болсын азық, [5, 61]- десе,

Шөжедегі:

Бергенің сегіз жылқы, жалғыз түйе

Өленді естімессің менен енді [6, 98]-

деген жолдар Абайға ұнамасы айдан анық. Алайда ғылыми айналымда тағы мынадай да пікірлер бар. Кешегі кеңестік дәуірдегі дұрысты бұрыс қылып көрсеткен шақтарда қазақтың ұлы ойшыл ақын-жыраулары Бұқарға, Дулат, Шортанбайға Абайды қарсы қою үрдісі мықтап орын алып, ұрпақты шатастырып келгені аян. 20-жылдары Абайды да байшыл деген тұста оны ұрда-жық белсенділерден арашалап қалу үшін кейбір бөгде сөздің (бөлкім, «құрау-жамау» дегендей) Абай шығармасына еріксіз кіріп кетуі мүмкін екені де әлі ескерілмей келе жатыр. Тіпті, бұл жөнінде Нығмет Ғабдуллин мынадай дерек келтіреді: «Мүрсейіттің жазбаларына байланысты Мұхтар Әуезовтің былай деп айтқан пікірі бар. «Абайдың қолжазбасын көшірген Мүрсейіт сияқты және басқа толып жатқан адамдар революцияға дейін және онан бері де кейінгі бастырушыларға қателік жасардай бір қатерлі әдет қолданатын. Олар Абай өлеңдері мен поэмаларын көшіріп, кітап етуді мақсат ете отырып, сол Абай өлеңдеріне қоса, Абайдың шәкірт ақындарының және Алтынсарин сияқты ақындардың, тіпті басқа замандас ақындардың да кейбір өлеңдерін, авторларын атамасан, қоса көшіріп жіберетін-ді» [7]. Ал біртуар тамаша талант Дулат Бабағайұлы туралы ғалым Х.Сүйіншәлиев айта келіп: «Осы тұста бір айта кетер ескертпем естен шықпай қой-ды. Ол: «осындай саңлақ ақын өлеңдерін Абай неліктен «құрау, жамау» деп кеміткен?» Біздіңше, бұл мәселені әлі анықтап зерттеу керек сияқты. Шындығына көз жеткізерлік тапжылтпас дәлел болмаса, түбі шикі сөз болуы ғажап емес. Бұқар, Дулат, Шортанбай атына жабылып келген солшыл-солақайлар қосқан пәле-жалалардың бірі емес пе екен? — деп те қаламыз. Абайға таңылып жүрген аталмыш өлең бірде: «Бірі жамау, бірі құрау» делінсе, кейде — «Бәрі жамау, бәрі құрау» деп басылып жүр. Осының өзі-ақ біздің күдігімізді молайта түседі. Дулат та, Шортанбай да Абайға қатты әсер еткен тұлғалар екені даусыз. Шортанбайдың Құнанбай ауылымен қарым-қатынасы да өте жақсы болғаны белгілі. Зар заманда халқының болашағы үшін қиналған бұл ұлы тұлғалар бірі үлкен, бірі кіші боп, қазақтың көксеген ойын жалғастыра жырлағаны, бірін-бірі толықтырғаны, байытқаны дау тудырмаса керек»[8, 124]. Осы мәселені қарастырған ғалым З.Ахметовтің пікірін де айтып өтуді жөн деп санадық. «Абайдың сыны оларға поэзияда қолданылған әдіс-тәсілдерге, нақтылап айтсақ, өлең-жырларда бұрыннан қалыптасқан нақыл сөздерді, дайын сөз үлгілерін жиі қолданушылыққа қатысты болса керек. Жамау, құрақ деп отырғаны осы мағынада айтылған деп түсіну қисынды. Сондықтан Абайдың өзін осы ақындарға мүлде қарама-қарсы қойып бағалауда да ешқандай негіз жоқ. Абайдың анау-мынау ақындармен өнер өлшеспейтіні айқын емес пе?

Осы ақындарды көпшілік таныған, жақсы білетін болған соң айтып отыр ғой... Олардың өнерін мойындамаса несіне таласады» [3,179-180]. Дегенмен, Абайға өленді күн көру қамы үшін пайдалану жат нәрсе екенін де естен шығармауымыз керек.

Абайдың өзі кейбір ақындарды сынаитыны басқалармен өнер өлшесу, өзінің поэзиядағы ұстаған бағытын, әкелген жаңалығын терең түсіну мақсатынан туғаны хақ. «Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел» деген сөзінен біз Абай өз творчествосының жаңашылдық сипатына айрықша мән бергенін аңғарамыз. «Абайдың байырғыны бес саусағындай біле тұрса да, «өткен өмір – көрген түсті» дәрежелеп-дәріптеуге, елжірете ежіктеуге ұмтылмауынан даналық, даралық ұстаным белгі береді. ...Былайша айтқанда, бұл – дәстүрлі дағдыны бұзу, тың тарапқа сүрлеу тарту. Онсыз үлкен жаңалық жасалмайды. [9, 103]

Енді осы өзі сынағын шайырлардағы ақыл-ой ағынының Абай өз поэзиясындағы жалғастығына келсек.

Жоғарыда аталған ақындардың бәрімен Абай замандас болған, демек оларды байланыстырып тұрған, ең бірінші, заманы болса, сол заманға деген көзқарастан туған ортақ сарындар бір арнаға тоғысып жатыр. Мысалға, Жанақтағы: «Ханнан қайыр, қарадан шайыр кетті», - деп үзілген үміттің сәулелері Абай өлеңдерінде бояуы қалың қайғыға ұласқан. «Алдыңда күткен күннің түсі суық», - деп басталатын Жанақ өлеңдеріндегі қайғы Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» тағы басқа өлеңдерінде ақындық шеберліктің биігіне жеткен. Ал Дулаттағы:

«Қазіргі қазақ ұлығы  
Жаман иттен несі кем,  
Жемтік көрсе, қан көрсе,  
Айрылар мүлде есінен», [10,145]-

десе, бірде:

Орыстың көрсе ұлығын  
Қыздан-дағы қылықты.  
Ұлық кетсе, қазаққа

Қорқау қасқыр қылықты» [10,152], - деген өлең жолдары Абайда былайша өрілген:

«Болыс болдым мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта май  
Қалмады, елге тығындап.  
...Ояз бардағы қылықты  
Ояз жоқта етпеймін» [11,102-104]

Абайдың Шортанбай ақыннан да өз сыбағасын алды деп айта аламыз. Шортанбай өз шығармаларында елдегі әлеуметтік жағдайды барынша шынайы жырлады. Мәселен, Шортанбай:

«Қасиет кетті төреден,  
Ғаділдік кетті билерден,  
Абырой кетті әкімнен,  
Қайын енесі ас ішпес,

Қабағын түйген келіннен...» [12,279]- десе, Абай мұны былайша өрнектеген:

«Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі.  
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе  
О да – қылған кедейге үлкен сыйы» [11,96].

Абайды өзі замандас болған, өзі сынаған ақындармен қатарластыра қойып қарағанымызда ұлы ақындағы сонша көркемдік, образдылық, суреттілік асыл қасиеттердің бастау бұлағының қайда екенін анық аңғарғандаймыз. Абайдың өзіне дейінгі әдебиеттік үлгілеріден, ақындар өнегесінен тыс тууы мүмкін еместігін тағы да нақтылай түскендейміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әуезов, М.** Абай Құнанбаев. Алматы: Ғылым, 1967. -391 б.
- 2 **Қирабаев, С.** Абайтанудың кезекті міндеттері туралы. / Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. –Алматы: Ғылым, 1994. -336 б.
- 3 **Ахметов, З.,** Асыл сөз арнасы. А., 2008
- 4 **Қаратаев, М.** Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. Алматы, Жазушы. 1974. Т.3. -368-б.
- 5 Жанақ ақынның өлеңдері. / Кітапта: Тәбәрікұлы С. Жанақ ақын. -Алматы: Сөзстан, 1997. -161 б.
- 6 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. –Алматы: Ғылым, 1985, -320 б.
- 7 **Ғабдуллин, Н.** /Егемен Қазақстан/ 19.10.1993.
- 8 **Сүйіншәлиев, Х.,** Қазақ әдебиетінің тарихы. А.,
- 9 **Шәріп, А.** Сөз өнері және ұлттық рух. Астана. «Педагогика-Пресс», 2010. 240-б.
- 10 **Бабатайұлы, Д.** Шығармалары. –Алматы: Раритет, 2003. -288 б.
- 11 Абай. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. –Алматы. Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. -1995 -336-б.
- 12 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Кұраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. Алматы. Жазушы, 1989. -Т.1. -384-б.

Қ. А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.  
Материал 12.05.14 редакцияға түсті.

*T. I. Koshenova, U. M. Zholdasova*

#### Народная поэзия и Абай

Международный казахско-турецкий университет  
имени Х. А. Яссави, г. Туркестан.  
Материал поступил в редакцию 12.05.14.

*T. I. Koshenova, U. M. Zholdasova*

#### Folk poetry and Abay

International Kazakh-Turkish University  
after named H.A. Yassawi, Turkestan city.  
Material received on 12.05.14.

*В статье рассматривается про науку абаеведение и традиции народной поэзии. В поэзии духовно-народная традиция тесно связана с поэзией казахского классика Абая. Авторы рассматривают связи народной поэзии с поэзией Абая с примерами.*

*This article discusses the science Abaytanu and traditions of folk poetry. In poetry the Spiritual and folk tradition is closely connected with the poetry Kazakh classics of Abay. The authors examine the relationship of folk poetry with poet Abay with examples.*

ӘОЖ 81'38

**М. Қанабекова**

### **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР ТАНЫМЫНЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘНІ**

*Қазіргі таңда көркем мәтін теориясын тек қана лингвостилистикалық қырынан ғана зерттеп қоймай, оны коммуникативтік, прагматикалық тұрғысынан да қарастыру мәселесі де бүгінгі күнгі тілтану ғылымының басты мәселесі. Осыған орай көркем мәтін жүйесіндегі тарихи стилизация құбылысының алатын орны, оны тарихи ақпарат көзі ретінде тану мәселесі, стилизацияны танытатын стильдік амал-тәсілдер мен тілдік тұлға-бірліктер зерттеу нысанына алынып, өзіндік ой қорытылып пайымдалады. Өткен дәуірлердегі халық тілінің көрінісінен сыр шертетін тілдік реалийлердің қазіргі қолданысы, авторлық баяндаудың амал-тәсілдері, автор мен адресат тұлғасы, автор танымының стилистикалық-прагматикалық мәні сипатталады.*

Қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттағы зерттеулер мен танымдық негіздегі ғылыми ізденістер қарқынды жүргізіліп, көркем мәтінді стилистикалық тұрғыдан талдаудың жаңаша бағыты айқындалуда. Әсіресе қазіргі тіліміздің құрылымдық жүйесін, оның белгілі бір кезеңдеріндегі даму тарихын, сөздік қазынасын, прагматикалық сипаты мен танымдық жағын, т.б. қырларын зерттеуге баса көңіл бөлініп отыр. Лингвостилистика ғылымында көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері тілдік-стильдік құбылыстардың мазмұнын кеңейтіп қана қоймай, оның дамуында мәтіннің құрылымдық-семантикалық ұйымдасуын, авторлық баяндаудың стилистикалық жүйесін, жазушы танымының бейнелілігін, мәтін ішіндегі әр түрлі стилизация белгілерінің көрінісін де қолданыстық тұрғыдан қарастыру да қолға алынып отыр. Демек, лингвистикалық зерттеулер ауқымының кеңеюі мен тілдегі функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық бағыттың қарқынды дамуы көркем әдебиет стилінің де ғылыми-танымдық тұрғыдан жаңаша сипатта қарастырылуына зор ықпалын тигізуде. Эстетикалық қызметтегі тілдің бар болмысын ашатын ерекше қолданыс түрі – көркем әдебиет стилі екені мәлім. Оның лексика-фразеологиялық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдерді пайдаланудағы, мәтіннің құрылымдық ұйымдасу принциптеріндегі түрлі ерекшеліктері болатындығы белгілі.

Стилистика ғылымының да зерттеу нысаны – мәтін, бұл мәселеге қатысты алғашқы теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар М.М.Бахтин,



В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.А.Реформатский, Н.С.Поспелов, Г.В. Колшанский, И.Р. Гальперин, Ю.Д. Апресян, В.В. Одинцов, Г.В. Степанов, т.б ғалымдардың зерттеу еңбектерінде негізделеді. Мәтін стилистикасында негізінен көркем әдебиет тілі зерттеу нысанына алынады, онда көркем мәтіннің түзілу ерекшелігі, құрылымдық-стилистикалық сипаты, автор мәселесі, кейіпкерлердің тілдік ұйымдасуы, баяндау типтері, мәтіндік бірліктердің қызметі, т.б. қарастырылады. Көркем әдебиеттің тілін тек лингвостилистикалық аспектіде ғана емес, коммуникативтік-прагматикалық, функционалдық тұрғысынан да зерттеу ісі қолға алына бастады. Негізінен әрбір мәтін функционалды стиль түрлерінің тілдік-құрылымдық белгілерін көрсетіп бере алады. Көркем шығарма мәтіннің мәнді белгісі коммуникативтік және эстетикалық ақпараттар жүйесіне негізделеді. «Кез келген көркем шығарма – суреткердің бейнелі танымының нәтижесі және шындық болмыстың бейнеленуінің шебер берілуі. Шындықты бере отырып, жазушы өзінің әлем тануын, оған деген өзінің қарым-қатынасын сөзсіз көрсетеді, шындық пен ойдан шығарылғанды жанастырады. Осылардың барлығы көркем шығарма мәтінде іске асады» [1,32 б.].

Тарихи көркем дүниелердің қай-қайсынан да авторлық стильге тән ерекшеліктерді, айрықша шеберлік үлгілерді кездестіруге болады. Мұндай жанрға жазылған әдеби туындылардың мәтін де стиль тезіне түсірілген тілдік элементтердің іштей ұйымдасқан, өзара тығыз байланысқан бірлігінен тұрады, белгілі бір тарихи кезеңнің көркем бейнесін эстетикалық-танымдық ақпарат түрінде жеткізуде автордың идеялық көзқарасына бағытталған тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Тарихи мәтіндердегі баяндау – көркем шығарманың мазмұндық-құрылымдық жүйесін белгілейтін стильдік категория. Ол, бір жағынан, өткен дәуірлердегі қоғам, әлеумет өмірін бейнелі де көркем түрде суреттеп, қалың көпшіліктің білік-танымын көтерсе, екінші жағынан, ана тіліміздің бұрынды-соңды сөз байлығынан, образдар жүйесінен ақпарат береді. Олай болса, тарихи шығарма табиғатындағы өткен өмір, дәуір шындығын бейнелейтін сипаттауыш тілдік элементтердің мәтін түзушілік қызметін талдау, тарихи баяндаудың қолданыстық ерекшелігін ашып көрсету, стилизация құбылысының көрінісін тілдік деректер негізінде зерттеп-зерделеу әлі де жан жақты талдауды қажет етеді.

Жалпы тіл біліміндегі ғылыми-теориялық зерттеу еңбектерде тарихи көркем мәтіннің өзіндік сипаты, ондағы стилизация проблемасы, автордың тілдік бейнесі, баяндау перспективасы, кейіпкер тілі мен автор тілінің қарым-қатынасы т.б. мәселелер таза ғылыми сипатта талданып, стилизацияны танытатын тілдік құралдарды жүйелеп, оларды пайдалану жолдарын, қолданылу принциптерін айқындап береді. Тарихи көркем мәтіндегі авторлық баяндау типтерін, кейіпкерлер сөзінің тілдік ұйымдасуын белгілеу, яғни сол кезеңдегі сөйлеу үрдісімен жеткізу, ондағы стильдеуші құралдардың

жұмсалықтарын ашып көрсету, т.б. мәселелер тарихи стилизацияның өзіндік ұғым-категорияларын қалыптастырып, құрылымдық-семантикалық, стилистикалық жүйесін айқындайды. Тарихи стилизацияға қатысты мұндай зерттеу тәжірибелер бұл мәселенің аса күрделілігін, көпжақтылығын көрсетеді. Қазіргі таңда әдебиеттанушылар мен тілші ғалымдар «автор» және «мәтінге» айрықша назар аударып келеді, яғни «автор – мәтін – оқырман» категорияларының құрылымдық ерекшелігі прагматикалық тұрғыдан біршама зерттеуге алына бастады.

Қазіргі таңда функционалды стиль түрлерінің жүйеленіп, сараланып орнығуына байланысты көркем мәтінде әр түрлі стилизация құбылысы көріне бастады. Оның ішінде тарихи стилизация белгілері қазіргі тарихи жанрадағы көркем туындылар тілінен анық байқалатындығы жоғарыда айтылды. Әр суреткер-жазушы белгілі бір тарихи кезеңді суреттейтін тілдік құбылыстарды стильдік мақсатпен орынды, дәл қолдана білсе, әр кейіпкерін өз «дәуірінше» сөйлетсе, тарихи шығарманың стильдік тұрғыдан қойылатын талапты жақсы өтегені, оқырманды шындыққа сендіртіп, өзіндік таным-көзқарасын қалыптастыра білгендігі. Мұндай әдіс шығарма тілін тарихи стиль тезіне түсіру деп танылады.

Тарихи мәтін тілінде өткен ғасырлардағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси өмірі, сол кезеңдердегі тыныс-тіршілігі суреттелетіндіктен, сол дәуірге тән тілдік реалийлерді (белгілерді), ескіліктер мен байырғы сөз орамдарын тауып, соларды көркемдік қажетіне жаратады. Көркем әдебиет тіліндегі стилизация табиғаты автор мен адресат арақатынасының алуан түрлі формаларда болатын байлығымен, екеуінің де тұлғасы айқын, анық, бейнелі түрде көріне алатындығымен ерекшеленеді.

Тарихи көркем мәтіннің тілі, негізінен екі тұрғыдан сипаттамалы болып келеді. Онда оқиға желісі жалпыға ортақ әдеби тілмен суреттеле отырып, сол дәуір тілінің де сипаты қатар көрінеді. Бұл екі тілдік құбылыстың (екі құрылымдық жүйенің) көркем баяндауға ену жолдары, әдістері сан түрлі болуы мүмкін. Олар оқырман санасында тұтас бір дәуірді сипаттайтын суреттемелік құралдар әрі тарихи көркем баяндауды құрайтын стильдік элементтер ретінде көрінеді. Демек, тарихи стиль тезіне түсірудің мәні, дәлірек айтқанда, мәтіннің тілдік ұйымдасуындағы екінші құрылымында ғана толық көрінеді. Көркем мәтіндегі нормадан ауытқулар белгілі бір стилистикалық мүдде-әрекеттен туындайды және тарихи ақпарат жеткізушісі болады. Қазіргі бірқатар тарихи туындылардың тілін тарихи баяндаудың құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан талдағанда, стильдік екі құрылымның да үлгісі бола алатынына тілдік деректер арқылы көз жеткіздік. Ә.Кекілбаевтің «Үркер» романында Әбілқайыр ханды суреттеген тұстарына назар аударалық: «Елшінің көз алдына қашан көрсен де бір қалпында тұратын сұп-сұр жүзі, тұнжыр жанары мен салыңқы қабағы келді. Бұның бәрі бұрын оған қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап

отыратын ішмерездік қана сияқты көрінуші еді, енді байқаса, ішіндегі қара қазандай бұрқ-сарқ қайнап жатқан әлем-тапырық көңілін байқатқысы келмеген ерекше бір ұстам, сабыр екен ғой...». Белгілі бір прагматикалық мақсат көздеген автор бір сөз не тіркесті тірек көркемдік амал ретінде таңдап, стильдік жүк арқалатады. Демек, сұп-сұр сөзінің контекстегі қызметі, бейнелілік сипаты айрықша, мұнда кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін, портретін суреттеуден гөрі Әбілқайыр ханның ішкі психологиялық күй-қалпын, саясаттағы пиғылын, күрес амалын ашып көрсетуде стильдік уәжділікпен орынды қолданылған. Сол арқылы адресат қабылдауына айрықша әсер етіп, оны ой әлеміне жетелеп, тарихи шындықты тереңірек тануына бағыттайды.

Тарихи стиль тезіне түсірілген шығармаларда өткен дәуірді, тарихи шындықты шынайы суреттеуде ерекшеленетін тәсіл – лексикалық бірліктер(ескіліктер) болатыны табиғи. Бұл жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Соның бірі – «Тарихи дәуірге байланысты тіл проблемасы тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, синтаксистік тұрғыдан да шешілуі тиіс» дейтін болса, екіншісі – шын мәнінде «лексикалық сөз топтарына байланысты тарихи романдардың негізгі тіл ерекшелігі жасалады» [2,69 б.] деушілік. Бұл тәсілдер бүгінгі оқырмандар көзқарасына, қабылдауына (адресат сипатына) лайықты дәуір тілін қатаң сұрыптауды, орнымен өз мағынасында дәл жұмсай білуді талап етеді. Тарихи тақырыпқа қалам тартқан авторлардың қай-қайсысы да шығарманы тарихи стиль тезіне түсірудің тамаша үлгісін көрсеткен. Мәселен, М.Мағауин «Аласапыран» романында ел басқару ісіндегі әкімшілікке, шен-атақ дәрежесіне, қызмет бабына қарай төмендегідей лексикалық бірліктерді (ескіліктерді) орынды жұмсаған: *анда, алаш, аламан, арқұқ, аталық, баһадүр, бақауыл, бауырышы, сабадар, датқа, емелдес, ертауыл, жанасар, жәсір, ақтажы бояр, есік-ағасы, күріген, қалға, қарашыбек, қондыгер, сытағ, оглан, отаман, тұтқауыл, даңғара, берен, бадана, кіреуке, пешіл, пестіл, самопал, нетарда, шарайна, шыңдауыл, т.б.*

Жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында титулдық мәндегі сөздер мен әскери терминологияны білдіретін ескі атаулар да стильдік мақсатқа сай қолданылған: *ағрұқ, арбаб, аталық, арбакеш, бөкеуіл, басқақ, бекзада, даруга, датқа, дәруіш, дуанбасы, ерат, ертөле, қонтайшы, паруа, паспан*, т.б. Мысалы, автор Моңғол империясы орнаған кездегі әлеуметтік жағдайды, сол кезгі тарихи шындықты бейнелеп көрсетуде басқақ сөзін қажетіне жаратып, мағынасын дәл танып жұмсай білген: *«Құлағу арғын әйелінің айтқанын орындап, қарамағындағы бүкіл қара теңіз маңындағы елге бас басқақ етіп Арғын батырды отырғызды»*. Бұдан басқақ сөзінің «моңғол хандарының басып алған жерлеріндегі халықтан алым-салық жинап тұратын уәкілі» деген мағынада жұмсалғандығы аңғарылады. Зерттеушілер танығандай, ол – «алым-салық жинаушы» мәніндегі түркі сөзі, негізінен, моңғол тіліндегі *даругачи /даруга/* титулының түркілік варианты

ретінде жұмсалғандығын тарихи деректерден кездестіреміз. Шыңғысхан, оның ұрпақтары жөнінде, Түркістан тарихын суреттейтін көптомдық шығармасында белгілі тарихшы В.Бартольд *басқақ* жөнінде мынадай деректер келтіреді: «*Может быть, следует транскрипцию тюркского термина баскак, соответствующего монгольскому даругачи*» [3].

*Басқақ* сөзі туралы аталған авторда екінші бір деректер келтірілген: «*Во всех странах, завоеванных монголами, они мусульманские купцы самые выгодные должности, в частности, в руках купцов находилось финансовое управление, а также должности сборщиков податей баскаков*». В.Бартольд еңбегінде келтірілген *басқақ* сөзінің мағынасы жазушы В.Янның «Шыңғысхан» романының қазақша басылымында да *«алым-салық жинаушы бастық»* ұғымында жұмсалғандығы нақтылана түседі.

Лексикалық ескіліктер құрамында өзге тілдік элементтердің шығарма тілінде кездесуі – заңды құбылыс. Мұның өзі сол мәтіндегі суреттеліп отырған дәуірді, оның тілдік ерекшеліктерін сипаттайды, әрі сол дәуірдің тілдік колориті ретінде танылады. Жоғарыда аталған романдар тіліндегі ескірген мәндегі сөздердің дені – араб-парсы, моңғол және орыс сөздері: *әкім, даруга, күріген, көрехан, богдахан, ақтажы бояр, емелдес, қонтайшы, мырза, патша, царевич, вой, воевода, стряпчий, окольныйчий*, т.б. «Аласапыран» романында бүкіл өмірін әскери қызметте адал өткерген кәрі вой Матвей Чулков туралы баяндалатын мәнмәтінде вой сөзінің қызметі «жауынгер әскери адамның» бейнесін шынайы суреттеуден көрінеді. Сол сияқты «ас-су, дастархан жайын басқаратын адам» мағынасындағы *бақауыл* сөзінің синонимі ретінде орыс тіліндегі *стряпчий* көне атауы осы тұлғада ұшырасады. Қызметтері бірдей болғанмен, орыс патшасы сарайының ресми қызмет иесін *бақауыл* не *бөкеуіл*, не *бауырышы* деп атамай, *стряпчий* деп беруі тарихи шындықты дәл суреттеу мақсатынан туындаған стильдік амал деп түсінеміз.

Тарихи шығарма авторлары суреттеліп отырған дәуір шындығын адресатқа шынайы жеткізуде тарихи мәтіндерде сипаттауыш элементтердің бірі – экспрессиялық қуаты күшті бейнелі тіркестер мен байырғы сөздерді, көркемдеуіш амал-тәсілдердің тиімді үлгілерін де оқырман қабылдауына лайық ұсынады. Мәселен, М.Мағауин «Аласапыран» романында көне құбылыстарды, әсіресе қару-жарақ атауларын тарихи ақпаратты жеткізуде ғана емес, көркем бейне тудыруда, мәтінге поэтикалық сипат беруде тиімді пайдаланады. Автор мен адресат арақатынасы, тұлғасы бейнелі тілдік бірліктердің (метафора, теңеу, эпитеттердің) қатысуымен айқындала түскен: *«хан билігінен ар билігі зор; ханның құты – қарашаның күші; қандауырдың жүзіндегі қайқы кірпіктері; Хан-ага – жақ болғанда, сұлтан-іні – жебе; Арғы атаңа орнықты орда болған, бергі атаңа қайраусыз қара қанжар, берік түйінді берен сауыт болған мына біз едік; тірі жүрген күннің бәрі тірлік пе, бірге жүрген күннің бәрі бірлік пе...»* тәрізді экспрессивті

эпитет, метафоралар мен образды теңеулерде философиялық терең мағыналы ақыл-өсиет өрнектелген. Мұндай бейнелі оралымдардың стильдік бедерге ие болуы тілдік таңбаның әр қилы прагматикалық сипатын таныта алады. Бұл – автордың тілдік тұлғасын айқындаудың мәнмәтіндегі поэтикалық элементтері әрі тарихи баяндаудың мәтін түзудің элементтері. Автор әрбір кейіпкерін өз атак-дәрежесіне қарай сөйлетуде де, оның іс-әрекетіне баға беруде де, тіпті оның кескін-келбетін, ниет-пиғылын (интенциясын) оқырманға (адресатқа) сенімді түрде де жеткізуде де осындай шұрайлы сөздердің керектігін жақсы түсінген. Жазушының дүниетанымы мен өзіндік көзқарасынан, сөз саптаудағы шеберлігінен кейіпкерлерінің де мәдени-танымдық деңгейі оның диалог пен монологтерінен анық аңғарылады. Мысалы, мына бір жолдарға назар аударалық: «*Әркім өз үйінің төбесіндегі тудың тұғырлы болғанын қалайды... ажал жетсе қабіріміз қатар болады; иір мүйізді арқардың топатай құлжасын күлге лақтырып, қолайына жаққан қой асығының өзін сақа сайлаған салуалы қауым*» деген жолдардан оқырман (адресат) сезіміне әсер етіп, реакциясын тудырып, нені тұспалдап тұрғанын, астарлы мәнін тез қабылдау арқылы стилистикалық әсер қалыптастырады әрі ойдың ақпараттық мазмұнын жеткізеді немесе «...*ұсақтан ұтпа, ұзағын күт. Халық - бала, өзін кім жақсы көрсе, құлап түседі. Қарашы бегің - қыран құс, жем үшін ұшады, қызылдан қақпасаң қызыл шолақтың өзін алып береді; Өкпе арты өштікке ұласатын кез бар, наз арты түңіліске ұласатын кез бар*» – дейді Өз-ханым әже. Бұл – сол заманның ой ағымы, философиясы. Және ол философия ел анасы әженің танымымен беріліп отыр. Автордың прагматикалық мақсат көздей отырып, мұндай тілдік таңбаларды қолдануы арқылы аталған туындының ақпараттық әрі эстетикалық-көркемдік мазмұны ашыла түседі.

Жинақтай келгенде, көркем мәтіндегі «тарихи стилизация» құбылысының қазақ тілінің құрылымдық жүйесін, оның белгілі бір кезеңдегі тарихи дамуын, прагматикалық сипаты мен танымдық жағын анықтауда орны ерекше. Демек, көркем мәтінді стилистикалық тұрғыдан талдаудың жаңаша бағытының бір көрінісі – шығарманы тарихи стиль тезіне түсірудің функционалдық, прагматикалық сипатын ашып көрсету қажеттігі туындайды. Стиль тезіне түсірудің амал-тәсілдері, авторлық баяндаудың құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктері, тарихи ақпарат жеткізудегі тілдік бірліктердің қызметі көркем мәтін жүйесінде айқындалады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әзімжанова, Г.** Көркем проза прагматикасы. А., 2005.
- 2 **Донец, Л. С.** Особенности языка произведений исторического жанра /на материале романов Л.Югова, С.Скляренко/. Л., 1976.
- 3 **Бартольд, В. В.** Сочинения /в 9-ти томах/. М., 1963.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Материал 11.04.14 редакцияға түсті.

*М. Канабекова*

**Стилистическо-прагматическое значение авторского понимания художественного текста**

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы. Материал поступил в редакцию 11.04.14.

*M. Kanabekova*

**Stylistic-pragmatic meaning of author's understanding of literary text**

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty. Material received on 11.04.14.

*В данной статье рассматриваются стилистико-прагматические аспекты исторической стилизации в художественных текстах. Также рассмотрены новые направления стилистического разбора художественного текста, как одно из явлений научной парадигмы в казахской лингвистике. Раскрыта значимость исторической стилизации художественного текста, его прагматическая характеристика и когнитивный аспект в развитии определенного периода структурной системы казахского языка. Природа исторической стилизации отличается с разными формами повествования в соотношении между автором и адресатом.*

*This article deals with the functional and pragmatic aspects of historical stylization in literary texts. We have also studied the new artistic direction of stylistic analysis of text as one of the phenomena of the scientific paradigm in Kazakh linguistics. There is revealed the importance of the historical stylization of a literary text, its pragmatic characteristics and cognitive aspects in the development of a certain period of the structural system of the Kazakh language. The nature of historical stylization differs by different form of storytelling in the relationship between the author and the addressee.*

**Ж. Б. Нұрмаханова**

## **ШЫҒЫС МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ БАҒА БЕРУ КАТЕГОРИЗАЦИЯСЫ**

*Мақалада шығыс мақал-мәтелдері қолданысындағы баға беру категориясы мәселелері қарастырылады. Мысалдар келтіріледі.*

Адами құндылықтарды этнос, этноним бойындағы өзіне тән ұлттық менталитетін, мінез-құлқы мен психологиялық ерекшеліктерін белгілі бір тілдердің іргелі ұғым-түсінік аясында танымдық әрекет арқылы анықтауға болады. Ғалымдардың айтқандарына қарағанда, танымдық (когнитивтік) тіл білімі – тілдік ақпараттарды жию, меңгеру және пайдалану процестерін зерттейтін ғылым. Қазіргі кезде «тіл когнитивтік құрылымның бейнесі» «когнитивтік құрылым мен тілдік құрылымның арасында байланыс бар» деген көзқарастар қалыптасты. Адамның ойлау мен тілдік әрекетінің арасында байланыс болады деп түйіндеуге болады. Кейбір ғалымдар когнитивтік тіл білімі тілдік дүниетанымдық әрекет деп қарастырады. Дүниетанымдық әрекет адамның қабылдау және категоризациялау қабілеттеріне негізделген [1, 3].

Категоризация ұғымын когнитивті лингвистика ғылымы қарастыратындығын байқаймыз. Аристотельден басталған философтар функциялар мен категориялардың құрылымын, философияның негізін құрайтын барлық бағытты, өзіндік логико-гносеологиялық және онтологиялық концептілерді категоризация ұғымы танытатындығын айтқан [2, 256]. Дж. Брунер категоризация ұғымын (грек тілінен *categoria* - айтып салу, куәлік, белгі) кейбір таптағы танымдық объектіге материалдық заттардың атауы ретінде ғана емес, сенсорлық, перцептивтік үлгілер, әлеуметтік стереотиптер, адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысының – барлығы жинақталған қоғамдық тәжірибелік процесс деп қарастырған. Б.А. Душков, А.В. Королев, Б.А. Смирновтың ойынша, категоризация бірнеше белгілерді жеке категорияларға немесе таптарға бөліп, ақпараттарды қайта қарауға арналған психологиялық операция [3, 47].

Е.Е. Смит, Д.Л. Медин еңбектерінде категоризация объектіде, оқиғаларда т.б. қамтамасыз етілетін танымдық және анықтауыштық когнитивтік процесс, «прототиптік» мысалдар ұғымы деп қарастырылған [4, 198]. Адамның жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқына, іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, дүниетанымдық көзқарасына баға беру арқылы категорияға бөлуге болады. Баға беру категориясы

мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің, қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы мәтіндердің мағыналық астарында, мазмұндық ішкі құрылымында бекіп, сақталып отырады. Мақал-мәтелдер – халықтың өмірлік іс-тәжірибесі, күнделікті тірлік-тіршілігі барысында байқағандары мен барлағандарын жасаған пайымдары мен түйген ойларын өткір де ықшам, ұтқыр да көркем тұрпатта бейнелейтін тілдік моделдер.

Кез келген жағдайда адамды сипаттағанда, іс-әрекетіне баға беруде алдымен мінезін ескереді. Психологиялық әдебиетте мінезді характер деп атайды, гректің сөзі: баспаға басу, суреттеу, мәнерлеу. Тілдік қауымдастық мүшелерінің әлеуметтік психологиясы, жеке адам мен ұжым арасындағы қатынастар, халықтың мінез-құлқы, ділі, рухани мәдениеттің ұлттық нысандары мақал-мәтелдердің мазмұндық құрылымындағы негізгі компонент болады.

Мақал-мәтелдер қазіргі заман лингвистикасындағы өзекті проблемалардың бірі – «тілдегі адам факторы» мәселесін зерттеуде маңызды тілдік дереккөз қызметін атқарады [5, 4]. Адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға беруде, оны категорияға бөлуде де ең басты тілдік модель болып табылады.

Әр ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Мәселен, Батыс менталитетінде дүниені білім принципі негізінде өзгерту басым болса, Шығыста керісінше, дүниеге бейімделу, түсіну басым. Ал қазақ менталитеті осы екі қарама-қарсылықтағы құндылықтардың арасын алшақтатуға емес, керісінше олардың бірегейлігін қамтамасыз етуден туындаған [6, 75].

Категоризация негізінен екі түрге бөлінеді: бинарлық (екі тапқа бөлу) және көпальтернативті [3, 47]. Біз сараптау нәтижесінде және жағдаяттарға байланысты мінез-құлқы, іс-әрекетті білдіретін мақал-мәтелдерді төмендегідей категорияға бөлеміз: 1) адамгершілік, қадір-қасиет: ақылдылық, жуастық, білімділік, саналылық, адалдық, естілік, жомарттық, кеңпейілділік, табандылық, тектілік т.б.; 2) жағымсыз мінез-құлқы: ақымақтық, өткірлік, білімсіздік, санасыздық, аярылық, есерлік, қараулық, іштарлық, табансыздық, жетесіздік т.б.; 3) бинарлық жұптараралық қарым-қатынастар: ақылдылық пен ақымақтық, жуастық пен өткірлік, білімділік пен білімсіздік, саналылық пен санасыздық, адалдық пен аярылық, естілік пен есерлік, жомарттық пен қараулық, кеңпейілділік пен іштарлық, табандылық пен табансыздық, тектілік пен жетесіздік т.б.

«Адам» компонентті мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы «адамгершілік – адами қадір-қасиет» категориясымен сабақтасып жатады да, адамның сыртқы және ішкі әлемін, яғни мінез-құлқы, жақсылы-жаманды қасиеттерін, ақыл-ой өресін, білім-біліктілігін тұтастай қамтуға, баға беруге бағытталады. Мақал-мәтелдердегі «адамгершілік – адами қадір-қасиет» категориясының семантикалық арқауын ақылдылық пен ақымақтық, жуастық пен өткірлік,

білімділік пен білімсіздік, саналылық пен санасыздық, адалдық пен аярлық, естілік пен есерлік, жомарттық пен қараулық, кеңпейілділік пен іштарлық, табандылық пен табансыздық, тектілік пен жетесіздік сияқты бинарлық жұптараралық қарым-қатынастар аралығы түзеді. Мысалы: қазақ тілінде: Саналы адам сағынды сындырмас, санасыз адам жағынды тындырмас; Қарау адам күншіл, мекер адам – міншіл; Білген адам тауып айтады, білмеген адам қауып айтады; Ақылды үйренуге құмар, ақымақ үйретуге құмар; түрік тілінде: *Akıllı dūsman akılsız docttan hayırlıdır* (Ақылды дұшпан ақылсыз достан қайырымдырақ); *Akıllı sözünü akılsıza söyler* (Ақылды адам айтарын ақылсызға айқызар); моңғол тілінде: *Эегүй хүн яг, эрдэмгүй хүн таг* (Ебедейсіз адам тарс-тұрс, білімсіз адам жым-жылас); *Ухаангүй ноенд урагшгүй албат* (Ақылсыз төреге алға баспас бодан) [7, 304].

Қазақ мақал-мәтелдерінде айналасындағы адамдардың көңіл-күйін барлап барып, жәйменен сөз бастап, келген мақсатын сабырмен жеткізу ақылдылықты танытатыны, ал байбаламдап келіп, айқаймен іс тындырмақ болу ақылсыздықтың белгісі екені «Ақылсыз адам айқайлай келеді, жан-жағын жайпай келеді, Ақылды адам жәй-жәй келеді, жан-жағын байқай келеді» деп түйіндесе, ал түріктер: *Akıllı söylemezden düşünür, akılsız düşünmezden söyler* («Ақылды сөйлемей тұрып ойлар, Ақылсыз ойланбастан сөйлер») деп ұрпақ тәрбиесіне қажет нақты жағдаяттың көрнекі, суретті сипаттамасы түрінде бекіп, екіжақты баға береді.

Моңғол мақал-мәтелдерінде ұрпағына адамның атақ-даңқын оның тұқым-жұрағат, үрім-бұтағы емес, ақылы ғана шығара алатынын «ақылды-ақымақ, ақылды-ашушаң» бинарлық жұптараралық категорияға бөлу арқылы «*Удмаараа алдаридаггүй, ухаанаараа алдаридаг*» (Тұқым даңқа бөлемейді, ақыл даңққа бөлейді) деп, ал ынтымақ-бірлікте өмір кешу үшін ақылды адамға бірауыз сөз жететін болса, ашушаң, ақымақ адамды алдауға, айламен амалдауға тура келетінін «*Ухаантай хүнийг үгээр, ууртай хүнийг эвээр*» (Ақылды адамды сөзбен, ашушаң адамды амалмен) деп ұлағат етеді.

Адамның өз еркінен тыс жиі қайталайтын ерсі қылығын образға алу арқылы адам мінезіне қатысты әлсіздік, кербездік, өзіне сенбеушілік сияқты дерексіз ұғымдарға қазақы дүниенің паремиологиялық бейнесінде «Әлсіз кісі жағымпаз, кербез кісі қырымпаз» деп түйіндесе, ал түріктерде («Жол білген керуенге жалтақтамас») деген логикалық-пайымдық деңгейдегі анықтамалар беріледі. Ол анықтамалар «қайта-қайта қырынып, сақал-мұртымен алысқан орынсыз кербездік сол адамның өзіне деген ішкі сенімінің аздығын байқататындығын, ал өзіне-өзі сенбеу, жан-жағына жалтақтау түптеп келгенде жағымпаздыққа әкеліп соғатынын, ал жағымпаздық рухтың әлсіздігінің белгісі» екенін ескерткен тіл иесінің адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі екені өзсіз. Адамның өз еркінен тыс жиі қайталайтын ерсі қылығын паремияның

образдық-фондық негізіне алу, сол арқылы адамның бұл әрекетінің себебін түсіндіру моңғол мақал-мәтелдерінде де жиі кездеседі. Мәселен, *Гэмт хүн гэлбэлзэнэ дайрт морь дайвалзана* («Жазықты адам жалпандағыш келер, жауыр ат қайқандағыш келер») деген мақал кінәлі, айыпты адамды қимыл-қылығынан тануға болатынын білдіреді.

Адамның мінезін білдіретін ұғымдардың басым көпшілігі дерексіз лексикамен сипатталатыны белгілі. Қазақ мақал-мәтелдерінде көбінесе адамның нақты көзге көрінетін қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысын суреттейтін, белгілі бір ситуацияда адамның өзін-өзі ұстауына қатысты туындайтын образ арқылы дерексіз ұғымға анықтама беріледі, яғни «адамгершілік», «адами қасиет» категориясына енетін дерексіз түсініктерді анықтаушы белгі қызметін атқарады. Соның негізінде дерексіз бинарлық жұптар деректілік мәнге ие болады да, адамға мінездеме берудің тілдік моделі қалыптасады.

Қазақ «Сабыр түбі – сары алтын» дейді. Сабырлылық даналық белгісі. Сабырсыздықты қазақ арсыздық деп білген. Сабыр иманның тең жартысы. Сабырлылық таныту үшін ақыл керек, ес керек, мінез керек. Сосын да болар қазақтың сабыр түбі сары алтын деуі. Түрік мақал-мәтелдерінде сабыр сақтаған адам кез келген жамандықтан құтылатындығын, асығыстық жамандыққа апаратындығын «Сабырлылық – құтылыс, асығыстық – тұтылыс» деп түйіндейді. Яғни, мұнда сабырлылық-сабырсыздық, сабырлылық-асығыстық, арлы-арсыз жағымды-жағымсыз бинарлық жұптар арқылы баға беріледі [8, 86]. Адамның мінезіне қатысты айтылатын мақал-мәтелдерде суретті, бейнелі анықтамалардың «Қоғам: Адам: Табиғат» триадасының маңызды компоненті «Адам: Адам» арасындағы өзара қарым-қатынастың іс-әрекеттің нәтижесіне тигізер әсерін, себеп-салдарын сипаттаудағы рөлі ерекше. Мәселен, қазақ тілінде «Жақыны көп адам жасқанбайды», моңғол тілінде *Сайн хүний садан олон зандан модны салаа олон* («Жақсы адамның ағайын туысы көп, жұпар ағаштың саласы көп») паремиялары жасалады.

Мақал-мәтелдер арқылы адамға мінездеме берудің тілдік моделі қалыптасады. Ал дүниенің паремиологиялық дүниесіндегі көрініс табатын екіжақты яғни жағымды, жағымсыз іс-әрекетті категорияға бөлу арқылы бағамдау қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттық мінез-құлықты сақтап қалу үшін аса қажеттілік тудырып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әмитова, А. Бәйішев, С. Когнитивтік тіл білімі ұғымдары туралы. - 2010. – 4.
- 2 Скребцова, Т. Г. Когнитивная лингвистика: Курс лекций. - СПбГУ, 2011. -256.

3 Душков, Б. А., Королев, А. В., Смирнов, Б. А. Энциклопедический словарь: Психология труда, управления, инженерная психология и эргономика, 2005. - 47 б.

4 Smith, E. E., Medin, D. L. Categories and Concepts. Cambridge, 198.

5 Қарсыбекова, Ш. П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. - Алматы, 2004.

6 Төлеуғали, К. Ұлт менталитеті. Монография. - Астана: «Елорда», 2001- 248 б.

7 Сағидолда, Г. С. Түркі-моңғол бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: «Сарыарқа» баспасы. 2011. -304 б.

8 Тайжанов, А. М.О. Әуезов шығармаларының ұлттық психологияны талдаудағы ролі. - «Ақиқат», № 4.- 1994. – 86 бет.

«Тұран-Астана» университеті, Астана қ.  
Материал 21.04.14 редакцияға түсті.

*Ж. Б. Нурмаханова*

#### **Категоризация оценки в пословицах и поговорках Востока**

Университет «Туран-Астана», г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 21.04.14.

*ZH. B. Nurmakhanova*

#### **Categorizing of estimation in proverbs and sayings of East**

“Turan-Astana” University, Astana.  
Material received on 21.04.14.

*В статье рассматриваются вопросы категоризация оценки в пословицах и поговорках Востока, приводятся примеры.*

*In the article questions are examined of categorizing estimation in proverbs and sayings of East, examples are made.*

ӘОЖ 808

**Ж. Т. Сарбалаев**

### **ӘДЕБИ ТІЛ ШЫРАЙЫ**

*Мақалада қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңадан пайда болған сөздердің сипаты, үйлесімділігі қарастырылады.*

Туған тілдің туралы жазғанда толғанып, тебіренбеуің мүмкін емес. Бұл «тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы», «тіл – ойдың тікелей шындығы» ғана емес, тіл – әрбір жер басып жүрген адамның адамдық қасиеті, ар-абыройы да болғандықтан. Тіл – белгілі бір халықтың мерейі мен мәдениеті де; себебі, тілсіз оның мерейі мен мәдениеті де жоқ. Тіл – белгілі бір ұлттың жан-дүниесінің керемет нәзік айнасы да: халықтық мінез-құлықтар мен реңктер, психикалық аңсарлар мен өңдер көрінісі.

Бұдан аңғарылатыны: тіл – үнемі өрбіп, тоқтаусыз дамып отыратын тарихи категория. Оның дамуы әлеуметтік қоғам дамуына тікелей қатысты. Адам қоғамда өмір сүре отырып, қоршаған табиғатты одан әрі терең игере түседі, соған қарай қоғам дамуы үнемі жаңа сатыларға көтеріледі; ал бұл жаңа ұғымдар – соны сөздер легін тудырады. Оларға тілтану ғылымында неологизмдер деп ат берілген. Олар ұлттық төл сөзден жаралуы да, сондай-ақ көптеген жұртқа ортақ интернационалдық сөз болуы да мүмкін. Сонымен, ғылым, мәдениет, ой-өріс, экономика дамуы – тіл дамуының басты бір шарты. Осы дамудағы тағы бір ерекшелігі сол – қолданылып жүрген сөздердің ескіруі. Ал бұл қоғамның белгілі бір кезеңінің тарих еншісіне өтіп, белгілі бір еңбек құралдарының, басқа да заттар мен нәрселердің жойылуына немесе көнеруіне, соған сәйкес ұғымдар мен түсініктердің ескіруіне байланысты туады. Ол сөздер - архаизмдер. Жалпы тіл дамуындағы осы заңдылық объективті, тіпті адам еркіне тәуелсіз.

Алайда адам қоғамының өзгешелігі сол: адам-саналы, белсенді тірлік иесі болғандықтан, әлгі заңдылықты танып, түсінуі, соған өз ықпалын жүргізуі тиіс. Заңдылық-адамның тани біліп, қолдауына немесе қарсы шығуына қарай не құдіретті бола түседі не әлсірейді. Сондықтан да біз өз ана тіліміздің дітті мүдделерін дер кезінде танып-біліп, терең ұғынып, сол негізде белсенді әрекет етуге міндеттіміз. Әрине, біз осы салада белгілі бір әрекет жасап та келеміз.

Жерде жатқан керексіз сөз жоқ. Демек, біріншіден, сол әрбір сөздің жанын тауып, тірілту – жазушы мен журналистің шеберлігі, құдіреттілігі болса, екіншіден, оларға сол тілдегі сөздер қатарынан байыту да қасиетті парыз. Ендеше бұл екі мәселені: сөз құдіретін тану мен сөз санын мольқтыруды бөлек-бөлек қарастыра алмаймыз.

Әдеби тілімізді қазіргі уақыттағы дамыту-бір жағынан, бүгінгі ғылым, техника, ақыл-ой, тұрмыс, мәдениет дәрежесінің қарышты қарқындауына байланысты туындап жатқан жаңа ой, жаңа түйсік, соны ұғымдарға сәйкес жаңа сөздер табу, осыны саналы да жүйелі, дұрыс жүзеге асыру деген сөз. Әрине, бұл іс құр ниет, игі тілекпен, қысыр кенестермен бітпейді. Сондай-ақ ол стихияға, әркімнің бей-берекет мол үлес қосып, мағынасыз дыбыстық бірлесімдерді ұсына беруіне де көнбейді. Яғни жаңа сөздер тууының өзіндік қатаң ерекшеліктері бар. Туынды жаңа сөз де мағыналы, қолдануға жарамды, ұғынықты, сол өзі балама болып отырған ой-ұғымға ең сәйкес сөз болуы шарт. Ал жаңа сөздер көбіне-көп екі негізден: лексика-семантикалық және грамматикалық негізден туады. Мұның біріншісі - мағыналық негіз де, екіншісі – сөздердің өзара байланыс – арақатысқа түсу негізі. Әдетте тіл тарихына көз жүгіртіп, сөз этимологиясын парықтасаңыз, мағына-басты, шешуші фактор. Сөздердің өзі де салыстырмалы, алуан ренде. Мағынада нақтылы ая бар; тағы да олар өзара белгілі бір дәрежеде бірлік-байланыста. Полисемия, фразеология – осылардың тікелей көріністері. Өмірдегі құбылыстар, нәрселер арасындағы ұқсастық жаңа дыбыстық тіркесімнің немесе нақтылы мағынасы бар сөздің жаңа мағынаға ие болуының аралық әрі басты баспалдағы есепті. Мысалға, адамның басы – ондағы сыртқы белгілер: адамның ең жоғарғы жағы, сана орталығы болуы, жұмыр болуы, т.с.с. міне, осы негізден туындап, таудың ең жоғары жағы – таудың басы, бұлақтың ең бастауы – бұлақтың басы, шоқпардың ең ұшы-шоқпардың басы аталады. Ал аударма кезіндегі жасалған баламалар өзге тіл сөздерінің мағынасын өз ұғымымызда бейнелеу деген сөз. Мысалы: оқулық, оқу құралдары, жазушы, көрермен. Сондай-ақ, өзге тілден тікелей сөз ауысуы, оның қайта артикуляцияланып, төл сөздерімізге айналуы мүмкін. Мысалы, самовар-самауыр, кровать-кереует, ящик-жәшік, якорь-зәкір, т.б. бірақ осы тәсілдерде де белгілі бір шек бар. Өйткені ұқсастық сөз мағынасы аясы-резина сияқты; өте қатты, шектен аса созса, үзіліп кетеді. Сонымен мағына ұқсастығы, оның аясының кеңуі құбылысы-соны сөздер жасалуындағы ең бір өнімді, іргетас фактордың бірі. Осы талаптарға сай келмегендіктен, лексика-семантикалық негізден қол үзгендіктен де кейбір «жаңа» сөздер жаңа сөз ретінде қабылданылмайды.

Кейде жаңа сөз бұрын қолданылып жүрмегендіктен, жатырқалып, тосаңсылуы мүмкін. Бірақ негізі дұрыс, жөндем болса, оған лайықты, жөн, жаңашыл көзқарас қажет. Өйткені ол сөз біраз қолданылған соң әбден үйреншікті сөз болып кетуі сөзсіз. Қазақта Қазан төңкерісіне дейін химия, тілтану, биология, т.б. ғылымдар болған жоқ. Солай болса да қазір осы ғылымдар ана тілімізде жинақы, жетік баяндалады. Ұлттық төл жаңа терминдер туды. Мысалы, бастауыш, баяндауыш, үндестік заңы, сөйлем, құрмалас сөйлем, жалқы есім, атау септік, көсемше, сутек, оттек, қышқыл,

мүмкіндік, қажеттілік, қондырма т.б. Алғаш бұл соны сөздер де тосырқалды. Ал қазіргі ұрпақ мұның жасанды екенін айтылса ғана біледі.

Баршамыз мойындар шындық: бүгінгі күні ана тіліміз қатты даму үстінде. Бұл игі процеске әдебиетшілер, ақын-жазушылар, тілші ғалымдар, аудармашылар өз үлестерін қосуда. Әдеби жаңа сөз кейде бірден туа салмайды, әдеби қолданыстарға түсіп, сатылап, ой ұғым баластырымдарды баспалдақ қып туады. Сол себепті саңлақ суреткерлеріміз осынау бұлақкөзден жаңа сөздерді көптеп тудыруда. Өйткені, олар жаңа теңеулер қолдану арқылы алдымен соны бір сезім, ұғым тереңіне бойлайды. Ойдың биік өрісі-шырқап үзіліп алға самғауы да өзіне тән тың сөздер талап етеді.

Жас жүрек жайып саусағын (Абай).

Байқоңыр дала, бай дала (Ж.Молдағалиев).

Рас, бұл арада жаңа сөздер туып тұрған жоқ. Бірақ, жаңа грамматикалық пішіндер: мағына, сұлулық кестесі туып тұр. Біз бұларды неге мысалға келтіріп отырмыз? Себебі, жаңа сөздер тууының нәзік те көзге көрінбес осы сияқты алуан-алуан реакциясына қарсы шығушылар да бар. «Волгамен» құйғытып шауып келеді» дегендей, сөз қолданыстардың өзі оларға түрпідей тиеді. Олар «волга» шабатын ат емес дейді. Демек, олардың пайымдауынша, ұғымдарды бір-біріне теңеуге, ойды әсерлеуде, әсірелеуге болмайды. Ал Абай мұндай «ерсі» құбылыстың талайын жасаған, бірақ әлгілер оған үндемейді. Абайға қарсы шықпайтыны - ол ұлы. Абай ұлы болғандықтан, көзі жетіп, көңілімен сезбесе де, дұрыстығы кәміл ғой деп білместікпен сенеді. Осындай пайыз түсініктегілер, әрине, Оспанхан Әубәкіровтің «Қытығы қалың», «Қапырық қара табан», «Момын көз» деген тіркестеріне айғайлап қарсы шығады. Тіпті оларша Жұбан айтқандай, дала – құс емес; демек, ол қанатты – Байқоңыр далаға айнала алмайды. Сондықтан да, олар осы сұлу образды да қате дер. Ал талантты жас жазушылар жаңа сөздер тудырса, соны сөз қолданыстарға барса, қазақта мұндай сөз жоқ, мұны қалай түсіну керек, тілі кедір-бұдыр деп «қаралайды». Жоғарыда да айтып кеттік, әрине, бұл әдіс-мағыналық ізденістерде де шек бар. Асылында жаңа сөз тудырып, тілдің әдеби өңін шалқытар тілді дамытар арна аяларға кең жол ашу керек. Яғни атакты авар ақыны Расул Ғамзатов айтқандай, тіл-аттылы, грамматика-жаяу жолаушы еді, жаяу аттылығы мінгестір деді, ол мінгестіріп еді, жаяу жайғасып алған соң ат иесін аударып тастап, «Сен қайдан шықтың, ат та, ертоқым да менікі» дейтін жағдайға жол бермеуіміз керек. Ғамзатов өз мысалында тілді, оның дамуын қатаң грамматикаға бағындыратын теріс түсінікті қатты сынап отыр. Арамыздағы баз бір тілші ғалымдардың осылай бағамдауы теріс-ақ. Шынында тіл грамматикаға бағынбауы керек, грамматика тілге бағынуы шарт. Ұлы Мұхтар Әуезов грамматиканы тілге бағындырғандықтан да талай ұлы тіркестер, соны сөздер тудырды. Ұлы Абай тілден грамматиканы туындатты, содан да ол құбыл, бату, малма секілді жаңа сөздерді, «асау жүрек», «адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ойларды»

тудырды. Грамматика – киім, тіл-адам. Ал киімді адамға шақтап пішпей, адамды киімге бағынышты ету сұмдық қой.

Әдеби тілді дамытуда, сөз жоқ, батылдық та қажет. Біз-өз басымыз мүмкіндігінше тіліміздегі өзге тілдің бірде-бір сөзі қалмастан аударылуы қажет деп ойлаймыз. Тіпті ғылыми-техникалық ең қиын деген терминдер де тәржімеленгені жарасымды. Қазақ тілінде мағынасы, ұғымы бар болса, оларды басқа елдер де қабылдаған, олар интернационалдық терминдер деген сылтау өзін ақтай алмаса керек. Қажет болса, тыңнан жаңа сөздер жасаған да жөн. Бұл ретте мағыналық әдісті айтпағанда, грамматикалық тәсілдерді де жемісті қолдануға болады. Осы орайдан келгенде, бүгінгі қойыртпақ жан-жақты көп таза да, таза емес те, бөтен де, өтен де бұлақтар келіп құйған тілімізде аударылуға тиіс сөздер өте көп деп ойлаймыз. Сол сөздердің бәрін тізіп, бағамдауымыз мүмкін емес нәрсе. Дегенмен, бірқатарына тоқталып көрейік. Мәселен, философия, биология, геология, география сияқты ғылым аттарын да, трактор, автомобиль, комбайнер, боксер, шофер, журналист, шахматист, фонетика секілді техникалық термин, мың сан құралдар мен алуан мамандық аттарын да футбол, оазис, невролог, приемная, пляж, овощ, букет, фигура, космос, поликлиника, фонтан сөздері де толық әрі жатық аударуға болады. Аударғанда жасалған жаңа сөзге мағынаны жүктегенде олқы, ерсі келмей тұрғандай болуы-уақытша әрі алдамшы құбылыс. Философия-грекше даналықты сүю, футбол-ағылшынша аяқдоп, волейбол – қолдоп деген сөз. Біз осыларды осылайша қазақша алсақ, тұрпайылау, өз мағынасын толық бермейтін секілді. Бірақ ағылшын, гректер сол сөздерді қоңылтақсынбай-ақ өздерінше даналықты сүю, жерөлшеу, жержазу деп жазып, қолданып жүр. Кәдімгі біздің әдебиет, тарих, табиғаттану дегеніміз сияқты. Біз гелий, хлор, бром деп жүрсек, оларды грек, латын тілінде сөйлейтіндер күн заты, жасыл, сасық деп қолданады. Біз қалың қол келді, ақсақал сөйлеп отыр дейміз. Осындағы қол, ақсақал деген сөздер де өз мағынасының біраз бөлегін ғана сақтап тұр. Қол-кәдімгі қол емес, қалың әскер. Тек қолдар арқылы қару-жарақты адамдар тобы бейнелеп тұр. Ақсақал тек кәдімгі түк-ақ сақал ғана ма, жалпы сақал-түк, ол сөйлей ала ма, жоқ, бұл жерде бір дене «мүшесі» адамды –қарт кісіні бейнелеп тұр. Ендеше, кейде басты бір белгісі арқылы да, әрине, өз негізін –жарасымын сақтай отырып, жаңа затқа есім –атау беруге болады.

Сонымен, философияны-даналықтану, геологияны-жерқыртыстану, географияны-жербедертану деп алсақ артық емес. Бұл жерде футбол, волейбол, телефон, телеграф секілді сөздерді де аудару керек деп ойлаймыз. Әрине, біз айтқандай, олар қазақша айтқанда аяқдоп, даналықтану, т.б. бола ма? Оны көп болып кенескен жөн; сәйкес те орайлы басқа баламалар табылып жатса, соларды алған жөн. Ал телефонды ұнтасымал, ұнтасығыш деп алсақ қалай?

Орыс тіліндегі детсад сөзі балабақша болып дұрыс алынып жүргенмен, детясли, роддом сөздерінің баламалары ана тілімізде әлі екі ұшты. Біресе,

перзентхана-роддом, ал дом малютки-сәбиxана; немесе роддом-анахана, детясли-перзентхана (Жарығапов аудармасы) болып жүр. Біздіңше, родильный дом сөзін анахана, перзентхана демей, сәбиxана да, демей, нәрестехана деу керек. Себебі, шыр етіп дүниеге келген сәтте адам әуелі нәресте есіміне ие. Содан соң барып сәби, бөбек, перзент болады. Рас, сәбиxана деп айту да дұрыс емес, алайда адам бір жасқа толса да, сәби атана береді. Ал мына жерде әңгіме перзенттің дүниеге келер және енді келген сәті туралы ғой. Сол секілді перзент те-кең ұғым. Адам алпыста да перзент атана береді. Бөбек болса-біршама есейген сәби, ал дом малютки-сәбиxана, детясли-бөбекхана аталса тиімді. Приемная сөзін қабылхана деп алу да ретсіз. Себебі, «хана» жұрнағы жеке тұрғанда грамматикалық мағынаға ғана ие болса да, аясы кең, көбіне нөпір адам, нөпір заттар жиынына тән сөз. Екіншіден, қабыл сөзі жеке алғанда мағынасыз дерлік. Бұл сөз қабылдау бөлмесі деп айтылып та жүр. Осы күйде қалдыруға да болады. Егер оны орыс тіліндегідей бір сөз, жинақы ұғым еткіміз келсе, қабылдама десек орынды.

Беседка сөзіне кезінде жазушы К.Ахметбеков ұсынған саябан тамаша табылған балама деп ойлаймыз. Осы орайда –бан тектес жұрнақтарды да, ұйқысынан оятып жиі қолдану керектей. Осы секілді –доз (шабандоз), -кер, -гер (бапкер, еңбеккер) жұрнақтарында кең қолдануға болар еді. Сондай-ақ, жайлау - ежелгі сөз, оның әсері де, мағынасы да кең. Ал дача мағынасы одан әлдеқайда тар, ендеше, оны жайлаудағы жай емес, самалбан, саяжай десек те жететіндей. Овощ сөзіне дайын көк деген балама бар, қазақ жалпы жасыл дүниені жасыл демейді, яғни орыс халқынан өзгеше (зеленый базар, зеленый чай) көк базар, көк шай дейді. Сондықтан да базарға көк түсіп пе дейміз. Сол себептен де, овощ кейінгі кездері көкөніс деп дұрыс алынып жүр. Алайда дұрысы-халық ежелден қолданып келе жатқан көкегіс немесе көгеріс сөзі. Өйткені, бұған қарама-қарсы акегіс тағы бар ғой. Ал оранжереяны гүлхана, оазисті гүлзар десек жөн. Гүлзар – ежелгі сөз. Орта Азия мен Қазақстанда айнала сусыз шөл дала ортасында жайнаған жасыл жер-оазистер кездесетін. Халық оларды бағзыдан гүлзар дейтін.

Біз -лық,-лік,-дық,-ді,-шы,-ші, -гер, -кер, т.с.с. көптеген жұрнақтардың өнімді жұрнақтар екенін, жаңа сөздер тудырып, әдеби тіл діттерін шешуде елеулі қызмет атқарып келгенін білеміз. Олай болса, бүгінгі күні осыларды да ерікті саналы түрде кең қолдану керек-ақ. Орыннан-орындық, кеңнен-кеңдік, шахматтан-(ол бір реттен шахматистің аудармасы да) шахматшы, еңбектен-еңбеккер, баптан-бапкер туған. Бірақ бізде осы жұрнақтарды қолдануда да бірізділік жоқ. Мүмкіндігінше, қандай да бір жаңа аударма сөздеріміздің де түбірі - өзгеше, тіркемесі - өзімізше болмауын қарастырғанымыз мақұл. Демек, футболист-футболшы, колхозник-колхозшы болып жүрсе де, кейде комбайншының-комбайнер, боксшының-боксер, жаттықтырушының-тренер болып жазылып жүруі жарамсыз-ақ.



Әдеби тілімізді жаңа сөздермен байытуда соңғы кездері түрлі басылымда жарық көріп жатқан орысша-қазақша сөздіктердің де өзіндік үлестері аз емес. Соның бірі – «Разговорник» русско-казахский словарь, «Тілашар» орысша-қазақша сөздігі» деп аталатын еңбек. Бұл еңбекте де ортаға салып, ойланарлық мәселелер аз емес.

Авторлар алқасының сөз болып отырған еңбекте шампунды-су сабын, тротуарды-жаяу жол, погребті-жер қойма, разговорникті-тілашар деп тәржімалауларын шығармашылық ізденістердің ізденісі деп қарау орынды болмақ. Сондай-ақ, олардың соңғы жылдары баспасөз ретінде жиі көрініп, әдеби тілде орныға бастаған иіс су, әтір, кенере, дәмхана, кәуап, т.б. көптеген неологизм сөздерді диалогтерде, сөз тіркестерінің арасына кірістіріп, оқырман қауымға ұсынғандары құптарлық.

Орыс тіліндегі «всего хорошего» деген тіркес ана тілімізде «көріскенше күн жақсы» деп тәржімаланса, «я очень плохо чувствую» деген сөйлем тиісінше «жағдайым мүлде болмай отыр» деп баламалаған. Сол сияқты «счастливого пути» деген синтаксистік конструкция «жолыңыз болсын» түрінде қазақшаланған. Көріп отырсыздар, авторлар алқасы орыс тіліндегі сөз орамдарын жолма-жол қайталамаған, олардың орнына, сол орайда қолданылатын қазақша сөз үлгілерін алған. Жоғарыда мысалға келтірілген орысша сөз тіркесін қазақша осылай айту контекске жақын, әрі сөйлем құрылыстары да қазақша.

Алайда авторлар алқасымен келіспейтін жерлеріміз де бар. Мәселен, олардың бүгінгі күллі көп тілді Қазақстан халқы қазы, қарта, жая, айран, құрт түрінде қолданылған сөздерін аталған еңбекте полуфабрикат из конины, лакомство из кислого молока деп сабақтап, түсіндірме сөйлемдер тәрізді ұсынуларын жөн деп санамаймыз. Біздің ойымызша, жоғарыда сөз болған тағам атауларының реестердің орысша бөлімінде де қазақша дыбысталулары беріліп, содан кейін ғана оның жасалу технологиясы сөз болғаны дұрыс еді. Сондай-ақ әрбір тараудың соңында беріліп отыратын сол салада жиі қолданылатын сөздердің топтама сөздіктеріндегі кейбір орысша атаулардың аударма сапалары ойландырарлық. Мсалы, орысша невеста сөзін қазақша келін, нутрияны-су тышқаны, чердакты-шатыр асты, салфетканы-майлық деп алулары көңілге қона бермейді. Соңғы екі сөздің қазақша баламасы болмаса, оларды неге орыс тіліндегі сол күйінде алмасқа. Осы орайда Сәкен Сейфуллиннің мына сөзі ойға орала береді. «Біз тілімізді байытуымыз керек, ол үшін басқа тілдерден сөз алудан қорықпауымыз керек».

Қысқасы, ана тіліміздің төңірегінде ортаға салып, кеңесіп, тоқсан рет ойланып барып шешетін мәселелер шаш етектен. Себебі, тілдегі әрбір сөздің жаны бар. Оларды орнын тауып жұмсау, тіл игілігіне жарату, әлбетте, сабын жаққан теріні ұстаудан да қиын.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 30.05.14 редакцияға түсті.

*Ж. Т. Сарбалаев*

#### **Употребление новых слов в современном казахском языке**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 30.05.14.

*Zh. T. Sarbalayev*

#### **Use of new words in modern Kazakh language**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 30.05.14.

*В статье рассматривается употребление новых слов  
современного казахского литературного языка.*

*This article deals with the use of new words in modern Kazakh  
language.*

ӨОЖ 81.367.7

**Ж. Т. Сарбалаев**

### **М. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНУ МӘСЕЛелЕРІ**

*Мақалада ұлы жазушы М.Әуезовтің әлеуметтік тіл мәселелерін  
қозғаған ой-пікірлері талданады.*

Кез келген әдеби шығарманың салмағы, құны, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі орны, әдетте, екі өлшем таразысымен анықталады. Оның бірі – автордың тарихи шындықты қаншалықты нанымды, дәлелді ашып көрсетуімен байланысты болса, екіншісі – әдеби туындының көркемдігі, оның оқырман қауымға сыйлайтын эстетикалық қуатына қатысты. Әрине, соңғы жағдайда «әдеби шығарманың басты элементі – тіл» /К. Федин/ туралы сөз болып отырғандығы өзінен-өзі түсінікті. Иә, көркемдіктің басты кілті – тіл. «Әдебиет – М. Әуезов айтқандай, – тілімен әдебиеті. Тіл шұрайлығы, тіл сұлулығы болмаған жерде ешқашан өміршең, өлмес ұлы шығармалар тумас

емес. Сондықтан да тіл – әдеби шығарманың өмір сүруінің басты шарты, оның қандай туынды екенін танытатын бірден-бір дұрыс таразы.

Ұлы жазушы М. Әуезов ғажайып, өшпес шығармалары арқылы қазақ әдебиетін шырқау биік қалай көтерсе, екінші жағынан өзінің өлмес туындылары арқылы оның тілін де сондай биікке көтерді. Біз бұлай дегенде оның ең алдымен, әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясының тілін еске аламыз. Онда ұлы суреткер қазақтың сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілінің дәстүрлерін берік ұштастыра отырып, «қазақ әдеби тіліне көген түбінде қалып көнере бастаған көптеген көнерген сөздерді» қайта тірілтіп, үйіріне әкеп қосты, тіліміздің грамматикалық құрылысын соны синтаксистік түзілістермен байытты, қазақ әдеби тілінде бұрын болмаған тың сөз қатынастарын ашты, тіліміздің көркемдік қуатын арттыра түсті, оның байырғы ғасырлар бойы қалыптасқан негізін сақтай отырып, оған интернационалдық өң берді. «Мұхтар қазақ тілін байытамын дегенде, - деп атап көрсетеді академик жазушы Ғ. Мүсірепов, - тек қазақ сөйлемінің ізімен кете бермеген, - кейбір ойларын орысша сөйлем құру жолымен де жазған. Бұл әбден дұрыс. Ешбір тіл өз шеңберінде ғана өсе алмайды» [1-171].

Қазақ тіл білімінде М. Әуезов шығармаларының лексика-стистикалық, грамматикалық тұрғыдан зерттеп қарастырған біраз еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, М. Серғалиев сықылды қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері өздерінің әр кезде жарияланған еңбектерінде ұлы жазушының шығармаларының қазақ әдеби тілінің тарихында алатын орны, оның көпшілікке белгілі шығармаларының тілі, олардағы жекелеген сөздердің қолданыстары, жазушының жалпы тіл шеберлігі жайында құнды-құнды ойлар айтты. Бұларға қоса С. Тасымова, Б. Ихсанова тәрізді жас ғалымдар да М. Әуезовтің ғылыми еңбектері мен публицистикалық шығармаларының тілі жөнінде де баспасөз беттерінде өзіндік ойы бар тәп-тәуір мақалалар жазып көзге түсті. Десек те, біздіңше, М. Әуезов шығармаларының тілін зерттеуде бір жақтылық бар. М. Әуезов шығармаларының тілі туралы жазылған еңбектерде көбінесе оның шығармаларының тілінің жалпы лексикалық-грамматикалық сипаты, яғни сөздік қоры, көнелене бастаған сөздердің этимологиясы, жекелеген грамматикалық тұлғалардың қызметі, болмаса жазушының сөйлем түзілістері туралы сөз болады да оның өзінің жалпы тілге деген көзқарастары еске алына бермейді. Әуезов шығармаларының тілі сөз болғанда, лингвист Әуезовтің де көзқарастарын ұмытпауымыз керек. Себебі, «Жазушының тілге, оның ішінде ана тілін, оның өткені мен бүгінгісіне, даму жолы мен бағытына деген көзқарасын біліп барып сол жазушының өз творчествосының тілін талдап дұрыс болмақ» [2].

Ұлы жазушы, әрине, тіл саласына арнап іргелі еңбектер жазған жоқ. Десе де ол өз тұсында болған тіл төңірегіндегі айтыстардан да шет қалмаған.

Туған тілінің тағдыры, оның өткені мен болашағы жазушыны азамат ретінде, қоғам қайраткері ретінде бей-жай қалдырмаған, қатты ойландырған, жанын ауыртқан. Сондықтан бұл мәселе оған еріксіз қалам алдырған, оның тіл мәселесіне арнап бірсыпыра мақала-еңбектер жазуына түрткі болған. Олардан М. Әуезовтің лингвистикалық көзқарастарын айқынбайқауға болады.

М. Әуезовтің лингвистикалық көзқарастарын, жалпы үш топқа бөліп көрсетуге болады: 1. Көркем әдебиет тілінің мәселелері жайындағы ойлары; 2. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы, дамуы туралы ой-пікірлері; 3. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы, дамуы туралы ой-пікірлері; 3. Қазақ тілінің қоғамдағы орны, қызметі, тағдыры, болашағы, мәдениеті т.б. жөніндегі көзқарастары, яғни әлеуметтік тілтану төңірегіндегі тұжырымдары.

Біз бұл мақаламызда ұлы суреткердің соңғы әлеуметтік тілтану саласына қатысты ой-пікірлеріне тоқталсақ дейміз. Өйткені, бұл мәселе оның лингвистикалық көзқарастарының негізгі өзегі, азаматтық шын келбетін танытатын басты өлшем. Жазушы өзінің «Үмітті ұрпаққа игі тілек», «Ана тілі мен әдебиетті сүйіндер», «Ғылым тілі», «Қайсысын қолданамыз», «Үзілмес достық өреніміз» т.б. мақалаларының әлеуметтік тілтану құзырына жататын өмірлік мәселелерді, атап айтқанда, қос тілділік проблемаларды, қазақ тілін ғылым тілі деңгейіне көтеру, ана тіліміздің дамуына кесе-көлденең тұрған түйткілерді жою, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі позициясын нығайту, қолданылу аясын кеңейту сияқты тіл шаруашылығының толып жатқан мәселелерін батыл қозғайды. Зерделі суреткердің аталған еңбектерінен өз халқын, ана тілін жан-тәнімен беріле сүйген, елдікті мүдделеп, егемендікті мұрат тұтқан күрескер жанның шын бейнесі айқын байқалады. Бір ғажайып М. Әуезовтің әлеуметтік тілтану саласындағы ой-тұжырымдары осыдан аттай 50-60 жыл бұрын айтылса да оларқұнын, мән-маңызын күні бүгінге дейін бәсеңдеткен жоқ. Олардағы мәселелердің қойылысы, өзектілігі дәл бүгінгідей, қазіргі кезеңнің үнімен үндесіп, талабымен табысып кеткендей. Француздың ұлы жазушысы О. Бальзактың «Таланттар жылдарды ғана артқа салады, ал ұлылар ғасырлардан озып кетеді» деген пікірі дәл Әуезовке арналып айтылғандай.

М. Әуезовтің әлеуметтік тілтану саласында жазған еңбектерінің қай-қайсысын алмаңыз, ортақ түп қазық – қазақ тілі, қазақ тілінің қамы, мұң-мұқтажы. Оның бұл саладағы еңбектерінің басы 1917 жылы Семей қаласында алаштық тұғырнамамен шығып тұрған «Сары Арқа» газетінде жарияланған «Қайсысын қолданамыз» атты мақаласынан басталады. Бұл мақала – ұлы суреткердің баспасөз бетінде өз атынан жарық көрген тұңғыш сөзі. (Рас, мұның алдында осыдан сәл бұрын аталған газетте оның Тұрағұл Абайұлымен бірлесіп жазған «Адамдық негізі - әйел» атты туындысы жарық көрген болатын). Осы алғашқы тырнақ алды еңбегінің өзінде ол ұлт тіршілігінің тұтқасы тілде, тіл арқылы білім беруде екенін қадап айтады. Қазақ тілінің

ұлттық, әдебилік сипатын нығайту үшін пәндік аталымдарды бір ізге келтіру жөн дейді. Қоғам алға өрлеген сайын, «Ғылым тілі деген мәселе «Шеш» деп, дікілдеп қысатын мәселе» деп, ғылым тілін қалыптастыруды айрықша мәселе етіп қояды. Бұл салада реттілік пен үйлесімділікболуын қатан ескертеді.

Бір жылдан соң ол бұл мәселеге қайта оралып, болашақ қамы тұрғысынан «Ғылым тілі» атты мақаласын жариялайды. «Абай» журналында басылған бұл мақала қазақ тілін ғылыми тіліне айналдырудың ең зәрулік, көкейкестілік мәселелерін қозғайды. Қазақ халқының ендігі болашағы ғылымды игеруде жатқанын жете аңғарған жас Әуезов сол кездің өзінде-ақ ғылым тілін қазақ жұртында орнықтырудың қажеттілігіне үлкен мән беріп, әсерлі пікір, кемел ой айтады. «Жұрт оянып, көзін ашып жұртқа бетін түзесе, күннен-күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқтаждарымыздың ішінде ең ірісі - ғылым» дей келіп, оны халықтың мәңгілігінің мәселесі деп атап көрсетеді. Мұндағы шаруа оңалмайынша, қандай тілдің болсын көсегесі көгермек емес Әуезов нақ осы қағиданы алға тарта отырып, ғылыми аталымдық қор жинауды кешуілдетпей тез кірісуді міндет етеді. Сонымен бірге, бұл салада әсіреқызыл ұраншылдықтан, дүмбілездік ұрындан сақтандырады. «Біреу оңға, біреу солға тартып, илеуге көне беретін ғылым жолы терінің пұшпағы емес» деп ізденістің оңды нәтижесі біліктіліктен туатынын құлақ қағыс қылады. «Ғылым тілін қалыптастырудың 3 түрлі шарты бар, - дейді Әуезов, олар а) ниет, ә) күш, б) тәртіп». Осы үшеуінің алдыңғы екеуі қазақ халқында бар екенін айта келіп, соңғы шарт – тәртіптің жоқ екендігіне қатты қынжылыс білдіреді. Ал, тәртіпті қазақ оқығандары бірігіп, келелі кеңеске салып орнатуға болады дейді. М. Әуезовтің бұл пікірлері өз құнын күні бүгінде де жоғалтқан жоқ. Қазіргі кезде ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-ұстаздық қызметтегі мамандығымыздың бірсыпырасы пәндік аталымдар кешенін қазақшаландыруда қиындық көріп жүргені рас. Әрине, мектеп қабырғасынан, жоғары оқу орындарынан құлаққа әбден сіңісті боп, үйреншікті болып кеткен гректік, латындық, орыстық аталымдарды қазақшалауға дәрменсіздіктері үшін оларды бір жағынан айыптауға да болмас. Алайда, ана тілінің бар байлығын, шексіз мүмкіндігін танып болмай жатып, одан күдер үзіп, қазақ тілінің болашағына күмән көңілмен қарағаны үшін ондай жандар кінәлі де күнәлі болмақ. Қазақ тілінің де ғылыми-пәндік аталымдар қоры жөнінен дүние жүзіндегі ешбір тілден кем түспейтіндігін кезінде А. Байтұрсынов барша жұртқа өзі тапқан ғылыми аталымдарымен дәлелдеп берген жоқ па. Тіпті М. Әуезовтің өзі де бұл салада құр үгіттің, жалаң насихаттың жетегінде қалып қоймай, ғылыми аталымдар жасау ісіне белсене қатысқаны мәлім. Ол 1933 жылы профессор В.Эвальдтың «Құрылыс материалдары» атты еңбегін қазақ тіліне аударып, жеке кітап етіп шығарған. Аталған шығарманы қазақша тәржімелеу кезінде құрылыс саласына байланысты қазақша терминдер кешенін жасап, тілдік айналымға қосқан.

Ол, сондай-ақ, орыс тіліндегі ғылыми аталымдарды қазақ тіліне аударудың өзіндік принциптерін де ұсынған. Әттең, Ахаң мен Мұханның үлгі-өнегесін қазіргі «ғалым» атанып жүрген ағаларымыз бен замандастарымыз еске ала бермейді. Олардың көпшілігі, әсіресе, техника мен жаратылыстану саласында еңбек етіп жүрген ғылыми мамандарымыз өздерінің шығармаларын әлі күнге дейін орыс тілінде жазады. Сондағы айтатын сылтауы – қазақ тілінде ғылым салаларына қатысты терминдік аталымдардың аздығы. Мұны немқұрайлық пен жалқаулықтың нағыз өзі демеске амалың жоқ. Мұндайда табиғи дарын мен аңсарлы арман тізгінін қатар ұстап, тілстан әлемін батыл шарлау керек. Сонда ғана дйттеген мақсат-мұратқа қол жеткізуге болады. Олай болмаған жағдайда ана тіліміздің көсегесі ешқашан көгермек емес. Осы ретте ұлы жазушының әрбір қазақ ғалымына немесе осы бағытта ізденістер жасап жүрген азаматтарымызға арнап айтқан мына бір сөзі: «өзін қазақпін» деп есептейтін әрбір жанның санасын сәулелендіріп тұратыны хақ: «Әдеби тіл баю үшін бүгінгі сан сала ғылымда еңбек етіп жүрген қазақ ғалымдары өздерінің еңбектерін орыс тілімен қатар қазақ тілінде де түсінікті, көркем етіп жазып, бастыратын болуы шарт. Сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктері осы ғылымдарың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба? Қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауынменен ақтауға болады». Еттен өткізе, сүйекке жеткізе айтылған бұл сөздерден туатын қорытынды сол, Әуезов сөзі тікелей арналған мамандар қауымы тәуелсіздік ахуалына ыңғайланып, өз еңбектерін ана тілінде де жазып, көптеп шығарғаны лазым. Бұл жерде біз, әрине, олар ғылыми еңбектерін орыс тілінде жазбасын деуден аулақпыз. Тек ғылым да сол халықтың атын әлемге әйгілеп, өзге жұрттарға таныстырып қоймай өзін дүниеге әкелген тілді де үлкен аренаға шығаратынын ұмытпаған мақұл. Мысалы, жапон халқының соңғы 20-30 жылдары ғылым мен техника саласында аса зор табыстарға жеткені мәлім. Осыған байланысты қазір әлем жұртшылығының назары жапон ғылымына, жапон тіліне ауып отыр. Жапон тілін үйренушілер әлемнің төрт бұрышында күн санап өсіп келеді. Болашақта оның ағылшын, неміс, француз сықылды дүние жүзіндегі жетекші тілдерді ығыстырып, басымдылық сипатқа ие болуы әбден мүмкін. Оның сырын, әлбетте, жапон ғалымдарының өз еңбектерін өзге тілдерде емес, ана тілінде жазғанынан іздеген жөн. Асылы, қазақ оқығандары, осы орайда Сұлтанмахмұттың: «Танысын дүние ісімнен, Танысын дүние тілімнен» деген аталы сөздерін үнемі жадыларында сақтап, естерінде ұстағаны мақұл.

Осыған ұқсас, сарындас ой-толғамдар жазушының өмірінің соңғы жылдарында жазған «Ана тілі мен әдебиетін сүйіндер» атты мақаласында да ұшырайды. Мақала өзінің проблемалық сипатымен, көтерген мәселесімен

қазіргі күні де маңызды. Онда сол тұста қазақ интеллигенциясының арасында орын ала бастаған нигилистік кейбір жайлар аяусыз сынға алынады. Қазақ тілінде жарық көрген әдебиеттерді оқымайтын, оқыса да олармен орысша нұсқасында танысатын, ана тіліне мұрнын шүйіріп қаратын тоғышар «интеллигенциясымақтардың» намысына тиетін ауыр-ауыр сөздер айтады. «Бірталай қызметкерлер, олардың үй іші кейде тіпті қазақ әдебиетін, ол әдебиеттің көрнекті нұсқаларын орысша аударған түрде ғана оқиды. Осындай оқушының бар екені даусыз. Әрине, бұл жай ол адамдар үшін сорлық» (19-том, 413-бет). Ұды жазушыны осыдан 60 жылдай бұрын ашына айтқан жан айқайы тәрізді бұл сөздердің қазіргі кезде де иісі қазақ болып саналғанмен, жан-дүниесі бөлек кейбір замандастарымызға қайталап айтуға болады. Тоқырау жылдарында нигилистік ағым тіптен белен алып, қоғамымызда зиялы құбылысқа айналғаны мәлім. Өз ана тілінде сөйлеуді ар көріп, орысша былдырлауды мақтанш көретін буын пайда болды. Белгілі жазушы Ғ. Мүсіреповтің ондай жандарды «біздің халқымыздың баласы емес, өгей ұлдары» деп атағаны белгілі. Ана тілінен, халқының тарихынан мақұрым жастар өзінен өзі көктен түсе салмайды. Олардың Әуезов айтқандай, әлгіндегідей «мәдениетті отбасыларынан» өсіп өнгені даусыз шындық. Ендеше, баланың болашағына, тағдырына ата-ана жалпы қауым, қоғам жауыпты екенін бір сәтте естен шығарып алмайық. Өкінішке орай, Әуезов айтқан бұл сорлылық қазір тіпті анағұрлым өсе түскендей. Басқасын былай қойғанда, Абай мен Әуезовті қазақша түгіл орысша нұсқадан оқымайтындардың қатары қарқұрым. Енді осы тығырықтан шығудың, аталған сорлылықтан арылудың жолы қандай? Ол жол, әрине, әлем оқымыстыларының еңбектерінде айтылған, өмірде мол тәжірибе лер арқылы нақтыланған – баланы ана тілінде оқыту. Елдің елдігі, халықтың халықтығы, әдетте, оның тілінен танылмай ма? Орыс халқының атақты педагог ғалымы К.Д. Ушинский балаларды 11-12 жасқа дейін тек қана ана тілінде оқытуды ұсынады. Себебі бұл уақытқа дейін балалар, Ушинскийдің ойынша, басқа тілдерді еркін меңгеру үшін ана тілінің бай-байлығын, дыбыстық әуезі мен грамматикалық құрылысын жақсы меңгеріп шыға алады. Ана тілінің қыры мен сырын жете меңгерген шәкірт екінші тілді де тез игере алады, себебі, оған туған тілінің тәжірибесі басқа тілдерді үйренуде негіз болады. Бұл пікірді де үнемі ескере бермейтініміз, әттең, өкінішті.

М. Әуезов әлеуметтік тілтану ғылымы қарастыратын мәселелердің бірі – қостілділік проблемаларына да ерекше назар аударады. Қостілділік (билингвизм) құбылысы, әдетте, көпұлтты мемлекетте пайда болады да сол мемлекетте саясаттың ең бір нәзік буынына айналады. Кешегі кеңестік дәуірде қостілділіктің екі түрінің кең қанат жайғаны мәлім. Олар: 1. Ұлттық – орыс. 2. Орыс – ұлттық. Мұның мәнісі мынада: көпұлтты ортада орыстан өзге ұлт өкілдері өз ана тілдерімен қатар орыс тілін меңгеруге міндетті

болады. Керісінше, ұлттық аймақтарда тұратын орыс ұлтының өкілдері де өз кезегінде өздері қарым-қатынас жасайтын халықтың тілін меңгеруге тиіс. Қостілділіктің аталған осы екі компонентін тең ұстамаған жағдайда, шын мәніндегі қостілділік болмайды, мұндай жағдайда тілдердің теңдігі бұзылып, ол туралы әңгіме қозғаудың өзі артық болады. Кеңестік дәуірде қостілділіктің ғылыми жалпы принциптері, құқықтық теңдік жағдайларының өрескел бұзылғаны соншалық, бұл құбылыс орыстан өзге ұлттар мен халықтарға тән болып саналды да, олар еріксіз түрде орыс тілін үйренуге мәжбүр болды. Ал оның екінші компоненті – орыс-ұлттық түрінің дамуына мүлде мән берілмеді, ол күн тәртібінен сызылып тасталынды. Сөйтіп, өзге ұлттар мен халықтарды орыстандыру саясатына кең жол ашылды. Ең сұмдығы сол, шовинистік пиғыл, орыстандыру ниет «халықтар достығы», «орыс тілінің ұлт тілдеріне игілікті әсері» деген жалған ұранмен жүзеге асырылды. Соның салдарынан кешегі қызыл империя заманында ғасырлар бойы жасап келген көптеген ұлттар мен халықтардың тілдердің дамуына идеологиялық тосқауыл қойылды. Бұрынғы Кеңестер Одағының барлық ұлттық аймақтарын қамтыған бұл келеңсіз құбылыс Қазақстанда тіпті ерекше сипат алды. Ғасырлар бойы туған топырағында түлеп, өркендеп келген қазақ тілінің беделі төмендеп, отбасы, ошақ қасы тіліне айналды. Соның нәтижесінде ана тілі мен тарихынан бейхабар мәңгүрт буын қалыптасты. Тарихтың талай қатал сынына қайыспай төтеп беріп, шыдас беріп келген ұлтымыз «орыс тілді» және «қазақ тілді» болып бөлінуге айналды. Қазіргі кезде халқымызды тілдік тұрғыдан қайта тұтастнадыру процесінің үлкен қиындықпен жүріп жатқаны да рас. «Тіл туралы Заңның» да, мемлекеттік деңгейде қабылданған түрлі іс-шаралардың, бағдарламалардың толық жүзеге аспауына да іштей кедергі жасап, аяқтан шалып жүргендер де әлгі мәңгүрттенудің шалығына ұшыраған өзіміздің қарақөздеріміз екені жасырын емес. Десек бүгінгі күні бұл салада да сірескен мұз еріп, сең қозғалғандай баяу болса да оң өзгерістердің жүріп жатқаны көңілге үміт отын ұялатады.

М. Әуезовтің қостілділік жайындағы пайымдауларын оқып отырғанда оның бұл құбылыстың жай-жапсарын, күрмеулі мәселелерін, қырлары мен сырларын жете терең білетіндігін аңғарамыз. Оның құқықтық, тілдік теңдікке негізделген қостілділік принциптерін жақтайтынын бағамдаймыз. Әуезовтің айтуынша, қостілділіктің адам баласына беретін пайдасы ұшан-теңіз. Біріншіден, ол Абай сөзімен айтқанда, адамның «көкірек көзін ашып» кең тынысты етеді, басқа мәдениеттен терең сусындауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, өз ана тілі мен мәдениетінді, сол арқылы өзге ұлттың тілі мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салтын құрметтеуге тәрбиелейді. Екіншіден, қостілділік адамның ішкі интеллектуальдық мәдениетін көкке көтереді. Тарихтағы ұлы қайраткерлер мен даналардың барлығы да өздерінің алға қойған мақсатына жету үшін қостілділіктің пайдасын көп көрген. Бұл

жөнінде Әуезов былай дейді: «Екі тілдің мәдениетін бойға сіңіру, ол адамды кең тынысты етеді. Молырақ жағаны кеңірек көретін қос қанатты көреген ете түседі. Екі тіл мәдениетін білгендіктен Абай – Абай болды. Екі бірдей ана тілдің болуы – екі енеге төл өскендей, екі жақты егіз екі нәр қасиет, қуат бітіреді. Сол екі әдебиет – анадан қатар еміп өсу төл қозыдай, төл құлындай марка өсіп, ойды, мәдениетті жетілдіру, қазақ оқушы өрендері, сөздердің анық аңсар арманыңыз болсын. Мұратын да сол болсын!» (Шығ. 20-том, 413-бет.). Жазушының, әсіресе соңғы сөйлемдері келер ұрпаққа қалдырған өлмес өсиеті, ақ батасы сықылды әсер етеді. Қазақ оқушы өренінің, шынында да өзге тілдерді жақсы меңгеруі әлемдік үлкен кеңістікке алып шығары анық. Ол сондай-ақ кейбір жастарымыздың өздерінің туған ана тілінде сөйлеп, жаза алмайтындықтарын кешірілмес күнә санайды. Мұндай жастардың «кейін қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сынаржақ болатыны даусыз». Сондықтан, М. Әуезовтің пайымдауынша, әрбір саналы жас бәрінен бұрын өзінің ана тілін білуі тиіс.

Ұлы жазушы мұндай аталы да баталы сөздерін республикамызда тұратын өзге де ұлт өкілдеріне, әсіресе, орыс жастарына қарата айтады және ол бұл пікірін саяси биліктің орысшыл астамшылығы дәуірлеп тұрған хрущевтік оспадар кезінде батыл білдірген. 1957 жылы Мұхаң Қазақстан жастарының алқалы бас қосуында сөйлеп, былай дейді: «Сонымен, көпұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факті болып отырған біздің ұлы елімізде орыс студенттері мен орыс студенткаларыөздері қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның тарихын, мәдениетін білулері керек. Осыдан кейін орыс студенттеріне айтарым мынау: егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетінен басқа ештеңе білмейтін болсаңдар, әрине, жақсы емес. Егер, сендер, өздерің жүрген ортада өздерің тұратын қалада, айталық, біздің Қазақстанда жасалған мәдени-байлықтарға қызықпайтын болсаңыздар, ол кешірілмес күнә. Ұлы достығымызды әрі тереңдете бергілеріңіз келсе, сендер қазақ тілін білуге, Қазақстан тарихын білуге тиістісіңдер» [3-307].

1959 жылы орталық баспасөзде орыс тілінде жарияланған «Біздің жауапкершілігіміз» атты мақаласында қазақ тілінің қамқоры М. Әуезов «Сібір қазақтарының арасында ана тілінде әдебиет, баспасөз тарату мейлінше қажетті шара» деп атап көрсетті.

Әрине, ұлы суреткердің әлеуметтік тілтану саласындағы қай шығармасын алмаңыз, оның ғұлама ғалымдығы мен қайреткер азаматтығы айрықша көзге шалынады. Оның туған тілінің ертеңгі тағдыры мен болашағы үшін жүргізген күресі, ой-тұжырымдары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола бермек.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мүсірепов, Ф. Суреткер парызы. Алматы 1971
- 2 Сыздықова, Р. Әдебиет-тілінен әдебиет «Қазақ әдебиеті» газеті. 25 сентябрь 1987 ж
- 3 Әуезов, М. Шығармалары. 20 томдық. 20 том. Алматы. 1987

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 30.05.14 редакцияға түсті.

*Ж. Т. Сарбалаев*

### **М. Ауэзов и вопросы социолингвистики**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 30.05.14.

*Zh. T. Sarbalayev*

### **M. Auezov and problems of sociolinguistics**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 30.05.14.

*В статье рассматриваются вопросы социолингвистики в произведение великого писателя Мухтара Ауэзова.*

*The article deals with the problems of sociolinguistics in the works of a great writer Mukhtar Auezov.*

**А. Ы. Сафаргалиева**

### **К СОПОСТАВИТЕЛЬНОМУ ИЗУЧЕНИЮ ПРИСУБСТАНТИВНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ (НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ)**

*Рассмотрена контрастность придаточных атрибутивных конструкций разносистемных языков. Проанализированы структурно-грамматические различия родного и русского языков, и специфические особенности русских придаточных атрибутивных конструкций.*

Известно, что при обучении второму языку в сознании студентов сосуществуют системы двух языков – родного и изучаемого, что или облегчает, или затрудняет усвоение второго, в данном случае русского языка. Сопоставительно-типологический анализ, являясь одним из лингвистических основ методики преподавания языков, позволяет выявить как сходные явления, так и специфические, затрудняющие усвоение изучаемого языка.

К сходным явлениям систем русского и казахского языков относятся сведения о грамматических явлениях, например, сведения о предложении, о его типах и членах, сведения о частях речи. Но в разносистемных языках различия проявляются в структурных типах предложений, в частности, в строении сложноподчиненных предложений с придаточными определительными и их аналогов в казахском языке.

Сложноподчиненные предложения с придаточными определительными русского языка состоят из двух предложений – главного и придаточного, каждое из которых имеет свои организующие центры. Средством связи служат союзные слова, являющиеся членами предложения. Придаточная часть определяет существительное главной части и находится в постпозиции к нему.

В казахском языке эквивалентами русских придаточных определительных служат предложения с развернутым определением (үйірлі анықтауыш), которые С. А. Аманжолов, М. Б. Балакаев, Т. Р. Кордабаев, С. Исаев, рассматривают как простые, Г. Байтугаева, С. Жиенбаев, Н. Т. Сауранбаев – как сложноподчиненные, а С. Кенесбаев, Н. Х. Демесинова, Х. М. Есенов – как осложненные предложения, занимающие промежуточное положение между простым и сложным предложениями. Так, конструкции типа: "Өрнек" колхозы – мындаған малы бар, үлгілі фермалары бар, бай колхоз (Колхоз "Өрнек" является богатым колхозом, имеющим много образцовых ферм, скота) в свое время С. Жиенбаев [1] рассматривал как один из видов сложноподчиненных предложений.

По мнению Н. Т. Сауранбаева [2], если в конструкции имеет место подлежащее слово, то оно распознается как определительное придаточное в составе сложного, в обратном случае – как определительный развернутый член в составе простого предложения. Данное положение автор иллюстрирует следующими примерами: Асан кітапханадан алып оқыған қызық кітап бүгін маған тиді – Интересная книга, полученная Асаном из библиотеки, попадает ко мне сегодня; Экзамендерін уақытында тапсырған студенттер демалысқа кетті – Студенты, своевременно сдавшие экзамены, разъехались на каникулы. Согласно концепции Н. Т. Сауранбаева [2, с. 63], первое предложение должно квалифицироваться как сложное, а второе – как простое.

Ряд ученых (Г. Ким, Г. Ф. Булгакова, Ш. А. Тунгачина) считают, что русским СПП с придаточными определительными частями соответствует в казахском языке определение: Жолаушылар демалысқа тоқталған орын өзеннің жағасы еді – Место, которое выбрали путешественники для отдыха, было берегом озера. С. Исаев, Г. Нуркина [3] также отмечают, что определительные придаточные предложения, относясь к существительному или субстантивированному слову, характеризуют его или раскрывают его признак: Деревня, где скучал Онегин, была прелестный уголок (А.П.) – Онегин зерігіп жүрген деревня әсем орын еді. По мнению С. Исаева, Г. Нуркиной, поскольку в русском языке придаточные определительные соединяются при помощи союзных слов какой, который, где, куда и пр., то в казахском языке определительные придаточные предложения вообще отсутствуют и сложноподчиненные предложения с придаточными определительными в русском языке передаются в казахском языке простыми предложениями с развернутыми определениями.

Наиболее четко на вопрос о структуре причастных конструкций отвечает М. Б. Балакаев: «Развернутое определение также состоит из нескольких слов, составляющих синтаксически связанную группу. В этом отношении они очень похожи на сложное определение. Тем не менее развернутое определение отличается от всех других сложных определений своими структурно-грамматическими особенностями: если сложные определения состоят из слов, которые по отношению одно к другому являются второстепенными членами предложения, то развернутые определения состоят из слов, относящихся друг к другу как главные члены предложения, т.е. развернутые определения образуются из слов, которые в потенции могут составить самостоятельные предложения» [4, с. 180]: Сен жазған хатты оқыдым – [Я] читал письмо, которое ты писал. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы барды (М. Әуез.) – И у Байтаса имелась длинная березовая палка, на которую он опирался.

Все вышеперечисленные определения еще раз убеждают нас в том, что по структуре и внешним признакам предложение с развернутым

определением в казахском языке сближается со структурой как простого, так и сложного предложений. В первом случае тем, что употребляется в одном синтагматическом отношении к поясняемому слову и не отделяется запятой. Во втором – развернутое определение и придаточное предложение совпадают по смыслу и по замыкающим формам глагола (причастием). В то же время построение предложения с развернутым определением имеет и существенные отличия от конструкций, относящихся к синтаксису простого и сложного предложений. Предложение с развернутым определением отличается от простого предложения своим составом. В простых предложениях в качестве определения выступают отдельные члены предложения или словосочетания, например: Оянған орманда құстар сайрады. (Птицы пели в проснувшемся лесу), а в предложениях с развернутым определением – зависимая конструкция рассматривается как синтаксический комплекс, например: Менің қасыма бірінші курста оқитын досым келді (Ко мне подошел друг, который учится на первом курсе).

Предложения с развернутым определением и сложноподчиненные предложения различаются структурным своеобразием, так как их зависимые конструкции обладают в первом случае полупредикативностью, а во втором – предикативностью.

По мнению Х. М. Есенова, «конструкции с развернутыми членами следует именовать смыкающимися оборотами, являющимися одними из видов синтаксических оборотов, и рассматривать их в качестве зависимых конструкций осложненных предложений» [5, с. 69], которые автор предлагает изучать в самостоятельном разделе синтаксиса, так как данный тип предложения, так же как простое и сложное имеет свои объекты изучения и отличается по своей структуре. Х. М. Есенов рассматривает смыкающийся оборот как одну из составных частей осложненного предложения, «ибо синтаксические конструкции с развернутыми членами, обладающие полупредикативными отношениями, превышают структуру простого распространенного предложения, но не достигают структуры сложного предложения, имеющего не менее двух предикативных отношений» [5, с. 64]. Синтаксическая категория получила название «смыкающийся оборот» потому, что зависимая конструкция тесно сливается и распространяет управляемое слово главного предложения: Баласы жақсы оқыған Асан бүгін көңілді отыр. – Асан, сын которого учится хорошо, сегодня в хорошем настроении. Автор в своей работе также отмечает, что «грамматическая природа этих конструкций по сути дела на раскрыта» [5, с. 52], так как одни исследователи относят развернутые определения к простым, другие к сложным предложениям.

Мы придерживаемся точки зрения, что в грамматике казахского языка предложение с развернутым определением имеет самостоятельную конструкцию, состоящую из основного предложения (предикативного)

и дополнительного (полупредикативного) «предложения», которое не отделяется запятой и стоит в препозиции по отношению к основному предложению. Особенности казахского развернутого определения: находится в препозиции к основному предложению и к определяемому слову; возможно наличие подлежащего слова в зависимом компоненте; замыкающее слово синтаксического оборота (в основном это разнообразные причастные формы) находится под управлением определяемого слова. Такое развернутое определение передает все структурно-семантические типы русских придаточных определительных предложений.

Несмотря на столь существенные различия в структурах сопоставляемых предложений, объединяет их прежде всего отнесенность придаточного определительного в русском и определительной конструкции в казахском (развернутое определение) к определяемому слову – существительному, требующему от зависимых членов определительной функции.

Сложноподчиненные предложения с придаточными определительными являются одними из древнейших категорий и характеризуются частотностью употребления в русском языке, но представляют наибольшие трудности для студентов-казахов наличием союзных слов, которые изменяются по закономерностям двух типов связи – согласования (согласуются в роде и числе с определяемым словом главной части) и управления (управляются глаголом-сказуемым придаточной части). Например: Недалеко от нас протекала речка, которая впадала в горное озеро. – Таудағы көлге құйылатын өзен бізден алыс емес жерде ағатын. Союзное и определяемое слова в присубстантивном предложении согласуются в числе (ед. число) и в роде (ж.р.), что не характерно для казахского языка, поскольку в нем отсутствует категория рода и, следовательно, причастие не согласуется с определяемым словом. Придаточная определительная часть (которая впадала в горное озеро) при переводе становится синтаксическим оборотом (таудағы көлге құйылатын), который не обособляется и находится перед определяемым существительным (өзен). Союзному слову и глаголу (которая впадала) соответствует причастие (құйылатын). Данное придаточное определительное предложение относится к повествовательно-распространительному типу, так как между главной и придаточной частью имеется оттенок присоединения, благодаря чему предложение можно преобразовать в два простых предложениях: 1. Недалеко от нас протекала речка. 2. Речка впадала в горное озеро. - 1. Бізден алыс емес жерде өзен ағатын. 2. Өзен таудағы көлге құйылатын.

Таким образом, синтаксис предложения с развернутым определением содержит присущий только ему объект исследования и нуждается в детальном освещении со стороны процесса грамматикализации. Нами сделана попытка научной разработки этой проблемы с освещением грамматических параметров данной категории с точки зрения синтаксической синонимии.

Поскольку сам выбор той или другой из синонимичных конструкций русского языка определяется всем комплексом формально- и функционально-грамматических особенностей каждой из них, то изучение их в сопоставлении с конструкцией казахского языка полнее и глубже характеризует структурно-семантические особенности сопоставляемых единиц.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Жиенбаев, С.** Синтаксис мәселелері. – Алматы, 1941. – С. 21–22.
- 2 **Сауранбаев, Н. Т.** Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы, 1948. – С. 63.
- 3 **Исаев, С., Нуркина, Г.** Сопоставительная типология казахского и русского языков. Учебное пособие. – Алматы : Санат, 1996. – 272 с.
- 4 **Балакаев, М. Б.** Современный казахский язык. – Алма-Ата, 1959. – 235 с.
- 5 **Есенов, Х. М.** Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. – Алма-Ата : Ғылым, 1992. – 207 с.

Казахский национальный технический университет  
имени К. И. Сатпаева, г. Алматы.  
Материал поступил в редакцию 28.03.14.

*А. Ы. Сафарғалиева*

**Зат есім мәнді сөйлемдерді (орыс және қазақ тілдері материалында)  
салыстырмалы зерделеуге**

Қ. И. Сәтбаев атындағы  
Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қ.  
Материал 28.03.14 редакцияға түсті.

*А. У. Сафарғалиева*

**To the comparable study of substantival sentences (on Russian and  
Kazakh languages material)**

Kazakh national technical university  
after K.I. Satpayev, Almaty.  
Material received on 28.03.14.

*Интерференцияның тууын мүмкін ететін әржүйелі тілдердің  
бағынықы атрибутивтік конструкциялардың қарама қарсылығы  
қарастырылған. Ана тілі мен орыс тілінің құрылымдық грамматикалық  
өзгешеліктері мен орыс тілінің бағынықы атрибутивтік  
конструкцияларының өзгеше ерекшеліктері талданылған.*

*The contrast of the attributive subordinate constructions of different  
languages systems that promotes interference are considered. The structural  
and grammatical differences of native and Russian languages, and specific  
features of Russian attributive subordinate construction were analyzed.*

ӘОЖ [398.91=512.122=111]:001.1

**А. Ж. Сматава**

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ- МӘТЕЛДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

*Берілген мақалада мақал-мәтелдердің қазақ және ағылшын  
тілдерінде қай салаға қатыстылығы жөнінде әр түрлі ғалымдардың  
айтылған тұжырымдары қарастырылған.*

Мақал-мәтелдер – сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді,  
қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын,  
көңілдегі ойды шебер де ұтымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым  
жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге  
түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған.  
Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүйе, ерінбей  
еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-  
өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей  
білген. [1,256]

Мақал-мәтелдердің қазақ және ағылшын тілдерінде зерттелуіне  
тоқталмас бұрын отандық және әлемдік тіл мамандары арасында пікірталас  
туғызған, олардың қай салаға қатыстылығы жөнінде айтылған тұжырымдарды  
атай кеткен жөн. Мысалы, фразеология саласының қалыптасуына, дамуына  
өзіндік үлес қосқан В. В. Виноградов, Н. М. Шанский, В. Н. Телия,  
М. Чернышева, М. М. Копыленко, А. В. Кунин, И. В. Арнольд, І. Кеңесбаев,  
Ә. Т. Қайдар, Б. Манасбаев т.б. сынды ғалымдар мақал-мәтелдерді фразеология  
саласының еншісіне тиесілі деген ғылыми негіздемелер ұсынады.

Ағылшын тілінің фразеологиясына қатысты кешенді зерттеулерімен,  
дәйекті тұжырым, пайымдауларымен танымал А. В. Кунин де жоғарыда  
аталған ғалымдардың көзқарасын ұстанады, алайда, аталмыш тұрақты  
тұлғалардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін негізге ала отырып,  
оларды “коммуникативтік фразеологиялық бірліктер” деп атап, жеке қарауды  
ұсынады. Сондай-ақ, автор құрамындағы сыңарлары тура мағыналы болып  
келетін мақалдар тобын яғни, “all is well, that ends well” (сөзбе-сөз ауд: сәтті



аяқталған істің бәрі жақсы), “Appearances are deceptive” (сөзбе-сөз ауд: келбет - алдамшы), “Better late than never” (сөзбе-сөз ауд: ештен кеш жақсы) тәрізді оралымдарды фразеологиядан тыс, “фразеологиялық емес тұрақты құрылымдар” аясында қарастырды. [11,476]

Осы жоғарыда аталған тұжырымға қарсы пікірді ұстанушы белгілі ғалымдар – Н. Н. Амосова, А. М. Бабкин, В. П. Жуков, М. Т. Тагиев, М. А. Филипповская, А.Н. Кожин т.б. Мақал-мәтелдерді фразеология саласынан тыс қарайтын ғалымдардың көпшілігі оларды ауыз әдебиетінің зерттеу нысаны қатарына жатқызады. Ал осы бағыттағы көлемді зерттеулерімен танымал ғалым Н.Н. Амосова “мақал-мәтелдерді фразеология қорына жатқызуға болмайды, олар мазмұны жағынан да, сөйлемде атқаратын қызметі тұрғысынан да фразеологиялық бірліктердің белгілеріне жауап бермейді” деген пікір ұсынады. Мақал-мәтелдерді жинақтап, сұрыптап, белгілі бір жүйеге келтіруде, тілдік бірліктер табиғатының кейбір қырларын айқындауда зор еңбек сіңірген ғалым Г. Л. Пермяков аталмыш тұрақты тұлғалардың тілші ғалымдар тарапынан да, әдебиетші мамандар тарапынан да зерттелуі қажеттігін ескертеді. [7,556] Осы келтірілген ой-пікірлерге және өзіндік зерттеу нәтижелеріне сүйенер болсақ, мақал-мәтелдердің тұлға тұрақтылығы, тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы, қолдануға даярлығы тәрізді сипаттары оларды фразеологизмдер қатарына қосып, осы салада зерттеуге толық мүмкіндік береді.

«Сөздің көркі – мақал» деп тегін айтылмаған. Мақал-мәтелді айтылатын оймен орайластырып, орынды қолдансақ, сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге қонымды көркем әрі бейнелі болады. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мағынаны беретіндіктен, өте ұтымды болады, сөйлеген адамның шешендігін, ой ұшқырлығын, тапқырлығын байқатады. Мақал мен мәтелдер халық санасында талай жылдар мен ғасырлар бойында қалыптасып, тұрақталып қалған да, сөйлегенде дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылады. Бұл жағынан келгенде, яғни құрамындағы сөздердің тұрақты болуы, дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылуы және ойға әсерлі де әсем, көрікті де көркем мән үстеуі жағынан, мақал-мәтелдер тұрақты тіркестерге жақын болып келеді. Сөйлем құрылысы, ішкі мазмұны жағынан мақал мен мәтелдердің өз ішінде ерекшелігі байқалып тұрады. Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. [2,656] Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы. Халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі секілді қымбат мұра. Қазақ тіліндегі мақалдарға шолу жасау барысында оларды жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, жариялау ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды, оның алғашқысы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақалдарды тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген болса, екінші кезең – оларды тілдік

тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады. Қазақтың мақалдарын алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш. Уәлиханов. Ш. Уәлиханов пен Н. Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақалдар сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. Радлов, Ш. Ибрагимов, М. Терентьев, Я. Лютш, Ф. Катанов, В. В. Катаринский, П. М. Мелиоранский, Н. Н. Пантусов, А. Е. Алекторов т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбегі ерекше.

Халық мұрасын жүйеге келтіру, насихаттауда зор үлес қосқан танымал ғалым – Ә. Диваев. Ғалым жинақталған материалдың барлық нұсқасын толық қамтуды көздей отырып, өз топтамаларын 1900-1927 жылдар аралығында “Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области”, “Этнографические материалы” жинақтарының, “Туркестанские ведомости” газетінің басылымдарында жариялады. Сондай-ақ, “Киргизские пословицы, записанные в Копальском уезде Семиреченской области” деген топтамасын 1900 жылы Қазан қаласында жариялаған Н. Н. Пантусовтың еңбегін де ерекше атап өткен жөн. Сөздік құрамның негізгі қаттауын құрайтын мақалдарды жинақтау, жүйелеу, жариялау жұмыстары әр кезеңге орай жалғасын тапты.

Қазақ мақалдарының ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақалдардың өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындаса, С. Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырды.

М. Әлімбаевтың “Өрнекті сөз – ортақ қазына” (1967) деп аталған зерттеу жұмысы аударма мәселесіне арналған. Жұмыста зерттеушінің қазақ мақал-мәтелдерінің тілде қалыптасу тарихы, жасалу жолдары, тілде қолданылуы, бір тілден екінші тілге аудару мәселесі, тәржімалаудың амал-тәсілдері жөнінде құнды пікірлері, теориялық және практикалық мәні зор ұсыныстары баяндалады. Еңбектің поэтикалық аудармаға бой ұру басымдылығына қарамастан, бұл – ғылымда өзіндік орны, елеулі үлесі бар еңбек. Б. Адамбаевтың “Халық даналығы” атты монографиялық еңбегі (1976) “Мақал-мәтелдер” және “Шешендік сөздер” деген өзара байланысты екі бөлімнен тұрады. Жұмыс осы аталған тілдік бірліктердің жанрлық табиғатын, тәрбиелік мәнін, құрылымы мен әдеби-көркемдік ерекшеліктерін талдауға арналған. Сондай-ақ, мақал-мәтелдердің окказионалды өзгерістері, варианттылығы Ф. Тұрабаеваның, құрамы мен

құрылымы, компоненттерінің байланысу тәсілдері, синтаксистік белгілері, инверсиялануы С. Кенжемұратованың, фразеологиялық тұтастықтар мен мақал-мәтелдер ұласымдылығы, танымдық-прагматикалық аспектілері Д. Бегалықызының ғылыми зерттеулерінде баяндалған.

Тіл-тілдегі паремиологиялық жүйені салыстыра-салғастыра зерттеуге арналған жұмыстар қатарының біртіндеп толығып келетіндігі байқалады. Мысалы, А. Нұрмахановтың зерттеуі түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердің жалпылығы мен кейбір өзгешеліктерін саралауға бағытталса, Э. Мұқышева қазақ және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің өзара сәйкес тұстары мен ерекше белгілерін, ұлттық, мәдени компоненттерін анықтайды. Зерттеу нысаны ретінде алынған тілдік бірліктердің лексико-грамматикалық ерекшеліктері, қазақ және араб тілдеріндегі мақал-мәтелдердің жасалу жолдары, типологиялық универсалия және уникалия құбылыстары А. Донбаеваның жұмысында қаралған.

Сонымен, қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихына шолу жасау барысында оның бес бағытта жүргізіліп келгендігі анықталды: а) тілішілік, яғни бір тіл аясындағы зерттеулер; ә) туыс тілдерді салыстыра талдауға; б) әртектес тілдер бірліктерін салғастыра қарауға; в) этнолингвистикалық астарын ашуға және г) қолданбалы мақсатқа негізделген зерттеу жұмыстары. [3,236]

Мақалдар – қалай, тура сол ойды әртүрлі сөздермен айтуды үйрену үшін берекелі мәлімет. Монолог пен диалог сөйлеуіне үйретуде олар ауыспалы, сондықтан таңдалған тақырып өзекті болып табылады. Мақалдар – ауызша халық шығармашылығының кең тараған көне жанры. [4,986] Олар адамдарды баяғыдан бері алып жүреді. Тиянақты ұйқас, кәдімгі формасы, қысқалылық сияқты мәнерлі сөздер мақалдарды тұрақты, есте сақтаулы, сөйлеуде қажет етеді. Мақалдар көне заманда пайда болды, және өз пайда болу тарихымен ғасырлар тереңіне кетеді. Олардың көбі жазу шықпай тұрып пайда болды. Сондықтан олардың алғашқы қайнар-көздері туралы мәселе ашық болып саналады. Мақалдарды мәтелдерден айыру керек. Мақалдың басты өзгешелігі оның бітімі және дидактикалық мазмұны болып табылады. Мәтел үйрету мінезімен, ақылды қорытындының бітімсіздігімен айырылады.

Мақал деген – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз. Мақал формасы жағынан аяқталған сөйлем іспеттес. Мақалдардың көпшілігі екі компонентті, яғни құрмалас сөйлем типтес болып келеді. (түстік өмірің болса, кештік мал жина; ер бір рет өледі, ез мың рет өледі т.б.). Мағынасы жағынан екі компонентті мақалдың алдыңғы бөлімінде әр нәрсенің жайы не әрекетінің жағдайы, шарты байымдалса, кейінгі бөлімінде соған қатысты қорытынды, түйінді пікір тұжырымдалады (бір кісі таққа отырса, қырық кісі

атқа отырады; ер арыса аруақ, ат арыса тулақ т.б.). Бірақ мақалда айтылатын ойдың өзара шарттылығы міндетті болмай, логикалық жағынан бір-біріне ұқсас өмірдегі құбылыстар оның екі бөлімінде де байымдау түрінде берілуі мүмкін. [5,50-526]

«Мақал - тәжірибе туындысы» дегендей, мақал-мәтел ұзақ тәжірибеден туындаған қысқа тұжырымды сөз тіркесі. Қазақ мақал-мәтелдері сияқты ағылшын мақалдарында да айтылатын ой жүйеленіп, қысқаша ғана сөзбен жеткізіледі. Оларда да әр түрлі тақырыпқа байланысты пікірлер айтылады. Халық мақал-мәтелдерде сөзді барынша үнемдеп қолданады. Мақал-мәтелдерде дүниетаным мен даналық сақталып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына болып табылады. [9,556] Мақал-мәтелдерден біз белгілі бір халықтың ұлттық болмысы, рухани – заттық мәдениеті, дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. туралы бай ақпарат аламыз.

Мақал өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады. Ұйқасқа («Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без»), аллитерацияға («Етігін шешпей ер шыңаймас»), ассонансқа («Қатты жерге қак тұрар, Қайратты ерге бақ тұрар») құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Брысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді»). [6,276]

Ағылшын тіліндегі жалпыхалықтық мұраны жинақтап, жариялау жұмыстары сонау көне ғасырда қалыптасып, күні бүгінге дейін дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, өте көне мақал-мәтелдер тізбегін қамтитын алғашқы «Book of Proverbs in the Old Testament» атты топтама V ғасырда жарық көрген. Кейінгі жинақтар халық игілігіне айналған осы іске етене араласып, зор еңбек сіңірген оқымысты ғалым Дезидериус Эрасмус есімімен тығыз байланысты. Оның 1500 жылы «Collectanea» (818 ММ), 1508 жылы Венецияда «Chiliades» (3260 ММ) деген атпен жарияланған жинақтары 1515-1536 жылдары аралығында толықтырылып қайта басылып шықты.

Артына өшпес тарихи із қалдырған ғалымдардың бірі Джон Хейуд (John Heywood) өзінің алғашқы «A Dialogue Containing the Number in Effect of all the Proverbs in the English Tongue» атты еңбегін 1546 жылы, кейінгілерін 1550, 1555, 1560 жылдары жарыққа шығарды. Сондай-ақ, 1610-1680 жылдар аралығында бірқатар мақал-мәтелдер жинақтары, атап айтқанда, 1612

жылы ағылшын шіркеу қызметшісі Thomas Draxe “Bibliotheca Scholastica Instructissima or, a Treasurie of Ancient Adagies, and Sententious Proverbs”, 1639 жылы пастор Дж. Кларктың (John Clarke) “Paroemiologia Anglo-Latina”, 1640 жылы Дж. Хербэрттің “Outlandish Proverbs”, 1659 жылы Дж. Хауэльдің “Proverbs”, 1670, 1678 жылдары Дж. Рэйдің “English Proverbs” атты еңбектері жарық көрді. Келесі ғасырларда бұрынғы ескі жинақтар толықтырылып, қайта бастырылып отырды. Зерттеу барысында мамандардың көбінесе ағылшын тілі мақал-мәтелдерін жинаққа енгізу үрдісімен шектелгенін көреміз.

Ағылшын тілі мақалдарын ғылыми тұрғыдан арнайы, жан-жақты қарастырған зерттеу жұмыстарының бар екендігі мәлім. Мысалы, Л. И. Селянинаның диссертациялық жұмысында ағылшын мақалдарының варианттылығы, варианттардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары және сөйлеу тіліндегі окказионалды өзгерістері сипатталады. Л. И. Швыдкочанның ғылыми зерттеуінде мақалдар мен афоризмдер “клише” деген атаумен бір топқа біріктіріліп, олардың синонимдік қатары берілген. С. И. Вяльцеваның кандидаттық жұмысы ағылшын мақал – мәтелдерін стильдік, ал Э. Ахундованың зерттеуі синтаксистік ерекшеліктері тұрғысынан талдауға арналған. Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеу жұмыстары ғалым А. В. Кунин есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің “Курс английского языка”, “Курс фразеологии современного английского языка” тәрізді көлемді ғылыми еңбектері мен “Англо-русский фразеологический словарь” сөздігі т.б. арқылы ағылшын тілі табиғатының кейбір өзгеге беймәлім тұстарын айқындап, жалпы тіл ғылымына елеулі үлес қосты және салғастырмалы негіздегі ізденістерге бағыт-бағдар берді.

Мақалдардың басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда өзіндік ерекшеліктерін, күрделілігін, мән-мазмұнының тереңдігін айқын көрсететін тұстардың бірі – аударма жұмысы. Кейбір жалпыхалықтық универсалдық сипатқа ие түрлерін есепке алмағанда, әдетте, мақал-мәтелдер бір тілден екінші тілге тікелей аударылмайды. Бір тілден екінші тілге тәржімелеу барысында мағынасы мен тіркес құрамындағы сыңарлары дәлме-дәл келетін теңбе-тең баламасы (абсолюттік балама) немесе контекстік мағынасы сәйкес эквиваленті қолданылуы мүмкін. Әсіресе, ілеспе аудармада шапшандық, жинақылық, дәлдік қажет. Осы мақсатқа негізделген, практикалық мәні бар жұмыстардың бірі - Т. Баймаханова, Н. Өтешева, Н. Байтөлеевалардың құрастыруымен жарық көрген “Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках” атты еңбек. Алайда, ағылшын мақалдарының қазақ тілінде баламалары бола тұра, тікелей аударылған тұстары да баршылық.

Зерттеу барысында, ағылшын тіліндегі мақалдарды топтастырып, жүйеге келтіріп, баспадан шығару ісіне ғалымдардың баса назар аударғаны

және ағылшын мақал-мәтелдерін тек өз аясында ғана зерттеудің, жан-жақты емес, бір қырынан ғана қарастырудың орын алғандығы байқалды. Біздің пайымдауымызша, екі немесе бірнеше тілді салыстыра-салғастыра зерттеу жұмыстарының нәтижелері тіл білімін теориялық тұрғыдан толықтыра, жетілдіре түсері даусыз.

Мақал-мәтелдердің шығу төркіні, тілде қалыптасуы деген мәселеге келер болсақ, оның күрделілігі де, түпдеректі қалтқысыз табудың қиындығы да түсінікті. Дегенмен, қазақ халқының рухани қазынасын, сөз маржандарын қалыпқа келтіру барысында елеулі еңбек сіңірген Б. Адамбаевтың “мақал-мәтелдер әуелде аузы дуалы жеке кісінің аузынан шыққанымен, біреуден біреуге, ұрпақтан-ұрпаққа ауыса жүріп өңделген, өзгерген, бүкіл елге тарап, оны халық ақиқат деп таныған қағидаға, тіпті ережеге - заңға айналған” деген ой тұжырымымен толық келісуге болады. [12,176] Тарихи деректер, ғылыми ізденістердің нәтижелері, танымал ғалымдардың пайымдаулары да жоғарыда айтылған пікірмен өзектес. Себебі, кез-келген сөз ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ақиқат ретінде таныла бермесі хақ. Өз дәуірінің озық ойлы кемеңгерлерінің халықтың көкейінен шығатын, ұтқыр ойы, бейнелі, өткір сөзі ғана кеңінен таралып, танымал болуы мүмкін. Халықтың дана билері мен шешендерінің бір кезде аузынан шығып, кейіннен ел аузында мақал- мәтел ретінде қолданысқа енген сөздерінен бірер мысал келтірейік. Майқы би:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Даналығымен, шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен жастайынан елді аузына қаратқан Төле би сөздерінің де ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, халық арасында мақал-мәтел ретінде кең қолданыс тапқаны байқалды:

Жаңбыр жаумаса, жер жетім,

Басшысы болмаса, ел жетім.

Сондай-ақ, халықтық мақал-мәтелге айналып, жиі қолданылып жүрген “Көпті қорлаған көмусіз қалады” тіркесінің Әйтеке бидің, ал “Бұлақ көрсен көзін аш” Бәйдібек бидің дуалы аузынан шыққан тілдік бірліктер деген деректер бар, мұндай мысалдарды әрі қарай тізбектеп, қатарын көбейте беруге болады.

Зерттеу барысында ертегі, аңыз әңгімелер негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдердің де аз еместігі байқалды. Мысалы: Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты; Қайда барса да Қорқыттың көрі; Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл т.б.

Тілімізде жұмбақтардан бастау алатын ММ-дер кездеседі: Сырты бүтін, іші түтін (оқ); Қараңғы үйде қабан күркірейді (диірмен) т.б. Бұл жұмбақтардың кейде жұмбақтық негізінен “кол үзіп”, фразеологиялық тіркес, мәтел ретінде де қолданысқа енгені анықталды [10,1016].

Рухы биік, ойы көркем, тілі шұрайлы, мән-мазмұны терең, кесек туындыларымен ерекшеленетін дарынды ақын-жазушылардың, дара тұлғалардың көңіл түпкірінен шыққан пікір-пайымдаулары да жалпыхалықтық қорға еніп, тұрақты қолданысқа, мақал-мәтелдік сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың (Ыбырай); Берекені көкпен тілеме, еткен еңбектен тіле (М. Әуезов); Жасында көргені жоқтың, өскенде айтары жоқ (Ғ. Мұстафин) т.б. Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің басым көпшілігі тарихтың терең қат-қабат қаттауларынан көрініс беретін оқиға, аңыз, әңгіме, ертегілердің және көрнекті ақын-жазушылар шығармалары негізінде қалыптасқан.

Ағылшын тіліндегі мақалдардың ауқымды бір тобы қасиетті кітап Инжілге байланысты қалыптасқан. Халық арасына кеңінен таралып, көп оқылғандықтан, Инжілдік тізбектердің ауқымды тобы тұлға тұрақтылығы, тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы тәрізді белгілердің негізінде қолдануға даяр тілдік бірлікке айналған. Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және ұлттық таныммен тығыз байланысты тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғалымдар – Н. Барли, А. Дундэс, А. Крикман, М. Куузи, Г. Мильнер, А. Тэйлер, Г. Л. Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер.

Ағылшын паремнологиялық жүйесінің Шекспир шығармаларындағы цитаттар арқылы едәуір байығандығы жөнінде мағлұматтар бар, алайда, олардың Шекспир дәуіріне дейін де қолданыста болуы мүмкін екендігін де естен шығармаған абзал. Десек те, бұл мақал-мәтелдер Шекспир туындыларына дейін ауызша таралып, кейінгі ұрпаққа Шекспир шығармалары арқылы жеткен. Өлі күнге дейін ғалымдар қай мақалдың Шекспир дәуіріне дейін қолданыста болғаны, қайсысы оның өз туындысы, жазушының данышпандығы мен тапқырлығының жемісі деген сұраққа жауап іздеуде. Ағылшын мақал-мәтелдерінің пайда болуының негізгі қайнар көздері: халықтық, әдебиеттік, библияның пайда болуы, басқа тілден алынуы және мақал-мәтелдер ретінде Шекспир цитаталарының пайдаланылуы.

Дүние жүзі тілдерінің сөздік қоры тәрізді ағылшын паремнологиялық жүйесі де басқа тілдерден, мысалы латын, француз, испан тілдерінен енген мақал-мәтелдермен толығып отырғаны мәлім. Олардың бір бөлігі ағылшын тіліне кірігіп кетсе, келесі бөлігі басқа тілден енген бастапқы қалпын сақтап қалған. Зерттеу барысында басқа тілдерден енген, ішкі формасы көмескіленген, қолдану жиілігі өте жоғары тілдік орамдардың ауқымды тобы бар екендігі анықталды.

Ақын-жазушы, саясаткерлердің ұтымды, үйлесімді айтылған қысқа, әрі нұсқа, айшықты сөздерінің де ағылшын тілінің сөздік қорын байытуға едәуір үлес қосқаны нақтыланды. Мысалы: The customer is always right (сөзбе-сөз

аудармасы: Әрқашан тұтынушынікі дұрыс) тіркесінің Еуропадағы ең үлкен сауда орталықтарының бірі “Сэлфридждезді” (Selfridge’s) ашқан Г. Селфриджде тиесілілігі жөнінде деректер бар. Себебі, оның барлық дүкендерінде “The customer is always right”, яғни “әрқашан тұтынушынікі дұрыс” деген қатаң қағида қалыптасқан. Көпшілік көңілінен шыққан осы сөз кейіннен халық арасында жиі айтылып, дәстүрлі қолданысқа енген. Ағылшын тілінде бұл тәрізді қолдануға даяр, астарлы “авторлы” тіркестердің мол қоры бар.

Сонымен, ағылшын тіліндегі мақалдардың ауқымды бөлігі қасиетті кітап Инжілден, ал келесі бір бөлігі дарынды Шекспир сынды көркемсөз шеберлерінің, халыққа танымал ақын-жазушылардың туындыларынан, сондай-ақ, көрнекті саясаткерлер сөздерінен бастау алғандықтары байқалады.

Қазақ және ағылшын паремнологизмдерінің түпдеректеріне қатысты негізгі айырма мынада: Қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би, шешен, ақылгөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады және сондай-ақ Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады.[8,1516]

Ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдердің ара-жігі ажыратылмағандығы, біртұтас, тұрақты тұлғалар ретінде қарастырылатындығы көпшілікке беймәлім болуы мүмкін. Бұл туралы белгілі ғалым А. В. Кунин: “В английской и американской лингвистической литературе также не проводится четкого разграничения между пословицей и поговоркой. Этим объясняется, почему английские словари пословиц включают также обороты явно непословичного характера. При современном развитии теории фразеологии пользоваться понятием “поговорка” в том его широком понимании, как это принято в фольклористике, нецелесообразно. Поскольку различные структурно-семантические типы ФЕ уже имеют названия, поговорка может быть использована лишь для одного из них, еще не имеющего названия, а именно коммуникативных ФЕ непословичного характера, независимо от того, связаны они с пословицами или нет. К поговоркам относится тот тип устойчивых образований, который принято считать поговорками еще со времен В. И. Даля, т.е. в течение свыше ста лет. Расширение же толкование этого термина в языкознании малоэффективно” – дейді. Автордың осы пікірін толығымен құптауға болады.

Сонымен, жоғарыда келтірілген пікір, пайымдауларды және зерттеу нәтижелерін қорыта келгенде, мақал мен мәтелдің айырмашылықтары төмендегідей:

Мақалдың толық тұлға болып келіп, тұтас ой мен қорытынды пікірді қатар білдіруі ойды ишарат арқылы тұспалдап жеткізетін мәтелден ара-жігін ажыратады.

Мақал бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құрылуы мүмкін, ал мәтел салыстырмалы түрде алғанда, құрамының ықшамдылығымен ерекшеленеді, көбіне толымсыз жай сөйлем түрінде келеді.

Мақалдың басым көпшілігі егіз жолды, қос тармақты, кейде үш тармақты болып келеді және ұйқасқа құрылады.

Мақал көбіне уағыз, өсиет, үндеу сипатында келіп, дәлел мен қорытынды пікір қатар беріледі.

Мақалдар қолданысы мен мағынасы жағынан екі топқа бөлінеді: а) тура мағынада қолданылатын мақал-мәтел:

Достың алыс-жақынын іс түскенде білерсің.

A friend is never known till man have need.

ә) ауыс мағынада қолданылатын мақал-мәтел:

Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс.

Speech is silver, but silence is gold.

Мақалада, сондай-ақ, мақал-мәтелдердің фразеологиялық бірліктер, қанатты, нақыл сөздермен ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып, нақты тілдік деректер арқылы дәйектеледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Кенесбаева, Ү.** Ағылшын халқының мақал-мәтелдері. – Алматы : Өлке. 2004. - 214 б.

2 **Малайсарин, Ж.** Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы : Ана тілі. 2007. –184 б.

3 **Ахметова, С. Г.** Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках, Паремнологический словарь. – Алматы, 1989. – 50 б.

4 **Дәуренбеков, Ж.** Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2001. – 95 б.

5 **Кейкин, Ж.** Қазақтың 6000 мақалы мен мәтелі. – Алматы, 1998. – 3,4 б.

6 **Жабықбаев, М. Қ.** Мақал-мәтелдерді ағылшын сабағында пайдалану. – Алматы, Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері №3. 2005. – 87 б.

7 **Пермяков, Г. Л.** Пословицы и поговорки народов Востока. – Москва, Наука. 1979. – 671 с.

8 **Асқар, О.** Қазақ және әлем халықтарының таңдамалы мақал-мәтелдері. – Алматы, Балауса. 2005. – 55б.

9 **Кенесбаев, І., Мұсабаев, Ғ.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Лексика, фонетика. 1962. – 89 б.

10 **Болғанбаев, Ә., Қалиұлы, Ғ.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Санат. 1997. – 81б.

11 **Кунин, А. В.** Мақал-мәтелдердің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктеріндегі “коммуникативтік фразеологиялық бірліктер”. – Москва, 1981. – 77б.

12 **Адамбаев, Б.** Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары. – Алматы, 1996. – 17 б.

Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.  
Материал 18.04.14 редакцияға түсті.

*А. Ж. Сматова*

**Общие свойства пословиц и поговорок в казахском и английском языках**

Евразийский национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.  
Материал поступил в редакцию 18.04.14.

*A. Smatova*

**General characteristics of proverbs and sayings in Kazakh and English languages**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.  
Material received on 18.04.14.

*В данной статье рассматриваются общие свойства и история становления пословиц и поговорок в казахском и английском языках, принимая во внимание работы разных ученых и исследователей в этой области.*

*The general characteristics and history of proverbs and sayings' usage in the Kazakh and English languages are considered in the given article, taking into account the works of different scientists and researchers in this area.*

**Д. В. Сизов, Ш. С. Жакупова, В. А. Бурмистрова**

## **ЯЗЫКОВАЯ ИГРА КАК ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ ФЕНОМЕН В КОММУНИКАТИВНОМ ПРОСТРАНСТВЕ БЫТОВОГО ДИСКУРСА**

*В представленной работе исследуются способы воздействия выразительных средств в текстах бытового дискурса и приемы языковой игры, выступающие в качестве тактических средств обеспечения комфортного межличностного общения в бытовой ситуации.*

Данная работа посвящена лингвопрагматическому исследованию языковой игры (ЯИ) в бытовом дискурсе (БД) и представляет собой анализ использования ЯИ как прагматической стратегии и тактики с учетом условий и целей коммуникации.

Активный интерес языковедов вызывает в настоящее время феномен ЯИ. Л. Витгенштейн, впервые использовавший данный термин, интерпретировал ЯИ как форму репрезентации языка, любую форму речевой деятельности. В лингвистике под общим термином «языковая игра» объединяются все явления, когда говорящий «свободно» обращается с формой речи и такое отношение получает определенное прагматическое задание. ЯИ, таким образом, - это некоторая языковая неправильность (или необычность), осознаваемая говорящим (пишущим) и намеренно допускаемая. В сферу интересов исследователей включены такие аспекты ЯИ, как ее функции (В. З. Санников, Е. А. Земская, В. Н. Сыров, В. А. Суворцев), способы реализации и задачи в различных видах дискурса (Е. А. Земская, А. А. Задаева, В. В. Колесина, О. М. Клецкина), характеристика конкретных игровых приемов и их классификация (В. З. Санников, Е. А. Земская, Б. Ю. Норман, Л. В. Лисоченко, О. В. Лисоченко). Выявление игровых приемов и определение их свойств целесообразно с учетом характеристик того вида дискурса, в котором они функционируют. Дискурс продолжает оставаться сложной мировоззренческой категорией, привлекающей внимание отечественных и зарубежных лингвистов (Т. ван Дейк, Ю. Н. Караулов, А. А. Залевская, А. В. Олянич, А. Е. Карлинский, Э. Д. Сулейменова и др.). Вовлечение дискурса в орбиту лингвистических исследований связано со становлением в языкознании когнитивно-коммуникативной парадигмы, т.е. переходом к всестороннему изучению человека, смещением фокуса исследований в сферу рассмотрения языка

в живом общении и в связи с ментальными процессами. ЯИ как прагматическая тактика и стратегия получает свою реализацию в конкретном коммуникативном акте и не может быть всесторонне изучена вне рамок определенного вида дискурса. Проблема сущности и функционирования ЯИ не является новой для лингвистики, однако многие аспекты этого сложного, многогранного феномена остаются не до конца изученными. Так, не прослеживаются генетические связи игры как общекультурного феномена и ЯИ; существующие классификации построены преимущественно на формальных характеристиках и не учитывают коммуникативно-прагматический аспект функционирования игровых приемов; мало изучена степень зависимости коммуникативной успешности того или иного речевого акта в рамках определенного дискурса от актуализации, наличия или отсутствия отдельного атрибутивного признака ЯИ.

Сложность феномена ЯИ, неоднозначность предлагаемых лингвистами определений, множество игровых приемов и специфика их использования в различных видах дискурса определяют необходимость обращения к данному явлению в целях определения сущностных характеристик ЯИ, позволяющих выступать ей в качестве стратегического и тактического средств реализации коммуникативного намерения автора высказывания. Обозначенная цель достигается путем разрешения основной задачи - определение особенностей функционирования ЯИ в БД.

Объектом исследования является ЯИ как способ функционирования языковых единиц, обусловленный лингвопрагматическими потребностями речевого общения, как сложный феномен коммуникации, определенный совокупностью культурных, социальных, индивидуально-психологических и др. компонентов интеракции; предметом исследования – универсальные и специфические игровые приемы как средства реализации тактики и стратегии в рамках БД, рассматриваемые в коммуникативно-прагматическом аспекте. Источниками исследования послужила русскоязычная реклама, предлагаемая СМИ на телевидении, художественные произведения современных авторов-представителей авангардных субкультур, устная речь носителей русского языка. Количество текстов, построенных с использованием приемов ЯИ, составило 280 единиц. Целевые установки и задачи работы потребовали привлечения комплекса методов и приемов исследования: дескриптивный метод с его основными компонентами: наблюдением, обобщением, классификацией, интерпретацией; сравнительный и количественный методы; валентностный, контекстологический и компонентный виды анализа и пр.

Научная новизна исследования состоит в углубленном анализе примеров использования ЯИ в новом аспекте современной лингвистики – лингвопрагматическом. Благодаря такой постановке проблемы стало возможным выявление универсальных и специфических характеристик игровых приемов, рассматриваемых как средства стратегии и тактики

в рамках БД. Модели коммуникации, предложенные отечественными и зарубежными лингвистами, нацелены на отражение любого естественного процесса коммуникации, в связи с чем не включают частные, факультативные компоненты. В данной работе ЯИ представлена как особый речевой акт, обладающий специфической структурой. Теоретическая значимость исследования определяется тем, что анализ ЯИ в коммуникативно-прагматическом аспекте дает возможность выявить ее новые атрибутивные характеристики и определить их соотношение с целевыми установками, влияющими на использование игровых приемов в тех или иных условиях общения. Практическая значимость работы заключается в возможности использования полученных результатов, отдельных фрагментов исследования в преподавании таких лингвистических дисциплин, как «Общее языкознание», «Стилистика русского языка», «Язык и культура», «Лингвистический анализ художественного текста», а также ряда литературоведческих дисциплин.

Разговорная речь как языковая формация, обслуживающая сферу непринужденного общения, представляет собой явление, для которого характерно свободное отношение к форме речи. Линейное протекание устной речи без возможности вернуться назад, обусловленное спонтанным характером устной речи, оказывает большое влияние на все ее уровни. Устная речь характеризуется двумя противоположными фундаментальными признаками - синкретизмом (широкое употребление слов с общим местоименным, прагматическим значением, например, *штука, вещь, дело* и т.д.) и расчлененностью (*Дай мне, чем писать вместо Дай мне ручку*). Для синтаксиса разговорной устной речи характерны: отсутствие длинных законченных периодов, перестановка, повторение одних и тех же слов, нарушение правил канонического синтаксиса, отрывочность, незаконченность, когда интонация передает то, что не скажешь словами. Многие исследователи отмечают, что устная речь вообще не знает стандартного высказывания. Тем не менее, в устной речи существуют свои нормы, и в сферу нашего внимания были включены случаи намеренного отступления от них с той или иной прагматической целью.

В лингвистической науке уже осуществлялись попытки описания ЯИ в БД. Так, подробный анализ типичных для современной речи приемов ЯИ представлен в монографии Земской Е. А., Китайгородской М. В., Розановой Н. Н. «Русская разговорная речь» [1]. Авторы поставили перед собой задачу выделить и проанализировать те явления, когда говорящий «играет» с формой речи. Приемы ЯИ, описанные в работе, в наиболее общем виде можно охарактеризовать так: 1) выбор чужеродных для разговорной речи, необычных для нее средств выражения; 2) построение единиц, своеобразных: а) по форме, б) по значению, в) по форме и значению. Анализируя языковой материал, авторы выделяют следующие

приемы: прием рифмовки (детские считалки, дразнилки); фонетические деформации слов (метатеза, протеза, перенос ударения, нарушение законов чередования согласных, замена одних звуков другими); прием речевой маски (использование диалектных и просторечных слов и словоформ); прием стиливого контраста (пародийное использование штампов книжной речи, включение в речь иноязычных слов, не усвоенных русским языком, использование устарелой лексики); прием построения необычных языковых единиц (словообразовательная игра, нарушение законов сочетаемости); прием не прямых номинаций (метафорические номинации, метонимическая конкретизация и генерализация, перифрастические номинации, разговорные сравнения, обратимость тропов); прием цитации (точная цитация, неточная цитация, псевдоцитация); каламбуры и паронимическая аттракция. Часто один и тот же прием можно встретить на разных уровнях языка, например, прием речевой маски может быть использован на уровне фонетики: якаящее произношение общелитературной лексики (а) *Чем Наташа занимается?* б) *Какой-то там сямантикой*), на уровне лексики: использование просторечно-диалектных слов в литературно-разговорной речи (*Галя none будет?*), на уровне морфологии: обыгрывание нелитературных причастных форм (*Тебе дадено, тобой взядено*). Все описанные игровые приемы можно назвать честными играми, поскольку автор хочет, чтобы слушатель заметил «ошибку» и отреагировал на нее. Разные по своему языковому воплощению игровые приемы подразделяются авторами обозначенной ранее монографии на две группы: каламбур и острословие. Обе группы приемов используются для создания комического эффекта, для нейтрализации напряжения, демонстрации непринужденности ситуации, т.е. являются одним из тактических средств, служащих для реализации основной стратегии БД – обеспечению комфортного межличностного общения. Игры с единицами различных уровней могут стать основой для приема речевой маски. Наиболее распространены маски малокультурного простачка (обыгрывание диалектов и просторечия) и бюрократа (игра на канцеляризмах). В среде работников образования и учащихся вузов нами отмечены случаи игры, построенной на терминологии. Используя прием речевой маски, говорящий обычно не заботится о полном воспроизведении чужой речи, он использует только наиболее характерные приметы. «Эффект комизма создается контрастом между конситуацией, контекстом и приметам чужой речи, вызывающей представление об иных говорящих и иной ситуации» [1, 180]. Если прием речевой маски не связан с характерологическим заданием и с содержанием речи, его относят к сфере балагурства. Когда же прием используется как характерологическое средство, он получает содержательную нагрузку и переходит в сферу острословия. Таким образом, классификация игрового приема как тактического средства невозможна без анализа прагматической установки автора высказывания.

В то же время сама возможность реализации ЯИ в рамках любого коммуникативного акта зависит от коммуникативной компетенции адресата речи, от его понимания ситуации и оценки партнера по общению. Так, для классификации ненормативного произношения фразы *Пойдем в [γ] ум / про[γ]уляемся* как ЯИ адресат должен быть уверен, что говорящий не является носителем диалекта, а использует прием речевой маски с той или иной целью (создание и поддержание хорошего настроения, подчеркивание своей или чужой провинциальности и пр.) В противном случае он расценит высказывание как неправильное. В то же время адресат может заметить неправильность, если сам знает литературную норму, иначе ЯИ останется незамеченной. Если адресат расценит сознательно допущенное отступление от нормы как ошибку или вовсе не заметит ЯИ, его ответная реакция не будет соответствовать ожиданиям автора. Успешным коммуникативный акт может считаться только в том случае, когда намерение говорящего реализуется в полной мере и реакция адресата будет, с точки автора, адекватной.

Предложенные ниже схемы-рисунки коммуникативных актов, построенных на ЯИ, базируются на модели передачи информации, разработанной К. Шенноном. Однако мы считаем необходимым включить в схему такие составляющие коммуникативного акта, как прагматическая установка адресанта, ответная реакция адресата, коммуникативная компетенция участников общения, а также элементы, характеризующие непосредственно ЯИ: «искаженный» сигнал, этапы декодирования. Кроме того, отношения в рамках коммуникации представляются нам субъектно-субъектными, поскольку успешность коммуникативного акта зависит не только от состояния канала связи, наличия шумов и соотносимых кодовых систем, но от компетенций всех участников общения. Более того, в случае использования ЯИ успешность коммуникативного акта в большей степени определяется компетентностью адресата, поскольку именно он должен распознать игровой прием, отличив его от ошибки, и адекватно на него отреагировать. В соответствии с взглядами, установившимися в современной лингвистической науке, передача информации – не единственная цель коммуникации, поэтому вводу подлежит не только информация, но и прагматические установки говорящего. Кодирование осуществляется благодаря коммуникативной компетенции автора высказывания, включающей, как отмечалось, языковую и социальную компетенции. При использовании ЯИ, адресант сознательно искажает сигнал, производит единицу, построенную с нарушением существующих норм. Посредством канала связи данная единица передается адресату, при этом, как и в любом коммуникативном акте, передача может осложняться какими-либо помехами. Адресат в соответствии со своей коммуникативной компетенцией осуществляет процесс декодирования и на начальном этапе воспринимает сигнал как неправильный. Однако, в случае успешного коммуникативного

акта (См.: рис. 1), зная нормы дискурса, правила построения того или иного типа текста, доверяя компетенции автора, адресат понимает искажение сигнала как сознательно допущенное и приступает ко второму этапу декодирования – распознаванию коммуникативного намерения своего партнера по общению. Таким образом, на первом этапе декодирования устанавливается соответствие знака норме, а на втором – прагматическая установка автора. Коммуникативная компетенция адресата позволяет оценить полученную информацию как корректную, несмотря на наличие сигнала, не соответствующего норме. В этом случае ответная реакция субъекта, воспринимающего сигнал, будет адекватна ожиданиям субъекта, предающего сигнал.




Рисунок 1 - Успешный коммуникативный акт при честной игре

Коммуникативный акт будет неуспешным, если коммуникативная компетентность адресата не позволит ему распознать ЯИ (См.: рис. 2).




Рисунок 2 - Неуспешный коммуникативный акт при честной игре

Үшінші тәсіл – арнайы экспедиция ұйымдастыру, экспедиция мүшелерінің дайындығы, міндеті айқындалуы [1, 11 б.]. Сондықтан да мақалада қазақ эпосының жиналуы сөз болмақ.

Қаһармандық эпосты жинау XIX ғасырдан басталады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда орасан еңбек еткендер: Ш. Уәлиханов, В. Радлов, И. Ильминский, Г. Потанин, А. Васильев, Ә. Диваев, А. Алекторов, А. Харузин, В. Катаринский, Н. Пантусов, Ы. Алтынсарин еді. Дегенмен батырлар жырының мольнан жиналған кезі кеңестік дәуірде болды.

Қазақта батырлар жырының көбірек туған кезі XIV – XV ғасырлардың арасы секілді. Осы кезеңде қазақ халқының көне тарихында бірнеше елеулі оқиғалар болып өтті. Атап айтқанда, XIII ғасырдың басында Шыңғыс ханның Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасауы, Алтын Орда ыдырағаннан кейін оның орнына үш хандық (Қырым, Қазан, Астрахан хандықтары) құрылып, талас – тартыс, шабуылдың көбеюі және де қазақтар мен қалмақтардың арасындағы қарым-қатынастар («Ақтабан шұбырынды»), көп заманға созылған күрестер, осы жағдайлардың барлығы батырлар жырының тууына әсер етті [2, 56-57б.]. Сонымен, жоғарыда фольклорды жинаудың үш тәсілі бар дедік. Біріншісі – тікелей жинау тәсілі (контакт түріндегі). Бұл дегеніміз: не жинаушы фольклорды ел арасынан арнайы іздеп, айтушыдан тікелей жазып алады, не жеке адамдар өз инициативасымен жинайды. Мысалы, Диваев халық шығармаларын жазып алумен бірге халық шығармалары жазылған жинақтар мен қолжазбаларды да жинай жүрді. Ол қолжазбаның өзін қолға түсіруге тырысты. Фольклорды тікелей жинау барысында зерттеушілердің өзіндік жинау әдістерінде тілдік ерекшеліктерді сақтаған, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпынан көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинаған. Сондай-ақ айтушы не айтты бәрін түгел қалдырмай жазу шарты, еш сөзін қысқартуға, алып тастауға немесе өз жанынан басқа бір нәрсені қосуға

мүлде болмайтындығы, диалектілік ерекшеліктер болса, оны да тастамай көрсетіп отыру керектігі жөніндегі т.б. барлық фольклорист ғалымдар үшін ортақ болды [1, 45 б.].

Фольклорды тұрғылықты түрде жинау – белгілі бір мекенде тұрып, сол маңайдан үзіліссіз жинау. Бұл жұмыспен аудан орталығында, үлкен селода т.с. мекенде тұрақты тұратын маман (әдебиетші, мұғалім, журналист) шұғылданады. Олар алыс елді аралайды. Өз айналасындағы, облысындағы (аймақтағы) фольклорды үзіліссіз, үнемі жинап тұрады.

Фольклорды жинаудың келесі өте жиі кездесетін тәсілі – экспедициялық тәсіл. Сол кездері бірталай экспедициялар ұйымдастырылған. Оның міндеті – Кеңес фольклоры мен батырлар жырының, тұрмыс–салт дастандарының нұсқаларын ел аузынан жазып алу болды. Сөйтіп, Қазақстанда 1920–1940–шы жылдары алғашқы экспедициялар ұйымдастырылды. Мәселен, 1921 жылғы Жетісу экспедициясы, 1935 жылғы Қостанай экспедициясы, 1939 жылғы Қазақстан зерттеу қоғамының ғылыми экспедициясы мен Маңғыстау экспедициясы, 1940 жылғы Арал мен Семей экспедициясы, 1942 жылғы Арал экспедициясы, 1943 жылғы Торғай экспедициясы, 1946 жылғы Көкшетау–Ақмола, Қарақалпақ, Семей экспедициялары, 1947 жылғы Қостанай экспедициясы, 1949 жылғы Гурьев экспедициясы мен 1950 жылғы Көкшетау экспедициялары нәтижесінде қорымызға жүздеген баспа табақ халық шығармалары материалдары жиналды. Қорға алынған материалдардың ішінде «Қобыланды батыр» жырының алты нұсқасы, «Қамбар батыр» жырының жеті нұсқасы жазылып алынған. Осылармен қоса фондыға «Төрехан», «Ер Қосай», «Қойкелді батыр», «Көрұғлы» сияқты эпикалық шығармалар да қабылданған [1, 39 б.].

М.Ж.Көпеев жинаған «Ер Көкше», «Нәрікүлы Шора батыр», «Ер Сайын», «Көрұғлы» нұсқалары сақталған «Қара мес» жинағы Қазақ ССР Ғылым академиясының қорына 1934 жылы түскен. Ал «Базар батыр» атты нұсқаны 1935 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында Жангөдей қарттың айтуы бойынша жазып алған. Енді бір «Көрұғлының қисасы» атты жыр 1929 жылы Қызылорда жерінде жазылса да, Орталық ғылыми кітапханаға 1940 жылы түскені анықталды [1, 40 б.].

Сонымен, қазақ эпосы жоғарыда айтылған үш тәсіл арқылы жиналды. Тек жырлар жиналып қана қойған жоқ, фольклошылар олардың қолжазбаларын да алып қалуға тырысты. Сонымен, 1920-1950 жылдары ауыз әдебиеті, оның ішінде эпосты жинау қарқынды түрде дамыды.

Батырлық жырлардың ел арасынан жазылып алынуы XIX ғасырдан басталады. Мысалы, «Ер Тарғынды» 1853 жылы И. Ильминский Марабай ақыннан жазып алып, 1862 жылы Қазанда жариялады.

Қазақ қолжазбаларының жазылып немесе көшіріліп алынған жерлері Қазақстан, Астрахань, Омбы, Орынбор, Түркіменстан, Қарақалпақ АССР-ы және Синьцзянның Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары [3, 10 б.].

Революцияға дейін батырлар жырын жинауда Н.И.Ильминский, Радлов, Ш.Уәлиханов, Потанин, Ы.Алтынсарин, Диваев, Березин, В.Алекторов, А.Васильев, Гредеков, Лютшь, Саркин, сондай-ақ, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмаділов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, М.Сильченко қызмет атқарды [3, 10 б.].

Қазақтың «Көрұғлы» эпосының еліміздің түкпір–түкпірінен жиналған отызға жуық нұсқалары бар. Солардың ішінде «Көрұғлы сұлтанның көрде туғаны һәм Райхан патшамен соғысканы» деген жырды жинаған - М. Ж. Көпеев. Оның қолжазбалары Ленинград, Қазан, Алматы архивтерінде сақтаулы. Көрұғлының М. Ж. Көпеев нұсқасының қолжазбасы татардың көрнекті жазушысы Наки Исанбеттің кітапханасында сақтаулы.

Бұл жырдың микрофильмі 1956 жылы сол қолжазбадан түсіріліп алынды. Бұл нұсқаны (Мәшһүрдің жиені) Жолмұрат Жүсіпұлы жазып берген. Бір көшірмесі Орталық ғылыми кітапханада 1173-папкада сақтаулы. Көшірушінің айтуына қарағанда М. Ж. Көпеев «Көрұғлыны» 1894 жылдан бері біледі. Бұл қолжазбаның мазмұны Айдарханов нұсқасындай. Айдархановта өлең үлгісімен берілсе, М. Ж. Көпеевте жыр үлгісімен берілген. Көпеевте жыр Ақбілекті алып қайтумен аяқталады. Нұсқа толық жыр үлгісімен жазылған. Қолжазба XX ғасырдың басында Павлодар облысы «Наки Исанбет» кітапханасында сақталған. Қолжазбаның микрофильмі 1965 жылы түсірілген.

Келесі «Ер Көкше» жырының жинаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған «Ер Көкше» жыры бұрын баспада жарияланбаған, бірақ совет ғалымдарының кейбір еңбектерінде аз да болса сөз болады. Бұл жыр «Ер Көкше» мен «Ер Қосай» атымен орыс халқына ертеден таныс. Ер Көкше қырғыз елінің «Манас» атты жырында бастан-аяқ қатысатын басты геройы есебінде де белгілі. В. Радлов жинаған «Ер Қосай» жыры мен М. Ж. Көпеев жазып алған «Ер Қосай» жырының жалпы мазмұны, оқиға желісі, кісі аттары бірдей болғанымен, әрқайсысының өзара айырмасы да жоқ емес. В. Радлов вариантында Ер Көкше соғыс үстінде өлсе, Мәшһүр Жүсіпте ол соғыстан кейін еліне қайтып келе жатып жолда өледі. Мәшһүр Жүсіп жинаған «Ер Көкше» нұсқасының бас-аяғы толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған. Бұл нұсқа Мәшһүр Жүсіптің «Қара мес» деп аталатын екі томдық қолжазбалар («Батырлар жыры») жинағынан алынды. «Қара мес» жинағы Қазақ ССР Ғылым академиясының фондысына 1934 жылы түскен. 1942 жылы «Ер Көкше, «Ер Қосай» жырының варианттарына Тіл және әдебиет институтының сол кездегі ғылыми қызметкері Жақыпбаев Бозтайдың жазған «Түсініктері» баспаға даярланып, машинкаға басылып, «Батырлар жыры» атты жинаққа енгізілген. Бұл жыр Павлодар облысында жазып алынған. «Мәшһүр Жүсіптің шығармалары мен материалдары» қолжазбалар жинағында 62 тарау бар, соның бірі – «Ер Көкше» жыры. Келесі бір нұсқасы «Ер Көкше батыр қисасы» деп аталады. Оның да жинаушысы Мәшһүр Жүсіп. Ер Көкшенің

қалмақтармен соғысы деп аталатын бөлімінің мазмұны жоғарыда айтылған Мәшһүр Жүсіптің вариантымен бірдей. Бұл нұсқа – толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған. Нұсқа Орталық ғылыми кітапханасының фондысынан алынды. («Батырлыр жыры», ф. №1342). Жырдың мазмұнын 1942 жылы қағазға түсірген – Бозтай Жақыпбайұлы. Бұл нұсқа Мәшһүр Жүсіптің «Қара мес» жинағындағы арабша қолжазбасынан 1953 жылы латын әрпімен Алматы қаласында көшіріліп алынған [4, 284-285 б.]. «Ер Көкшенің» келесі бір нұсқасы 1948 жылғы И.Ұйықбаев, Ж.Аралбаев қатысқан Маңғыстау экспедициясы кезінде жиналған, сондай-ақ Асайын Хангелді жинаған (1940 жылы) нұсқалары Гурьев облысы, Маңғыстауда жазылып алынған.

Жоғарыда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған эпостары жөнінде біраз деректер келтірілді. Жалпы алғанда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық арасынан бірталай эпос жинаған. Олар: «Қамбар», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Нәрікұлы Шора батыр», «Қозы Көрпеш», «Алтынбас – Күмісаяк», «Кенесары-Наурызбай». М.Ж.Көпейұлының ауыз әдебиеті үлгілерін қай кезден бастап жиналуына келетін болсақ, ақынның өмірбаяны туралы жазып қалдырып кеткен Жолмұраттың қолжазбасынан кездестіруге болады. Бұл қолжазбада 1866 жылы Баянауылға Қамар хазіреттің келгендігі туралы, оның ауыл балаларына арнап төрт түрі жыр әкелгендігі, сол қиссаларды 8 жасар Мәшһүр Жүсіптің хазіреттің қолжазбасынан көшіріп, жаптап алып, елге таратқандығы айтылады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, Мәшһүр Жүсіптің жеті жасында Сақау ақыннан үйреніп, сегіз жасында қолжазбалардан көшіргенін аңғаруға болады.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылғандығы белгілі. Мәшһүр Жүсіптің фольклор үлгілерін жинаудағы өзіндік ерешеліктеріне келетін болсақ, ол өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған [5, 76 б.]. Қолжазбадағы кейіпкер материалдардың жазылған жылдары көрсетіліп отырған [5, 77 б.]. Жинаушылықтың ең жиі кездесетін түрі «экспедициялық» әдісті Мәшһүр Жүсіп кең қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп басқа фольклорист-ғалымдар тәрізді корреспонденттер көмегіне сүйенбеген. Оның себептері бірнешеу: біріншіден - Мәшһүр Жүсіптің белгілі ғалым Ш. Уәлихановтан кейінгі қазақ арасынан шыққан тұңғыш фольклорист-ғалым екендігі, бұдан екінші себеп туындайды, яғни басқа ғалымдар тәрізді фольклорлық үлгіні халық арасынан жинау барысында түсінісудің т.б. негізгі құралы болып табылатын тілді Мәшһүр Жүсіптің жақсы меңгергендігі. Оның қазақ тілін жете меңгергендігі, бір жағынан, оның жинаушылық қызметінің тілдік қиындықтарға ұрынбауын негіздесе, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілердің мол болуына да ықпал етті [5, 78 б.].

Мәшһүр Жүсіптің фольклор жинаудағы келесі бір ерекшелігі – халыққа сол кезде «не керек» дегендерді ара-жігін ашпай жинай берген. Яғни елінің

тарихынан, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын – бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Сонымен жинаушылықтың негізгі мақсаты халыққа «не пайдалы» деген тұрғыдан жүргізілгендіктен бсақа дамыған елдер қатарында өмір сүру үшін қазаққа не қажет, өскелең ұрпақты қалай тәрбиелеген жөн, ол үшін қандай үлгі-өнеге боларлық іс-әрекет қолдану керек. Сондай-ақ тарихтың қай кезендері: үлгілі билер, мен айбарлы хандар заманы ма, әлде аты аңызға айналған Асан қайғы мен Жиренше шешен тәрізді бабалар дәуірі ме, қайсысында кейінгілер тағылым аларлық қаншалық мән жатқандығы – бәрі Мәшһүр Жүсіпті қызықтырған. Бұдан біз Мәшһүр Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарастарынан туындағанын көреміз. Экспедициялық әдіс арқылы осыншама материалдарды қалай, қайдан жинады десек, 1887 жылы 29 жасар Мәшһүр Жүсіп Бұхар, Ташкент, Түркістан шаһарына барып, білімін толықтырып, жинаушылық қызмет атқарған. [5, 79 б.].

Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы тағы бір ерекшелігі – нұсқаны кімнен, қашан жазып алғандығын, яғни түпнұсқаны жеткізушінің аты-жөні, қай жылы көшірілгендігі қамтылған. Екіншіден, хатталған нұсқаның фольклордың қай жанрына жататыны көрсетілген. Үшіншіден, туындыны айтушының аузынан сөзбе-сөз қағазға түсіруі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының бір ерекшелігі болса, екіншісін дайын қолжазбадан көшіргендігі – оның жинаушылық әдісінің екінші түрі [5, 82 б.]. Сонымен, Мәшһүр Жүсіп фольклор үлгілерін жинауда ең негізгі үш әдісті жиі қолданған. Олар: 1) халық арасынан әңгімелерді тыңдау арқылы немесе сөзбе-сөз қағаз бетіне түсіру арқылы, 2) белгілі бір қолжазбалардан көшіру, 3) ертеде шыққан кітаптардан көшіру.

Сонымен, ата-бабамыздан сақталып келе жатқан қазақтың бай мұрасы - батырлар жыры 1820-1960 жылдар арасында әр түрлі экспедициялардың ұйымдастырылуымен, сондай-ақ қазақтың эпосына қызығушылық танытып, оларды өз еркімен жинаған жыршы-жыраулардың арқасында біздің заманымызға жетіп отыр.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының 1905 жылы Жетісу жерінде қағазға түсірілген нұсқасының жыршысы- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Өзінің «Мес» атты қолжазбалар жинағына енгізген. Оның жинаушысы – Әлкей Марғұлан. Бұл қолжазба жөнінде Ы. Дүйсенбаевтың, Ө. Қоңыратбаевтың еңбектерінде әңгіме болады. Негізгі қолжазбаны Ленинградтағы Шығыстану институтының қолжазба бөлімінен 1964 жылы М. Ғұмарова іздестіріп тапқан. Мәшһүр Жүсіп өз қолжазбасы туралы мынадай мәлімет береді. Бұл жырды ХІХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Сүйіндік руынан шыққан Сақау ақын 1830 жылдары Қақсалбай ақынды жеті жыл қасына ертіп жүріп үйретеді. Осы Қақсалбайдан Жүсіп сегіз-тоғыз жасымда үйрендім» дейді. «Жыл өтті содан бері қырықтан

асқан», - деген сөзіне қарағанда ол 1905 жылдар шамасында хатқа түсірген. Ол: «Қозы Көрпеш тарихы болған оқиғадан алынған, Баян – Баянауыл тауында туып өскен, Қарабайдың қыстауы Қараоба, Сарыбайдың қыстауы Сарыоба, бірі Өлеңті жерінің оңтүстігін, бірі солтүстігін жайлапты. Сарыбайдың Аягөзге ауған жолы Кошот деп аталған», - дейді. Сол сияқты көптеген жер аттарын жырда кездесетін географиялық атауларымен байланыстырады. Жырдың негізгі мазмұны Қаңқабай Мейірманұлының нұсқасына ұқсайды, сонымен қатар сөз, сөйлемдерінде біраз айырма бар. Эпизодтарды кейде толықтырып баяндаса, кейде қысқартып береді. Қозыны тірілтуге келген әулиелердің іс-әрекеті тоғырақ баяндалған. Бұрын жарияланбаған. Мәшһүр Жүсіп нұсқасы толық, өлеңдік құрылысы он бір буынды қара өлең, кейде жеті-сегіз буынды жыр араласып келеді [6, 144-145 б.].

Қорытындылай келе, қазақ эпосының жиналуы XIX ғасырдың бірінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы фольклор жинаудағы мақсат – бай мұрамыздың жойылып кетпей, кейінгі ұрпаққа дейін сақталып жетуі, өткен тарихымызды білу, оны кейінгі буынға паш ету, дәріптеу, мұраларды тек қағаз бетіне түсіріп қоймай, фольклор түрлерінің даму кезеңдерінің өзгеруін бақылауда ұстау, сондай-ақ, жазып алған мәтіннің жағдайын, қанша нұсқаның қай жағдайда таралғандығын білу, әр нұсқаның өмір сүру ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсаттарды іске асыруда фольклорист-ғалымдар: Ш. Ш. Уәлиханов, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов, Ә. Диваев, М. Ж. Көпейұлы, И. Ильминский, А. Василев, А. Алекторов, В. Катаринский, Н. Пантусов, Ы. Алтынсарин өз үлестерін қосты. Қазақ фольклорын жинаушылар үш тәсілге сүйенді: біріншіден, ел арасынан тікелей жинау, екіншіден тұрғылықты түрді тілшілер арқылы жинау және белгілі бір экспедициялар ұйымдастыру. М.Ж.Көпейұлы ең негізгі үш әдісті қолданған: 1) халық арасынан әңгімелерді тыңдау арқылы немесе сөзбе-сөз қағаз бетіне түсіру арқылы, 2) белгілі бір қолжазбалардан көшіру, 3) ертеде шыққан кітаптардан көшіру. М. Ж. Көпейұлы осы әдістер арқылы жоғарыда талданған эпостарды бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, зор үлесін қосты.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жүсіпов, Н. Қ.** Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы.– Павлодар: Кереку, 2007. – 81 б. : ISBN 9965-583-28-5.
- 2 **Әбілқасымова, К., Тамаев, А.** Қазақ фольклористикасы. – Алматы : Білім, 2007. –320 б.
- 3 Қазақ әдебиеті: Көптомдық. Т.4. Батырлар жыры. Көрұғлы / Құрастырған М. Ғұмарова, Ж.Әбішев. – Алматы : Жазушы,1989. – 310 б.
- 4 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1том/ Редактор авторы М. Ғабдуллин.– Алматы : Ғылым,1975. – 346 б.

5 **Жүсіпов, Н. Қ.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист: Монография. – Павлодар : Кереку, 2011 – 195 б.

6 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2 том / Редакция алқасы: Ахметов З.А., Ахметов Ш., Ғұмарова М.Ғ., Нұрмағамбетова О.А., Ысқақов Б.Б. – Алматы : Ғылым1979. –244 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 30.05.14 редакцияға түсті.

*Н. М. Уалиханова, Н. К. Жусупов*

### **Сбор казахских эпосов и Машхур Жусуп**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 30.05.14.

*N. M. Ualikhanova, N. K. Zhusipov*

### **Mashhur Zhusip and collection of kazakh epos**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 30.05.14.

*В настоящей статье автор рассматривает методы составления сбора казахских эпосов, особенности взгляда и своеобразия подхода Машхура Жусупа Копеева на фольклорные образцы, дает краткое понятие его эпосам, в связи с этим показывает вклад великих фольклористов в развитие эпоса.*

*The author of this article observes method of the groups of kazakh epos and also he observes the particular outlooks and Mashhur Zhusip's approach on folk's models. He characterizes in short his epos and the value of great folklore people in developing epos.*

**Д. Б. Урусбаева, А. Қ. Тұрышев**

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КИНОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА**

*Бұл мақалада автор көк бөрі, ит тотемін талдап, ақын шығармаларындағы киношымдық лексиканың қолданылу ерекшелігін қарастырады.*

Бөрі – символикалық мәні зор, халық тынысын кең танытатын, фольклорлық туындылардың барлық жанрларында мейлінше жиі өрнектелген бейнелердің бірі. Батырлық жырларда ел басынан өткен ірі оқиғалар мен мың сан қолға бес қаруын бірдей сайлап, тайсалмай ұмтылған хас батырлардың ерен ерліктері өріледі. Шығыс халықтары да, түріктер де, маңғолдар да көк бөріні пір тұтқан, жарылқаушы, құтқарушы санаған. Тіпті «біздің арғы бабамыз» деп қадірлеген. Оның үстіне мақұлық, аң атаулының ішінде ойлана алатын тек қасқыр екен. Қасқыр әрі күшті, әрі азулы, әрі ақылды, әрі еркін. Сондықтан да батырды бөріге теңеу ықылым заманнан бері қайталанып келеді. VIII ғасыр туындысы Күлтегін жырынан мысал келтірейік:

Әкем қағанның әскері бөрідей бопты, Жаулары қойдай бопты [1,43].

Енді түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін генеологиялық аңыздар негізінде жырлайтын IX-X ғасырларда дүниеге келген эпостық шығарма «Оғыз - намеден» мысал:

Көк жалды арлан қасқыр шыға келді де,

Оғыз қағанға тіл қатты:

«О, оғыз! Сен үрімге аттанып барасың.

О, оғыз, мен сені бастап жүрейін» деді [1, 91]. «Оғыз-наме» дастанында батырдың қалың қолына көкжал бөрі ұдайы жол сілтеп, бастап жүреді. Ал, «Манас» эпосында болашақ батыр Манас жолына нұр төгілген, ал өзін көкжал бөрі қоршап, қорғап жүрген қаһарман болып келеді:

Манастың қырқ чоросу

Көсөө куйрук көк бөру

Көкжал эрдин жөөкөрү

Көкөр болсоң көк жалаң [2, 27-28].

Ежелгі түркілер көк түске ерекше мән беріп, Көк тәңірісіне табынғаны, көкжал бөріні төтем тұтқаны тарихтан жақсы мәлім.

Батырлар жырында бөрі едім, бөрі еді, бөрі екен, үш бөрі, нағыз бөрі т.б. түріндей метафоралар жиі кездеседі. «Бөрі» сөзінің ұнамды ұғым тудыруы бұл бейненің ұлттық санамыздағы тотемдік орнымен тікелей байланысты деген ойдамыз.

Дауылпаз акын М. Өтемісұлының жырларында:

- Исатайдың барында Екі тарлан бөрі едім, Қасарысқан дұшпанның Екіталай болғанда Азыққа етін жеп едім, - түрінде өріледі. Мұндай ұқсастық, жыраулардың бір-бірінен дайын ой оралымдары мен стереотипті айналымдарды алуы, трафареттік бейнелеу құралдарын қолдануы ауыз әдебиеті туындыларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып табылатындығына ғалым Б.Абылқасымов та жан-жақты тоқталып өтеді [3,84].

Барлық түркі халықтары сияқты көк бөріні киелі санап, оны төтем тұтыну қазақ қауымы арасында да бар екені белгілі. Бұл әдеби құбылыс Махамбеттің батырлық жырларында да айқын көрініс тапқан:

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде

Еңіреп жүрген ер едім.

Исатайдың барында

Екі тарлан бөрі едім.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармасында итке байланысты тұрақты тіркестер кездеседі. Мысалы: Киімі жаманды ит қабады, пиғылы жаманды тәңірі табады; Ит иесі болысып дұшпанға қару қылады; Ит опа, қатын жапа; Ит мойнына гауһарды таққанменен, айналдырып жібермес басқа затқа; Иесін ит құтырса қабар.

Мәшһүр Жүсіп итке байланысты тіркесті метонимиялық құбылыс ретінде қолданады: Дәл осы күнде ит сегіз күшік тапса, біреуі ақ ит болып, енесінің соңынан ереді. Қазақта бір мақал бар еді: «Батыр деген бір барак ит, екі қатынның бірі табады деген; ақ шарифат ілуде бір-ақ қатын табады».

Мәшһүр Жүсіп итті жеті қазынаның бірі ретінде есептейді де әр уақытта ауыспалы мағынада қолданып отырады: Екі көзі төрт болып бір ит келді; Көйлегімен су алып итке құйды; Итке тәңірім салады бір жақсы ойды; Иттің қылған дұғасы қабыл болды; Ит алданар әркімнен қалған тұлға [4,328-329].

Сәлем де, Мәжін биге, келе көрсін,

Мәнісін мынау істің біле көрсін!

Ит даусын түзде жүрген бөрі есітпес,

Не қылсын билер бізді өздері есен?! («Абактыдағының зары»)

Ит даусын түзде жүрген бөрі есітпес – қазіргі күнде көпшілік біле бермейтін мәтел. Ит ауылдың төңірегінен шықпайды. Ал бөрі даланы кезіп жүретін жыртықшы екені белгілі. Мәшһүр Жүсіп бұл өлеңде ит деп қолында билігі жоқ қараша халықты меңзейді. Ал бөрі деп қолында билігі бар адамдарды меңзеп тұр.

Оралдан қашқан өр түлкі

Өрлей қашса, ит жетпес.

Тегеуріні төрт елі,

Аспаннан түскен тас түлек.

Жерге түссе, тек кетпес.

Қас патша қарашасына:

«Ерте келдің, кешке келдің!»-деп кек етпес (Қара өлең)

Алғашқы екі тармақтағы ит жай ит емес, аңшылыққа үйретілген тазы секілді иттің бірі. Бірақ кейде сондай жүйрік иттердің де өр түлкіге жете алмайтын кездері болатынын аңғарамыз. Бұл ой төмендегі патша мен қараша туралы ойға тікелей қатысы жоқ, бұрынғы жыраулар поэзиясындағыдай синтаксистік ұйқас ретінде алынған. Ақын кейбір патшалардың ұсақ-түйекке бола қол астындағы қарашаларын мазалай бермейтіндігін айтып отыр. Негізгі ой осы. Ол жоғарыдағы тармақтар оған қосалқы поэтикалық қызмет атқарып тұр.

Үш атамыз өткен тау,

Үш мың қара біткен тау,

Шешем келін болған тау.

Ақ бүркеншік салынып,

Ала берген киген тау,

Ит жүгіртіп, құс салып,

Өзіме теңдік тиген тау!

(«Қалмақтың сарыарқаны жоқтап жылаған зары»)

Бұл жердегі ит қолданысы бейбіт замандағы аңшылық дәстүрді білдіретін тұрақты қолданыс ретінде беріліп тұр.

Бай төбетім маңкылдап,

Даусы қудай саңкылдап,

Байсал тауып үрген тау,

Балалы қаздай байпаңдап,

Бәйбіше дәурен сүйген тау.

(«Қалмақтың сарыарқаны жоқтап жылаған зары»)

«Бай төбетім маңкылдап» - дегені бейбіт күндегі тыныш жатқан ауыл көрінісі. Бұрынғы ауыл итсіз болмаған, осы жердегі иттің маңкылдап, байсал тауып үргенінің өзі лирикалық кейіпкердің сағынышын көрсетеді. Бір жағынан бейбіт күндегі иттің үруін байқаймыз.

Сойғанымның терісі

Илей білген шеберге

Бір өзі бір бой болған.

Илей білмес жаманға

Ел қыдырып кеткенде,

Көк ала шолақ иттерге

Көкпары болып тартылып,

Зор мереке той болған.

(«Қалмақтың сарыарқаны жоқтап жылаған зары»)

Мұндағы ой – қолдан теріні илеп, киім тігілуі, бірақ оны да ұқсата алатын бар немесе ісін аяқсыз қалдырып, иленбей қалған терінің ит аузында кететіні бар. Ақын осы тұста көкпар деген сөзді иттерге тіркестіріп, образдылықты күшейте түскен.

Қазақ мақал-мәтелдері:

Айт дегенде, ит жүгіреді,

Иттің (соңынан ) қызыр жүгіреді

«Алың-алыңмен»-алты сарт аштан өліпті,

«Қошқардікі түседі»-деп, қасқыр аштан өліпті

Бәйбіше – Құдай бұйрығы,

Тоқал – иттің құйрығы

Бұнда сол замандағы тоқалдың дәрежесі бәйбішеден төмен екендігін иттің құйрығына теңелуінен байқаймыз. Бұл мақал да көркем шығармаларда, ауызекі сөзде сирек кездеседі.

Бұралқы ит үнімен жағады,

Бұйра қозы жүнімен жағады.

Бұл мақал да сирек қолданылады. Мақалдағы негізгі ой – әр нәрсенің кемшілігі мен ұтатын жағы болады.

Ел ұрысыз,

Тау бөрісіз болмайды.

Бұл мақал сирек қолданылады. Тура мағынада айтылған. Таудың бөрісіз болмайтыны табиғи заңдылық болса, ел ішінде әртүрлі адамдардың болатындығы белгілі.

Еттің бәрі – қазы болмас,

Иттің бәрі тазы болмас.

Бұл мақалды да көпшілік біле бермеуі мүмкін. «Бес саусақ бірдей емес» деген мәтелге ұқсатуға болады. Қазы, тазы сөздері бір-біріне ұйқасқандықтан, мақал болып шыққан. Шынында да, иттің бәрі аңға түсетін жүйрік, қасқыр алатын мықты бола бермейтіні белгілі.

Ешкі егіз табады,

Ит сегіз табады,

Шошқа тоғыз (семіз) табады.

Ұл туғанға-күн туады,

Түк таппаған – ыржияды.

Бұл мақал мүлде кездеспейді деуге де болады. Әр жануардың төлдеудегі өзіне тән ерекшелігін атай келіп, адамдардағы ұрпақ мәселесіне әкеліп ұштастырады. Қазіргі күнде бұл мақал шашыраңқы түрде кездеседі. Шоғырланған түрде тек Мәшһүр Жүсіпте қолданылған.

Жер жұтуға тоймайды,

От отынға тоймайды,

Кісі ұйқыға тоймайды,



Бөрі қойға тоймайды,  
 Құлақ естуге тоймайды,  
 Көз қарауға тоймайды.  
 Өмір – жасауға тоймайды,  
 Бай малға тоймайды,  
 Ғалым ғылымға тоймайды,  
 Жер суға тоймайды,  
 Әйел ерге тоймайды,  
 Өлі дуаға тоймайды,  
 Тері иге тоймайды,  
 Төс балғаға тоймайды (14 тоймас бар)

Мәшһүр Жүсіптің өзінің шешендік сөзі. Бөрі қойға тоймайды дегенде бөрі басқа малды жемейді деген сөз емес, басқа малға қарағанда, қойды ұстау оңай, екінші жағынан, қой-көп өсірілетін малдың бірі.

Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал

Қазақ мақалы үнемі ұйқасқа құрылады. Тек ұйқас қуаламайды, мағына жағынан да үйлесіп тұрады. Иесін сыйлағанның мысығына дұрыс қара десек, үйлесім болмас еді. Жоғарыдағы мақалда «иесі, иті» деген сөздер дыбыстық жағынан да, мағыналық жағынан да ұйқасып тұр. Айтуға да жеңіл.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Келімбетов, М.** Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: Алматы/ М. Келімбетов.– 1986. – 213 б.

2 **Қыдырбаева, Р. З.** Генезис эпоса «Манас»: Фрунзе: Илим./ Р.З. Қыдырбаева. – 1980. – 278 стр.

3 **Абилкасимов, Б. Ш.** Жанр толғау в казахской устной поэзии: Алматы / Наука.1984.120.

4 **Тұрышев, А. Қ.** М-Ж. Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы: Павлодар/ А. Қ. Тұрышев. – 2004. – 465 б. Монография.

С. Торайғыров атындағы  
 Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
 Материал 26.05.14 редакцияға түсті.

*Д. Б. Урусбаева, А. К. Трушев*

**Кинологическая лексика в произведениях Машхур Жусупа Копеева**  
 Павлодарский государственный университет  
 имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
 Материал поступил в редакцию 26.05.14.

*Д. В. Urusbayeva, A. K. Trushev*

### **The canine vocabulary in Mashkhur Zhusup's work**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 26.05.14.

*В данной статье автором посредством анализа тотемов «волк», «собака» рассматриваются особенности применения кинологической лексики в произведениях поэта.*

*In this article the author discusses the features of the application of cynological vocabulary in the works of the poet by analyzing totems “wolf”, “dog”.*

УДК 81'33

**Н. А. Шахметова**

## **КОНЦЕПТ И ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ**

*В настоящей статье рассматривается вопрос о сопряженности концепта и языковой личности. Языковые средства объективации концепта определяют индивидуальный стиль автора, его концептуальное пространство.*

В современной лингвистической науке широкий интерес вызывают вопросы репрезентации концепта и индивидуальной концептосферы именно в художественном тексте. Языковые средства выражения концепта в художественном мире конкретной литературной личности определяют особенности ее авторской концептосферы. Использование той или иной конкретной методики анализа художественного концепта во многом зависит от объекта исследования (конкретная литературная личность, конкретный художественный текст), а также от типа концепта, который подвергается изучению.

Существование разнообразных подходов к языковой личности определяется ее отношением к языку. Прежде всего – от способности к речевой деятельности и обладания тактикой коммуникации (*личность речевая и личность коммуникативная*), затем – от способности обучения иностранному языку, к диалогу культур, привития навыков межкультурной коммуникации (*вторичная языковая личность, иноязычная личность, поликультурная личность*), наконец, – от способности владения искусством слова (*«образ автора», литературная личность, сильная языковая личность*).

Основой всей системы подходов к изучению языковой личности является ее этническая принадлежность (*этноязыковая личность, отсюда национальная языковая личность*).

Мы придерживаемся трактовки Ю. Н. Караулова, в которой под структурой языковой личности понимается внутренняя организация языковой способности личности на основе трех уровней:

- вербально-семантический уровень, или ассоциативно-вербальная сеть, единицы которой – слова, грамматические, дискурсивные модели;
- лингво-когнитивный уровень, или тезаурус, единицы которого – понятия, концепты, мировоззренческие установки, идеологические стереотипы, структурирующие представления личности об окружающей действительности;
- мотивационный уровень, или прагматикон, единицы которого – деятельностно-коммуникативные потребности, мотивы речевого поведения [1, 56].

Одним словом, в содержание понятия «языковая личность» входят семантический, когнитивный и мотивационный уровни, которые в совокупности образуют структуру языковой личности.

Языковая личность (далее – ЯЛ) применительно к сфере художественной коммуникации приобретает статус литературной личности. Феномен литературной личности, ее становление, диалектическое соотношение с биографической личностью писателя привлекают внимание исследователей (работы М. Б. Храпченко, Ю. Тынянова, В. В. Эйдиновой, И. А. Елисеева, Л. Г. Поляковой и др.).

Термин «литературная личность» впервые был применен Ю. Тыняновым в статье «Литературный факт» в противопоставлении с понятиями «творческая индивидуальность», «личность писателя».

Понятия творческой индивидуальности и личности писателя трактуются М. Б. Храпченко как синонимы: «Творческая индивидуальность – это личность писателя в ее важнейших социально-психологических особенностях, ее видение и художественное претворение мира» [2, 79]. Но, следует заметить, что М. Б. Храпченко не отождествляет данные понятия: «Личность писателя характеризуется своим голосом, своей собственной ноткой, а также оригинальностью мышления, в убеждениях и, конечно, в стиле» [там же, 60-61].

В целом под «творческой индивидуальностью» понимается творческая личность, понятие, на наш взгляд, более широкое, чем творческая индивидуальность, выявляющее не только индивидуальное, но и общее, вплоть до общности по литературным направлениям и течениям, по выбору литературных традиций (хотя сам выбор той или иной традиции это тоже проявление творческой индивидуальности).

Что касается терминов «творческая индивидуальность» и «литературная личность», то можно говорить о присущем каждому из них содержательном объеме. В определении первого содержится единство врожденных качеств (музыкального слуха, чувства цвета, формы, объема – точнее, видения мира), проявляющихся в художественном творчестве. При этом отметим, что особенности индивидуальности проявляются в способности избирательно реагировать на объект творчества, то есть здесь можно говорить о своеобразии интенциональной направленности сознания на предмет, что позволяет художнику слова не просто воспринимать мир, но и создавать свою художественную реальность, свой мир, наполняя его неповторимым содержанием, смыслом. По всей вероятности, данный критерий позволяет С. Есину выделять «писателей-ручейков и писателей-океанов» [3, 38]. В этой образной классификации и кроется определение понятия «литературная личность».

Характер литературной личности обуславливается совокупностью всего литературного творчества художника слова: «Литературная личность писателя соотносима с его биографической личностью, но отнюдь не равна ей... Отношения реальной личности поэта и личности, открывающейся в его творчестве, предмет литературоведческих штудий, ибо понятие «литературная личность» используется в основном для выявления специфики художественного мира и понимается как нечто создаваемое в самом творчестве художника» [4, 6]. На это указывает В. В. Эйдинова: «Особая активность биографического Я становится литературным приемом: эмоциональные нити, которые идут непосредственно (*от поэзии Блока – В.Э.*), стремятся сосредоточиться, воплотиться и приводят к человеческому лицу за него. Однако само это лицо плод искусства» [5, 78]. Поэтому понятие «литературная личность» сопрягается с индивидуальным стилем.

Создание теории литературной личности является одной из важнейших задач филологической науки. При этом наряду с традиционным литературным подходом особую актуальность приобретает лингвокультурологический, позволяющий выявить концептуальное богатство, стилевое своеобразие, языковое мастерство литературной личности.

Понятия «языковая личность» и «литературная личность» детерминированы и симбиозны, что позволяет рассматривать их в соотношении. Попытаемся провести данное соотношение.

Языковая самореализация литературной личности осуществляется на уровнях языковой личности. Соответственно, литературная личность обладает: 1) детерминирующей ее индивидуальный стиль ассоциативно-вербальной сетью; 2) тезаурусом, конституирующим ценностную иерархию концептов, мировоззренческих установок, в совокупности образующих языковую картину мира литературной личности; 3) прагматиконом,

доминирующей деятельностно-коммуникативной потребностью которого выступает стремление к творческой самоактуализации.

При этом художник слова является сильной языковой личностью, то есть обладающей высокой профессиональной языковой компетенцией, которая формируется в процессе литературного самовыражения.

Представим основные этапы литературного самовыражения:

– преддиспозитивно-ориентировочный, в ходе которого формируется замысел произведения, накапливаются необходимые для реализации этого замысла элементы;

– инвентивный, обуславливающий когнитивную стратегию деятельности литературной личности по отбору и сортировке содержательных компонентов произведения с учетом индивидуальных способностей;

– диспозитивный как проводник коммуникативной стратегии, учитывающий фактор адресата, объективные законы восприятия и на этой основе формирующей архитектуру произведения;

– элокутивный, в процессе которого формируется языковое оформление произведения в рамках функциональной стратегии языковой личности адресанта;

– редакционный как осуществление текущего и итогового редактирования (внесение автором изменений в литературное произведение, вызванных ранее не учтенными особенностями восприятия читающей аудитории);

– мнемонический (диалектическое взаимодействие кратковременной и долговременной памяти, активизация ее глубинных пластов в процессе работы над созданием произведения);

– акциональный (чтение фрагментов на литературном вечере и т.п.).

Портрет литературной личности образует и ее тип (прозаический, поэтический, маргинальный), составляющий основу индивидуального художественного стиля.

Помимо уровней языковой самореализации, этапов литературного самовыражения и типа литературной личности мы выделяем в ее характеристике собственно литературный статус и статус оратора, то есть компоненты, обеспечивающие ее ориентацию на социально значимый, этически ответственный поступок и художественно-эстетическую значимость его результата. «Личность должна стать сплошь ответственной: все ее моменты должны не только укладываться рядом во временном ряду ее жизни, но проникать друг в друга в единстве вины и ответственности» [6, 123].

Таким образом, нами перечислены компоненты характеристики литературной личности, образующие общий портрет литературной личности. Представим это в таблице 1 – Характеристика литературной личности:

Таблица 1 – Характеристика литературной личности

Литературная личность	Компоненты	Содержание
Уровни языковой самореализации	В е р б а л ь н о - с е м а н т и ч е с к и й ( а с с о ц и а т и в н о - вербальная сеть)	Детерминирует индивидуальный стиль писателя, поэта
	лингво-когнитивный (тезаурус)	ценностная иерархия понятий, идей, концептов, мировоззренческих установок, идеологических стереотипов
	м о т и в а ц и о н н ы й (прагматикон)	творческая самоактуализация как деятельностно-коммуникативная потребность (этос, логос, пафос)
Этапы литературного самовыражения	преддиспозиция ориентировка	формирование замысла произведения – <b>как начать?</b>
	инвенция	конструирование содержания литературного произведения с учетом индивидуальных способностей – <b>о чем писать?</b>
	диспозиция	выстраивание имеющихся идей в соответствии с замыслом произведения – <b>как писать?</b>
	элокуция	языковое оформление произведения – <b>для чего?</b>
	редактирование	побуждение рефлексии читателя – <b>как вызвать?</b>
	меморио	запоминание текста (приемы – мнемоника, мнемотехника) – <b>как запомнить?</b>
	акцио	произнесение (чтение фрагмента на литературном вечере и т.п.) – <b>как воздействовать?</b>
Тип личности	прозаический	создание прозаического произведения
	поэтический	создание поэтического произведения
	маргинальный	продукт творческой деятельности – прозаическое и поэтическое произведения
Статус личности	оратора	социальная значимость произведения – требование времени; этика художника слова
	собственно литературный	эстетическая ценность произведения

Определения термина «литературная личность», данные Ю. Тыняновым и Э. Э. Эйдиновой, не противоречат друг другу, а, напротив, дополняют друг друга. Вместе с тем, на наш взгляд, это понятие содержит специфические наслоения: профессиональная языковая компетенция, реализующая тот или иной тип литературной личности, ее риторский и собственно литературный статусы. Данное соотношение можно представить формулой: **ЯЛ + ПЯК** (в зависимости от типа) + **СО** + **ЛС** = **ЛЛ**, где **ЯЛ** – языковая личность, **ПЯК** – профессиональная языковая компетенция, **СО** – статус оратора, **ЛС** – собственно литературный статус и **ЛЛ** – литературная личность.

Литературная личность является сильной языковой личностью, так как она владеет искусством слова, которое проявляется в движении первой по «горизонтальной» и «вертикальной» оси. Литературная личность двигается по «горизонтальной» оси, тем самым создавая текст как таковой. А «вертикальное» движение ее обеспечивает тексту присутствие в нем особой силы – искусства как таинственной и скрытой части содержания произведения. Соответственно, литературная личность обладает повышенной способностью к «индивидуально-образному квантованию пространства». Эта способность проявляется только в художественном произведении.

В характеристику литературной личности, кроме уровней языковой самореализации, этапов литературного самовыражения, типа, статуса ее, включаем еще и личностные параметры. Личностные параметры, в свою очередь, состоят из *постоянных* и *переменных* компонентов. К *постоянным* компонентам мы относим:

1) Биологический (пол – гендер, возраст). Пол литературной личности определяет ее социальную, культурную и когнитивную ориентацию в мире.

2) Генетический, под которым мы понимаем языковую компетентность автора.

3) Психолого-физиологический (тип мышления, стиль и метод мышления, психическое состояние). Кроме того, требуется брать во внимание ее душевное состояние на момент мыслеречевой деятельности (микроклимат в семье, коллективе и т.д.).

4) Этнокультурный (этническая принадлежность, этническое самосознание). Этнокультурный фактор способствует, на наш взгляд, формированию национального типа сильной языковой личности, следовательно, влияет на ее индивидуальный тип. Поэтому посредством изучения языковой картины мира конкретной литературной личности представляется возможным составить мнение о национальной картине мира, отражающей особенности национального менталитета, характера, национальной культуры.

*Переменные* компоненты, на наш взгляд, должны включать:

1) Социальный (место рождения, семейная среда, образование, профессия, принадлежность к определенной конфессии, статус в обществе).

2) Индивидуальный (эстетическое мировоззрение, идиолект – индивидуальный язык) – ценности, идеалы сильной языковой личности позволяют определить и охарактеризовать ее внутренний мир, исследуя особенности индивидуального стиля, своеобразие использования художественно-образительных средств.

Таким образом, в художественном мире конкретной литературной личности особенности ее авторской концептосферы определяются языковыми средствами выражения концепта.

Лингвопоэтический портрет конкретной языковой личности является фрагментом лингвопоэтического портрета национальной языковой личности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность / Отв. ред. Д. Н. Шмелев. – М. : Наука, 1987. – 263 с.
- 2 **Храпченко, М. Б.** Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. – М. : Сов. писатель, 1975. – 408 с.
- 3 **Есин, С. Н.** Писатель в теории литературы и проблема самоидентификации // Филол. науки. – 2005. – № 6. – С. 37-41.
- 4 **Тынянов, Ю.** Литературный факт. – М., 1924. – С. 8.
- 5 **Эйдинова, В. В.** Ю. Тынянов о литературной личности // Филол. науки. – 1980. – № 3. – С. 74-78.
- 6 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества // Вопросы литературы. – 1976. – № 10. – С. 122-151.

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 23.04.14.

*Н. А. Шахметова*

**Концепт жэне тілдік тұлға**

С. Торайгыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 23.04.14 редакцияға түсті.

*N. A. Shakhmetova*

**Concept and linguistic identity**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 23.04.14.

*Мақалада концепті мен тілдік тұлғаның ара-қатынасы қарастырылады. Белгілі бір концептінің көркем шығармада берілуі автордың дара стилін, оның концептуалдық кеңістігін айқындайды.*

*This article discusses the concept of contingency and linguistic identity. Language means of the concept abjectification define individual style of the author, his conceptual space.*

УДК 81'33

**Н. А. Шахметова**

## **РОДОВИДОВОЙ ПРИНЦИП КАК СРЕДСТВО ВЫРАЖЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА**

*В настоящей статье рассматриваются гипонимические отношения терминов определенной терминосистемы. Они определяют особенности научного мышления того или иного народа.*

Терминология как многоступенчатый процесс позволяет обеспечить необходимую системность и точность описания объекта определенной области научного знания.

Каждая терминологическая единица занимает определенное место в терминосистеме и обладает определенным значением, которое не совпадает со значением другого элемента данной системы. При этом термины отражают взаимосвязи явлений и вещей, обозначаемых ими, и это может быть достигнуто «правильной классификацией терминируемой действительности на основе выделения родовых и видовых явлений...» [1, 189]. Иными словами, само развитие научной мысли обуславливает то, что в основе любой терминологической системы лежит родовидовой принцип.

В нашей статье материалом исследования служат термины железнодорожного транспорта. Современный железнодорожный транспорт представляет собой отрасль, включающую ряд взаимозависимых подотраслей таких, как *управление процессом перевозок, строительство железных дорог, железнодорожная автоматика, телемеханика и связь, подвижной состав и тяга поездов, электрификация железных дорог*. Иными словами, это сложный синтез наук, что, безусловно, находит отражение в составе данного профессионального языка.

При выявлении родовидовых (гипонимических) отношений данной отраслевой терминологии мы опирались на научную дефиницию терминов, а также принципы деления объема понятий, предложенные С. В. Гриневым-Гриневичем [2, 83], согласно которым:

- 1) при одном и том же делении необходимо применять одно и то же основание;
- 2) деление должно быть соразмерным;
- 3) члены деления должны взаимно исключать друг друга;
- 4) деление должно быть непрерывным, переход от родового понятия должен быть только к ближайшим видовым понятиям;
- 5) в качестве основания деления необходимо брать не случайный, а существенный признак.

Вначале мы попытаемся определить основные понятия вышеперечисленных подотраслей железнодорожного транспорта.

Подотрасль **Путь и путевое хозяйство**: «путь», «верхнее строение пути», «земляное полотно», «рельс», «балласт», «шпала», «колея», «стрелка».

Основные понятия подотрасли **Подвижной состав и тяга поездов**: «подвижной состав», «локомотив», «вагон», «тяга», «двигатель» (~ внутреннего сгорания), «тормозная система», «кузов», «колесная пара», «рама», «тележка», «ось».

Производственная деятельность подотрасли **Управление процессом перевозок (УПП)** связана с понятиями: «перевозки», «железнодорожная линия», «управление» (в зависимости от уровня), «пропускная способность», «отделение дороги», «железнодорожный узел», «станция», «маршрутизация», «поезд», «график движения поездов», «формирование поезда», «скорость».

Важной составляющей железнодорожного транспорта являются системы, обеспечивающие безопасность движения и его регулирование, в которые входят устройства автоматики, телемеханики и связи. Основными понятиями подотрасли **Железнодорожная автоматика, телемеханика и связь (ЖАТС)** являются: «сигнализация», «централизация», «автоблокировка», «светофор», «сигнал», «сигнальное показание», «стрелочный перевод», «рельсовая цепь», «связь», «радио», «телефон», «канал», «частота», «кабель».

**Энергоснабжение железных дорог** – подотрасль, в задачу которой входит преобразование и передача электроэнергии для питания электроподвижного состава. Ее основные понятия: «ток», «энергоснабжение», «электровоз», «контактная сеть», «контактная подвеска», «тяговая подстанция», ««трансформатор», «напряжение», «преобразователь», «выпрямитель».

Исследование понятийной основы отраслевой терминологии с точки зрения формирования и развития понятий свидетельствует о многоступенчатом характере этого процесса. Существенный признак

предмета или явления, отражающий коренные свойства этого предмета или явления, как правило, обозначается родовым термином.

В связи с научно-техническим прогрессом, т.е. с появлением новых реалий, или с усовершенствованием тех или иных сторон предмета, явления, относящихся к сфере железнодорожного транспорта, возникает необходимость членения родового понятия на видовые. Это изменение находит отражение в развитии исходного термина. Так, например, первоначально термин *locomotive* ассоциировался только с понятием «паровоз» ('steam locomotive'). С изобретением Р. Дизелем в 1897 году двигателя внутреннего сгорания и последующим за этим появлением локомотива с тепловым двигателем, происходит развитие понятия «locomotive», которое становится родовым для понятий «паровоз» ('steam locomotive') и «тепловоз» ('diesel locomotive').

Каждая последующая ступень развития понятия фиксируется рождением нового видового понятия и номинирующего его термина. Появление тепловоза с электрической передачей породило термин *diesel electric locomotive*, а изобретение локомотива на электрической тяге обусловило появление термина «электровоз» ('electric locomotive'). Дифференциация и специализация в использовании локомотивов привела к разработке их различных типов. Отсюда появились и термины, обозначающие соответствующие понятия: *грузовой локомотив* ('freight locomotive'), *пассажирский локомотив* ('passenger locomotive'), *маневровый локомотив* ('switching locomotive'), *магистральный локомотив* ('mainline locomotive').

Дальнейшее углубление научного знания приводит к развитию имеющихся понятий и формированию новых и, соответственно, к формированию отраслевой терминологии. Так, например, родовое понятие «скорость» получило в русской терминологии следующее развитие:

**Скорость:** «фактическая скорость», «разрешенная скорость», «средняя скорость», «постоянная скорость», «высокая скорость», «начальная скорость», «максимально разрешенная скорость», «опрокидывающая скорость», «предписанная скорость», «ограниченная скорость», «скорость движения по руководящему уклону».

И. Меңдіхановтың аталған екі пьесесінің көлемі шағын осы кезеңде жазылған драмалық шығармалар туралы Ә. Тәжібаев: «...бірақ одан бұл пьесаларының маңызы ұсақ, түрі жеңіл екен деген мағына шыға бермеске керек. Кейде кішкене көлемінің ішіне де күрделі мазмұндар, асыл ойлар, отты жырлар жатады » - дейді.

Шындығында да И. Меңдіханов пьесалардың көлемі жағынан болғанымен, үлкен әлеуметтік мәселе көтере білуімен, оның күлкілі бейнелер жасалу арқылы, сатиралық сипат арқылы жеткізуімен құнды.

«Малдыбай» комедиясы - Ишанғали Меңдіхановтың сол кездегі баспасөз көп аталған пьесаларының бірі.

«Малдыбай » - 4 перделі комедия 1910 - 1912 жылдары жазылған. Пьеса оқиғасына қатысқандар - жиырма адам. Бірақ олардың көбі оқиғаға тікелей емес, жанама түрде келіп отырады.

Драматург сол замандағы шындықты, халықты теспей сорған отарлау саясатын диалогтар арқылы көрсеткен.

Комедияның финалы еті тірі кедей Сәлменнің қызы Жібекті қапастан алып шығуы Малдыбайдың жеңілуімен аяқталады.

И. Мендіханов бұл комедиясында характерді ашуда кейіпкер диалогтарын біршама жақсы құра білген.

Тұңғыш қазақ пьесаларының жазғандарының бірі Бекмұхамед Серкебаев - XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының ішінде өзіндік орны бар, сол кезде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Б. Майлин, И. Байзақовпен Замандас болып бірге жүрген қатар әдебиеттің классиктері Ғ. Тоқай, М. Ғафури, Ғ. Ибрагимов, Шығармаларын оқып өскен жазушы драматург, ұстаз. Ол ел ішіндегі надандық қаранғылықты тек өлең, мақала арқылы ғана көрсетіп қоймай, пьесада жаза бастайды.

Бекмұхамед Серкебаевтің әдеби мұрасы біршама. Жиырма шақты әңгімесі, бес пьесасы, бірнеше өлеңі, көптеген әдеби-публицистикалық мақалалары мен естелік жазбалары, ел аузынан жинап жазып алған фольклор туындылары бар. Оның талантты аудармашы болғаны да белгілі. Ол орыс тілінен қазақ тіліне бірнеше кітаптар тәжімалаған. Олардың арасында көркем әдебиет те, саяси-бұқаралық және әскери әдебиет те бар. Солай бола тұрғанмен де жазушының негізгі әдеби қызметі 1910-1935 жылдар аралығына жатады. Осыдан кейін Бекмұхамед Серкебаев өмірінде шығармашылық үзіліс болғанға ұқсайды.

Жоғарғыда мәліметтерден көргендей Б.Серкебаев атында қалған әдеби мұрасыда жиырмаға жуық өлеңдері, бес пьесасы, ел аузынан жинаған қанша фольклорлық туындылары бар. Жазушының негізгі әдеби еңбектері 1910 - 1933 жылдар аралығында жазылған.

Қалай? Неге? 1933 жылы ұлт зиялылары үшін саяси қуғын-сүргін зобалаңы басталып, оның соңы ұзақ жылдарға созылған үлкен нәубетке айналғаны белгілі. Бала күнінен айнымас досы, ақылшысы болған Мағжандай алаш ардақтысы мен “Ғалия” медресесінде бірге оқыған сабақтасы Бейімбеттей әдебиет классигі сталиндік зұлмат құрбандығына шалынғаннан кейінгі үрейлі кезең салдары ма, әлде көреген Мағжан ақылы ма, немесе үкімет билігінде болған Жұмабай Шаяхметов сияқты шәкіртінің көмегі тиді ме, әйтеуір таразыға салып екшеген зерделі азамат жазушылық қызметін дереу доғарып, қалған өмірін тұтастай ұстаздыққа арнаған.

Жас ұстаз ауылда бала оқытуға шыққан өзі сияқты мұғалімдермен тығыз байланыс жасай жүріп, оларды маңайына топтастырады. Көзі ашық жандармен бас қосқан алқалы жиындарда халық ағарту, әдебиет, мәдениет мәселелері туралы пікір алысып, осы мақсатта қолжазба журнал ұйымдастырады. Қолжазба журнал шығару тәжірибесі Бекмұхамедтің қолына қалам ұстап, өлең өлкесіне шындап бет бұруына зор ықпал етеді. Жас ақынның алғашқы балауса жырлары топтастырылған шағын жинағы 1910 жылы “Кітапхана жұрнағы” деген атпен Қазанда жеке кітапша болып басылып шығады. Жинақтың негізгі мазмұны оқу-ағарту, білімге шақыру еді.

Б. Серкебаев Троицкіден шығып тұрған қазақтың әдеби саяси журналы «Айқап» пен Орынбордан жарық көрген «Қазақ» газеттерінің белсенді авторларының бірі болды.

Б. Серкебаев ел ішіндегі надандық, қаранғылықты тек өлең мақала арқылы ғана көрсетіп қоймай пьесалар жаза бастайды.

Татар оқығандарының әсері болар медреседе оқып жүрген жылдарында Б. Серкебаев алғашқы пьесаларын өмірге әкелді. Оларды атап айтсақ «Жер дауы» (1912) осы пьеса жұртшылық арасында кең қолдау тауып, сол 1912 жылы Петропавл уезінің Бабасан деген жерінде жазғы жайлау кезінде бала оқытып жүрген мұғалімдер күшімен қойылады. Пьесаның түп нұсқасы жоғалған, мазмұны драматургтың естелік жазбасынан алынды. Басты рөлдерде Сәбит Дөнентаев, Иса Байзақов ойнаған. Драматургтың екінші бір үлкен сүбелі шығармасы үш перделі күлдіргі “Бақсы”(1914) пьесасы. Бұл туындының негізгі тақырыбы – ескілік, надандық шырғамауындағы салт-санаға қарсы аяусыз күрес, халықты алдап күнелтіп жүрген жалған бақсы-балгерлердің сұрқия іс-әрекетін әшкерелеу. Пьеса алғаш рет 1919 жылы “Балгер” деген атпен Омбыдан 30-40 шақырым жердегі Сарықазак және Қырыққұдық ауылдарында қойылды. Бақсы рөлін Иса Байзақов сомдап, ел ризашылығына бөленеді. Пьеса қойылымын құттықтап Смағұл Садуақасов ел ішінде алғаш қойылған пьеса ретінде атап, Омбыда шығып тұрған “Советская Сибирь” газетіне мақала жазады. Кейін бұл шығарма Павлодар облысының бірнеше ауылында қойылып, бақсы бейнесін тағы да Иса Байзақов пен Сәбит Дөнентаев шебер ойнап шығады. Ал бірге алып, беске сағатын жылмаң саудагердің озбыр қылықтарын әшкерелеуге арналған “Қызыл бұзау”(1913) пьесасы 1920 жылы Қызылжар қаласында сахналанады. «Әйел тендігі» (1915), «Ғазиза» (1915) драмалық дүниелері еді. “Ғазиза”, “Әйел тендігі” пьесаларының негізгі тақырыптары – қазақ әйелінің бас бостандығы, жастар махаббатын қорғау, әйелдің қоғамдағы орнын айқындау. 3 актілі “Ғазиза” пьесасы Көкшетау облысының Қызылту ауданында Бекен аудандық халық соты болып жүргенде 1922 жылы жергілікті өнерпаз жастардың күшімен жұртшылықтың мәдени-рухани тұрмысын көтеру мақсатында қойылады. Ал екі перделі “Әйел тендігі” пьесасы 1915 жылы Павлодар қаласында орыс мектебінде оқып жүрген жастар күшімен сол қаладағы жатақта қойылады. Пьесаның желісін тартқан Сәбит Дөнентаев та, қоюға Сәбит пен алаш қайраткері Хабиболла Барлыбаев күш жұмсап, ат салысады. Екі пьеса да үлкен табыспен өтеді.

Олардың ішіндегі ҚРҰҒА Орталық ғылыми кітапхана қорына тапсырылғаны - «Бақсы», «Әйел тендігі» пьесасы «Жер дауы» пьесаның 1912 жылы жазылғаны туралы мәлімет бар алайда оның түп нұсқасы жоғалған. Осы «Жер дауы» - қазақ драматургиясындағы алғашқы пьесаларының бірі. Б. Серкебаев медресені 1915 жылы аяқтап, елге қайтады. Оқу ағарту жұмысымен айналысады. Бұдан кейін орысша оқу қажеттілігін байқайды



да, Павлодарда ақы төлеп орысша оқиды. Осы уақытта қазақтың көрнекті ақындары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаевпен танысады.

Бекмұхамед Серкебаевтың драмалық шығармалары шындыққа толы, сюжеті нақтылы өмірден, қарапайым халық тұрмысынан алынған, әділетсіз заманның келеңсіз көріністерін сынап, көкейкесті мәселелерін тілге тиек етеді. Жоғарыдағы туындылар пьесалар туралы көрнекті драматург Шахмет Құсайынов пен әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ысқақ Дүйсенбаев бірлесіп жазған “Қазақ театр көркем өнері тууының алғашқы қадамдары” атты зерттеуінде: “Бекмұхамед Серкебаевтың бұл пьесаларының құндылығы мәдениетіміздің жоқа тән кезінде, жыртық үйден түскен сәуле тәрізді қараңғы халықты ағарту деген үмітке жетелеуінде” деп жазса, өнертану ғылымының докторы, профессор Бағыбек Құндақбайұлы “Бақсы”, “Ғазиза”, “Жер дауы” пьесалары туралы айта келіп: “Б. Серкебаевтың бұл үш пьесасының үшеуі де баспа көрмей, қолжазба күйінде оқушы жастардың күшімен Омбы, Петропавл маңында қойылды. Пьесалар өзінің көркемдік сапасының төмендігіне қарамастан, орыс мәдениетінің әсерімен революциядан бұрын жазылған қазақ пьесаларының тырнақалдысы. Бұдан бұрын ақындар айтысын жасап, ән салу, домбыра тартумен шектеліп келген алғашқы қазақ сауыққойлары енді, өз әлдерінше, пьеса жазып, оны сахнаға шығаруы — жаңа өнердің төл басы іспетті” деп ерекше атап өтеді [2.106.].

Автор негізгі шығармаларының бірі - үш перделі, күрделі «Бақсы» пьесасы. Бұл шығарманың тақырыбы сол кезде халықты алдап-арбап жүрген Жұрынтай бақсының іс-әрекеті, осыған қарсы шыққан ауыл мұғалімі мен орыс дәрігерлері және ауырып жатқан үй иесі Бақтыбайдың кіші баласы Естайдың ел ішіндегі қараңғылыққа қарсы күресі көрсетіледі.

Мазмұны жағынан бұл туынды Бейімбет Майлиннің «Шаншар молда», «Неке қияр» пьесаларына ұқсас, себебі төңкеріске дейінгі кезеңде қазақ драма жазушыларының көп көңіл аударатын тақырыптарының бірі ел ішіндегі надандық, жожа - молдалардың ісі қараңғылық.

Бейімбет Майлиннің «Шаншар молдадағы» кейіпкерлері күнделікті өмірде өз құлқыны үшін елді алдап, іштікі жазып, деп салумен айналысса, Б. Серкебаевтың «Бақсысындағы» Жұрынтай бақсы одан да гөрі қауіптірек. Оның надандығы сонша, адам өміріне зиян - алмасты Бақтыбай шалға ішкізеді. Жас қыздың көзіне тотияйын салады. Адам тағдырына жауапсыздықпен қарайды.

Қазақ ауылындағы ауыл сахна қойылған Б. Серкебаевтың қолжазба пьесалары үлкен өнерге деген бастаудың көзі болғандағы көрінеді. Бұл орайда әдебиетші ғалым С Ордалиев өз еңбегінде Б. Серкебаевтың - өзі автор, өзі актер, өзі - режиссер болып, пьесаны ел арасында қойғаны туралы айтқаны нақты дәлел болды.

Б. Серкебаевтың пьесалары - өз заманындағы халық тұрмысының шындығын суреттеген, сол кездегі елдің көкейінде жүрген мәселелер арқау болған шығармалар.

ҚР ҰҒА - ның академигі, филология ғылымының докторы профессор Р. Нұрғали өзінің «Қазақ драматургиясы» атты зерттеуінде: «Ертеректе әр түрлі той - томалақта, сауық кештерінде «Ғазиза», «Жер дауы», секілді қол жазба күйінде тараған шағын пьеса инсценировка үлілері қойылып жүрген. Надандықпен күрес, тендік мәселесі - бұлардың ортақ тақырыбы» - деп атап көсеткендей, әшкереленіп, сыналуға тиіс надандық, қараңғылық мәселесі сол уақытта жазылған қазақ пьесаларының басты оқиғалық негізі болды. Түйіндей келгенде, Бекмұханбет Серкебаев қазақ драматургиясының бастау кезінде тұрған, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар тұлға [2.286.].

Патша өкіметінің қысымына қарамай ХХ ғасырдың басында кітап басу ісі біршама ілгері жылжыды, әр түрлі басылымдар басылып шығара бастады бұрын тек ауыз әдебиетінің үлгілері жарияланса, енді белгілі авторлар бар бірнеше роман, бір драмалық шығарма жарық көреді ол - Көлбай Төгісовтың «Надандық құрбаны» драмасы. Үш перделі пьеса 1915 жылы Уфа қаласында «Тұрмыш» баспаханасынан жеке кітап болып басылып шықты. Кітапшаның алғы беттерінде Көлбайдың «Зармыз», «Құрбыма», «Қайғы», және тағы басқа өлеңдері басылды. деп қазақ халқын ілгері бастырмай жүрген надандықтан, қараңғылықтан арылып, ақ жолға түссе деген ниетін білдіреді.

Пьесасының сөз басында ол «Қырда болып жатқан көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенше жазып, қазақ жастарына ұсынамын. Егер де ұнаса һәр шаһарда, һәр ауылда ойнап қазақтың өз көздеріне көрсетсе мұндай жолдан тиылар еді деп үміт қылам», - деп қазақ халқын ілгері бастырмай жүрген надандықтан, қараңғылықтан арылып, ақ жолға түссе деген ниетін білдіреді.

Пьесаның негізгі идеясы – қазақ халқын ілгері бастырмай, аяғына тұсау болып келген рулық-патриархалдық салт-дәстүрді жою. Бұл тұста Көлбай ел арасында сараңдықты, пасықтықты, надандықты ашып көрсетпек болады. Пьесаның «Надандық құрбаны» аталуы да сондықтан.

Пьесаны жұртшылық қуана қарсы алып, қалаларда, ауылдарда «ойнады». Омбыдағы Қазақ оқушыларының демократиялық советі (Ө. Досанов, Т. Арыстанбеков, Ж. Сәдуақасов әдеби кеш ұйымдастырғанда осы пьесаны қояды. Алайда, пьеса кітап болып шыға салысымен бірден сынға ұшырады. М. Дулатов көрсеткендей, бұл пьеса мазмұны жағынан кемшілікті болса да, тақырыбы қарапайым, халық тұрмысындағы келеңсіз көріністерді сынға алған өз кезеңіндегі бірден-бір туынды еді.

Тұңғыш қазақ драмасын жазған, «Алаш», «Үш жүз» сияқты алғашқы қазақ газеттерін шығарған, «Үш жүз» партиясын құрып, халқының тендікке жету үшін күрескен алаш арысы Көлбай Төгісов патша билігі заманында

елінің мұнын мұндап, әділетсіздікке қарсы тұрғаны үшін Өскемен, Семей түрмелерінде отырды, Қапалда айдауда болды. Азамат соғысы жылдары әуелі қызылдардың, соңынан ақтардың түрмелеріне қамалды. 1919 жылы 19 сәуірде Колчак жендеттері атып өлтірді. Бүкіл өмірі халқына қызмет етудің үлгісі болған ардагер.

Ескі қазақ ауылындағы надандық күнделікті күйбен тіршілік әлеуметтік қайшылықтармен қазақ әйелдерін басындағы айытпас мұң - осыларды К. Төгісов. шығармаға тақырып етіп алған. Қатысатын кейіпкерлер саны - он жеті. Байжан болыс, оның бәйбішесі Рабиға, тоқалдары Нүриля мен Майсара, Нүрилядан туған жалғыс баласы - Жақып, Шабарманды Ғали мен Назар елді алдып күн көріп жүрген сүйлемес молда шешеке қарсы дәрі егетін Андрей фельдшер, болыстың замандасы Аманбай би саудагер Тоқсанбай, оның әйелі Жамал қызы Хадиша, қыздың жеңгесі Фатима оқыған жас жігіт Аспандияр. әр кейіпкердің атын бере отырып, жас мөлшерін кім екенін көрсетіп отырған.

Автордың алдына қойған мақсаты - сол өзі өмір сүрген уақытта қаранғы ел, көз бояуша молдалар, бақсы - балгер, обыр болыс, жас қыздарды өмір көріністерін көркем шындықпен берген.

Автор драмада жақсылық пен жамандақты қатар алып отырған.

К. Төгісовтің «Надандық құрбаны» атты драмасында қазақ халқының қиын- қыстау күндері суреттеледі. Болыстардың халықты билеген кездегі көрсеткен озбырлықтары, аранын ашқан билердің халықты қан қақсатуы, аса бір қиын кездер көрсетілген.

XX ғасырдың басында жазылған пьеса авторлары - Б. Серкебаев, К. Төгісов, И. Мендіханов қазақ елінің, қазақ халқының тағдыры жайында ойланады, демократиялық ағартушылық, бостандық идеяларын, өз шығармаларын жеткізгісі келген, жеткізе де білген. Бұл шығарма авторларының уақыт талабына өзіндік үн қосу еді. Қазақ драматургия тарихында сахна этикасы мен сөз өнерінің көркемдігін дамытуда алғашқы қазақ драматургтерінің есімдері ерекше болары сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әуезов, М.** Уақыт және әдебиет. – Алматы : ҚМКӨБ, 1962. – 333 б.
- 2 **Нұрғали, Р.** Драма өнері. – Алматы : Санат, 2001. – 571 б.
- 3 **Тәжібаев, Ә.** Қазақ драматургиясының туу және қалыптасуы. – Алматы : Жазушы, 1971. – 350 б.
- 4 Тұңғыш қазақ пьесалары// Ақиқат. 2006, №2, – Б 84-87.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 28.05.14 редакцияға түсті.

*А. Ф. Зейнулина*

### **Идейно-художественные особенности первых казахских пьес**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 28.05.14.

*A. F. Zeinulina*

### **Ideological and artistic peculiarities of first Kazakh plays**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 28.05.14.

*В настоящей статье представлено описание социальных аспектов и идейно-художественных особенностей первых казахских пьес. Также проведен анализ создания драматических образов.*

*This article describes the social aspects of ideological and artistic features of the first Kazakh plays. Also there was an analysis of the creation of dramatic characters.*

ӘОЖ 8 82.151.212.2

**А. Ф. Зейнулина**

## **ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС ПЕН СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК**

*Мақалада ақынның өзіне тән стилін, қазақ поэзиясындағы ұлттық қолтаңбасын таныту мен ұлттық көркем ойлау жүйесін қалыптастырудағы поэтикалық шеберлігі қарастырылады. Ақындық лабораториясының суреткерлік ұстанымы мен көркемдік табиғатына пайымдау жасалынады.*

Кез-келген көркем шығарманың санасын әділ айқындап, баға беру үшін, оқырмандық түйсіктен тыс, арғы-бергі уақытта өмір табалдырығынан аттаған кемел шығармалар арқылы қалыптасқан эстетикалық биік талғам тұғырына табан тіреген биіктіктің керектігі кімге болса да мәлім ақын аталмыш салаға бел буып кіріскендіктен де, жатпай-тұрмай оқып-ізденуге талпындырады..

Ақын әуелі өзінің жан дүниесін, сол арқылы өз буынының өмірін танытуы керек екен. Бұл – белгілі бір кезеңді бейнелеу, уақыт суретін салу деген сөз. Ал кіммін, кім едім, кім болдым, кім болуға тиіспін деп тығырыққа тіреледі.

Ұлттық калорит – қайсыбір өнердің болсын келбетін мүсіндеп, көркін ашар, оған шытынамас берік ұстын, ұзақ ғұмыр сыйлар қасиет. Ол поэзияда ақынның мінезі мен тілдік қорынан, жырламақ объектісін таңдап-талғауы мен көру ерекшелігінен құрала келіп, айқын сипатқа ие болды. Туған халқының атынан сөйлеуге қақысы бар тұлғалы қаламгері дүниеге әкелетін де, оның дара болмысын, өзге әдебиеттегі өз тұрғыластары арасындағы орнын сездіретін де осы. Аталмыш көрнекті ақындардың одақтық аренадағы дауыстарын әсте шатыстырмайтынымыз секілді, қай-қайсысынан да мол үйренген Қадір Мырза Әлиді де өзге ақынға ұқсату қиын.

Қысқа толғаммен көп мағына беруді мақсат санайтын, айтарын селкеусіз, табиғи жүйемен жеткізуді күйттейтін ақынның өзіндік болмысына орай өлшеусіз әсер еткен, үрдіс үлгі болған нәрсе – халқымыздың «іші алтын, сырты күміс» нақылдары мен мақал-мәтелдері, жыраулардың түйдектелген ойларға толы термелері еді.

Ақын оқырман өресімен санасып, мүмкіндігінше айқын, жатық тілмен сөйлеуге, түрлі сәттердегі көңіл-күйді, психологиялық иірімдерді дәл басып, нақты бейнелеуге деген ұмтылыс бірте-бірте табиғатына сіңіп, қандас мінезіне айналып кеткені соншалық, лирик Қ. Мырза Әлидің шығармашылығында да осынау бірегей көркемдік сапа белгілері басты ерекшеліктердің бірі ретінде көрініс тауып, қазақ поэзиясының ұлттық мінез – келбетін танытты.

Бүгінгі Қадыр Мырза Әли ақындығы – қазақ поэзиясындағы философиялық тенденцияның белді өкіліне айналған, ел үмітін, халық сенімін арқалаған үлкен санаткер. Бір-бірімен байланысып, үндесе жалғасып жатқан кітаптардағы ортақ лирикалық кейіпкер бойынан адамзат баласының мәңгілік мұратынан саналатын асыл қасиеттердің жарқырай көрінуі оның тұлғасын одан сайын толықтырып, шын мәніндегі уақыт перзенті болғандығын дәлелдейді.

Лирикалық кейіпкер түрлі мәселелер төңірегінде түйген ой, топшылаған тұжырымдарын, сыры мен шынын біртіндеп жеткізбес бұрын өзін таныстырып, жарқын мінезімен жаныңды баурап алады, сүйсінтеді, ғашық қылады.

Монологын:

*Аққан уақыт зымырап,*

*Көңілге сыр құйып кет! [1, 147]*

– деп бастайды ол, осынай дүниенің қызығын да, қайғысын да, қуанышын да азап-мұңын да бөлісуге даяр ниетпен. Әрине, оның арман-мұраты – жақсылықпен жанарын сусындатып, ізгілікпен қауышу:

*Бұлт боп тауда дем алып,*

*Тың далаға аттанам.*

*Ашса біреу жаңалық,*

*Авторындай мақтанам!*

*Аттан десе Сібірге,*

*Отан сөзін құп алам.*

*Сәби келсе өмірге,*

*Әкесіндей қуанам!*

*Осылайша гмәнда,*

*Жырсыз күнім өтпейді.*

*Келген бақыт адамға,*

*Маған соқпай кетпейді! [2, 105]*

Лирикалық кейіпкер өзін таныстырып болғаннан кейін, «адам боп қалу» жолындағы күресте көргендері мен қорытқан ойларын батыл әңгімелейді. Адам жаратылысындағы күрделілікке, өмірдің жұмбақ та, құпия құбылыстарына үңіліп таңданады, тебіреніп, тың байламдар жасайды. «Биіктен құламайды, биікке шықпағандар», «қорқақтар болсам дейді батылырақ, тек ақымақ болсам демес ақылдырақ», «қуаныштың құнын да көтеретін қайғы, мұң», «қателіктен қорықсаң, соның өзі қателік» - міне, мұның барлығы бұрыннан белгілі жағдай болып көрінгенімен, үлкен парасат иесінің аузынан шығар әрі қарапайым, әрі терең философия. Бұлардың баяндалған пайымдаулардан табиғи түрде туындауы әсерін арттырып, айна-қатесіз ақиқат екенін мойындатады.

Кітаптың екінші бөлімінде де ақынның өз өлеңінен келтірілген эпиграф бар. «Көкжиекте көзім де, айналада құлағым». Лирикалық кейіпкер бұл бөлімде туған жер табиғатын тамашалайды. Мұнда тарқатыла келіп түйінделетін философия жоқ, нақтылы көрініс, дәл теңеулер арқылы жасалған көркем де тартымды картиналармен ұшырасамыз. Жаңалығы да, артықшылығы да сол – ақын дала сұлулығын заман тілімен бейнелейді.

*Сен алып пластинка дөңгеленген,*

*Инең боп тұрады ылғи ән салғым кеп [1, 161].*

Бұл – сурет, сонымен бірге, поэтикалық ұшқыр ой да сыйғызылған толғам. Лирикалық кейіпкердің дидарын айқындайтын факторлардың бірі – оның көру, қабылдау, түйсінудегі даралығы болса, ақынның «мартен пештің ауызындай көкжиекке батты күн», «күзелген шөп – даланың төбе шашы тік тұрған», «планерлер тәрізді ұшып-қонған шегіртке», «төрт түліктің нанындай төрт бұрышты маялар», «түтіні жер ошақтың – бейбіт күннің жалауы», «төгіп тұрған ақ жаңбыр – дір-дір еткен экран» - деген тіркестердегі теңеулері өзіне лайық жүгі бар, тапқырлықпен қолданылған бояулар.

*Ақындық өнердің азабы мен айрықша құдіреті хақында.*

*Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді,*

*Ақындық пен батылдық екі беті медальдың,*

*Жанар таудың сөнгендері – даңқты,*

*атылмаған жанар таулар қауіпті [1, 187]*

– деген жолдары нақылға айналып кеткен өлеңдердің басын құрайтын бұл бөлімнен оның эстетикалық көзқарасын, биік мұратымен өзіне де, өзгеге де қояр қатаң талабын танаймыз.

*Бір-біріне ұқсамайды ақындар!*

*Ақын түгіл ұқсамайды жақындар.*

*Ұқсай берсе бәрін қойып халайық,*

*Тек біреуін-ап қалуға қақың бар! [1, 189]*

– деп жырлаған Қ. Мырза Әли өз тұрғыластары тұяқ кешті құрған тақырып, - соғыс құрбаны болған бақытсыз балалық шақ, бейбіт күн қадірі туралы қалам тербегенде де суырылып дара шығуға, жазылмаған, айтылмаған, жазылған, айтылған күнде де шегіне жеткізіле көрсетілгенін, байыпталмаған жайларды жан кіргізе өрнектеуге, соны сүрлеу салуға құлшынады.

Ақын халқымыздың өткеніне бүгінгі перзент көзімен һәм кемеңгер бабалар көзімен қарайды. Даланың дархан тіршілігі, көмескі тартып бара жатқан кейбір жарқын бояулар келмеске кеткен кесірлі заманның тартқызып трагедиясымен қатар өріліп, тарихи шындық бүкіл қайшылығымен суреттеледі және бір сүйсінтерлік жақсылық – оқырман жалаң картиналарды, ендігі экзотикаға айналған көріністерді қызықтап қалмайды, астары мол, ұқтырары ұшан-теңіз философиялық түйіндермен табыстырады. «Асау» деп аталатын өлеңге тоқталалық. Бастапқы алты шумақта бұрын-соңды құрық тимеген құр асаудың бас үйретілуі динамикалылықпен тамаша сипатталады. Егер сол күйі тәмамдалса да өзіне тиесілі жүкті көтеріп тұрған өлең ретінде өмір сүрері сөзсіз. Бірақ, ақынның онымен шектелмей, «екі езуі қызыл қан, тұла бойы ақ көбік» асауды:

*Келді бірақ ақырын,*

*Кеудесінде жаны бар.*

*Еркіндіктің қадірін*

*Ұқты білем жануар!*

– деп аяуында үлкен сыр бар. Ойлы суреткердің көңілінде тосыннан бой көрсеткен философия деуге де, болмыстың өзінен туындаған өрелі толғам деуге де болады.

Тақырыпқа сәйкес, «Бәйге», «Көкпар», «Қыз куу», «Күрес», «Бата», «Бөрі бүлік», «Күндестер», «Барымта», «Көш» секілді өлеңдерді жоспарлы түрде жазуға мәжбүр жағдайда қалған ақын фотографиялық баяндауға ұрыну қаупінен қатты сақтанған. Әрқайсысынан әр қилы көркемдік шешім жасау, әрқайсысына табиғи түйін табу қиындығынан сүрінбей өткен.

Бұған мысал – бәйге туралы өлеңінің:

*Озған озды*

*Әлі аттар өтіп жатыр.*

*Өтіп жатыр,*

*Көңілсіз кетіп жатыр.*

*Үлестіріп бәйгесін ақсақал тұр,*

*Ал, өзіне атағы жетіп жатыр,*

– деген, ұлттық характерді ашатын, әдемі де әсерлі шумақпен аяқталып, көкпар туралы өлеңнің мүлде басқа ұстынға табан тіреуі.

*Көкпарды,*

*Құрбан төліңді*

*Тартқанмен көңіл хошында,*

*Тартысып өткен елімнің*

*Таңбасы жатыр осында!*

Тарихи шындық, ащы шындық поэтикалық логика күшімен күтпеген жерде көлденең тартылған.

Бұған мысал – «тартысып өткен елдің» бітпес дауының бірі болған барымта туралы өлеңінің:

*Жігіт жинап ел басы,*

*Шашын жұлды жасық ұл.*

*Кешегі істің жалғасы,*

*Ертеңгі істің басы бұл!*

– деген шумақпен түйінделуі, алдында айтылған ойдың қайталанбай, негізі сол төңіректен табылса да, соны қырымен жеткізілуі...

Өрлікпен, өжет мінезбен мақтана сөйлеуінен күңгірт, кереғар пікірлер тайталасын емес, перзент махаббатын, сонымен бірге, екінің бірінің пешенесіне жазылмаған парасаттылықты танаймыз. Бұл парасаттылық, -

*Менің бабам күйдірген қыр аптабы,*

*Көшіп-қонып,*

*Ұрпағы тұрақтады...*

*Біздің тарих –*

*Бұл да бір қалың тарих,*

*Оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы! [1, 243]*

– деп өкінуден, айналасына азамат көзімен барлау жасап, базыналы көңілге бір сәт жұбаныш болар жарқын іс атқаруды борыш санаудан туған.

Ақын бұл бөлімде халқымыздың тарихы мен табиғатынан, ұлттық мінезі мен болмысынан мұрат тұтарлық жақсылық пен сабақ боларлық жамандық атаулыны қағаберіс қалдырмай, қалт жібермей, түп тамырынан дәл басып ұстап, уақыт таразысына салады, ұлағатты тұжырымдар қорытады...

Бір-ақ өлеңге назар аударалық:

*Бабамыздың шоқ басқан табынымен*

*Бірдей екен жақсысы жаманымен.*

*Бір жаманы – тынымсыз көше берген,*

*Бір жақсысы – қимаған даланы кең.*

*Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,*

*Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.*

*Бір жаманы – кетпенге орашолақ,  
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.*

*Бір жаманы – кешігіп әліпте ашқан,  
Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.  
Бір жаманы – қыздарын малға сатып,  
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.*

*Бір жаманы – шаруасын маңдытпаған,  
Бір жақсысы – құлықпен жанды ұтпаған.  
Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,  
Бір жақсысы – жесірін қаңғырпаған.*

*Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тоңып суықта, бір мұздаған.  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған [3, 13].*

Тарихи шындықты тереңнен қопарып, тұтас алып жырлау және осыншалық көрегендікпен, осыншалық ойлылықпен, суреткерлікпен жырлау – қазақ поэзиясында Қ. Мырзалиев шығармашылығына ғана тән құбылыс.

Қазақ халқы тарихының поэтикалық шағын шежіресі деп атауға болатын «Дала дидары» кітабымен Қ. Мырзалиев поэзиямызды жаңа сатыға көтерді, ақындық палитрасының кеңістігінің кеңдігін танытты.

Әр кітап сайын әр қырынан көрінуді, өзін-өзі қайталап шиырламай, соныға ұмтылуды, шығармашылығында да серпіліс жасауды құп санайтын Қадыр Мырзалиевтің үшінші бір кемел туындысы – «Бұлбұл бағы» сол асыл сезімдер пернесін басатын тақырыптарға құрылған.

Ақын үшін, азамат үшін ең бір киелі нәрсе – туған жер. Әрине, ана да, әке де, сүйген жар да, өмірінің жалғасы – перзент пен поэзия да, адал достар да оның осынау ғаламда еш қылау түсірмес қымбаты. Дегенмен де:

*Күндердің бір күнінде салып ажал қармағын,  
Әкесі ұлын жоғалтса – жоғалтады арманын.  
Өмірге өлім өзінің жасайды әсте жаттығын,  
Ана қызын жоғалтса – жоғалтады шаттығын.  
Жүрегінің лағылы, жүрегінің жақұты,  
Жігіт жарын жоғалтса – жоғалтады бақытын.  
Уа, туған жер, көңілдің сенсің бірақ төрінде,  
Сені мәңгі жоғалтқан – жоғалтады бәрін де!*

Лирикалық кейіпкер «Дала дидарында» көбіне тарихқа үңілсе, «Бұлбұл бағы» кітабында бүгінгі далаға сыр шертіп, оның қадір-қасиеті мен өзінің перзенттік парызы хақында, мәңгі суымас кіршіксіз махаббаты хақында толғайды.

Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлы сезімді дәріптеу арқылы емес, дәлелдеу арқылы, баяндау арқылы емес, байыптау арқылы жеткізеді.

*Осы өмірдің өзінің азсынғандай азабын,  
Ойлап тапқан зұлымдар неше түрін жазаның,  
Ойлап тапқан аяққа болат кісен салуды.  
Ойлап тапқан арқадан таспа тіліп алуды.  
Ойлап тапқан сауырға күйген темір басуды,  
Ойлап тапқан арқанмен буындырып асуды,  
Ойлап тапқан тірідей қабырғаны сөгуді,  
Ойлап тапқан өлтірмей қара жерге көмуді...  
Бірақ соның бірі де жасытпаған батырды,  
Бірақ соның бірі де жасытпаған ақынды!  
Сосын патша оларды қанатынан қайырып,  
Жер аударып бастаған, туған жерден айырып,  
О, зұлым-ай, зұлым-ай!  
О, ант атқан, ант атқан!  
Осал жерін ерлердің қалай ғана дәл тапқан! [1, 75]*

Тарихтың талассыз шындығынан құдіретті философиялық ой туындату, ақындық мәрттікті таныту, азаматтық ұстанымының биіктігін көрсету Қадір ағамызда үлкен қасиет болып саналатын.

Цикл осынау өлең идеясы төңірегінде тарқатылып, ұлттық сана-сезімнің оянуына ыждағатты ықпалын тигізер патриоттық рухта дамытылады.

Жеті бөлімнен тұратын осы бір жинақтың екінші, үшінші бөлімдерде ақын аға-ана алдында мәңгі борышкер көңілмен тебірене отырып жыр толғайды. Бұларда өз өмірбаянына қатысты оқиғалардың қамтылуы оны бұрынғыдан гөрі сыршыл ете түскендей. Жанының тереңіне жасырулы күйі жүрген кейбір жайларды, айтылмаған күнде азапқа салар зар шынын бүкпесіз баяндады.

Анасына үлкен мақсат қуып, «амалсыздан жырақта жүргенін» айта келіп:

*Парыз деген бар екен зой қорғасын,  
Соның маған беріпті мың дорбасын.  
Мың дорбаны ертелі-кеш арқалап,  
Қия алмай-ақ қойдым жырдың ордасын.  
Қайтемін?!  
Білесің зой маған сенен жоқ асыл,  
Көкірекке сағыныш боп толасың.  
Сен Батыста, мен Шығыста жүрмес ек,  
Қия алмай-ақ қойдым әкем моласын!  
Қайтемін?! деп мұңын шағуы өзінің өміріне ғана байланысты ақиқат ретінде бір толғандырса, уақыт шындығы ретінде екі толғандырады.  
Өлерде кемсеңдеп,  
Өбін ем бетімді.*

*Жалғыз ем мен сенде*

*Жүрегің секілді.*

*Қинады сол сені!*

*Жарығым сөнгендей,*

*Жоғалттым шуақты*

*Жалғыз ең сен менде*

*Туған жер сияқты.*

*Қинады сол мені! [3, 13]*

Ол туған халқымыздың терең тамырлы әдебиетінен, батыс классиктері пен шығыс шайырларынан мол үйреніп, санаулы қаламгерлеріміздің қатарынан орын аларлық істер тындырады.

Қадыр Мырза Әли – Қазақ Елінің ұлттық үнін шартарапқа танытқан ұлы ақын. Оның шайырлық қасиетінде нағыз қазақи мінез, болмыс, өрелі ой – пайымы жатыр. Оның поэзиясының мәңгілік мәнділігі де осында!

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Мырзалиев, Қ.** Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы : Қазығұрт, 1989. – 448 б.

2 **Әбдіраш, Ж.** Парасат. Парыз. Пайым: Әдеби сын. – Алматы : Өнер, 2001. – 312 б.

3 **Мырзалиев, Қ.** Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы : Қазығұрт, 1989. – 432 б.

С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.  
Материал 28.05.14 редакцияға түсті.

*А. Ф. Зейнулина*

**Художественный метод и описательное искусство в творчестве  
Кадыра Мырзалиева**

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайғырова, г. Павлодар.  
Материал поступил в редакцию 28.05.14.

*A. F. Zeinulina*

**Artistic method and descriptive art in the works of Qadir Myrzaliev**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.  
Material received on 28.05.14.

*В статье рассмотрены самобытный стиль поэта и его поэтическое мастерство в контексте становления национальных признаков и системы национального мышления в казахской поэзии. Также сделан акцент на оригинальную позицию мастера и художественное многообразие его произведений*

*The article describes the original style of the poet and his poetic skills in the context of developing a system of national characteristics and national thinking in Kazakh poetry. Also there is emphasized on the original position of the master and artistic diversity of his works.*

## НАШИ АВТОРЫ

**Абдуов Мухамадгали Илиясулы** – д.ф.н., профессор, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Абикенова Г. Т.** – д.ф.н., Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей.

**Акылбаева А. Г.** – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, специалист Отдела полиязычного образования, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина.

**Алтысбаева Айман Кикимовна** – старший преподаватель кафедры казахского языка, Карагандинский медицинский университет, г. Караганда.

**Аниева Нургуль Галымкызы** – магистрант кафедры казахской филологии, Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.

**Асанбаева Елдана Бахыткызы** – студент 3 курса, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

**Ахметова Л. М.** – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Баратова Мухаббат Нуржауовна** – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Башова Б. Ш.** – магистрант, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

**Бекжанова Жазира Ербулатовна** – докторант PhD, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы.

**Бекжигитова Зарина Сериковна** – преподаватель, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Бурмистрова Валерия Алексеевна** – к.п.н., зав. кафедрой иностранных языков КГМУ, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

**Динаева Бекзат Бегалыкызы** – к.ф.н., доцент кафедры общего языкознания и переводческого дела, Ассоциированный профессор Региональной Академии Менеджмента (доцент), Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

**Досанова Алтынай Жапаровна** – к.п.н., доцент, Университет “Туран-Астана”, г. Астана.

**Ержанова Алма Сабыржановна** – старший преподаватель кафедры казахского языка, Карагандинский медицинский университет, г. Караганда.

**Ергалиев Қуаныш Советулы** – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

**Жарылганов Жансия Жангазыулы** – д.ф.н., профессор, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Жакупова Шолпан Серкеновна** – к.ф.н., доцент кафедры иностранных языков, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

**Жолдасова Улжан Маханбетовна** – магистр, преподаватель, кафедра Казахская литература и восточная филология, МКТУ имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.

**Жумабекова Аягоз Абдрахымкызы** – магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, г. Шымкент.

**Жусупов Нартай Куандыкович** – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Зейнулина Айман Файзуллоевна** – к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Ибраева Эльмира Ериккызы** – докторант PhD 3-курса, факультет журналистики и политологии, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

**Канабекова М.** – Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

**Масабаева Гаухар Кошимбаевна** – преподаватель кафедры казахского языка, Карагандинский медицинский университет, г. Караганда.

**Нурмаханова Ж. Б.** – магистрант, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

**Орманова А. А.** – магистрант, Университет «Туран-Астана», г. Астана.

**Оспанова Б. М.** – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Рахымжанова Айзада Буркиткызы** – магистрант 2-курса филологического факультета, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Сабитова Самал Аскарровна** – магистрант филологического факультета, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Сарбалаев Жаксыбай Турсынович** – Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Сафаргалиева Айгуль Ыскаккызы** – к.п.н., доцент кафедры русского языка, Казахский национальный технический университет имени К. И. Сатпаева, г. Алматы.

**Сизов Дмитрий Владимирович** – к.ф.н., доцент кафедры русского языка, Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда.

**Сматова А. Ж.** – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, преподаватель кафедры иностранного языка, Евразийский гуманитарный институт.

**Смольникова Елена Ивановна** – магистрант, старший преподаватель кафедры «Русская филология», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Суюнова Г. С.** – Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

**Тентекбаева Жулдыз Мухамедгалиевна** – преподаватель, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Тоты Имановна Кошенова** – к.ф.н., доцент, кафедра Казахская литература и восточная филология, МКТУ имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.

**Токсамбаева А. О.** – Семипалатинский государственный университет имени Шакарима, г. Семей.

**Трушев Айтмухамет Касымбаевич** – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Уалиханова Нагила Маулетовна** – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Урусбаева Динара Балхашовна** – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Энгель Наталья Викторовна** – преподаватель, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

**Шахметова Назира Ахановна** – к.ф.н., доцент кафедры русской филологии, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Ыскак Бакыт Амирханкызы** – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

**Ыскак Сарагул Амирханкызы** – научный сотрудник НПЦ Машхуроведение, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

## ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА  
 («ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,  
 «КРАЕВЕДЕНИЕ»)

1. В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с межстрочным интервалом 1,5, с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

2. Общий объем статьи, включая аннотацию, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

4. Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально)

### Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

1. УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. Инициалы и фамилия (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках, абзац по левому краю;
3. Название статьи – на казахском, русском и английском языках, заглавными буквами жирным шрифтом, абзац по левому краю;
4. Резюме на казахском, русском и английском языках: кегль – 10 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см, интервал 1,0 (см. образец);
5. Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).
6. Межстрочный интервал 1,5 (полуторный);
7. Список использованной литературы (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

### На отдельной странице

**В бумажном и электронном вариантах приводятся:**

– **название статьи, сведения об авторе: Ф.И.О. полностью, ученая степень, ученое звание и место работы на казахском, русском и английском языках (для публикации в разделе «Наши авторы» и «Содержание»);**



– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

1. Иллюстрации, перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

2. Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

3. Автор просматривает и визирует грани статьи и несет ответственность за содержание статьи.

4. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

5. Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге**.

6. Статью (бумажная, электронная версии, оригинал квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

**140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.**

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147), факс: 8 (7182) 67-37-05.

E-mail: [kereky@mail.ru](mailto:kereky@mail.ru)

#### Наши реквизиты:

РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654	РГП на ПХВ Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова РНН 451800030073 БИН 990140004654
АО «Цеснабанк» ИИК KZ57998FTB00 00003310 БИК TSESKZK A Кбе 16 Код 16 КНП 861	АО «Народный Банк Казахстана» ИИК KZ156010241000003308 БИК HSBKZZKX Кбе 16 Код 16 КНП 861

#### ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ

УДК 316:314.3

**А. Б. Есимова**

### **СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА**

*В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщины сквозь призму семейно-родственных связей.*

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в.....

*Продолжение текста публикуемого материала.*

*Пример оформления таблиц, рисунков, схем:*

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 – Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

*Место работы автора (-ов):*

Международный Казахско-Турецкий университет имени  
Х. А. Яссави, г. Туркестан.  
Материал поступил в редакцию 22.04.14.

*А. Б. Есімова*

**Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде**

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.  
Материал 22.04.14 редакцияға түсті.

*А. В. Yessimova*

**The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors**

К. А. Yssawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.  
Material received on 22.04.14.

*Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлықтың айырмашылықтарын талдайды.*

*In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.*

Теруге 17.06.2014 ж. жіберілді. Басуға 26.06.2014 ж. қол қойылды.  
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі шартты 15,3 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы  
Корректорлар: Б.Б. Ракишева, А. Елемесқызы, Ә.Р. Омарова  
Тапсырыс № 2331

Сдано в набор 17.06.2014 г. Подписано в печать 26.06.2014 г.  
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.  
Объем 15,3 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка А. Елемесқызы  
Корректоры: Б.Б. Ракишева, А. Елемесқызы, А.Р. Омарова  
Заказ № 2331

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
E-mail: [publish@psu.kz](mailto:publish@psu.kz)  
[kereky@mail.ru](mailto:kereky@mail.ru)